

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

«ЖАТ ЭЛЕМЕНТ» ЖАЛАСЫМЕН ЖАЗАЛАНҒАН СТУДЕНТТЕР»

Аққали Ахмет – *т.ғ.д., проф., Х.Досмұхамедов ат. Атырау мемлекеттік университетінің проректоры*

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңес өкіметі қоғамды қайта құрудың бағдарламасын жасақтағанда білім беру ісіне, мәдениет пен ғылымның мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлді. Сол тұста ел тұрғындарының басым көпшілігі не оқи, не жаза алмады, халық шаруашылығының барлық саласында маман кадрлардың жетіспеушілігі өткір сезілді. Білікті оқыған мамандардың тапшылығы барлық жерде, атап айтқанда, материалдық-өндіріс салаларында да, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымдар да ерекше байқалды.

Қазақстанда экономика мен мәдениеттің маман кадрларға сұранысының өсуі толыққанды жоғары оқу орындарын ашуға ерекше ықпал етті. Сондықтан да 1928 жылы Алматыда педагогикалық институт, 1929 жылы Алматы малдәрігерлік, 1930 жылы Қазақ ауыл шаруашылық, 1931 жылы медициналық, 1931-1932 жылдары Орал және Қызылорда педагогикалық институттары ашылды. Республиканың мәдени өмірінде ерекше орын алған жағдай 1934 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуы болды. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдары олардың даму дәрежесі жоғары болғанымен, халық шаруашылығының кадр жөніндегі қажеттілігін қанағаттандыра алмады, өйткені олардың көпшілігі әлі қалыптасу сатысында, кейбіреулері мүлде шағын болатын. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамында жергілікті халықтың өкілдерінің саны өте баяу өсті.

Бастапқы кезеңде жоғары мектептің ең өткір және шешілмеген проблемаларының бірі профессор-оқытушылар мен студенттер құрамында қазақтардың саны баяу өсті. Шындығында Кеңес өкіметі білім беру мәселесін бірсыдырғы шешті, алайда үрдістің маңызды жағын жойдасыз саясаттандырып жіберді. Тәрбие мен оқудың басына партиялық-таптық принципті қойды.

Алғашқы бесжылдықтың «Кадрлар бәрін шешеді» деген ұранды науқанның қызған кезінде жастар мен комсомолдар білім алуға ұмытылушылардың алдыңғы легінде болды.

Кезінде Жүсіпбек Аймауытов ұлт болашағы оқыған зиялылардың мойнында екенін айта келіп, оқыған адамның ұлтқа қызмет қылуын: «...Қазақты тура жолға бастайтын да, адастыратын да-оқығандар. Оқығанын қазақ сыйлайды, соңынан ереді, қадірлейді, сенеді. Білімді, ақылды, жақсылықты, үлгіні, тәртіпті, ақиқатты, әділдікті оқығанынан күтеді. Оқыған адам қара халықтың идеалы (шырағы), бұқарасы сонша қадырлегенін оқығаны түсіну керек, халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған оқыған халықтың ықыласын қайырады, көңілін қайтарады. Халықты өзінен алыстатады, өсек арқалайды, пайдасы артық тимейді» – деп көрсеткен-ді.

1925-1933 жылдары Қазақ өлкесін басқарған Ф.И. Голощекин тұсында республикада аласапыран қудалау науқаны басталды. Үкімет басында отырған қазақ зиялыларын әртүрлі «сәдуақасовщина», «мендешевщина», «қожановщина» сияқты жікке бөлу, ірі байлар шаруашылығы мен жартылай феодалдардың шаруашылығын конфискациялау мен жер аудару, күштеп ұжымдастыру, қоғамға «жат элементтерді» іздеу сияқты науқандар өріс алды. Сол науқаншыл қызыл ұранның аясында жүргізілген жоғары оқу орындарынан «жат элементтерді» іздестіру әрекеті де тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерінің бірі.

Әкімшілдік-әміршілдік жүйе білім саласын да идеологияландырды. Партия, комсомол және пионер ұйымдары, оқулықтар, мұғалімдер жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқына сталинизмнің жаттанды догмаларын сіңірді.

1929 жылы КСРО-ның барлық аумақтарындағы жоғары оқу орындарында оқып жатқан қазақ студенттерін «жат элементтер» ретінде айдар тағып, оқудан шығару науқаны бір мезгілде жүргізілуінің өзі сансаққа ойларға жетелейтіні де сөзсіз. Оқудан шығару мәселесі жоғары оқу орындары орналасқан қалалардағы қазақ жастарының жерлестік ұйымдарының жиналыстарында қаралған. Қазақ студенттерін оқудан шығару жөнінде құрылған комиссиялар жұмыс жасаған.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорындағы сақталған құжаттар соның айғағы. Мысалы, 141 қордағы сақталған №1 хаттамада көрсетілгендей, 1929 жылдың бірінші ақпанында Ташкенттегі Орта Азия университетінде оқып жатқан 263 студент қатынасқан жиналыс өткен. Жиналысқа төрағалық еткен Қазанғалов, хатшысы Рамазанов болған. Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселе Кеңес өкіметіне «жат элемент» студенттерді жоғары оқу орнынан оқудан шығару.

Жиналыстың барысында Орта Азия университетінен Х.Ақпаев, Х.Исатаев, И.Дусетов, А.Асанбеков, А.Сейдалиев, Х.Қаратаев, Тұрсынов, Бөкейханов, Р.Қойайдаров, С.Қашқынбаев, Н.Султангереев,

М.Буралкиев, Қ.Ақпаев сияқты студенттерді «жат элемент» өкілдері ретінде жоғары оқу орнынан шығару туралы шешім қабылдаған [1, 86 п].

Комиссия бір қызығы, осы университетте оқып жатқан Х.Досмұхамедовтың қызын қалдыруға шешім қабылдаған [1, 135 п]. Бұл шешімге кейбір студенттер өз наразылығын ашық білдіргені хаттамада көрсетілген. Мысалы, оқудан шығарылған «жат элемент» Х.Исатаев жиналыста сөз сөйлеп: «Менің пікірім бойынша комиссияның біздерге қатысты шығарған шешіміне және біздерді оқудан шығаруына келіспеймін. Келіспейтін себебім, комиссия өз тарапынан Кеңес өкіметінің жауы болған, алашордашыларды қорғаушы, Алаш Орданың Батыс бөлімшесін басқарғандардың бірі Халел Досмұхамедовтың қызы Рабиға неге оқудан шығарылмайды», – деп өзінің пікірін білдірген. Бұл пікірді студент Бөкейханов та қолдаған [1, 87 п].

Бұл кезде Рабиға Халелқызы Орта Азия университетінің медицина факультетінде оқитын еді. Ол үшінші курста оқып жүргенде әкесі жұмыс бабымен Алматыға ауысты. Әкесі бір жылдан кейін оқудан шығарып, Алматыға өз қасына алдырады. Рабиға Алматыда медициналық арнайы оқу орны болмағандан кейін Қазақ педагогикалық институтының биология факультетіне оқуға түсті.

Бұл науқан Мәскеу қаласында оқып жатқан қазақ студенттерінде айналып өтпеген. Мұрағаттағы сақталған құжаттарды сараласак төмендегідей жағдайдың куәсі боламыз.

1929 жылдың 22 ақпан күні «жат элементтер» ретінде Мәскеу қаласындағы жоғары оқу орнындарын қазақ студенттерінен тазарту, яғни оқудан шығару комиссиясының отырысы өткен. Комиссия құрамында Қ.Таштитов, Қожақаев, Мүсіралиев, Сизонов және хатшысы М.Дәулетқалиев болды. Қ.Таштитов кейін Қазақстан Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. 1930 жылы Москвадағы Свердлов атындағы коммунистік университетін бітірген. М.Дәулетқалиев қоғам қайраткері, 30-жылдардың басында ашаршылықтың қазақ халқына әкелген зардабын жеңілдету үшін тәуекелге бел буып, батыл әрекетке барған бесеудің бірі. М.Дәулетқалиев халық шаруашылығы институтын 1930 жылы бітірген.

Оқудан шығарылған студенттердің қатарында жерлесіміз Б.Атшыбаев та бар [1, 61 п].

Б.Атшыбаев 1923 жылы Тау-кен академиясына (қазіргі Губкин атындағы Мұнай институты) оқуға түскен. Бірінші курсты аяқтап, маман кадрлардың жетіспеушілігінен оқудан қол үзіп, 1923-1928 жылдары аралығында Мәскеудегі «Сантонин» тресінде Іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, «АРОСПО» акционерлік қоғамы тексеру комиссиясының мүшесі, «Казкрайсоюздың» Мәскеу өкілдігінде экономикалық тексеруші, РКФСР Жоғары сотында аудармашы болып жұмыс жасады. 1928 жылы Тау-кен академиясының мұнай факультетінің геология бөлімшесіне түсті. Комиссия Б.Атшыбаевты «өмір бойы студент» ретінде жүргенін атай отырып, ол 1923 жылдан осы оқу орнының студенті екендігін, қазіргі уақытта 2 курста әлі отырғанын ерекше атап өтеді. Қазақстанның оқыған маман кадрларға өте зәрулігіне қарамастан «алашордашы», «жат элемент» деген айыппен Тау-кен академиясынан шығарады. Оқудан шығарылған Б.Атшыбаев Гурьев (Атырау) қаласына келіп, «Ембімұнай» тресіне қарасты геология-барлау кеңсесінде геолог, кейін далалық геологиялық-картировка секциясының меңгерушісі болып істеді.

Ал 24 ақпан күнгі комиссияның отырысының хаттамасы негізінде 3 курстан М.Қалменов, С.Бөкейханов бастаған 18 студент оқудан шығарылған [1, 62 п].

М.Қалменов халқымыздың қайраткер ұлдарының бірі, патшалық Ресейдің І Думасына депутат болған Алпысбай Қалменовтың баласы. Кейін 1933 жылы Мәскеуден тау-кен инженері мамандығын алады, Қиыр Шығысқа жолдамамен жіберіледі. Осында өндіріс жұмыстары кезінде, үстіне тас құлап, қайтыс болады. Бұл әулеттің ұрпақтары ұзақ жылдар бойы қуғын-сүргін көріп, қудаланды.

Языит (мұрағат құжатында осылай аталады, Баязит болуы керек) Өтеғалиұлы Ибрагимов 1927 жылы Тимирязов атындағы ауыл шаруашылық академиясының агрономия факультетіне оқуға түскен. Комсомол қатарына өткен және мемлекеттік стипендия алып тұрған [1, 2 п]. НКВД-ның қырағы қызметкерлері оның шын тегі Танашев екендігін анықтаған, әкесі патша заманында балық өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкердің бірі болған. Кезінде Танашевтар әулеті Бөкей Ордасы аумағына ғана емес, Ресей империясына да атағы шыққан әулет. Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің бірі М.Шомбалов әулетінен, осы академияның студенті Тайыр Шомбаловта оқудан алыстатылды.

І-ші Мәскеу мемлекеттік университетінен Тұяқ Қайбалдин, ал Сержан Шонанов халық шаруашылығы институтындағы оқуынан шығарылды [2, 2 -3 п.п].

Саратов ауыл шаруашылығы институтында оқыған Ш.Д. Күсепқалиев та «жат элементтің баласы» ретінде оқудан қуылды. Оның әкесі Дәулетше Күсепқалиев жоғары білімді алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Батыс Алаш Орда қайраткері. Атақты Нұралы ханның тұқымы болатын. 1928 жылы күз айында «жартылай феодал» ретінде тәркіленген. Тәркілеу туралы құжат жоғары да аталған мұрағат қорында сақталған.

«Жат элемент», «алашордашыл» деп айдар тағылып, қуғындалған бұл азаматтардың көпшілігінің тағдыры қайғылы аяқталды.

...Себебі, алда оларды қасіретті 1937-1938 жылдар күтіп тұр еді.

1. *Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты (ҚРПМ) 141 қор, 1 тізбе, 2248 іс, 173 п.*
2. *ҚРМП 141 қор, 1 тізбе, 920 іс.*

Резюме

В данной статье рассматриваются проблема образования высших учебных заведений страны в 1920-1930 годах. Особенно автор большое внимание уделяет на общественно-политическую жизнь студентов в Казахстане. На основе архивных материалов автор раскрывает политику советской власти к студенчеству, которого считала «алашординскими».

Summary

This article considers the problem of the formation of the higher educational institutions in the country in 1920-1930. Especially the author pays particular attention to the socio-political life of students in Kazakhstan. On the basis of the archival materials, the author reveals the policy of the Soviet government to the students that considered "alashordinskimi".

ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫ

Б.Ж. Кабдушев, Л.Ж. Кабдушева – Алматы Энергетика және Байланыс университетінің доценттері

Қазақстан үкіметінің мәдени саясатындағы күрмеуі қиын күрделі бағыттардың бірі оқу-ағарту ісі болды. Бұл саладағы қалыптасқан ахуалды білу үшін 1924 жылдың күзіне таяу яғни жаңа оқу жылы қарсаңындағы мектеп жасындағы баланы оқытудың көрсеткіштерін бейнелейтін мына кестеге көз жүгіртейік:

1-кесте. 1924 жылдың күзіне таяу яғни жаңа оқу жылы қарсаңындағы мектеп жасындағы баланы оқытудың көрсеткіштері

	I басқыштағы мектептер		I басқыштағы тәжірибелік-көрнекі мектептер		Коммуналық мектептер		7 жылдық мектептер		II басқыштағы мектептер	
	Мектеп	Оқушы-лар	Мек-теп	Оқу-шылар	Мек-теп	Оқушы-лар	Мектеп	Оқушы-лар	Мек-теп	Оқушы-лар
Қазақ	743	28671	4	572	24	1573	3	220	1	47
Орыс	1487	100786	-	-	1	145	31	7884	29	5426
Аз ұлттар	117	9067	-	-	-	-	2	367	2	79

1923-24 жылдар аралығында I басқыштардағы мектептердің саны 15 пайызға, 7 жылдық мектептер 15 пайызға, II басқыштағы мектептер 18,5 пайызға өскен. Мектептер санының өсуі негізінен губернияларда жергілікті қаржының бөлінуі есесінен әрі тұрғындардың келісім шарт жасасуы арқылы өздерінің күшімен ашылған мектептерді құраған. Бұл жай үкіметтің берген есепті баяндамаларында дәлме-дәл бейнеленеді: “Орыстар басым тұратын елді-мекендерде тұрғындардың өздері мектеп ісіне қолғабыс тигізіп, мектептің қажетін өтеуді өз мойындарына алуда. Қазақтар арасында мұндай белсенділік байқалмайды” деп, оның басты себептерін отаршылдықтың нәтижесінен туған қараңғылық пен тұрмыс дәрежесінің төмендігінен іздейді.

Жинақтап айтсақ, қазақ үкіметі құрылғаннан бергі ағарту саласындағы жоспарлы жұмысының қол жеткізген мынадай табыстарын атап кеткен жөн:

Біріншіден, соңғы жыл мектептердің материалдық жағдайын жақсарту бағытындағы бетбұрыстың басталғанымен сипатталады. Бұл мектеп қызметкерлерінің оқу-тәрбие жұмысына яғни мектеп сабағын оқытудың әдістемесі, оқыту барысын бақылау алу және т.б. көкейтесті мәселелерге назар аударуына мүмкіндік береді. Екіншіден, қазақтардың тұрмысына ыңғайластырылған коммуна мектептері де өзін-өзі ақтап, 1923-24 оқу жылдары 10-нан 25-ке дейін көбейді. Үшіншіден, мектептердің әлі де оқулық және оқу құралдарымен, әсіресе, қазақ мектептерінің қамтамасыз етілуі нашар еді. Бар күшті жұмылдыра отырып, соңғы 1 жылдың ішінде (1923-1924 жж.) қазақ мектептеріне арналған 24 оқулық (әртүрлі сыныптарға) шығарылса, оның ішінде физика, гигиена және т.б. оқулықтары тұңғыш рет қазақ тілінде басылғанын Ағарту халкоматы хабарлаған. Төртіншіден, соңғы жылдары мектеп ұстаздарының еңбек ақысын жалпы губерниялар бойынша теңдестіруге әрі өсіруге көңіл бөлу нәтижесінде ең төменгі еңбекақы 1925 жылдың сәуірінде өткен 5-ші Бүкілқазақтық Кеңестері съезі қарсаңында қалаларда – 22 сомды, уездерде – 16

сомды құрады. Дегенмен де Кеңес өкіметінің ағарту бағытындағы түбірлі оң өзгерістерін әділетті түрде атай отырып, кемшіліктеріне де тоқталғанымыз жөн болған. Ең бастысы, Қазақстандағы мектеп саны әлі де бүкіл Республика халқына шаққанда өте аз еді. Мысалы, I басқыштағы мектеп жасындағы қазақ балаларын мектеппен қамту 10 пайыз болса, II басқыштағы көрсеткішті тіптен ауыз толтырып айтуға келмейтін. Мектептің аз болу салдарынан жалпы немесе коммуналық мектептерге оқушыларды қабылдауда таптық принцип қолданылды. Яғни бірінші кезекте жұмысшы, қызыләскер және кедей шаруалардың балалары қабылданатын болған.

Оған қоса 1923-24 жылдардың қорытынды көрсеткіші бойынша Қазақ АКСР бойынша сабақ беруші мұғалімдердің жартысынан көбі (54%) квалификациясы төмен, ал 28 пайызы өз міндетіне сай болмай шыққан. Сондықтан 1924 жылдың жазында білімін қайта жетілдіру курсына 1300 мектеп мұғалімдері (қазақ мұғалімдері – 45%, орыстар – 53%, татар және басқалар – 2%) өткен, яғни өткен жылмен салыстырғанда 1 жарым есе көп. Сонымен қатар, сол кездің өзінде-ақ, мектеп жасындағы балаларды коммунистік қозғалыс рухында тәрбиелеу, тіпті фанатизммен берілуге үндеген науқан өріс алды. Орыстың Павлик Морозовы немесе қазақ баласы “батыр бала Болатбек” секілді коммунизм атты утопиялық болашақ үшін құрбандыққа баруға даяр кейіпкерлерге табындырып, таптық жаулармен ымырасыз күресу идеяларын саналарына құйды. 1937-1938 жж. қоғамымыздың жаппай қуғын-сүргіге жол беруінің себебі де осындай идеологиялардың жемісі деп ойлаймыз.

Сонымен жас қазақ мемлекетінің ағартушылық қызметі маңызды, аса қажетті салалардың бірі болды. Халком Кеңесінің төрағасы республикалық бюджеттің шығысы туралы есеп бергенде республикалық және жергілікті (губерниялардағы) бюджеттің басым бөлігі (25-30 пайыз) халық ағарту саласына жұмсалатындығын атап отырады.

Мұрағат құжаттарынан анықталып отырғаны, оқу-ағартуға жұмсалатын қаржының жылдан жылға өсімін белгілеуші жаңа мектептердің қатарға қосылуы екен. Мектеп ұстаздарының еңбек ақысы мен мектептің жыл сайынғы материалдық қажеттіліктерін өтеу үшін жергілікті бюджет есебінен қомақты қаржы бөлінетін. Үкімет 1925-26 жылдарға Қазақстанның ауылдары мен қышлақтарында 339 мектеп салуды жоспарлапты: Сырдария губерниясында – 120 мектеп, Жетісуда – 120 мектеп (екеуі де ҚазАССР-іне Түркістан құрамынан берілген болатын) Ақтөбеде – 20, Орал және Бөкей – 20, Адай уезінде – 12, Қарақалпақ автономиялық облысында – 25 мектеп.

Үкімет баспа беттері арқылы берген сұхбаттарынан мектеп санының өсу қарқынының жоғары болғандығы айқын көрінеді. 1924-25 жылдары I басқыштағы мектептер саны – 2751 болса, 1925-26 жж. – 3682 мектеп, II басқыштағы мектептер 37 ден 78-ге дейін өскен [1]. Солай бола тұра, ағарту комиссариаты Қазөлкеком, Қазаткомға берген есептерінде сапасы жөнінен әсіресе қазақ мектептерінің жағдайы ешбір сын көтермейтіндігін ашып айтады: “I басқыштағы мектеп жасындағы қазақ балаларының 13 пайызы (1926 жылдың есебімен) ғана мектеппен қамтылған болса, басқа ұлттар – 40 пайызға қамтылған. Мектептердің саны қазақтарда басқа ұлттармен, кей жерлерде сан жағынан теңескенімен қызмет көрсету жағынан салыстыруға да келмейді. I басқыштағы қазақ мектептерінің 1 пайызы ғана мектеп ғимаратымен қамтамасыз етілсе, қалғандары жер тамдарда бұзау-қозылармен бірге сабақты көбінесе сыз жерлерде отырып өткізеді. Ал екінші сыныптағы қазақ мектептерінің аз болуының негізгі себебі арнайы оқу материалдарымен қамтамасыз етілмеуінен”, – деп, еш бүкпесіз ащы шындықты жайып салады. Осылайша күйіну, ұлттық мүддені қызмет бағытындағы өзектілік деп түсіну, өз ұлтын жан-тәнімен сүйетін ұлтжандылық сол кездегі көптеген қазақ қайраткерлеріне тән еді.

Қазақ мектептерінің санын өсірумен қатар сапасына да көңіл бөлу, оларға қаржылай қолдау көрсетуге үкімет барын салды. Мектептер, жалпы ағарту ісін ол кезде ұлтымыздың жалынды басшыларының бірі Смағұл Сәдуақасов басқаратын. Үкімет басшысы жергілікті жас халкомға үлкен сеніммен қарағандығы сонша, арақидік сұрау салып, жағдайы мен қажеттіліктерін біліп отырады. Үкімет тарапынан күш беруге қажет деп табылған ресми құжаттарға Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы мен Ағарту халкомы бірігіп қол қояды. Көбінесе, осынау құжаттар ағарту жұмысының саяси бағытын, мәнін айқындау немесе мектептердің материалдық базасын нығайту, ұстаздарға уақытында жалақысын беріп отыру мәселелеріне байланысты болып келеді.

Мәселен, 1925 жылдың жазында үкімет тарапынан барлық губатқару комитеттеріне хат жолданды. Онда ауыл мектептерін жөндеу құрылыстарына 131.800 сом бөлінгендігі айтылып, мынадай бағыттағы нұсқау берілді:

1. Жалпы Қазақстан бойынша қазақ балаларын мектеппен қамту 8-10% аспайды, ал европалық тұрғындарда бұл көрсеткіш селоларда 75 пайызға дейін жетіп отыр.

2. Ағарту саласына бөлінетін қаржының 30 пайызы жұмсалатын балалар үйлерінде, қазақ балалары тек қана 7 пайызды құрайды.

3. Оқу үйлерінде, халық ағарту үйлерінде т.б. қазақ тұрғындары жоқ.

4. Әсіресе, қазақтар мекендейтін ауыл-аймақтарда мектеп ғимараттарын салу ісі өте нашар, көптеген аудандарда ғимараттар жоқтың қасы дей келе, бөлініп отырған ақшаның негізгі мақсаты осы жоғарыда аталған кемістіктің орнын толтыру болып отырғандығын атап көрсетеді.

Құжатта губернияларға ақшаны игеру тәртібі былайша таратылған: губерниялық халық ағарту бөлімдері мектепті жөндеудің және жаңа құрылысының жобасын жасап, губатқару комитетінде бекітуі тиіс. Тиесілі ақша бекітілген жобалардың негізінде губерниялық қаржы бөлімдері арқылы беріліп, оның үнемді жұмсалыуын қадағалау, әрбір сметасын қатаң тексеру сол қаржы органдарына жүктеледі. Ал сол жылдың 1 қазанында Губатқару комитеттері атқарылған жұмыс жайлы үкіметке есеп беруі міндеттелді. Барлық губернияларға мектептерге шаққандағы (әр мектепке 45 сом 88 тиын есебімен) бөлінген қаржы кестесі келтірілген болса, көп мөлшердегі қаржы 724 мектебі бар Ақмола губерниясына (33.289 с. 52 т) ең азы 13 мектебі бар Адай уезіне (619 с. 06 т) бөлінген [2].

Құжаттың соңында Халком Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақов пен Ағарту комиссары С.Сәдуақасовтың қолы тұр.

Несіне жасырайық, соңғы жылдары жарық көрген тарихи еңбектерде ішінара ешбір мағынасыз қазақ қайраткерлерін бір-біріне қарсы қою немесе жақсы-жаманын салыстыру арқылы бағалау, таныту үрдістері байқалып жүр. Нығмет пен Смағұлдың арасында қызмет бабында бір-бірімен қоян-қолтықтаса шаруа тындырудан артық қыңыр сөзге іліндірер бірде-бір айғақты кездестірмедік. Керісінше қос азамат та елдің бүгінгісін түзу саралап, ертеңін айқын болжай алатын ұлтжанды басшылар еді. Әбетте, олардың ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті дамытудың бағыттары, әдістері секілді мәселелері бойынша көзқарастары мазмұны жағынан ұштасып жатады.

Айта берсек, мәселен, 1925 жылы қазақ жазушысы Ж.Аймауытовты соттау процесінде қорғап, шырылдап ортаға Смағұлдың түскенін, өзін ақтап Жүсіпбек сөз сөйлегенде сотта отырған иісі қазақтың бәрі “сеңдей соғылысып, жылағанын”, “ірі мемлекет қызметкері” Н.Нұрмақовтың ұйымдастырушылар мен сот мүшелеріне “жұдырығын” көрсеткенін айтпай, ұмыт қалдыру тарихқа қиянат. Ендеше, ұрпаққа үлгі-ғибрат боларлық осындай жағдайларға көңіл аударып, насихаттағанмыз жөн.

Тіпті С.Сәдуақасовты Халық Ағарту комиссары міндетінен алу жайлы мәселе Өлкелік партия комитетінде талқыға түскен сәтте оны қызметінен босатудың еш негізі жоқтығын мәлімдеп, бюро шешіміне қарсы шыққандар қатарында Н.Нұрмақовтың да болуы, оның біреудің атақ-дәрежесін қызғанбайтын, өрлі дарынды мойындап қолдай білетін азамат екендігінен хабардар етеді.

Халком Кеңесі төрағасының Ағарту комиссарымен қызмет бабындағы тығыз байланысын бейнелейтін және жалпы үкіметтің ағарту бағытының қырларын баяндайтын кейбір деректердің мазмұнына тоқталайық. 1925 жылдың күзінде, яғни жаңа оқу жылының қарсаңында губерниялар мектеп мұғалімдеріне жалпы республика бойынша қарызы 150 мың сомға жетті. Н.Нұрмақов және С.Сәдуақасов қол қойған қатынас хаттары губернияға бірнеше мәрте жолданды. Қатынас хатта былайша қарызданудың себеп-салдары көрсетіле отырып, мұғалімдерге еңбекақысын толық төлеудің мынадай жолдарын ұсынады: “Мұғалімдердің еңбекақысын толығымен төлеуге губерниялардың запастағы қорын қолдану, ал запастағы қоры жеткіліксіз губернияларда басқа шаруашылық қажеттіліктерге арналған қаржыны пайдалану керек”. Сондай-ақ, алдағы уақытта мұғалімдерге тиесілі қаржыны түрлі мақсатта пайдалануға жол берген шенеуніктердің жауапқа тартылатындығы да Губатқару комитеттеріне қатаң ескертілді [3]. Оған губерния орталықтарындағы, әрі уездерді жаппай қамтыған мұғалімдер стачкалары да себепші болды [4]. 1926 жылдың ақпанында Н.Нұрмақовтың Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне жолдаған хатында мұғалімдер алдындағы қарызын бірқатар губерниялар өтегеніне қарамастан, кей губерниялардың мәселені шешуді әлі де созып отырғанын мойындайды [5]. Ал, оның 20 ақпанда Губатқару комитетіне жолдаған жеделхатында бұл губерниялардың басшылығы 3 күннің ішінде мұғалімдер еңбекақысын толық өтемейтін болса, мәселені шешуге Республика прокурорының араласуы талап етілетіндігі айтылған.

Бұл жерде үкімет басшысы жергілікті бюджеттегі қалыптасқан ауыр ахуалды ескере отырып, мәселені шешуге күш салды. Ауыл шаруашылығы енді ғана есін жиып, қалпына келе бастағанда 1924-25 жылдары бірқатар губерниялардың шаруашылығы тағы да құрғақшылық пен жұтқа тап болды. Ал, 1925 жылдың күзінен ауылшаруашылық науқанының едәуір табыспен өтуі жергілікті жерлердегі мұғалімдердің айлап, жылдап төленбей келген еңбекақыларын толық өтеуіне оңтайлы жағдайларды тудырды.

Ағарту ісінің бұдан басқа келелі мәселелерін атап айтсақ, оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік жұмыстар, мектеп құрылымын дамыту, мұғалімдердің білімдерін жетілдіру және т.б. толып жатқан ұйымдық жұмыстарды Ағарту халкоматы аса ыждаһаттылықпен шешуге күшін салды. Мектептер санының әрі (қазақ мектептері үшін баяу болса да) сапалық деңгейінің жылдан жылға өсе түсуі Смағұл

Сәдуақасов басқарған Ағарту халкоматының ұйымдық-атқарушылық жұмысының жемісі деп бағалаған жөн. Оның құрамында ұлт үшін қызметімен, шығармашылық еңбектерімен терең із қалдырған Телжан Шонанов, Біләл Сүлеев, Сәкен Сейфуллин сияқты қазақтың асыл тұлғалары болды [5].

Бес жылға жуық салиқалы саясаттың нәтижесінде, 1928-1929 жылдардың қорытынды есебінде қазақ балаларының оқуына ыңғайластырылған 7-жылдық қазақ мектептері 43-ке жетіп, жалпы мектептер саны 4397-ні құрады. Мектеп жасындағы қазақ балаларының 34,7 пайызы оқумен қамтылды.

1926 жылдың 27 қыркүйегінде С.Сәдуақасов Н.Нұрмақовтың әдеттегі құпия түрдегі сауалына былай деп жауап жазыпты: “Ағарту халкоматы мектептерге қатысты өзінің қызметін автономиялы түрде жүзеге асырып отыр. Жергілікті мекемелердің оқу-ағарту саласына жұмсалатын бюджетін бекіту Қазақстанның Ағарту халкоматы арқылы өтетін болғандықтан, бұл бағытта айрықша қиындық туған емес. РСФСР Ағарту Халкоматына тәуелділік тек қана Жоғары оқу орындарына байланысты болып отыр,” – деп орталық мекемелермен арадағы орын алған қайшылықтарға арнайы тоқталады: Біріншіден, Мәскеудің жұмысшы факультетіне түсуге барған 70 адамның 50-ге дейінгісі орыс тілінен емтихан тапсыра алмай қайтып келген. Орыс тілін білмейтін ұлт өкілдеріне арналған дайындық курсын ұйымдастыру жайлы өтініш биылша тағы да қанағаттандырылмағандықтан, келер жылы мәселені міндетті түрде шешу қажеттігін ескертеді. Екіншіден, Ташкенттегі Халық Ағарту институтын Педагогика институты ретінде қайта құруға РСФСР Ағарту Халкомы А.Луначарский келісім берген болатын, алайда бұл жоғарғы оқу орнын РСФСР Ағарту Халкоматының бюджетіне көшіру туралы мәселе қойылғанда Ағарту комиссары сөзінен тайып, Қазақстанға педагогика институтының қажеті шамалы деп дәлелдемек болыпты. Ендеше Ташкент Педагогика институтын жалпы федералдық бюджетке кіргізу қажет. Үшіншіден, С.Сәдуақасов Н.Нұрмақовтың Орталық билік пен Қазақ Ағарту халкоматы арасындағы қалыптасқан мынадай қайшылықтарын шешіп беруін өтінген: біріншісі, былтыр М.И. Калининнің қол қоюымен мектептерге бөлінген 3 млн сомнан Қазақстанға тиесілі 300 мың сомды РСФСР Ағарту Халкоматы аудармай қойған. Екіншісі, 1921 жылдың аштығында Поволжьеде көшірілген балалар үйлері мәселесі. Жергілікті бюджеттің 2 млн. сомға дейінгі қоржысын тауысатын балалар үйлерінің болашақ тағдырын шешуге яғни кері көшіруге орталық пысықырып та қарамағандығын мәлімдейді [6].

Жалпы бұл құжаттар Ағарту халкоматы мен Халком Кеңесі төрағасының ағарту мәселелерінің бір-бірімен тығыз байланыста келісіп-пішкен ортақ шаруалары болғандығын айғақтайды. Арнайы жоғары оқу мәселесіне келсек, күрделі, қайшылықты жағдайлардың осы бағытта шиеленісіп отырған. Н.Нұрмақовтың өзі қазақ балаларының білімге деген ынтасы, құштарлығына сүйсінеді: “былтыр да, биыл да даланың түпкір-түпкірінен қалаларға білім қуған жастар ағылуда. Тіпті жаяу келгендері жетерлік” – дейді [7]. Мысалы, 1924 жылдың күзінде Бөкей, Орал, Ақтөбе губернияларынан, Адай уезінен оқу іздеп ағылған қазақ жастарының 91-ін ғана қабылдау мүмкін болып, 300-ін қайтаруға тура келген.

Қазақстандағы кәсіптік білім беру жүйесінің 1924 жылдың оқу қарсаңындағы ахуалын суреттейтін мына кестеге үңілейік:

2-кесте. Қазақстандағы кәсіптік білім беру жүйесінің 1924 жылдың оқу қарсаңындағы ахуалы

	Халық ағарту институттары		Педагогикалық техника-кумдар		Ауыл шаруашылық техник		Медициналық техника-кумдар		Фабрика-завод мектептері		Кәсіптік техникалық мектептер		Кәсіподақтық курстар	
	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны	Саны	Шәкірт саны
Қазақ	1	86	6	38	8	58	1	17	9	54	4	32	1	30
Орыс	1	40	5	30									9	27
Татар	1	92	-	-									-	-

(Ескерту: Басқа ұлттардың білім алуы жайлы мәліметтер толық емес)

Жоғары оқу дәрежесінде саналатын Қазақстанның оқу орны Ташкентте орналасты. 1926 жылдың оқу жылында Халық Ағарту институты Қазақ Педагогика Институты болып қайта құрылғаны мәлім. Сол жылғы есеппен аталған институтта 286 қазақ баласы білім алып жатқан болатын. Ал, қазақ жұртының білімге деген сұранысына қызмет көрсетуші мамандарды даярлайтын педтехникумдардағы оқып жатқан қазақтар саны 738-ді құрап отыр. Байқалған қызықты құбылыс, қазақтар сол кезде-ақ ағарту, қоғамдық оқу салаларына білім алуға көптеп барғандығы еді. Ауылшаруашылық техникумы, кәсіптік мектептерде білім алушылардың 13 пайызы ғана қазақтар болыпты. Оның басты себебін Ағарту Халкоматы мектептер жүйесіндегі II басқыштық мектептердің қазақтар арасында дамытылмауынан деп көрсетеді.

Губерниялық орталықтарда орналасқан педтехникумдар, ауыл шаруашылық техникумдары және т.б. бәрі жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландырылып, Ағарту халкоматы тарапынан қамқорлық көріп, бақыланатын.

Ендеше, құжаттардың көрсетіп отырғаны, күрделі жағдайдың барлығы сыртта жоғарғы білім алып жатқан Қазақстандық студенттерге байланысты туып отырған. Қазақстанның өз жоғары оқу орны болмағандықтан, шетте оқытатын студенттерінің оқу ақысын немесе стипендиясын төлеп тұру керек еді. Бірден айту керек, студенттерді оқытуды қаржыландыру республикалық үкімет пен федералдық билік органдарының арасында келіспеушіліктен шешімін таппай сарсаңға салынған мәселеге айналды. Н.Нұрмақов қызметіне кіріскен алғашқы күннен-ақ, өлкелік бюджеттен Қазақстан Республикасына аса зәру мамандарды даярлайтын ішкі оқу мекемелерімен тапсырыс бойынша республикадан тыс оқу орындарында оқитын студенттерге арнайы қаржы белгілеуді жан-жақты дәлелдермен нақты мәселе қылып қойды.

Орталық үкіметтің, дәлірек айтқанда РСФСР Халық Ағарту комиссариатының осы мәселеге көзқарасы, ұстанымы екі жүзді, ұшқары болып келді. “Қазақстан Педагогика институтын құру өзін-өзі ақтамайды,” – деп сәуегейлік таныта қалған РСФСР Ағарту халкомы А.Луначарскийдің жем-жемге келгенде, басқа ұлттың тағдырына ешбір бас ауыртпайтынына С.Сәдуақасов. Н.Нұрмақовтардың көзі жетті. Сондықтан Қазақстанның үкіметі тарапынан қолынан келгеннің бәрін жасап, елдің ертеңі, ақыл-ойы қазақ жастарын қолдап, жебеу көрсеткен осынау асыл азаматтардың жақсылығын айту абзал болар. 1924 жылдың 27 қарашасында Қазхалком Кеңесіне жазған хатында Ағарту комиссарының орынбасары З.М. Темірбеков жырақтағы Қазан, Ташкент, Мәскеу сияқты бірқатар қалаларда білім алушы жастардың ауыр материалдық жағдайын суреттейді. Хатта баяндалғандай Зарап Темірбеков таяуда іссапармен Мәскеуге барғанда, астанадағы қазақ студенттерінің ауыр жағдайын көріп, қарызға тапқан 700 сомды көмек ретінде үлестіріпті... Хатты оқыған Н.Нұрмақов Қаржы комиссары Иссидор Майминге “дереу шешім қабылдаңыз” деп бұрыштама соғыпты, яғни қарызға алынған 700 сомды жабу және Ташкент студенттеріне қажетті 3600 сомды оқуына жағдай жасауға аудару қажет деп көрсеткен [8].

Қаржылай көмекті студенттерге үзбеудің бар тәсілдері қолданылды. Қазақстанның аумағында білім алушы студенттерге стипендияларын жергілікті бюджеттен төлеу жайында Халком Кеңесінің 1925 жылдың 7 қаңтарында қаулысы шықты. Мұның өзі өлкелік бюджеттің тапшылығынан жасалған амалсыз қадам еді, деп түсіндірді Н.Нұрмақов.

Үкімет 1925 жылдың көктемінде су мен электр жарығы үшін қарызға белшесінен батқан Орынбордағы өлкелік оқу орындарының мәселесін де шешуге мәжбүр болды. Ағарту халкомы орынбасарының бірі М.Жолдыбаевтың мәлімдеуінше қарыздың көлемі 14500 сомнан асып кетті. Қазақстандағы коммуналдық қызметі жолға қойылған бірден-бір қала осы болатын.

Қазақстаннан тыс республикаларда білім алушы студенттерді ақшалай қолдап, Халком Кеңесінің атынан немесе Ағарту халкоматының қорынан үнемі қаржы бөлініп тұрғандығына деректер айғақ. Студенттердің материалдық жағдайын шешудегі шикілікті ретке келтіру үшін Н.Нұрмақов Мәскеудегі орталық үкіметке қайшылықтың төркінін талдап хат жазды. Онда, Кеңес Одағының жоғарғы оқу орындарындағы қазақстандық студенттерді стипендиямен қанағаттандыру РСФСР Ағарту халкоматы жанындағы Орталық стипендия Комиссиясының құзыры болғандықтан, Қазақ ағарту Халкоматының студенттердің алатын стипендиясының көлемі, стипендианттардың нақты саны жайлы дәлме-дәл ақпарат жоғы айтылған. Халық шаруашылығының сұранысына сай студенттердің санын реттеп отыруға, оқуын тәмамдаған соң Қазақстанға міндетті түрде қайтып оралып, еңбекпен тәжірибеден өту мерзімін белгілеп бақылап тұру үшін және 2 мың студентке шақталған стипендия қорының жұмысын үйлестіріп отыруды Қазақстан Ағарту халкоматының қолына беруді сұрады [9].

Өкінішке орай, бұл шаруаның қарапайым шешімі бола тұра, бюрократиялық кедергілер аталған істі тиімді тындыруға мүмкіндік бермеді. Десек те, Қазақстан үкіметі шеттегі білім алушы өскелең жастарын жетімсіретпей сұрағанын беріп, жылағанын жұбатқан жанашырлық қызметіне ризашылықпен қарайсың. Республикадағы алған білімімен қанағаттанбай, шетте оқу іздеген жастардың пейілдері мен жігеріне Н.Нұрмақов сияқты қазақ басшыларының қуанбағаны кемде-кем шығар.

Осыған сәйкес, Қазақстанның өзінің тұрақты жоғары білім беретін оқу ордасын құру мәселесі де пісіп жетілген-ді. Астанасы анықталмай, көшумен жүрген Қазақ үкіметіне мәселені нақты қоюға мүмкіндігі жоқ болды. 1928 жылы Қазақ мемлекетінің орталығы (Алматы) түпкілікті белгіленгенде, тұңғыш Қазақ университетін ашу ісі көптің пікіріне айналды.

Үкіметтің қабылдаған қаулысымен әуелі университеттің үш бөлімінен тұратын педагогика факультеті ашылып, 1928 жылдың 1 қазанынан оқу жылын бастаған кезі [10]. 6 қазанда Қызылордадан Н.Нұрмақов РСФСР Халком Кеңесіне Смирновқа және Ағарту халкоматы Яковлеваға мазмұны бір жеделхаттар

жолдаған: “Университет ашылды. Алайда РСФСР Ағарту халкоматы тиісті қаржыны жіберген жоқ, сұрауларымызға жауап бермей отыр. Университет бөлмелерін, профессорлардың пәтерлерін жөндеуге, шаруашылыққа қажетті жер үлесімен қамтамасыз етіп, оқу құралдарымен жабдықтауға, отын алуға қаражат керек. Жедел түрде шешулеріңізді сұраймын” делінген [11]. Қазақстандық тұңғыш жоғары оқу ордасын материалдық базасын нығайтуда Н.Нұрмақовтың ролін, дәнекерлік қызметін бейнелеген жиі ұшырасатын тарих құжаттарынан білуге болады. Институтқа қажетті биопрепаратты Саратов, Омбы қалаларынан алдырту, үкіметтің шешімімен шаруашылық жер бөліну [12], лабораториялық зерттеулерге ғимарат беру [13] сияқты мәселелердің барлығы аталмыш білім шаңырағын көркейтудегі Н.Нұрмақовтың қолқабыс беруімен жасалған қадамдар еді.

1928 жылдың 26 қарашасында БОАК-нің 13-ші шақырылған III сессиясында (Мәскеуде) сөйлеген сөзінде Н.Нұрмақовтың Алматыда алғашқы Қазақ университеті ашылып, жұмыс істей бастағандығын мақтанышпен хабарлады [14].

Сонымен қорыта айтқанда, ағарту ісі үкіметтің мәнді, мазмұнды бағыттарының бірі болғандығы даусыз.

Біріншіден, жалпы білім беру саласындағы деңгей 1924 жылдан 1929 жылға дейін өте жоғары болды. Қаржы бөлу арқылы жаңа мектептердің құрылысын салдыру, жалпы және арнайы білім беру ісін ұйымдастыру, оқу мекемелерінің материалдық базасын жабдықтау ерекше қарқынмен жүргізілді. Қазақтың балаларына арналған ана тіліндегі мектептерді ашып, ұйымдастыру ісіне айрықша назар аударылды. Оған қазақтың саяси-қоғамдық өміріне айрықша үлес қосқан қайраткерлер, көрнекті ақын-жазушылар қатыстырылды.

Екіншіден, ағарту саласына қажетті кәсіби мамандар даярлайтын арнайы кәсіптік оқу орындарымен қатар республика тарихында тұңғыш рет жоғары оқу орны да бой көтеріп, алғашқы студенттерді қабылдады. Сондай-ақ, ауыл-шаруашылық мамандарын даярлайтын, кәсіптік-техникалық білім беретін және өндірістегі жұмысшылардың сауатын ашатын оқу орындарының саны көбейіп, оқушылардың саны артумен болды.

1. *Советская степь. – 1926. – 4 октября. – С. 2.*
2. *ҚРОММ., 30 – қ., 1 – т., 442 – іс, 73 – н.*
3. *Бұл да сонда, 393 – іс, 78 – н.*
4. *Бұл да сонда, 491 – іс, 27 – н.*
5. *Бұл да сонда, 639 – іс, 27 – н.*
6. *Бұл да сонда, 81 – қ., 1 – т., 1367 – іс, 87 – н.*
7. *Бұл да сонда, 30 “қ” – қ., 7 – т., 21 – іс, 64-64-арт. – н.п.*
8. *Советская степь. – 1924. – 5 декабря.*
9. *ҚРОММ., 30 – қ., 1 – т., 448 – іс, 52 – н.*
10. *Бұл да сонда, 441 – іс, 117 – н.*
11. *В братском единстве народов СССР. Документы и материалы 1920-1937 гг. – А: Казахстан, 1972. – С. 274.*
12. *ҚРОММ., 30 – қ., 7 – т., 646 – іс, 123 – н.*
13. *Бұл да сонда, 734 – іс, 95 – н.*
14. *Бұл да сонда, 641 – іс, 95 – н.*

Резюме

В данной статье рассматриваются деятельность Казахского правительства в области народного образования. Образованность среди коренного населения до революции всего было 12%. Перед молодым правительством стояла колоссальная задача по созданию материальной базы образовательной системы и охват кочевого и полукочевого населения образованием. Кроме того, необходимо было развивать среднее специальное обучение (училища, техникумы) и стоял вопрос об открытии высшего учебного заведения в республике, которым явился КазПИ им. Абая.

Summary

This article deals with Kazakh government policy in the sphere of education. There was only 12 per cent of educated native Kazakh people before the revolution. It was the great task for the young government to organize the financial basis of educational system and to involve nomad and semi nomad population into the education. Apart from that it was necessary to develop specialized teaching (as in professional schools and technical colleges) and to found higher education institution in the republic and it was Kazakh pedagogical institute named after Abai that became the first one.

ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

М.М. Муратқазин – *т.ғ.к., аға оқытушы, Әлем тарихы кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі заман-ғылыми-технологияның өркендеген кезеңі. Осы бағыттағы жетістіктерге иелік етіп отырған дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлемдік бәсекеде көш басында тұр. Біздің еліміз де Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен дайындалған «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті дамыған алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына ену жолында өзінің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырып жатыр. Ал әлеуметтік-экономикалық саясатты дұрыс жолға қою – Қазақстан азаматтарына халықаралық стандарт деңгейіне сәйкес келетін сапалы білім беріп, осы заманғы озық ғылыми-технологияны игерумен тығыз байланысты екені даусыз.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2007 жылы жарық көрген «Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда» деген еңбегінде: «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан, біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет» [1;53], – деген болатын.

Білім беру – кез келген мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларының тірегі бола отырып, саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық үдерістерімен тығыз байланыста дамыйтын мемлекеттік саясаттың ажырамас құрамдас бөлігі, көп қырлы кешенді жүйесі. Ол – біздің елдің де экономикалық стратегиялық бағдарламаларының негізі. Білім саясаты дұрыс жолға қойылмайынша, ел экономикасының өз бетімен қарқынды дамуы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту барысында толыққанды қызмет етуі мүмкін емес.

Заман талабына қарай, еліміздің білім беру жүйесінің мазмұнын жаңартып, жаңа заманға лайықтап құру мәселесі күн тәртібіне енді. Сол үшін де Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарынан бастап дүниежүзілік стандартқа сай келетін отандық білім жүйесін қалыптастыру мақсатында оның білім тұжырымдамаларына, заңнамаларына, бағдарламаларына білім берудің әлемдік үздік үлгілерін енгізу қажеттігі туындаған еді.

Тәуелсіздік жылдарындағы отандық білім беруде жинақталған тәжірибені талдап, саралап қарасақ, еліміздің білім беру жүйесі әлемдік стандартқа біршама жақындап қалғанына көз жеткіземіз. Қазіргі таңда еліміз бүкіләлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында тұр. Осы үдерістің бүгінге дейін нәтижелі болып атқарылып келуіне, әлбетте, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әр жылдардағы түрлі еңбектеріндегі, әсіресе, оның Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларындағы еліміздің білім жүйесі қызметінің сапасын арттыруға, сол арқылы еліміздің стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулердің қажеттілігін туындататын жаңашыл ой-пікірлері негізгі ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдар болып, білім беру саясаты мен оның жүйесін заманауи талаптарға сәйкес қалыптастыруға мол мүмкіншілік берген еді.

Қазіргі заманның әлемдік құндылықтар жүйесінде білім мен ғылымның дамуы өте ықпалды әрі айқын ресурс ретінде алдыңғы қатарға шыға бастады. Басымдықтардың өзгермелі шкаласында ізгіліктің осы екі факторы әрбір онжылдық, әрбір жыл сайын мемлекет пен жеке тұлғаның ең қажетті мұқтажы ретінде айқындала түсуде. Әлемдік дамудың бүгінгі шындығы білім беру жүйесін жетілдіруді, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулердің нәтижелері негізінде білім беру мазмұны мен құрылымын жаңартуды, білім мен ғылым ықпалдастығының жаңа тетіктерін табуы, психологиялық-педагогика бағытындағы жаңа технологияларды дайындауды, жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізіп, оны жүзеге асырумен айналысып жүрген ұстаздар мен білімпаздардың (оқушы, курсант, студент) өзара қызметін белсендіруді талап етеді. Себебі, білім беру жүйесі мен ғылымды дамыту – дүниежүзі елдерінің әрбірінің өз экономикасын өркендете отырып, интеллектуалды дамуын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудегі негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым болып табылады. Яғни ол – қоғамдық дамудың өлшемі және сол қоғамның негізін құрайтын басты тетіктердің бірі.

Біздің елдің кемел келешегі ғылым мен білімді өркендетуде жатқаны анық. Білім беру саласына енгізілетін жаңа технологиялар, онда болып жатқан түрлі өзгерістер біздің заман көшінен қалып қоймауымыз үшін қажет. Жаңа технологияларға негізделген заманауи даму үлгілерінен Қазақстан жастары қалып қоймауы тиіс. Ол үшін білім беруді қазіргі заман талаптарына сәйкестендіріп құру қажет екені баршаға түсінікті.

Сондықтан да, жалпы еліміз бойынша қазіргі кезде әлемдік қауымдастықта айтарлықтай ықпалы артып келе жатқан еліміздің білім беру жүйесін заман талабына сай ұйымдастырып, әлемдік бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында халықаралық дәрежеге көтеру үшін тың да нақты қадамдар жасалауда. Қазақстан Республикасы үкіметі Болонья декларациясына қол қойып, білім берудің үш деңгейлі (бакалавриат, магистратура, докторантура) жүйесін біртұтас құрылым ретінде жоғары оқу орындарына ендіріп, халықаралық даму жөніндегі АҚШ-тың USAID агенттігінің «Академиялық бағдарламалар мен дәрежелердің батыс құрылымы және білім берудің кредиттік технологиясы» атты жобаның негізінде оқытудың кредиттік технологиясын жүзеге асыра бастады және тағы басқа да көптеген инновациялық жаңа технологиялар біздің білім жүйеміз бен ғылымымызда өркен жаюда. Ал бұлар болса, білім-ғылымның заманауи бағыт алып, дами бастауына кең жол ашатыны анық. Сонымен қатар білім ошақтарының жаңа құрылыстарын салуға және оларды қазіргі заманның үздік технологияларымен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Оған Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларындағы білім беру мәселелеріне қатысты маңызды ой-толғаулары мен инновациялық ұсыныс-ұстанымдарының нәтижелі болып жүзеге асырылып жатқаны дәлел.

ҚР Үкіметінің қазіргі ұстанып отырған мемлекеттік саясатының басты мақсаты – еліміздің саяси-экономикалық тұрақтылығын сақтай отырып, қазақстандық қоғамының әл-ауқатын арттыру болып отыр. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру жүйесі мен ғылымды осы заманғы даму үрдісіне үйлестіріп дамытуға бағышталған инновациялық ұсыныс-ұстанымдар ел экономикасына жаңа серпіліс әкеліп, тың идеяларды жүзеге асыруда негізгі фактордың біріне айнала бастады.

Отандық қазіргі білім беру жүйесін дамытуға бағышталған инновациялық ұсыныс-ұстанымдардың ауқымдылығы мен күрделілігі білім беру саласына, оның ішінде жоғары оқу орындарының білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді, яғни осы бағыттағы іс-әрекеттер оқытудың жаңа үлгілеріне, мазмұнына, құрылымына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістерді талап етеді. Олардың нәтижелі болуы қоғамды ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологиясымен қарқынды қамтамасыз етуге жатыр.

Қазақстандық жоғары оқу орнының басты мақсаты – жастарға сапалы білім бере отырып, олардың ой-өрісін, дүниетанымын арттырып, қазіргі заман талабына сай жоғары білімді маман етіп шығару екені анық. Алайда жоғары білім беру ошағы – мамандық, іскерлік дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны Отанға қызмет ететін маман, патриот ретінде тәрбиелейді, өзіне-өзі сенімді азамат етіп қалыптастырады. Осыған орай, қазақстандық бүгінгі білім саясатының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім беру, кәсіби біліктіліктің сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбиелік тәжірибелер мен қазіргі қоғамның сұраныстары мен ұсыныстары арасындағы алшақтықтарды жою, біріздендіру, білімдегі жаңашылдықты саралау, бағалау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз ете отырып, солардың барлығының қоғамдық қызметінің рөлін арттыру болып табылады.

Қазіргі білім берудің барлық деңгейлерінде зерттеулік, компьютерлік, жобалық және көптеген өзге де инновациялардың кең ауқымы байқалады. Бұлардың басым көпшілігі еліміздің білім беру жүйесіне айтарлықтай өз ықпалын тигізе де бастады. Соңғы жылдары еліміздің білім жүйесіне ендірілген жаңа үлгілер ескі білім беру парадигмасына шектеу қойып, оның орнына жаңасының құрылып жатқандығын аңғарта бастады.

Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық үлгісін құру, оның педагогикалық әдістемесін жасау – бүгінгі күннің сұранысы. Осы мақсатқа негізделген жаңа әдістемелік іс-әрекеттер мен құрылымдардың бірқатары тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде дәлелденіп, жас маманды кәсіби қалыптастырудың келешек даму жолдары ретінде айқындалды. Өлбетте, бұл – еліміздің болашағы жас ұрпақты оқытып-тәрбиелейтін ұстаз-педагогтардың білімі мен біліктілігіне, рухани әлеуетіне, құқықтық және саяси мәдениетіне, әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына байланысты. Сол себептен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыру, жаңа буын оқулықтарын оқыту үрдісіне енгізу, Қазақстанның білім саясатының ұлттық моделін қалыптастыру тәрізді келелі мәселелер ұстаздарға шеберлік пен іскерлікті, кәсіби дайындығының сапасын өсіру мен жетілдіру талаптарын қойып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке

адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту. Еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру» [2] делінген. Яғни инновациялық білім беру жүйесі арқылы интеллектуалдық ой өрісі дамыған жас ұрпақ тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру заман талабынан туындап отырғандығы белгілі.

Ғылым мен технология әлеміндегі жаңалықтарға үңілу, оны зерделей, зерттей отырып, іс-тәжірибеге пайдалану, еліміздің төл технологиясын қалыптастыру заман талабы мен ағымына ілесу үшін қажет болып отырғанын Елбасымыз үнемі назарда ұстап келеді. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру жүйесі қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру – бүгінгі өмір талабы екенін айта келе: «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет» [3], – деп атап көрсеткен болатын. Жаңа формацияның «жаңа педагогын» қалыптастыру үшін, педагогикалық жаңа технологияларды кәсіби біліктілікті арттыруда кеңінен пайдалана отырып, білім беру жүйесі қызметкерлерінің ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жетілдіру қажет.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы жобасының кіріспесінде: «Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, адам капиталына, әсіресе, бала жасынан бастап ересек жасқа дейінгі білім беруге салынған қаржы қоғам мен экономиканы дамытуға айтарлықтай оңды ықпалын тигізеді» және «Адам капиталына қаржы салу – қазіргі жылдам өзгермелі әлемге бейімделгіш, техникалық жақтан жетілген жасампаз жұмыс күшін қалыптастыру үшін аса маңызды. Әрбір сектордағы дәстүрлі басымдықтарға адам капиталын қоса алғандарда ғана болашақтың жетілген экономикасы болады. Сондықтан, Қазақстан дамуының маңызды бағыты білім беруге, қоғам қабілеті мен дағдылырын жетілдіруге қаржы салуда жатыр» [4], – делініп көрсетілгендей, өскелең ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу білім беру мәселелерінің өзекті екенін көрсетеді. Себебі, кеңестік дәуірден келе жатқан дәстүрлі оқыту жүйесінің мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге толық кепілдік бермейтінін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Оның оңтайлы шешімдерінің бірі – оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологияларды ендіру болып табылады. Жаңа технология білім беру жүйесі қызметкерлеріне оқу үрдісінің қойылған мақсатқа жетуіне кепілдік береді.

Білім берудің жаңа технологиялары оқу үрдісіне педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Жаңа технологияны білімгерді дамытуға бағытталған оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан әдістері мен түрлерінің жиынтық жүйесі деп қарайтын болсақ, онда ол білім мазмұнын жетілдіру ісінің басты бағыты, яғни оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін біртұтас үрдіс болып табылады. Сондықтан да, педагогикалық жаңа технологияға бетбұрыс әлемдік білім кеңістігіне талпынған қазақстандық ғылыми-әдіснамалық жүйені мазмұны жағынан ғана байытып қоймай, бағыты жағынан да жетілдіре түседі.

Білім саласындағы жаңа технология – бұл оқу процесін ұйымдастыру және өткізу барысында шәкірт пен ұстазға жайлы жағдай туғызудың біріктірілген педагогикалық қарым-қатынасы кезінде қолдануға болатын барлық жағдайларды ойластыра қарастырылған моделі. Оның негізгі ұстанымы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Себебі, қазақстандық әрбір жас ұрпақ сапалы білім алып, жоғары білімді маман болып, ертеңгі күні дүниенің төрт түкпірінде өзінің қалаған, ұнатқан мамандығы бойынша өзіне және қоғамға пайдалы еңбек ете алатындай болуы қажет.

Жәмеңке Мәмбетұлы 1904-1909 жылдар аралығында қатарынан екі рет Текес болыстығының №1 ауылына биі болып сайланады. Жәмеңкенің басшылық жасау, ұйымдастырушылық қабылеті, дарынды дара тұлғалық қасиеттері 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында айқын ашыла түседі. Патша үкіметінің 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығына орай туындаған жағдайға байланысты Нарынқол-Шарын өңіріндегі елдің беделді басшылары «Қабан Қарағай» жайлауындағы Ұзақ батырдың ауылында бас қосып, кеңес құрады. Ұзақ батыр ата салтқа орай жиынға әдейі арнап, ту боз бие шалады. Жәмеңке тоғыз құнан қой сояды. Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын 4 бөлімше сотының қылмыстық іс қозғау туралы 1916 ж. 26 тамыздағы І820 қаулысында: «Мәжілісте Иванов болысының беделді адамы Жәмеңке Мәмбетов бірінші болып сөз алып, адам бермейік деген үгітті ортаға салды...» деп көрсеткен [4]. Осы мәжілістен кейін халық бұқарасы патша үкіметінің билік орындарында бағынудан бас тартты. 11 шілде күні Қарқара жәрмеңкесінде жиналған халықтың алдында Жәмеңке Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы Подворковқа қазақ халқы ресми түрде патша жарлығын орындамайтынын мәлімдейді. Жәмеңкеге Ұзақ Саурықұлы, Жаңабай Құдайбергенұлы т.б. ұлт-азаттық қозғалысы ұйымдастырушылар қолдау көрсетті. 22 шілде күні бөлімше бастығы Подворков Жәмеңке мен Ұзақты 10 күннен кейін 11 шілдедегі жиынға қатысып белсенділік көрсеткен бір топ адамдармен қоса тұтқынға алып, Пржевальск (қазіргі Қырғызстандағы Қарақол қаласы – Ш.Т.) түрмесіне айдатады. Түрмеге түскеннен кейін уезд бастығы полковник Иванов олардан патша жарлығын орындауды қалайда талап етеді. Жәмеңке бастаған көтеріліс жетекшілері бұл талаптан бас тартады. Осыдан кейін патша жендеттері тамағына у қосып бергендіктен, 10 тамыз күні Жәмеңке жау қолының қайтыс болады. Ұзақ батыр қайтыс болған Жәмеңкені құшақтап отырып: «Жан жолдасым Жәмеңке» – деп басталатын жоқтау айтады.

Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліске қатысып, көтерілісті басуға келген жазалаушы әскердің қысымына шыдамай көрші Қытай жеріне ауа көшіп босқыншылыққа ұшыраған елмен бірге қиын-қыстау кезеңді басынан кешкен **молда Қойшыбай Қосалыұлының** сол заманды бейнелеген «Мұң зарында» – ... Қырылды Қарақолдың түрмесінде:

Бастығы Жәмеңке, Ұзақ кемеңгерім.

Далада көр киімсіз, бекер қалды

Маңдайын күн шалмаған өңкей ерім» – деп жырлаған еді [5].

Жәмеңкенің денесі Қырғыз Республикасы Қарақол қаласындағы мұсылмандар зиратына жерленген. Қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданының Қақпақ ауылындағы орта мектеп Жәмеңке Мәмбетұлының есімімен аталады.

Қарқара қазақтарымен қатар Жетісудың Үшқоңыр өңіріндегі қазақтар да ел еркіндігі жолында көтеріліске шыққан болатын

25 маусымдағы жарлықпен танысқан Жайылмыс болыстығының бұрынғы болыстары **Сәт Ниязбекұлы** мен **Бекболат Әшекейұлының** басшылығымен Жайылмыс, Шамалған мен Шапырашты болыстықтарының ортасындағы Үшқоңыр тауының етегінде 7-8 шілдеде үш болыстықтың халқын жиып төтенше жиын өткізіп, онда жарлыққа байланысты мәселені талқылайды. Жиналғандар «майданның қара жұмысына жігіттер жіберілмесін, оған жіберілуге дайындалған адамдардың тізімдері жойылсын» деген шешім қабылдайды. Бұл жөнінде полиция штабс-ротмистрі Поротиковтың 12 шілде де Жетісу әскери губернаторына жолдаған рапортында: – «...Сәт Ниязбековтың басқаруымен Үшқоңырда 7-8 шілде күні Жайылмыс, Шамалған, Шапырашты болыстықтарының қазақтары жиын өткізіп, алғашында майданға жігіт беруді ақшамен сатып алуды көздейді. Осы мақсатта Шамалған болыстығының 12 старшындығы мен Жайылмыс болыстығының 17 старшындығынан 580 сом қаржы жиналды. Бірақ та бұған дейін майданды азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырған болыстықтар бұдан бас тартып, «майданға жігіт жіберілмейміз» деп «Құран» атымен ант қабылдады. Сондай-ақ, орыс селолары мен әскерлері орналасқан жерлерге шабуыл жасауды, Верный, Ташкент, Қапал қалаларын жалғастырып тұрған телеграф бағаналарын қиратуды жоспарлады. Жиын аяғында Сәт басқада болыстықтарды қарулы көтеріліске шақырған үндеулер таратты. Үшқоңырдағы жиыннан кейін Верный уезінің Ұзынағаш болыстығындағы Үлкенсаз жайлауында 8 болыс – Күрті, Ұзынағаш, Қарғалы, Бидалы, Ботпай, Шығыс Қастек

және Батыс Қастек, Тайторы болыстықтары бас қосып дәл осындай шешім қабылдады. 10 шілдеде Кіші Алматы болыстығының қазағы Шоқа молда осы болыстықта «Ақсарбас» айтып елді көтерілуге шақырды. Осындай жиындар бұл күндері Жаркент, Пржевал уездерінде де өтуде. Верный қаласында тұратын ұйғырлар қазақтарды қолдап, оларға көмек көрсетуге дайын екендігі анықталды. Сондықтан да біз орыс әскерлері орналасқан жерлер мен қару-жарақ қоймаларына өте сақ болуымыз керек» – деп жазады [6].

Көтеріліс барысын халық арасындағы тыңшылары арқылы жіті бақылап отырған полиция жандармдары Үшқоңыр көтерілісін ұйымдастыруға атсалысқан белсенділер ретінде Жайылмыс болысынан Сәт Ниязбекұлы бастаған 23 адамды ұстап Верныйдағы түрмеге әкеп жабады. Алғашында «үш ай мерзімге» деп қамаған Сәттің сот процесі ұзаққа созылады. 1916 жылы 28 қыркүйекте Верный уезі 4 учаскелік судьясы Сәт Ниязбековтен көтеріліске байланысты қойған сұрақтарының барлығына «жоқ» деген жауап алады [7]. Сәт қамауда жатқан кезде әйелдері Тоқбала мен Зейнеп Түркістан генерал-губернаторы мен Жетісу әскери губернаторына өтініш хат жолдаған. Онда: – «...күйеуінің 16 шілдеден бастап қамауда екендігін айтып, көтеріліске қатысты тағылған айыптардың қаншалықты анықтығын біле алмаймыз, бірақ Жоғары мәртебелі мырзадан рақымшылық жасап күйеуімізді қамаудан босатуыңызды сұраймыз» – делінген [8]. Бірақ, сот Сәтті жазасының ауырлығына байланысты қамаудан босатпайды. Осылайша Сәт 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін қамауда отырып, Ресей патшасы тақтан құлаған соң қамаудағы мыңдаған қазақтармен бірге тергеуден босатылады. Сәт Ниязбекұлы кейін Кеңес өкіметі тұсында да қудаланып, бай-кулак ретінде қамауға алынған.

Қорыта айтқанда, Жетісудағы 1916 жылғы көтерілістің басшысы ретінде қудаланған Сәттің туған елінің азаттығы мен бостандығы үшін ерлікпен күрескен тұлға екендігін тарихи құжаттар кеңінен айғақтайды.

Жетісудың Үшқоңыр өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне басшылық жасап ерлігімен елге танылып, елдік дәстүрді ұстанған тұлғалардың бірі, осы өңірде бұрын бірнеше мерзім болыстық қызмет атқарған, би болған **Бекболат Әшекейұлы**. Ол жергілікті халықты Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығына қарсы шығып, майданның қара жұмысына адам бермеуге шақырады. Верный уезі, Жайылмыс болысының №4 ауылының азаматы 73 жастағы Бекболат 1916 жылы 7 шілдеде Үшқоңыр тауының етегіне Жайылмыс болысының қазақтарын жинап, патша жарлығын, оған қатысты туындаған мәселені талқылайды.

1916 жылы 2 қыркүйекте Верный уезі 2-ші учаскесінің сотына берген жауабында ол былай деп мәлімдеген: «Армияның тылына қара жұмысқа адам алуға байланысты Үшқоңырға Жайылмыс болысының қазақтарын жинадым, қолымызға қару алып, жұмысқа алуға қарсылық көрсетуді ұйғардык. Жастар жұмысқол бермейміз деп келісімге келді, мен жігіттердің шешіміне қосылып, оларды қолдадым» [9].

Бекболат Жайылмыс болысының халқын жиып қара жұмысқа жігіттерді бермеуді, патша өкіметі орындарына ашық қарсылық көрсету мақсатымен әрбір киіз үйдің жанына ат, сойыл байлап қоюды ұсынады. Телеграф байланысын үзу, істен шығару жоспарын ойластырады. Көтерісшілер Бекболатты қолбасшысы, **хан** етіп сайлайды. Бекболат Үшқоңыр жиынында Пішпек уезіне шабарман Серікбай Аманжоловты жіберіп, қырғыз ағайындардан көтеріліске көмекке 500 адам келетіні туралы хабар алады. Ақшиге Кәрібай Аламанов жіберіліп, №3, 7, 17 ауылдарының жігіттері көтеріліске шақырылады. «Мұндай шақырудың себебі сол жерде жастар жиналған болатын. Бөлшектенбей және бір шешімге келу үшін Кәрібай Аламанов жіберілді, оның төңірегіне 70 шақты жігіттер жиналды. Ақшиде Кәрібай Аламановпен бірге Байғазы Мәмбетов, Сатал Құрабаев болды» [10] – деп мәлімдеді Бекболат сотқа берген жауабында. Сот тергеушісі Бекболат «өзін хан деп жариялады» – деп жазды. Бұл мәліметті 1916 жылы 24 қыркүйекте Верныйдағы Жандармерияның іздестіру бөлімшесінің Ташкенттегі Түркістан өлкесінің Жандармерия бөліміне жіберген құпия мәліметіндегі тізімінде Жетісудағы көтеріліске қатысқандар Бекболат Әшекеевті Жайылмыс болыстығындағы көтерілісшілер **хан** деп жариялады деп көрсетеді [11].

1916 жылы 10 шілдеде Үлкенсаз жерінде Шығыс және Батыс Қастек, Ұзынағаш, Бидалы, Қарғалы, Ботпай, Тайторы, Ырғайты және Күрті болыстарының 5000 адамы қатысқан үлкен жиыны өтіп, 9 болыстың халқы «жұмыс қолын бермейміз шешімге келеді» [12]. Әрбір болыстан екі адамнан өкіл сайлап патша жарлығына бағынбау, қара жұмысқа шақыруды тоқтату жайындағы қабылдаған шешімдерін солар арқылы губернаторға жолдағылары келеді. Жиынға қатысушылар қалыптасқан күрделі жағдайды талқылау барысында «оқ астында атылуға барғанша, осы жерде өлгеніміз жақсы» – деген тоқтамға келіп, патша үкіметімен күресуге бел байлады [13].

1916 жылы 13 тамызда Ошақты бойында Бекболат өз үйінің төңірегіне 1000-ға жуық адамды жинап, оларды көтерілісті ұйымдасқан түрде бастауға шақырады және патша үкіметінің дегеніне бағынбаймыз қарсы көтерілеміз деген мәмлеге келіседі. Сол күні-ақ мылтық, сойылмен, ашатаяқпен қаруланған атты

көтерілісшілер подполковник Базилевскийдің казак-орыс әскери отрядына қарулы қарсылық көрсетеді. Осы ұрысқа Бекболаттың баласы Әбділда да қатысып, әкесімен бірге көтеріліске қолбасшылық жасайды. Бірақ бақайшағына дейін қаруланған жүйелі жазалаушы әскерге көтерілісшілер төтеп бере алмай шегінуге мәжбүр болады.

16 тамызда Бекболатты жанындағы он төрт адамымен тұтқынға алып, алдымен бөлек киіз үйде ұстайды да, 18 тамызда конвоймен Верный уездік басқармасына жеткізіп, жергілікті әскери гауптвахтаға қамайды.

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин 1916 жылғы 11 тамызда жіберген «Жетісудың барлық жазалау отрядтарына жергілікті халықтың көтерілісіне қатысты істерді қарау үшін Әскери дала соттарын құру туралы» [14] нұсқауына сәйкес Жетісудың әскери губернаторы Фольбаум «айыбы анықталғандардың тергеуін жүргізбей-ақ, оны дереу Әскери дала сотына беру керек» [15] – деп бұйрық береді. Верный гарнизоны жанынан құрылған Верный отряды сотының прокуроры міндетін атқарушы 1916 жылғы 30 тамызда Жетісу облысының әскери штабына «Әшекеев Бекболаттың осы көтерілісті ұйымдастырудағы айыбы толық анықталды, оның ісін екі күндік мерзімде қарауды отряд сотына тапсырамын» [16] – деп жазды. 1916 жылы 31 тамызда Верный гарнизонының бастығы міндетін атқарушы генералдың берген бұйрығымен 1 қыркүйекте Бекболаттың ісін отряд сотына жібереді. 1916 жылдың 2 қыркүйегінде Верный уезінің 2 участкелік сотына берген жауабында Бекболат батыл түрде: «Армия тылына жұмысшылар алу туралы указдардың орындалуына кедергі жасау мақсатында қолға қару алып, қарсылық көрсетуге келісімге келіп, Үшқоңырда елді жинауым, 13 тамызда әскери отрядқа қарсы көтеріліске қолбасшылық жасауым рас. Өз туымның төңірегіне мылтық, сойылмен қаруланған өз болысымның жастарының көтерілісін жасақтадым, жазалаушы отряд мүшелерін жою мақсатында оларға қарсы үйір-үйір жылқыларды шаптырдым» – деп көрсетеді [17].

1916 жылы 7 қыркүйекте Верный гарнизонының отряд соты өзінің жабық мәжілісінде «Бекболат Әшекеевке көтерілісті ұйымдастыру үшін Жайылымыс қазақтарының «заңсыз» съезін шақырды. Верный уезі бастығының міндетін орындаушы подполковник Базилевский басқарған отрядқа қарулы қарсылық көрсетті» – деген айып тағып, оны «өлім жазасына кесіп, дарға асу туралы» – үкім шығарады [18].

1916 жылы 9 қыркүйекте Бекболат Әшекейұлын және «өздерін айыпты емеспіз» деп есептеген оның жақын серіктері: Есікбай Ейкебаев, Әбілеш Бекбатыров, Серікбай Аманжолов, Екейбай Сатқынов, Сармамбет Әшекеев, Дүйсембай Қасымбеков, Надырбек Қараскин, Сатқын Әбішев, Боранбай Қашкин, Жарылғап Нұрбаев, Ахмет Аманбаев, Ахмет Әбдірешев, Оспан Бүгімбаев және Сарықазак Сұлтанаевпен қоса Боралдай жотасында дарға асылып өлтіріледі [19]. Бекболат 14 серігімен бірге Боралдай жотасында дарға асылып тоғыз күн тұрған, оныншы күні Бекболаттың денесін көтерілісшілер түнде келіп алып кетеді де, Ұзынқарғалы бойындағы жазыққа апарып жерлеген екен.

Ақын **Иса Дәркембаев** өзінің «Бекболат» дастанында:

«Сонымен өліп кетті Бекболатың,
Туысқан жақтап кетті азаматың.
Қанша қинау болса да сөзден таймай,
Елі үшін құрбан болды асыл затым.

Қайтпады бір сөзінен азаматың
Жиылған жылап тұрды жас пен қартың.
Бұрын дарды көрмеген Жетісуда,
Жиылған қайран қалды жамағатың», [20] – деп жырлады.

Елінің ертеңін ойлаған есіл ер Бекболат Әшекейұлының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы жүргізген азаттық күресі осылай аяқталады. Ал, баласы Әбділда Бекболатұлы сот шешімімен 20 жылға Сібірге каторгіге айдалды. 1920 жылдары Боралдай төбесіне 1916 жылғы көтеріліс қаһармандарына арнап ескерткіш қойылған.

Қорыта келе айтарымыз, **Жәмеңке Мәмбетұлы, Сәт Ниязбекұлы, Бекболат Әшекейұлы** т.б., тарихи тұлғалардың Елдік пен Ерлік дәстүрі ұрпақ жадында сақталып ұлттық санамызды қалыптастыруға қызмет жасауы тиіс.

1. *ӨР ОММ. - 461-қ., 1-т., 1888 «а»-іс., 24-28 нн.*
2. *ҚР ОММ. - 427-қ., 1-т., 154-іс., 4 н.*
3. *ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5149-іс., 3-9 нн.*
4. *ҚР ОММ. - 109-қ., 1-т., 6-іс., 5-6 нн.*
5. *ҚР ОММ. - 427-қ., 1-т., 166-іс., 2 н.*
6. *ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20055-іс., 3-4 нн.*

7. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 614-615 нн.
8. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 6 н.
9. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 443 н.
10. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 445 н.
11. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 303 н.
12. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 356-373 нн.
13. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 223, 625 нн.
14. ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20034-іс., 11 н.
15. ҚР ОММ. - 44-қ., 1-т., 20045-іс., 2 н.
16. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 443 н.
17. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 623, 627 нн.
18. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 625 н.
19. ҚР ОММ. - 76-қ., 1-т., 510-іс., 3 н.
20. 1916 жыл. Алматы, – 1940. 326 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются деятельность руководителей восстания 1916 года в Семиреченской области Жаманке Мамбетова, Сага Ниязбекова, Бекболата Ашикеева. На основе новых архивных материалов, даются причины восстания в котором чиновник колониальной администрации описывает на местах. Анализируется деятельность руководителей восстания, их роль в сохранении целостности и единства народа.

Summary

In this article the activity of heads of revolt of 1916 in Semirechensky area to Zhamenke Mambetov, Sat Niyazbekov, Bekbolat Ashikeev are considered. On the basis of new archival materials, the revolt reasons are given in which official of colonial administration describes on places. Activity of heads of revolt, their role in preservation of integrity and unity of the people is analyzed.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ОСНОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ В 1920-30-Х ГГ.

А.Д. Утегалиева – доцент, к.и.н., кафедра социальных дисциплин,
Алматинский университет энергетики и связи

Начиная уже с XVI-XVII веков, шел процесс сближения кочевой и оседлой (русской и европейской) культур. Угасание первой сопровождалось усилением второй, ее колониальной экспансией, обострившейся в XIX веке из-за соперничества российской и британской империи, которая рвалась в Центральную Азию. Этот растянутый на века эволюционный процесс породил внутреннюю самокритику и модернизацию казахской кочевой культуры (см. деятельность первых казахских просветителей, творчество Абая) [1].

Да и сами казахские ханы, начиная с Аблайхана, и завершая последними ханами Букеевской Орды, уже назначаемыми русским царем, проводили ряд реформ, открывали русско-казахские школы, призванные подтянуть Степь, все более отстававшую от магистрали мирового промышленно-капиталистического развития.

Казахская элита конца XIX – начала XX века, получившая европейское высшее образование в России, владевшая несколькими языками, открывала казахам путь к вершинам современной общечеловеческой мировой культуры. Они исходили из европейской и традиционной арабской (восточной) культуры, и подобно евразийцу Абаю или М.Жумабаеву смогли синтезировать их в своем творчестве.

В XX веке эти усилия увенчались появлением и мощным ростом целой прослойки интеллектуалов-реформаторов в лице алашордынской интеллигенции, которая достойно ответила на вызовы истории. Проекты и Программа «Алаш-орды» – имеют вполне современное звучание и представляли тогда образец построения национальной государственности и культуры [2].

Однако, в результате большевистского государственного переворота 1917 г. и слома тенденций естественного саморазвития растущего гражданского общества, «Малого Октября» Голощекина, постановления 1928г. о борьбе с баями-полуфеодалами эта большевистская диктатура обернулась трагедией геноцида кочевого казахского народа, принесла свои печально известные плоды в конце 1920-начале 30-х годов.

Свернув НЭП и либерализм, сталинское крыло большевиков взяло курс на форсированную индустриализацию аграрной и малообразованной страны. Средством и орудием построения промышленного уклада стала деревня и аул, которые приносились в жертву для накопления экспортных доходов и их инвестиций в индустриализацию страны. Согласно доктрине большевиков, передовому промышленному укладу и ра-

бочему классу в городах должны были соответствовать коллективные формы хозяйства на селе. Кулак – крупный землевладелец, и крупный скотовладелец в Степи котировались отныне как враги, подлежащие уничтожению в ходе беспощадной классовой борьбы.

Так, в начале 30-х гг. XX века в истории Казахстана произошел процесс форсированного одномоментного насильственного массового оседания казахов-кочевников, слома их историко-цивилизационной формации (идентичности) – основы субъектности, исторической самостоятельности любого народа. Большевики пошли против законов естественно-исторической эволюции. Ведь кочевнический способ производства складывался в казахской степи на протяжении нескольких тысячелетий под воздействием географической среды и климата, корни этого процесса уходят в эпоху бронзы. Ему в засушливой степи просто не было альтернативы.

Широко известно, что ряд философов, культурологов и геополитиков особо выделяют среду обитания этноса как базовое системообразующее понятие. Именно оно естественно предопределяет и формирует хозяйственную основу этноса, которая далее определяет содержание и основные ценности их политико-экономического, социального и культурного развития. Так, например, понятия «месторазвитие этноса» Л.Н. Гумилева в книге «Этногенез и биосфера Земли», или «географический индивидуум или ландшафт» П.Н. Савицкого в «Географическом обзоре России-Евразии» рассматриваются как единство этноса, его территории и социально-политической среды» [3].

Единство двух факторов: объективного (природно-географического, технологического начал) и субъективного (общественные формы сознания – культура, государство, религия) обобщаются в понятии «психосоциокультурная матрица». Именно она формирует образ жизни, базовые мироориентации человека и этноса в целом.

Вся экономика и родоплеменная структура кочевого социума, его численность, система собственности и права регулировались, в конечном счете, совокупностью естественных факторов (экологической емкостью пастбищ). Переход за их оптимум (меру, или предел) вели к перевыпасу пастбищ и, в конечном счете, падежу скота и голоду кочевников [4].

Иное дело оседлая, земледельческая и промышленная цивилизация, которая держится на промышленном разделении труда и преобразовании природы, извлечении и последующем распределении материальных ценностей через централизованное государство или капиталиста – хозяина фабрики или завода.

Поэтому такой резкий переход, скачок казахов-кочевников от одного способа бытия в полностью противоположный, сопровождался трагическими последствиями в различных аспектах:

- Невиданными жертвами в мировой истории – гибелью от голода более половины численности целого народа. Историки оценивают потери численности казахов от 1,7 до 2,5 миллионов человек [5].

- Форсированная модернизация степи сопровождалась уничтожением скотоводства и кочевого хозяйства казахов, их быстрого насильственного оседания и организации в коллективные хозяйства. Статистика того периода показывает масштабы катастрофы: 10-кратное сокращение поголовья скота с 40,5 млн. голов (до коллективизации) до 4,5 млн. голов на 1 января 1933 года, и одновременно, стремительная динамика создания колхозов 2% в 1928 г., 50% в 1930 г., 65% в 1931 г. [5].

- Были репрессированы, уничтожены и изгнаны представители как традиционной элиты (чингизиды и кожа, родовые бии, зажиточное байство), так и пассионарный слой мыслящей интеллектуальной элиты, участвовавший в создании и деятельности партии «Алаш», национальная интеллигенция в различных сферах деятельности

- Старое традиционное казахское общество было обезглавлено и лишено всяких традиционных ценностей, ориентиров и тысячелетних регуляторов, как например, обычное право, шариат, морально-этические нормы, традиции.

- Именно тогда и были заложены основы современного социально-экономического и культурного развития казахского народа, которые дают о себе знать до сих пор.

Новое бесструктурное аморфное оседлое общество было присоединено к новому российско-советскому паровозу и заново переформатировано как ведомый вагон. Эти трагические процессы ломки прежнего кочевого строя и образа жизни сопровождалась насаждением советской идеологии, русификацией, отрывом и отчуждением автохтонов-казахов от своих национальных корней, от своей истории, религии, культуры и языка.

Так, распространившийся в казахской степи с X в. ислам, а также тенгрианство и вера в духов предков-арухов играли огромную роль в духовно-нравственной жизни казахов. Под их непосредственным воздействием формировалась вся традиционная культура и мировоззрение казахов начала XX гг. Причем, более важным и близким по духу кочевникам-казахам был суфизм, основоположником которого

был ходжа Ахмет Яссауи. Суфизм как философское течение нашел яркое отражение в казахской литературе второй половины XIX века, к примеру, в творчестве Абая и Шакарима. Религия, морально-этические нормы духовной жизни, наряду с языком и самобытной устной мифо-эпической культурой делали культуру казахского народа неповторимой и своеобразной.

В то же время казахская интеллигенция начала XX века, получившая европейское образование в институтах и университетах России, владевшая несколькими языками, открывала казахам путь к вершинам современной общечеловеческой мировой культуры. Они равным образом исходили из европейской и арабской (восточной) культуры, и подобно евразийцу Абаю смогли синтезировать их в своем творчестве и политических программах.

Особенно губительны были непродуманные реформы казахского алфавита, когда в 1929 году арабская графика была отменена и введена латиница, а затем и ее сменила кириллица в 1940 году. Учитывая, что в Казахстане широкая часть населения была грамотна, владела тюркским, арабским и фарси языками, эти реформы привели к катастрофическим последствиям. Так, новое советское поколение казахов было отсечено от своей многовековой истории, духовных корней и письменных источников, оформленных на арабском языке. Традиционное мировоззрение и духовная культура были просто уничтожены, мечети были закрыты, а арабоязычная и тюркская литература постепенно стали угасать, так как ее уже некому было читать... Таким образом, в течение жизни одного поколения большевики насильно превратили казахов в безбожников-атеистов и европейски мыслящих «коммунистов», а по сути – «манкуртов».

В то же время в 1920-30-е годы борьба с неграмотностью носила в Казахстане массовый характер, так как практически все население, от мала до велика, осваивало письменность и грамоту через новые языки. Так была похоронена прежняя традиционная казахская культура, а на ее обломках была построена советская коммунистическая культура и идеология, была искусственно прервана преемственность поколений носителей казахской культуры, был репрессирован и уничтожен целый пассионарный слой мыслящей интеллектуальной элиты, участвовавший в создании и деятельности партии «Алаш» (А.Букейханов, А.Байтурсынов, М.Дулатов, М.Тынышпаев и др.).

Таким образом, был насажден конформизм и беспринципный карьеризм в среде новой «элиты», которую коммунисты формировали из низов, «батрацких» элементов. В результате, с уничтожением мыслящей и руководящей элиты традиционное казахское общество было само просто уничтожено. Физическое уничтожение более половины казахского этноса, уничтожение его традиционных духовно-культурных устоев и носителей его государственности, веры и культуры сказываются до сих пор. Идет ли речь о конформизме и малодушии казахской интеллигенции, тотальной русификации горожан или отсутствии иммунитета казахов к сектантским религиям и верам (ваххабизм, кришнаитство или баптизм).

В результате большевистского геноцида и форсированной (катастрофической) акции по насильственному оседанию казахи утратили шанс постепенной трансформации и модернизации традиционной кочевой культуры. Казахская кочевая культура была просто сломлена и уничтожена, выброшена как ненужный хлам, который нужно стыдиться из-за его кажущейся отсталости и дикости.

Творческая интеллигенция республики работала под жестким идеологическим контролем партийных органов и НКВД. Особенно жесткий прессинг и цензура проводилась в среде историков (см. например, судьбу Бекмаханова), ибо «кто контролирует прошлое, тот контролирует будущее, кто контролирует прошлое, тот управляет настоящим» (Д.Оруэлл). Преподносимая же как национальная, казахская литература на самом деле утратила свои национальные корни вместе с утратой кочевой культуры. Формировавшаяся в первой трети XX века культура и литература была атеистической и советско-тоталитарной, она подстраивалась под стандарты «социалистического реализма» и партийно-классовой пропаганды.

Несмотря на успехи в народном просвещении, создании системы школьного образования, открытии ВУЗов, академии наук, массовых казахских СМИ, закладке основ и институтов современной русско-европейской культуры и профессионального искусства (открытии театров оперы и балета, оркестра народных инструментов, клубов и кружков, музеев, зарождении кинематографа и т.д.), проблемы сохранения и развития традиционной автохтонной культуры оставались в тени.

Более того, сознательно и бессознательно, явно или скрыто, в массовое сознание внедрялась европоцентристская установка и даже убеждение, что кочевая культура – всего лишь тупиковая ветвь развития, тотальная дикость и отсталость. Вместе с правдивой историей древних номадов – саков и гуннов, половцев и хазар, «татаро-монгольских завоевателей», отрицался гигантский вклад кочевников в мировую культуру, построение ими мировых империй. Например, имевшее глубокие золотоордынские историко-генетические корни, Московское государство рассматривалось как всего лишь победа славян и руссов над дикими татаро-монгольскими завоевателями, не давшими ничего позитивного, лишь законсервировавших

и изолировавших порабощенные народы от передовой Европы. Эти установки и постулаты настолько глубоко пустили корни, что до сих пор дают о себе знать. Прогресс всецело отождествлялся только лишь с пролетарской, потом советской и, в целом, с европейской культурами.

Для развития любого казаха, его дальнейшего карьерного роста, необходимо было знать русский язык и азы марксизма-ленинизма-сталинизма, вступить в Коммунистическую партию и придерживаться принципа пролетарского интернационализма. Знание же родного языка и культуры никак не поощрялось и не приветствовалось. Более того, позднее национальная политика в масштабах всего СССР старалась стереть национальные различия и сформировать единую безликую общность «советский народ».

Таким образом, успешное промышленное развитие, насильственное оседание и формирование колхозов, культурная модернизация Казахстана в первой трети XX века, имевшие положительные результаты в количественном и материальном исчислении, сопровождались русификацией и европеизацией всех сфер жизни.

С другой стороны медали мы видим регресс, деградацию и постепенную ликвидацию базовых элементов национальной культуры и национальной самоидентификации, эти катастрофические потрясения 1920-30-х гг. до сих пор сказываются в наше время.

1. Абай. Книга слов. – Алматы: «Ел», 1993., – 272 с.

2. Мартыненко. Алаш-Орда. Сб. документов. – Алматы, 1992.

3. см. Савицкий П.Н. «Географический обзор России-Евразии» // Савицкий П.Н. *Континент Евразия*. – М.: Аграф, 1997., Гумилев Л.Н. *Этногенез и биосфера Земли*. – СПб.: Кристалл, 2001.

4. см. Масанов Н.Э. *Кочевая цивилизация казахов*. – Алматы, 1994., – с. 478.

5. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. *Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства*. – Алма-Ата, 1992., – с. 25.

Түйін

Осы мақалада автор Отан тарихындағы дін, тіл, білім және өнер саласындағы 1920-30 жж. мәдени қайғылы өзгерістерін қарастырып, олардын Қазақ мәдениетінің әрі қарай дамытуында қазіргі заманға дейін әсерін қалдырғанына талдау жасалды.

Summary

Violent forced modernization in the 1920s and 30s, in Kazakhstan has led to a breakdown of the historical-cultural formation (identity). After nomadic mode of production developed under the influence of the geographical environment and climate, rooted in the Bronze Age. Therefore, such an abrupt transition, a jump of Kazakh nomads from one way of being in the completely opposite, followed by the tragic consequences in various aspects.

As a result, the Kazakhs have lost the chance of gradual transformation and upgrading of traditional nomadic culture. In the popular consciousness inculcated Eurocentric setting: nomadic culture - just dead-end, total savagery and backwardness. Progress fully identified only with the proletariat, the Soviet and then, in general, European cultures.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ТАРИХНАМАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Б.Ж. Абжаппарова – т.ғ.д., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ шығыстану кафедрасының профессоры

Тарихнама тарихи құндылықтарымызды сақтаушы ғана емес, тарихтың күрделі бетбұрыс сәттерінде оны жүзеге асырушы құралға айналып, қазіргі кезеңде жаңа сапалық деңгейге көтеріліп отыр. Тарихнама маңызды танымдық қызмет атқарумен қатар, жаңа тарихи жағдайда өзіндік сананы тәрбиелеуге де ықпал етеді.

Қоғамымыздың жаңаруы кеңестік отан тарихының ғана емес, интеллигенцияның тарихнамасының өзекті мәселелерін зерттеуге оң әсерін тигізуде. Өндірістік-техникалық интеллигенцияның Қазақстан интеллигенциясының құрамында ерекше әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде айқындалуы Қазақстанда ақпараттық-технологиялық қоғамның қалыптаса бастауымен және оның ғылыми-техникалық жағынан дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық интеллигенцияның рөлі» аталатын бөлімінде «Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге эрқашан интеллигенция ие. 2050 жылғы Қазақстан прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс. Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқарастарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек. (1) Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жана жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс. Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек. (2) Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс», – деп ойын тұжырымдаған еді [1].

Соның ішінде Қазақстанның өндірістік-техникалық интеллигенциясының тарихын өз алдына бөлек қарастырып, объективті бағасын беру – бүгінгі заман талабына сай қажеттіліктен туындап отыр. Өндірістік-техникалық интеллигенция қоғамның рухани-имандылық негізіне ықпал етуші күшке айналғаны өз алдына, ол интеллигенцияның негізгі топтарының бірі болып саналады. Тарих ғылымының соңғы жылдары дамуы «интеллигенция тарихнамасы» мәселесін әр қырынан зерделеуге жол ашуда. Сондықтан «өндірістік-техникалық интеллигенция тарихнамасы» дегеніміз кезектегі емес, объективті процестерге жауап беріп, оның Қазақстандағы тарих ғылымында көрініс табуын айқындау болып саналады. Тарихнама қарастырып отырған мәселеге байланысты еңбектерді тізіп, шолу жасаумен шектелмей, тақырыпты ғылыми негізде нақты-тарихи және теориялық-методологиялық жағын айқындауымен де өзекті.

Жаңа танымдық материалдардың қазақстандық тарихнамаға енгізілуі де мәселенің өзектілігін ашады. Тәуелсіз Қазақстан біраз табыстарға жетті. Отандық және әлемдік тарихнамада Қазақстанның өндірістік-техникалық интеллигенциясының тарихнамасы арнайы түрде зерттеуді қажет ететін тақырып болғандықтан, аталған тақырыптың өз деңгейінде зерттелмеуі, бұрын жарияланбаған деректердің молдығы – айтылатын мәселелерді нақты айқындай отырып, ғалымдардың арнайы ғылыми концепцияларын талдауға жол ашады.

Өндірістік-техникалық интеллигенцияның кеңестік кезеңдегі тарихын зерттеу ХХ ғасыр басынан бастау алатындығы белгілі. Осы уақыт аралығында зерттеушілер ғылыми айналымға Қазақстан өндірістік-техникалық интеллигенциясының қалыптасуы тарихы, әлеуметтік, демографиялық дамуы мәселелерін айқындайтын көлемді еңбектер жазып, нақты тарихи деректерді енгізді. Алайда Қазақстан өндірістік-техникалық интеллигенциясының тарихнамасы арнайы зерттелген жоқ. Сондықтан да өндірістік-техникалық интеллигенция мәселесі бойынша бұрын жарияланбаған деректерді арнайы талдай отырып, кең көлемдегі мәліметтерді жариялау ғылыми зерттеу нысанына шек болғандықтан, қазіргі таңдағы талаптар мүддесінен шығуға жол ашады.

Кеңестік және посткеңестік кезеңдегі зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне талдау жасай отырып, кеңес өкіметі орнағаннан бастап интеллигенция, өндірістік-техникалық, инженер-техникалық интеллигенцияның теориялық, методологиялық мәселелерін зерттеу төңірегінде пікірталастар туындады.

Әйтсе де интеллигенцияға байланысты жарық көрген тарихи, философиялық, әлеуметтану саласында

ғы еңбектерде «интеллигенция» түсінігіне нақты көзқарас қалыптаспаған. Таластың негізгі себебі – интеллигенцияның мәнінде ғана емес, шеңберінің өсуі, әлеуметтік топ ретіндегі белгілеріне де байланысты.

Интеллигенция тарихын теориялық-концептуалдық тұрғыда зерттеп, қоғам дамуындағы орны мен рөлін анықтауда кеңестік тарихшыларға әсер еткен оқиғалардың өзіндік тарихы бар. Мәселен, В.И. Ленин интеллигенцияға барлық білімді адамдарды, ерікті кәсіп өкілдерін, дене еңбегі өкілдерінен айырмашылығы бар ой еңбегі өкілдері жатады деген концепция қалыптастырды. Лениндік анықтама интеллигенция тарихын зерттеуші кеңестік ғалымдардың концепциялық негізіне айналды.

Сталиндік жүйе кезеңінде интеллигенцияға қоғамда өзіндік дүниетанымы жоқ, белгілі бір таптың мүддесін қорғайтын, ой еңбегімен айналысатын әлеуметтік жік деген түсінік қалыптасты.

Өркениетті көзқарас тұрғысында баға берген М.Шоқай «Ұлттық зиялылар деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенмен, шын мәніне келгенде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар кіре алады», – деп пайымдайды [2, 174-176 б.]. Біз оның зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білулері керек деген ойының қазіргі уақыт талабымен сабақтасып жатқандығын байқаймыз.

Кеңестік тарихнамада интеллигенция мәселесінің партиялығы, таптық және әлеуметтік ерекшеліктерінің қарастырылуына мән берілді. Әлеуметтік жағынан интеллигенция деп кеңестік қоғамдағы «негізгі таптар» жұмысшы мен еңбекші шаруалардың арасындағы «әлеуметтік топ», ал этикалық жағынан рухани өндіріс саласымен айналысып, ерекше рухани сапалы-интеллигенттілік қасиетімен ерекшеленетін адамдардың тобы деген түсінік қалыптасты.

1960-шы жылдардан бастап интеллигенцияның тарихта алатын орнына, рөліне терең мән беріле бастады. Интеллигенция жөніндегі қалыптасқан маркстік-лениндік догматикалық талап өзгеріп, ғалымдар өз алдарына жаңа күрделі міндеттерді шешуді мақсат етіп қойды.

Интеллигенция анықтамасын қалыптастыруда М.Н. Руткевич, В.С. Семенов, С.Л. Сенявский сынды ғалымдар көп еңбек сіңірді. М.Н. Руткевич интеллигенцияны жоғары немесе орта арнаулы білімді талап ететін биік өрелі ой еңбегімен айналысатын еңбекшілердің үлкен тобы ретінде қарастыра келіп, оған мамандар орнында істеп жүрген практиктерді де жатқызады.

1980-ші жылдардың басында интеллигенция анықтамасын қалыптастыруда әлеуметтік кәсіби ерекшеліктерімен қатар, оның қоғамдағы саяси, мәдени үдерістердегі орны мен рөліне мән беріле бастады.

1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басынан қазақ интеллигенциясына байланысты концепция жаңаша зерделенді. Осы жылдары жарияланған басылымдарда «интеллигенция» ұғымы, қоғамды жаңғыртудағы интеллектуалдық еңбектің рөлі, интеллигенцияға ұстанған өкімет саясаты, интеллигенция мен халықтың арасындағы қатынастар қарастырылды (Н.А. Амрекулов, Н.Э. Масанов, Л.Я. Гуревич).

Академик М.Қ. Қозыбаев интеллигенция методологиясын түзеуге үлкен үлес қосты. Ғалымның пайымдауынша «еліне елеулі, халқына қалаулы жандар» – зиялылар ел жұртына қызмет етуді бақыт санайтын «ұлттың ұяты мен мияты» – болып табылады деп пайымдайды [3, 238 б.].

1990-шы жылдардың басында интеллигенция тарихын теориялық-методологиялық жағынан жаңаша зерделеген Х.М. Әбжанов пен Л.Я. Гуревич «интеллигенцияны оның қоғамдық прогрестегі қызметі анықтайды, негізгі дұрыс белгісі – сыни шығармашылық, ескіні қолдамай, экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік-саяси салада болсын жаңалықты іздеуі қажет» – деп ой қорытады. Ә.Әлпейісовпен бірлесіп жазған еңбегінде интеллигенция қауымын еңбегінің күрделілігіне, антропосоциогенез процесіне әсері және ондағы орнына қарай бірнеше топқа бөліп қарау керектігін айтып, интеллигенцияның үш құрамдас бөліктен тұратындығын: 1) интеллектуалдар; 2) мамандар; 3) жартылай интеллигенттер екендігін алға тартады. Интеллектуалдар деп қызметімен немесе шығармашылығымен танымның, практиканың, прогрестің жаңа бір қырын ашқан, келесі баспалдағына аттауға негіз қалаған ой еңбегі адамдарының жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар шыққан саңлақтарын атап жатқызады. «Интеллигенция дегеніміз ой еңбегімен кәсіби түрде айналысушы адамдар қауымы»-деп пайымдайды [4, 29 б.].

Зерттеушілер Ә.Пірманов пен А.Қапаева, Е.Т. Берлібаев, С.Т. Рысбекова, Р.М. Жұмашев, Г.М. Какенова т.б. диссертацияларында интеллигенция концепциясын қалыптастыруда ой еңбегімен кәсіби айналысушылар деген көзқараспен қатар, ұлттық және адамзаттық асыл қасиеттердің тарихи тәжірибеден өткен әр түрлі қырларын бойына сіңірген және оны ой қорыту жүйелері арқылы дамытып,

нәтижесін халық игілігі үшін жұмсап қана қоймай, оның қоғам алдындағы жауапкершілігі зор екендігін дәйектеген.

Өндірістік-техникалық интеллигенцияға теориялық пайымдаулар жасау Отан тарихы ғылымының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Өндірістік-техникалық интеллигенцияның алғаш қарастырылуы ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында А.Е. Бейлин, В.А. Шмелев, А.И. Иванов, В.Л. Швейцердың еңбектерінде көрініс тапты. Авторлар алғашқы бесжылдық жылдарындағы өнеркәсіптегі инженер-техникалық кадрлардың саны, құрамы жөнінде бағалы статистикалық мәліметтерге назар аударды. Мамандарға деген сұранысты қалай қанағаттандыру керек деген мәселе пайымдалды. А.И. Иванов пен В.Л. Швейцер «ескі техникалық интеллигенция өкілдері Кеңес өкіметі жағына жақындаған сайын, олардың мамандануы төмен болды», – деген пікір айтты [5, 14-15 б.]. Соғысқа дейінгі кезеңде жоғарыда көрсетілген және тағы басқа да еңбектер теориялық, практикалық жағынан алғанда фундаментальды мазмұнда болмады. Күнделікті кадр саясатын айқындай отырып, мәселені ашып көрсетуде еліміздің партиялық-мемлекеттік билігінің саяси-әлеуметтік мазмұнына сәйкес қатаң идеологиялық көзқарасымен ерекшеленді.

ХХ-шы ғасырдың 40-50-ші жылдары өндірістік-техникалық интеллигенция тарихын зерттеуде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Хрущевтік жылымық отандық тарихнамаға біраз ықпал жасап, зерттеушілер дәстүрлі маркстік-лениндік методологиядан асып кете алмаса да, И.В. Сталиннің жеке басқа табынуын ресми түрде сынап бастады. Осыдан кейін ғана интеллигенцияның қалыптасу жолдарын нақты зерттеуге жете көңіл бөлінді. С.А. Федюкиннің монографиясында өндірістік-техникалық интеллигенцияның қалыптасуы, социалистік модернизацияға тарту әдістері зерттелді [6].

1960-1970-шы жылдары қазақстандық әлеуметтанушылар мен философтар да интеллигенцияны әр қырынан зерттеп, жіктеп, өндірістік-техникалық интеллигенцияға анықтама бере бастады (М. Әженов, А. Ишмұхамедов, И.И. Евдокимов, Ц.Р. Розенберг). Олар ғылыми-техникалық үдеріс жағдайында дене еңбегі және ой еңбегімен айналысатын қызметкерлер арасындағы айырмашылықтар азайып, жақындай түскендігін, өндірістік-техникалық интеллигенция соның бел ортасында тұр деп пайымдады. Бұл зерттеушілер біз қарастырып отырған мәселені әлеуметтік аспектіде зерттеп қана қоймай, интеллигенцияға телінген «аралық жік» деген анықтаманы алғашқылардың бірі ретінде алып тастады.

Интеллигенцияның дамуы мәселелері жөніндегі көлемді басылымдардың бірі – 1979 жылы маусым айындағы Новосибирскіде өткізілген «Советская интеллигенция и ее роль в строительстве коммунизма» тақырыбында өткізілген бірінші Бүкілодақтық конференция. Мұнда интеллигенцияға байланысты ұстанған мемлекеттік саясат ашып көрсетілді. Интеллигенцияның әлеуметтік-саяси рөлін дәріптеуге айрықша көңіл бөліп, маман-практиктердің рөліне байланысты пікірталастар туды.

1970-ші жылдары социалистік қоғамда жұмысшы табы мен өндірістік техникалық интеллигенция арасында айырмашылық жоқ деген қате пікір де орнықты. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында әлі де болса сақталып отырған айырмашылықты байқауға болады. Кеңестер Одағында, тағы да басқа социалистік мемлекеттерде өндіріс құрал-жабдықтарына деген жеке меншіктің жойылуына байланысты техникалық интеллигенция жұмысшы табынан немесе саяси мақсаттарына байланысты айырмашылығы ғана емес, негізінен қоғамдық еңбек бөлінісі, еңбектегі қызметі, мамандануындағы басты айырмашылықты аңғаруға болады. Социалистік өндірістік-техникалық интеллигенцияны «біздің жұмысшы табымыздың ғылыми жағынан қаруланған тобы», – деп пікір айтқан зерттеушілердің пікірін қайтадан ой-елегінен өткізген жөн сияқты [7].

Республикамызда өндірістік-техникалық интеллигенция мамандарын даярлау, тәрбиелеу тақырыбына арналған бірнеше диссертация қорғалды (Н.И. Джағфаров, Т.Қасенов, А.Абдақимов, Л.Я. Гуревич, М.Байтуров, О.В. Харченко, Т.К. Назханов, О.В. Рыбакова т.б.). Еңбектер ресми методология тұрғысында жазылғанына қарамастан, теориялық деңгейлері жоғарылап, ғылыми-техникалық революцияның ықпалымен жыл өткен сайын инженерлік еңбектің мазмұнында үлкен өзгерістер болғандығын айтады.

1980-ші жылдардың соңында С.С. Әбубәкіров «Ғылыми-техникалық революцияны дамытуда инженерлер мен техниктердің еңбегінің мәні аса зор екендігін айта келіп, инженер-техникалық интеллигенция ғылыми-техникалық прогресті тездетуші ғана болып қойған жоқ, сол прогрестің тегеурінді әсерімен өздері де өзгерді» деп ойын ортаға салады [8, 20-21 б.].

ХХ ғасырдың 90-шы жылдары зерттеу жүргізген әлеуметтанушы ғалымдардың бірі – М.С. Садырова интеллигенцияның өзіне тән ерекшеліктерінің пайда болғандығын саралай келе, «1990-шы жылдары шешуші рөлді техникалық интеллигенция алып отыр. Техникалық интеллигенция медициналық интеллигенциямен бірге барлық интеллигенция санының тең жартысын құрайды. Бұл интеллигенцияның жағдайын өзгертіп, өзіндік арнайы ерекшеліктері бар жеке әлеуметтік топқа айналдырды», – деп тың ой-пікірлерін ұсынды [9, 116 б.].

Ғалымдар М.С. Аженов, Д.Бейсенбаевтар теориялық-методологиялық жағынан: «жоғарғы технологияның» енгізілуімен интеллигенцияның рөлі бірден артып отыр. Өндірісте шешуші рөлді капиталға деген меншік емес, адамның ойы атқаруда», – деп пайымдады.

Қазақстан инженерлік-техникалық интеллигенциясы тарихын әр қырынан зерттеген Н.Н. Южакова, Б.Омаровалар бұрынғы таптық, саяси ұстанымдардан басқа жаңа деректік базаны ұсына отырып, кеңестік кезеңдегі олардың әлеуметтік статусын жаңа қырынан айқындауға назар аударды.

Осы уақытқа дейін отандық тарихнамада ғылыми-техникалық және өндірістік-техникалық интеллигенцияға анықтама беруде әлеуметтік-кәсіби жағына мән беріліп, рухани-имандылық, мәдени аспектілері қарастырылмаған.

Олай болса, өндірістік-техникалық интеллигенция деп, дене еңбегімен жұмыс істейтіндерге қарағанда негізгі айырмашылығы «басымен басымырақ ойлайтындығымен», яғни ой еңбегімен айналыса отырып, өндірісте материалдық өнім өндіруге тікелей қатысатын қызметкерлерді айтамыз.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. 15 желтоқсан 2012.

2. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық / құрастырған Нүсіпхан А. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.

3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 369 б.

4. Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. – Алматы: Республикалық мәдениет қызметкерлерінің мамандығын арттыру институты, 1992. – 127 б.

5. Иванов А.И., Швейцер В.Л. Борьба за кадры пролетарских специалистов. – М.-Л., 1932. – 58 с.

6. Федюкин С.А. Советская власть и буржуазные специалисты. – М.: Мысль, 1965. – 254 с.; Федюкин С.А. Великий Октябрь и интеллигенция. – М.: Наука, 1972. – 472 с.; Федюкин С.А. Борьба с буржуазной идеологией в условиях перехода к НЭПу. – М.: Наука, 1977. – 352 с.

7. Шкаратан О.И. Проблемы социальной структуры рабочего класса СССР. – М.: Мысль, 1970. – 472 с.; Шкаратан О.И. и др. НТР и национальные процессы. – М.: Высшая школа, 1987. – 247 с.

8. Әбубәкіров С.С. Қазақстан инженер-техникалық интеллигенциясы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 136 б.

9. Садырова М.С. Социально-профессиональная мобильность интеллигенции Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 149 с.

Резюме

В статье автор Б.Ж. Абжаппарова с новых концептуальных позиций анализирует проблемы историографии научно-технической интеллигенции Казахстана советского периода. Автор акцентирует внимание на содержании понятий «интеллигенция», «производственно-техническая интеллигенция». Особое внимание уделено анализу современной казахстанской историографии данной проблемы.

Summary

In the article the author B.J. Abzhapparova, from new conceptual positions, analyzes the problems of historiography scientific and technical intelligentsia of Kazakh Soviet period. The author focuses on the concept of "intelligentsia", "industrial and technical intelligentsia." A special attention is paid to the analysis of modern Kazakh historiographical problem.

КАТЕГОРИЯ ИНФОРМАЦИИ В МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ ПРОЕКЦИИ ИЗУЧЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ФОРМ ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ*

К.Ш. Алимгазинов – д.и.н., зав.отделом современной методологии,
историографии и источниковедения ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

В последнее десятилетие роль информации в историческом процессе приобретает ключевое значение, что определяет научный интерес к изучению различных форм информации и способам их материализации. Изучая модели конструктивного сотрудничества науки с информационными технологиями, западный политолог М.Каас приводит причины консервативного исследовательского поведения гуманитарной науки, когда речь заходит об использовании естественнонаучного аппарата информатиологии в исследовательском процессе [0, с. 145-148]. Между тем, как инструмент познания, наряду с математическими методами, последние определяют верифицируемость исследований, открывают другие горизонты для решения проблем и перспективы иного изучения исторических источников. Актуальность приобретает вопрос о возможностях применения теории информации в исторических исследованиях. Это, в свою очередь, приводит к формированию представлений об информации как исторической категории. Вопрос

* Работа выполнена в рамках исследований по теме грантового финансирования КН МОН РК №0071/ГФ: «История и антиистория Казахстана: критический анализ псевдонаучного знания»

о соотношении понятий исторической информации и исторического источника в исторических исследованиях обнаруживает проблему методологического аспекта – о структуре и формах отражения информации в историческом источнике. Речь идет об информационном источниковедении как особой отрасли исторической науки, предлагающей собственные методы изучения информации [2].

Развитие общества невозможно вне информации и каналов ее распространения. Наиболее актуальной информация становится в переломные моменты истории, когда происходят качественные преобразования в общественном устройстве, науке. Они связаны с накоплением и появлением новых способов и средств информационного обмена, именно информация в любом ее проявлении оказывается главным историческим источником об исторических процессах [3, с. 58]. Возможность использования новых носителей и распространителей информации в нашей стране совпала со временем крушения тоталитарного режима, коренной перестройкой экономических, политических и моральных устоев общества, отказом от коммунистической идеологии и сменой ориентиров научного познания. Хотя информационные технологии сами по себе ведут к либерализации общества, что отмечалось еще 1996 году в материалах итогового документа 150-й сессии Исполнительного совета ЮНЕСКО об идее открытого информационного пространства [4, с. 10], не всегда развитие информационных технологий может быть индикатором демократизации. Уникальность же ситуации в странах бывшего Союза заключается в том, что новые информационные технологии получили возможность развиваться благодаря социально-политическим переменам в обществе.

Ценные по содержанию кинофотодокументы характеризуют театральную жизнь страны начиная с 1930-х гг. Согласно производственного плана все выпуски киножурналов должны были содержать сюжеты о культурной жизни страны и таким образом, хроникеры старались запечатлеть все новости, происходящие в этой сфере: открытие театров, новые постановки, сцены из спектаклей, гастроли театров, участие театральных трупп в конкурсах и др. Отдельные сюжеты киножурналов дополняют полнометражные документальные фильмы о деятельности театров республики, либо посвященные творчеству конкретных актеров, которые до сих пор привлекают внимание исследователей.

В аудиовизуальном архиве широко представлено и музыкальное искусство Казахстана во всех его жанрах. Кинофотодокументы последовательно зафиксировали организацию первого государственного национального оркестра им. КазЦИК (1942 г.), участников I съезда советских композиторов Казахстана (1948 г.), формирование музыкальных коллективов, их выступления, участие в музыкальных фестивалях и др. Документальные фильмы, посвященные музыкальной культуре с его этническими особенностями, составляют золотой фонд «музыкальной летописи» страны и являются самыми яркими и информационно насыщенными источниками, потенциал которых остается неограниченным.

Познавательный интерес представляют коллекции кинофотоснимков работы художников, скульпторов, мастеров декоративно-прикладного искусства.

Существенную часть аудиовизуальных источников по истории культуры составляют коллекции фотодокументов личного происхождения, принадлежащие признанным деятелям: О.А. Абишеву – кинорежиссеру, народному артисту КазССР, А.Ашимову – народному артисту СССР, Р.Т. Баглановой, К.Байсеитовой – народным артисткам СССР, Г.Мурзабековой, А.К. Мусаходжаевой – скрипачкам, лауреатам Международных конкурсов, А.Умурзаковой, Ф.Ш. Шариповой – артисткам театра и кино, лауреатам Государственных премии СССР и др. Достаточно представительной информационной базой располагают фонды известных представителей различных жанров искусства – Р.Баглановой, Ж.Аубакировой, К.Байбосынова, К.Байсеитовой, Г.Мурзабековой, А.Ашимова, Х.Букевой, Ш.Джандарбековой, Т.Жаманкулова и др. Следует отметить, что анализ состава и содержания фотофондов личного происхождения показывает, что в значительном количестве среди них преобладают фонды, относящиеся к сфере культуры. Приоритет при комплектовании общенационального архива этими видами документов, на наш взгляд, отдавался, прежде всего, формальным признакам, таким, как, например, наличие наград и званий. Содержание архивных фотодокументов охватывает довольно многогранный пласт событий общественной жизни, который представлен нам через призму личностного индивидуального восприятия. К настоящему времени национальный аудиовизуальный архив располагает достаточной фотодокументальной информационной базой и необходимыми инструментариями его изучения (база данных «Фото», путеводители, тематические перечни, каталоги: систематические, именные и др.). Информационные возможности фотофондов неодинаковы: некоторые из них даже при большом количестве снимков, отражают лишь отдельные моменты событий, другие же изобразительные документы выступают как один из основных исторических источников или даже единственным материалом в показе каких-либо событий.

Кинофотодокументы о деятелях литературы и искусства следует рассматривать в неразрывной связи с фонодокументами этой тематики. Их роднит не только генетическая общность, но и идентичность выполняемых функций (в частности, контактно-устанавливающая функция): естественность обстановки съемки или звукозаписи, непринужденность поведения участников беседы или разговора и т.п. Вместе с тем, как известно, тематическое и жанровое разнообразие кинофотофонодокументов значительно шире и богаче и не может ограничиваться только приемлемыми для вышеуказанной обстановки интервью или воспоминаниями.

Анализ звукозаписей, посвященных деятелям литературы и искусства, позволяет разграничить документы в соответствии с их функциональным и видовым назначением на три крупные, наиболее характерные группы: звукозаписи событийного характера; интервью, беседы, лекции и т.п.; воспоминания. Тематические рамки первой группы фонодокументов достаточно ограничены и представлены в основном съездами, звукозаписи которых, сохранившиеся полностью или фрагментарно, имеют вполне определенную историческую и культурно-познавательную ценность. В ЦГА КФДЗ РК хранятся звукоза-

писи съездов писателей, композиторов, художников, кинематографистов с выступлениями видных представителей каждой из сфер.

Самой насыщенной в информационном плане и значительной в количественном отношении является группа фонодокументов, представленная в виде отдельных интервью, выступлений, бесед и т.п. Фонодокументы именно этого комплекса составляют в архиве наиболее компактную и многочисленную часть архивного фонда. Они являются важным источником по изучению творческой лаборатории писателей, музыкантов, театральных режиссеров о своем творчестве, или записями, освещающие отдельные, чаще всего эпохальные, события в литературной, музыкальной, кинематографической и театральной жизни.

Поистине уникальны фонодокументы, запечатлевшие голоса выдающихся писателей, музыкантов, актеров. Осуществление проблемы сохранения и реставрации таких звукозаписей решается в рамках гуманитарного проекта «Асыл-мура» («Музыкальное наследие Казахстана»), спонсором которого является компания «Кока-Кола СНГ Сервисез ЛТД». Эта некоммерческая гуманитарная программа включает поисковую работу, систематизацию, восстановление и цифровую очистку, а также перенос на современные аудионосители лучших образцов народной, классической и современной музыки Казахстана. Благодаря спонсорской помощи в архиве установлено специальное оборудование, которое предназначено для перевода архивных фонодокументов на магнитной плёнке в современный формат (цифровые DAT-кассеты). Для осуществления этого проекта по заказу архива был смонтирован специальный магнитофон, аналога которого нет в Казахстане. Кроме того, для считывания записей в архиве используется современный прибор фирмы «OTARI». На базе отреставрированных звукозаписей уже выпущены компакт-диски выдающихся деятелей культуры Казахстана: Г.Курмангалиева, К.Байсеитовой, Б.Сарыбаева, Ж.Омаровой, К.Жантлеуова. Подготовлен компакт-диск «Основоположники оперного искусства Казахстана».

Таким образом, архивные кинофотофонодокументы сохраняют и наглядно отражают развитие культуры Казахстана, что дает основание говорить о существовании в составе Национального архивного фонда РК достаточно представительного и информационно насыщенного массива изобразительных, изобразительно-звуковых и звуковых документов о деятелях отечества в области литературы и искусства и рассматриваемого как запечатлённые современниками наиболее важных и интересных для их времени событий.

Оценивая в целом состав и содержание аудиовизуального фонда страны, можно прийти к выводу, что та часть кинофотофонодокументов, отражающая историю культурной жизни казахстанского общества представляют собой полноценный и самостоятельный исторический источник, способные осветить наше многомерное историческое прошлое. Информационные средства архива, как «Аннотированный каталог фотодокументов из личных фондов (1965-1995 годы)»; путеводители «Произведения народного творчества Казахстана в звукозаписях»; справочники «Государственные деятели Казахстана в кинодокументах», «Деятели науки и культуры в кинодокументах» и др., открывают широкие возможности для многоаспектного поиска информации и стимулируют использование обществом ретроспективной аудиовизуальной документации.

Глубокий и всесторонний анализ и оценка информационного потенциала всего корпуса аудиовизуальных документов Национального архивного фонда остается актуальной проблемой.

* При обзоре аудиовизуального документального наследия Казахстана привлечены аннотированные каталоги киножурналов и документальных фильмов, хранящиеся в национальном аудиовизуальном архиве.

Түйін

Мақалада қоғамымыздың мәдени феноменін зерттеу саласындағы ұлттық қорында сақталған аудиовизуалды құжаттардың маңыздылығы сипатталады. Кинофотофоно құжаттардың тарихи зерттеулердегі ерекшелігі ашылады. Автор мақаласында жоғарыда айтылған деректердің тарихи және деректемелік талдауы болашақтағы құзырлылық маңыздылығы бар деген қорытындыға келеді.

Summary

In article the role and value of audiovisual fund of the national archive depository locates in studying of such phenomenon as culture of our society. Features of use of film photophonodocuments in historical researches reveal. The author comes to a conclusion that the deep and comprehensive historical and source study analysis of these types of sources remains in the long term.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

ҚАБАНБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ЦИН ЕЛДЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

З.Қ. Тұрсынхан – *т.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасы*

XVIII ғасыр Қазақ жері мен елінің тарихы тайталасқа түскен, тағдырдың сын сағатының соққан кезі. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында айтылғандай, қазақ халқы ең әуелі көрші жатқан қалың ойраттың шабуылына ұшырап «ақ табан шұбырынды» болды. Бұл Қытайды билеп тұрған Манжу-Цин империясы күшіне мінген кезі еді. Қазақтар оларды бұрынғы атымен шүршіттер деп атайтын. Тегі жүржіт, баяғы XIII ғасырда монғолдар олардың мемлекетін (Цзинь-Алтын патшалығын) жойып (1234), сол арқылы Қытайды бағындыруға жол ашқан болатын. Сол беті еңсесі түскен шүршіттер кейін монғолдар қытайдан айырылып, өздерінің Монғол даласына шегініп, Монғол мемлекетін қайта орнықтырған кезде, олардан жалғасты қысым көрді. Бірақ кейін келе, монғол да, қытайлық Мин мемлекеті де әлсіреген тұста (бұл кезде монғолдардың ең күшті жауынгер тайпасы ойраттар Жоңғарияға көшіп кеткен болатын) 1616 жылы шүршіттер өз мемлекетін қайта құрды. Құрып, жаңа мемлекетін Манжу деп атады. Бұрынғы шүршіт деген аттан баз кешті. Сол кезде Қиыр Шығыстың ұлтанды бөлігі олардың қоластына қарап тұрды. Бұл жерлер кейін келе Манжурия деп аталды. Манжулар 1644 жылы Қытайдағы Мин әулетіне қарсы шаруалар соғысы кезінде Ұлы қамалдан өтіп Пекинді басып алды. 1662 жылы тұтас Қытайды жаулап алды. Иератор Канси кезінде геодезиялық зерттеулер жүргізіп, «Хуаной цуанланту» (□□□□□ – Императорлық үлкен сызба) атты карта жасап, сол бойынша Қытайдың батысында жатқан жерлерді игеруге, ол жерлерді Манжу-Цин империясының құзырына қаратуға әрекеттенді. Сол мақсатта алдымен Монғолияны, Тибетті жаулады. Артынан Жоңғарияға ауыз салды. Бірақ жауынгер ойраттарды бағындыру оңайға түспеді. Екі ірі империяның аралығында бұрыннан жау екі күш – ойраттар енді ымыраға келуге мәжбүр болды. Ойрат моңғолдары Абылайды өздеріне одақтас ретінде тартқысы келсе, Абылай ойраттарды Ресейге қарсы күресте пайдаланбақ болды. Бірақ ойраттардың артында оларға ата-бабасынан өш Манжу империясы тұрды. Қазақ үшін нағыз қиын-қыстау кезең басталды.

1757 жылы манжулар ойраттарды қанға бөктіре қырған соң, Қазақ хандығы Манжу-Цин империясымен бетпе-бет келді. Олармен бұрыннан өш-қасы жоқ қазақтар үшін Манжу-Цин империясымен бейбіт қатынас орнатудан басқа жол жоқ еді. Өздерін «аспан астының егесі» деп есептейтін тарихтағы Қытай патшалықтары өздерімен тікелей қарым-қатынаста болған елдерді әмәнда өздеріне «тәуелді» және «сырттай тәуелді» деп екі түрге айырып келген. Император Цянь Лун қазақтар туралы «олар ел болды, біз қабыл алдық, бұл дегеніміз оларды бейне Вьетнам, Тайланд елдері секілді жанамалай баурау үшін керек. Мұнымыз оларға тек Тәңір патшалығының лебізін білдіріп қою» дейді. Шын мәнінде, бұл жердегі «ел болу» тек формалды түрде болған.

1757 жылдың қазан айында алғашқы қазақ елшілері Цин патшалық ордасына жетеді. Осы алғашқы дипломатиялық миссияның құрамында Қабанбай батырдың өкілі болған. Оған дәлел жаңадан табылған Цин патшалығы Цянь Лун патша кезіне тән мұрағат құжаты. Онда осы реткі Пекинге жеткен 7 адамның бірін «орынбасар елші Танаш, ол Қаракерей найман руының зайсаны Қабанбайдың немере інісі» деп көрсеткен [1, 18 б.]. Осы тарихи құжатта Қабанбайдың өкілі Абылай мен Әбілпейіздің атынан барған бас елші Кенжеқарадан кейін тұрғанына қарағанда, Қабанбай батырдың орны сол кезде қазақ қоғамында шынымен жоғары болған дейді зерттеуші Б.Еженханұлы [1, 3 б.].

Цян Лун патшаның орда естелігінде (Цинь Гаоцзун шилу) көрсетілген Цин патшасының 1758 жылы 3 наурыздағы бір жарлығында мынадай мәліметтер бар: «Шундене маған мынадай мазмұндағы бір мәлімдемесін жолдапты – Қазақ Дәулетбай батырлар маған: естісек Батур-Обаш шешектен өліпті. Ал Қасақшира басқаратын ел түгел махачин (таудағы кезбе, босқын – авт.) болып кетіпті. Тек Церен ғана Чечен Қараның жерінен Сарыбелге¹ қашыпты. Қазақ Кіші жүз ханы Нұралы інісі екеуі қол бастап екі жолмен олардың ізіне түсіпті деді. Ол мәлімдемесінде тағы бүй деді: Қазақ Әбілпейіз маған мен қол бастап Іледегі Самынға барғанымда тұтқындардан сұрап мына жәйді білдім – Церенге қазір бір түменнен аса түтін қарағанымен, олардың көбінің ішерге асы жоқ, аш-арық жүрген көрінеді. Әйткенмен, күні

¹Сарыбел (Манжу құжаттарында «Шарабел») — Б.Еженхан Аblaй ханның 1760 жылы Цин патшасына жолдаған хатында елімнің оңтүстік шеті Шарабел деп көрсеткенін тілге тиек етіп, бұл жерді қазіргі Қазақ-Қырғыз шекарасындағы Қастек және Қордай асуларының төңірегі деп тұжырымдайды.

қиындаған екен деп біз оларды бейжай қалдыра алмаймыз. Себебі, оларды түбегейлі құртпасак, елімізге түбі тыныштық бермейді. Оларды түп-тұқиянымен құртып жібермесек те, Жәркен, Қашқар және Қырғыз асырып жіберсек іс аяғына жетер еді. Сондықтан, біз бірлесе отырып былай деп келістік: Кіші Жүзден Ералы сұлтан бастаған бір түмен қол Шуға барса, Орта жүзден Сары-Төкен батыр Ақтау-Үктаудан аттанып Кербұлаққа барып, Қабанбаймен қосылып, одан ары Церенді қуалап, көктемде қар кете қайта оралатын болды. Артынан біз улеттердің қай жерге барып тиянақтағанын сіздерге, ұлы армияға, айтармыз деді» [2, 17-19 бб.] делінеді. Бұл деректен Қазақ ордасының жоңғар қалмақтарының қалдық күшін ел шетінен ысыра қуып шығу үшін Ералы сұлтан, Сары-Төкен және Қабанбай батырлардың Қазақ даласының оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс шебіне жібергені, олардың басты мақсаты Церен, Қасақшира және Батур-Обаши бастаған жоңғарларды Тәңіртаудың арғы бетіне – Қашқар, Жәркенге қарай асыра қуу болған. Деректен осы операцияның бел-ортасында Қабанбайдың жүргенін, тіпті оның осы мақсатта Жетісуға күні бұрын жеткенін байқауға болады.

Осы деректің шынайылығын Цин орда құжаттарындағы мынадай дерек нақтылай түседі. 1758 жылы наурыз айының соңында қалмақтарды қуа соққылап Ертіс бойын шарлап бара жатқан Цин ұлықтары Хошоци мен Таңқалуга жол жөнөкей Қаламбай деген қазақты кездестіріп, одан Қабанбайдың 3 мың әскер бастап Сарыбел жеріне барып, Батыр-Обашы мен Қасақширанды тонағалы кеткенін естиді [3, 60 б.]. Бұдан соң Қабанбайдың қазіргі Боратала өңіріндегі Буке Шаханмен соғысқаны туралы дерек кездеседі. Онда былай делінеді: «Әскери құпиялық амбандарына: Хэцуйши, Тағғырулардың мәлімдеуінше, Қазақ (ханы) Абылай өзінің Бораталаға шеру тартып, Шырын, Буке Шахандармен соғысқанын, Төгіс Қашқа бастаған жүз шақты түтінді қолға түсіргенін, қазақ жасақтарынан да бірталай шығын болғанын елші арқылы хабарлапты. Шырындардың мындай түтінінің қайда кеткені белгісіз көрінеді... Абылай ақпанда аттандырған қолының наурыздың орта тұсында Қоңырөленге ат басын тірейтіндігін айтып жолдама жіберді. Бұл хабар Чжао Хуэйларға да айтылсын» [4, 46]. Бұл жолғы қосынға Қабанбайдың бас болғанын Цян Лунның 23-жылы 9-айдың 23 күні (жаңаша 1758 жылдың 24 қазаны) қатталған төмендегі дерек растайды. Онда: «Бұдан алдын қазақ батыры Қабанбайдың жіберген өз баласы Едіге Буке Шаханның ұлын айдап әкелді. Олар осы келісінде сауда малын айдап ала келген болса олармен лайығында сауда жасасайық. Қазақтарға жіберілген (елші) Науандар Абылаймен жүздескеннен кейін, қазақтардан саудаға келетіндердің көп екені белгілі болса дереу мәлімдейміз деген сөздер жазыпты» делінеді. Демек, бұл арада Буке Шаханды Қабанбайдың ұстағаны және оның ұлын кепіл үшін өз ұлы Едігеден айдатып жібергені мәлім. Өйткені Буке Шахан ойраттар жойылғаннан кейінгі кезде әлі де болса Циннің Жоңғариядағы үстемдігіне қауіп төндіруші күш есептелетін. Демек, Қабанбай батыр Сарыбелден 1758 жылдың көктемінде «қар кете» қайтып, сол беті қол бастап Жоңғарлардың Боратала өңіріндегі Буке Шахан, Шырын, Төгіс Қашқа бастаған қосындарымен соғысып, олардың біраз елін бағындыға алып, Буке Шаханның ұлын айғақ әрі кепіл ретінде Цин ордасына жөнелткен. Осы соғыстан кейін Цин патшалығының қазақтармен сауда жасасуға ниетті болғаны байқалады. Демек, Қазақ-Цин мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас осы кезден бастап бейбіт, тату көршілік сипат алған. Цин мұрағатынан табылған келесі бір құжатта (Цян Лунның 23-жылы 1-ай, жаңаша 1758 жылдың жыл басы) Қабанбай батырдың сол кезде найманның қаракерей руының бір неше мың түтінін басқаратыны туралы жазады (Қара керей бәйжігіт найманның он мың отбасы Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырдың (?) билігінде [1, 24 б.]).

Осы кезден бастап қазақтар Цин үкіметімен тату тұрып, олармен арадағы силастықтан пайдаланып сонау ойрат басқыншылығы кезінде (XV ғасыр) қолдан кеткен Іле, Алтай, Тарбаатай өлкесіне біртіндеп қоныс аударуды ойлады. Ол өлкелерге қайтып барып қоныстану, және ол жерлерді түбегейлі қайтару туралы қазақтар сонау 1757 жылы Цин патшалығына өтініш білдіреді. Сол кезге тән Цин патшалығының дерегінде (Цянлунның 22-жылы 10-айдың 22-күні, жаңаша 1758 жылдың 16 қарашасы): «елшілеріңіз ежелгі қонысымыз еді деп сұраған Тарбағатайға келсек, ол жер енді ғана тынышталды. Қазірше иен жатыр. Ол жерлерді былайда берер едім, бірақ сіздер бізбен енді ғана байланысып, еңбек көрсетуге үлгірмедіңіздер. Мұндай жағдайда оны сыйға беру мемлекетіміздің тәртібіне үйлеспейді. Тіпті, оған өздеріңіз де іштей қынжыласыздар. Ал егер қашқын Әмірсананы ұстап берер болсаңыздар, оны сыйға беруге әбден болады» [4, 36-37 бб.] делінеді. Бірақ Абылай Әмірсананы ұстап бермейді. Оны Ресейге қашып кетті деп мәлімет береді. Цин архивтерінде бұл сөзге тым сенбестік танытқан сөз-сөйлемдер кездеспейді. Соған қарағанда, манжу билеушілері Абылайдың берген жауабына сенген секілді.

Бұдан соң 1760 жылы Әбілмәмбет пен Абылайдың екі мәрте жіберген елшілігі кезінде (құттыбай мен Аталайдың елшілігі) де, Орыс сұлтан бастаған елшілікте де қазақтар Цин императоры Цянь Лунға: «Іле жері қазақтардың қонысы болса» деп талап қояды [2, 548 б.]. Бірақ бұл жолы да император жартымды жауап бермейді. Цин патшалығынан (Ежен ханнан) күдер үзген қазақтар, енді шығыстағы жерлерге өз

беттерімен жаппай қоныс аударуды бастады. Бұл ретте олар Цин патшалығының әскери сесінен қорыққан жоқ. Осы көштің алдында Қабанбай, Көкжал Барак, керей Жәнібек батырлар жүрді. Көкжал Барак батырдың Ертістің жоғарғы жағындағы ұраңқайлармен соғысы Цин империясын түршіктіргені сонша, император оны ұстап беру туралы Аблайға ультиматум қояды. «Әбілмамбет, Абылай, Әбілпейіз, Қабанбай секілді ел ағаларына: былтыр сіздердің елден кейбір адамдар ұраңқайлардың жылқы және басқа малдарыны барымталап кеткеннен кейін, генерал, амбандарымыз аттаныс жасап оларды ұстамақ болған еді, арамызда қарым-қатынасы жасап тұрғанымызға біраз уақыт болып қалғандықтан, сол істің шын-өтірігіне көз жеткізуді ойладым. Оның үстіне, сіздерден келген керуеншілердің мәлімдеуінше, ұраңқайларды талауға салған сіздердің елдегі Барак батыр екен... Егер Барак батырды ұстап берсеңіздер, адалдықтарыңызды тіпті де әйгілеген болар едіңіздер». Бірақ Цин армиясы Абылай көпке дейін үндемеген соң, Монғолия баығынан әскер аттандырмақ болады. Осы кезде барып Абылай кешірім сұрап хат жазады. Император көктің ұлымын деп кешірім береді [4, 62 б.]. Бірақ жер дауы мұнымен тоқтаған жоқ. Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлар елді байырғы мекендеріне қарай арт-артынан көшіре берді. Ол кезде Алтайды иелеп жатқан жеті тайпа ұраңқай мен дөрбіттердің, Тарбағатай жағына жаңадан келіп орныға бастаған торғауыттардың күші мығым еді [6, 249 б.]. Өр Алтай мен Тарбағатайға 1767 жылдан басталған көш ең әуелі Цин ұлықтары мен қарауылдарының тосқындығына ұшырады.

Тағы бір құжатта былай делінген: «Елшілеріңіз Іледен қоныс беріп жарылқасын дегенді айтады. Тарбағатай бұрыннан Жоңғарға тән қоныстар әрі қосынымыз тыныштандырған жер... Қазақтың жері аса кең. Жүйеге жүгінер болсаңыздар, сол бұрынғы шекараларыңызды сақтағандарыңыз жөн. Қоныс кеңейту ойында болмаңыздар... Абылай, сіздің Тарбағатайдан қоныс сұраған өтінішіңізді де мақұлдамаған едім. Солай бола тұра, енді мына басаламандыққа қалай барып отырсыздар (елді неге көшіресіздер демекші – авт.)?! Жоңғарлардың танауынан құрты түсіп тұрғанда шегімізге манайлай алмаушы едіңдер. Біз Ілені тыныштандырғаннан кейін ғана бейбіт тұрмысқа қолдарыңыз жеткендей болды. Бұған да шүкірлік етпейсіздер ме!» [4, 60 б.].

Осылай деу арқылы император қазақтардың шығыстағы ата мекендеріне өз беттерімен көшіп барып жатқанына қатаң наразылық білдіреді. Бұларыңыз шектен асқандық деп ренжиді. Бірақ, тарихи фактілер қазақтардың қытай қарауылдарының тосқындығына қарамай байырғы мекендеріне тоқтаусыз көшіп, біртіндеп қоныстанғанын көрсетеді. Бұл үрдіс XVIII ғасырдың соңына дейін жалғасты. Ақыр аяғында Цин үкіметі онда көшіп барған қазақтарды өз бұқарасы ретінде қабылдауға мәжбүр болды.

Қабанбай батыр өз халқын сыртқы жаудың басқыншылығынан құтқарумен бірге башқұрт, қарақалпақ сияқты қазақпен бір туысқан бауырларына да жаны ашыр болып, оларды да қанат астына алып отырған. 1751 жылы Барак сұлтанның үлкен ұлы Ханбабамен бірге оңтүстікке жасаған жорығында жиырма мың адамдық үлкен қолға бас болған Қабанбай Сыр бойын, Сайрам, Ташкент қалаларын жоңғардан тазартып, Тәшкентте Төле бидің билікке келуіне көмектескен. Шыршық өңірінде Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалған. Артынан Ресейге қарсы Башқұрт көтерілісін ұйымдастырушы Қарасақалдың қазақ даласынан, оның ішінде наймандарға келіп пана табуына байланысты, Қаракерей Қабанбайдың есімі орыс дерктерінде ұшыраса бастады. Қазақ билеушілерінің кейбірі Қарасақалды Ресейге, енді бірі Жоңғар хандығына ұстап беруге тырысады. Бірақ олардың барлығы оны Қабанбайдың соңында тұрған қалың найманнан тартып алуға әрекеттенбеді. Ресей деректері де оны Қабанбайдың қорғаштап отырғанын жазады [5, 568 б.].

Қытай деректерінің кей жерлерінде Қабанбаймен қатарлас Қожаберген жыраудың да аты аталады. Қазақ мемлекетінің ірі саяси қайраткері ретінде ол Цин патшалығына баратын дипломатиялық миссияның жағдайын ақылдасуға, оларды жіберуге қатысып отырған. «Бұрын біздің Чжао Хуэй есімді генералымыз сіздердің Абылай, Ханбаба, Қабанбай, Қожаберген және Дәулетбай қатарлы адамдарыңызбен ақылдасқаннан кейін барып, Үрімжіде сауда базарын ашу жөнінде патшамызға мәлімдеме жазған еді» [1, 41 б.] делінеді деректе (1759 ж.). Демек, Қабанбай батыр да Қазақ хандығының аса ірі саяси қайраткері, батыры Қожаберген жырау секілді тек қару алып ел шетінде жүрмей, мемлекет ісіне де араласып отырған. Бұған оның қарақалпақтар атынан Пекинге жолданған бір хатқа өз мөрін басқаны дәлел болады. Бұл мөрдің қағазға басылған көшірмесі жақында Пекиндегі Қытайдың бірінші тарихи мұрағатындағы «Әскери басқармаға жолданған ұлықтардың мәнжу тіліндегі мәлімдемелерінің көшірмесі» атты Цин патшалығының мұрағат құжаттары қорынан, ондағы құжаттардың микрофильмдері арасынан сақталу номері 1736-03 және микрофильм бойынша 051-001761 номерлі «шағатай» жазба тілінде хатталған тарихи құжаттан алынды [7, 11 б.]. Қожаберген жыраудың:

Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимеймін.
Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбеймін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимеймін.
Қару-жарақ соқпасам,
Зергер де болып жүрмеймін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызықты дәурен сүрмеймін.
Дулығамның төбесі,
Буылмаса маржанмен,

Басыма оны кимеймін! – деп апайтөстенгені секілді, Қабанбай батыр да Жоңғарға қарсы күресте бірде елінің ол шетінен, бірде бұл шетінен шығып, ел іргесін кеңейтіп, батырлықты ту еткен, елдің алыс келешегін ойлаған айтулы тұлға. Оның бір басының қадір-қасиетін, қазақ үшін қаншалықты керек екенін өз замандастары да айтып кетті. Қабанбай батыр науқастанып жатқанда оған келіп көңілін сұраған Сарышуаш жыраудың:

Уа, Қабанбай, көзелім,
Ескіден қалған көз едің.
Бұл науқастан сауықсаң,
Еркелігін кешірген,
Ақ сүтін беріп өсірген,
Қуанатын өз елің.
Бұл науқастан оңалмай,
Бақиға қарай бет бұрсаң,
Жау тиді десе жата алмай,
О шетіне бір шыққан,
Бұ шетіне бір шыққан,
Көкіректі кек кернеп,
Көз жасыңды мың сыққан,

Жылайтын тағы өз елің! [8, 235-236 бб.] – деп толғауы оның қиын-қыстау кезде нағыз еліне қамал, қорған болған ер екенін дәлелдейді.

1. Еженханұлы Б. *Қабанбай батырға қатысты жаңадан табылған сегіз манжу құжаты*. - Алматы, 2012. - 91 б.
2. Цин Гаоцзун шилу(□□□□□(□□□)). – Пекин: Чунхуа Шуцзуй баспасы, 1986. – 555 б.
3. Еженханұлы Б. *Қазақ хандығы мен Цин патшадығы арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастар туралы қытай мұрағат құжаттары. I том*. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. – 460 б.
4. Мұқан Қ., Қайыржан К. *ауд., құраст. Цин әулеті сарай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер (□□□□□□□□)*. – Күйтун: Ле халық баспасы, 2009. – 171 б.
5. Сыдықов М.Қ. *Тогыз таңбалы найман – Қаракерей шежіресі. I том*. – Павлодар, 2009. – 659 б.
6. *Алтай аймағының тарихи материалдары-□□□□□□□□ (Қытай халық саяси мәслихат кеңесі Іле Қазақ автономиялы облыстық комитетінің Алтай аймақтық қызмет комитеті құрастырған). I том*. -Алтай. 2006. - 400 б.
7. «ДАЛА МЕН ҚАЛА» газеті, 2013, 7 қаңтар, - №1 (482). – 11 б.
8. Әбдірахман К. *Хан батыр – Қаракерей Қабанбай*. – Астана: 2005. – 236 б.

Резюме

Статья посвящена великому батыру Каракерею Кabanбаю, который внес значительный вклад в освобождении Казахской земли от Джунгарского нашествия. Опираясь на достоверные источники автор описал политические, военные и торгово-экономические взаимоотношения великого батыра с Цинской империей Китая. Также автор проведя большую работу с источниками приводит новый материал, который ранее не представлялся широкому научному кругу на казахском языке.

Summary

The article is dedicated to the great batyr Karakerey Kabanbay, who has made a significant contribution to the liberation of the Kazakh land from the Junggar invasion. Leaning on reliable sources the author has described the political, military, trade and economic relationship of the great batyr with Qing Empire of China. Also the author having carried out a lot of work with sources gives new a material which wasn't presented earlier to wide scientific community in the Kazakh language.

ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОСПАН БАТЫР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Г.Б. Қозғамбаева – т.ғ.к., доцент, тарих кафедрасы, ҚазҚызМемПУ

Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында күрескен қазақ батыры Оспан Исламұлы тарихта өзіндік орны бар тұлға. Өр Алтай тарихында бірнеше: төре Оспан, кара Оспан және Оспан Исламұлы деген тұлғалар болған. Аталмыш тұлғалардың ішінде Оспан Исламұлы Шығыс өлкесі Алтай аймағы, Көктоғай ауылында туылған.

Тәуелсіздікке дейінгі кеңестік дәуірде Отандық тарихта, Оспан батырдың Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс басшысы туралы мәліметтерде басқаша баға беріліп келді. Кеңестік дәуірде коммунистік тоталитарлық идеология үстемдік құрып тұрған кезде, алыс және таяу шет елдердегі қазақтардың тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге қолдау таппағанын былай қойғанда тіпті ол елдерде туған туысқандары бар екендігін мойындау үлкен қылмыс есептелді. Өйткені КСРО коммунистік партиясының орталықтағы және жергілікті жердегі қайраткерлерінің солақай саясатының салдарынан, кезінде көптеген қазақтар өз Отанын тастап, шетелге жер ауып кетуге мәжбүр болғанын ашып айту партиялық және таптық принципке қарама-қайшы келгені баршаға мәлім.

Міне, осындай жағдайлар мен тарихи оқиғаларды ескерсек, шет елдегі қандас бауырларымыздың тарихын шындық тұрғыдан зерттеуге шектеулер қойылғаны рас.

Алпауытты КСРО мемлекеті ыдырап оның құрамындағы қазақ елі де тәуелсіздігін алып, өз тарихы мен мәдениетіне және тарихи тұлғаларына жаңаша тұрғыдан зерттеулер мен ізденістер жасауда. Сондай тарихи тұлғалардың бірі Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында күрескен қазақ батыры – Оспан Исламұлы.

Қазақ халқының бір бөлігі Шыңжаң өлкесінің солтүстігін мекендейді. Шыңжаң атауы XVIII ғасырдың 50-ші жылдары манчжуриялық Цин әулеті жаулап алған Шығыс Түркістан мен Жоңғария даласына берілген қытай атауы «Жаңа шеп» немесе «Жаңа шекара» деген мағына береді. Бүгінде Қытай мемлекетінің құрамдас бөлігі.

Қазақтар негізінен Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарына шоғырланған. Соңғы санақтарға қарағанда Шыңжаңда бір млн. екі жүз мың қазақ бауырларымыз өмір сүріп келеді екен [1, 240 б]. Қытай отаршылары қазақтарды уысынан шығармау үшін әр-түрлі амал-тәсілдерді қолданып келді. Сондықтан Қытайдағы қазақтар озбырлықтың небір қорлық-зорлықтарын бастарынан өткерді. «Қытай билеушілері қазаққа ауыр алым салық салу арқылы күшпен ұстаймыз деп сенді. Бірақ қазақ халқы қытайдың мұндай қанау, дінсіздендіріп ассимиляцияға ұшырату, қолындағы құрал-сайманын тартып алып, ел бастайтын ерлер мен халықтың ар-ожданын қорғайтын көсемдерін, рухани дем беруші ақын, жазушыларын абақтыға жабу, олардың көзін біржолата жою құнарлы жерлерге ішкі қытайдан «тың игерушілерді» қоныстандыру...» [2, 81 б.] сияқты жан түршігерлік қорлық-зорлығына қарсы күресті. Отаршылдықты әр-түрлі жолдарымен жүргізген қысым-қиянаттарына шыдамаған қазақ халқы азаттық, еркіндік үшін әрдайым қолға қару алып күреске шығып отырды. Олардың ішінен ел бостандығы, жер тұтастығы жолында күрескен: Демежан, Бөке, Зуға, Оспан, Елісхан, Әкбар, Сейіт, Бүркітбай, Сұлубай тағы басқа батырлар шығып, халықты артынан ерте білді. Елді бастап, отаршылдық пен озбырлыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістерге шықты. Бірақ басқаның басымдығына шыдамай елінің ертенің ойлаған батырлар мақсат-мұраттарына жете алмады. Шығыс Түркістандағы қазақ халқының азаттық жолындағы күресі жолында мерт болды.

Қазақ халқының еркіндігі үшін болған ұлт-азаттық көтеріліс пен оның басшыларының Отандық тарихта алатын орны ерекше. Мәселен, Ресей империясының отарлау саясатына қарсы болған ұлт-азаттық көтеріліс басшылары Сырым Датұлының, Кеңесары Қасымұлының және тағы басқа батырлардың рөлі ерекше. Сол сияқты Шығыс Түркістандағы қазақтардың тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында күресіп өткен, қазақ халқының батыры Оспан Исламұлының өзіне тиесілі орны бар деп, бүгінде үлкен мақтанышпен айта аламыз.

Қытайдағы қазақтар арасында ұлт-азаттық көтерілісті басқарған батыр Оспан Исламұлының тарихта алатын орны мен рөлі туралы көптеген мәліметтерді Түркия, Қытай, Моңғолия және Европа елдеріндегі қазақ диаспорасы және сол елдердің зиялыларының еңбектерінен біле аламыз.

Түркиядағы қазақ диаспорасының зиялы қауым өкілдері: Хасен Оралтай, Әбдіуақап Қара, Қызырбек Ғаритулла және тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілердің Оспан батырдың Шыңжаңдағы ұлт-азаттық көтеріліс басшысы және оның ерлігі мен тарихтағы орны туралы еңбектері мол мәліметтер беруімен құнды. Сол зерттеулердің әрқайсысына жеке дара тоқталып, өтетін болсақ батырды өз көзімен көріп тілдескен, «Азаттық» радиосында қызмет атқарған, ғалым Хасен Оралтай оның тарихтағы орны мен қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күресіне қатысты өз пікірінде: «Оспан Исламұлы Шығыс Түркістанның ұлт азаттығы үшін, шын күрескен нағыз батыр адам. Орыс, қытай отаршылары Оспан батыр Исламұлы-

ның бұл күресінің мән мағынасын төмендету мақсатында оған негізсіз жалалар жауып келді. Жалғыз мысал келтірер болсам, 1950 жылы Мәскеуден шығатын «Правда» газеті Оспанды «Американың шпионы» болған деп, өтірік жала жапты. Ал сол жылдары Кеңес одағының құрамындағы Қазақстанның баспасөзі және арнайы жарияланған кітаптар Оспан батырды «АҚШ шпионы» не «бір топ қарақшылардың басшысы» ғана болды деп өтірік жала жауып жазды. Кейін Мәскеу мен Пекин арасындағы қарым-қатынас салқындағанда, Мәскеу Оспан батыр жөніндегі бұрынғы көзқарасын өзгертіп басқаша жаза бастады» – деп мәлімдеген болатын «Азаттық» радиосының қазақ редакциясына 2001 жылы берген сұхбатында [3].

Хасен Оралтай өзінің Стамбулда 1999 жылы түрік және қазақ тілдерінде жарық көрген «Елім – айлап өткен өмір» деген еңбегінде Оспан батырдың қасында бірнеше күн болғандығы туралы мәлімет берген. Кітапта: «Оспан батыр сом денелі, балуан бітімді, ұзын бойлы, кең жауырынды, қалың тұйық қабақты, қою сақал мұртты, қызыл шырайлы, сәл дөңестеу қыр мұрынды, көзшарасы үлкен әрі отты кісі екен. Бір таңғалғаным соншама жылдар бойы халқының ұлт азаттығы үшін күрескен батырдың тұрмыс тіршілігінің ауыр жағдайда, әйелі, бала-шағасымен бірге бір жұпыны қоста отырғандығы... Сол жолы Оспан батыр өзінің жасы 51-ге келіп қалғанын айтып және жер ұзақтығын сылтауратып әкемнің Ғаскөлге көшіп кел, бірге қыстайық деген өтінішін қабылдамады. Сонымен туған ел жұртты тастап шыққан қазақтар көші үш жерде шоғырланды. Оспан батыр ауылы Қанамбал тауы етегінде, Құсайын Тәйжі ауылы Тажынорда, Қалибек Хакім ауылы Ғаскөлде қалды» деп жазған [4, 263 б.]. Ғалым Оспан батырға қатысты құжаттар мен деректер Қытай Халық Республикасы мен Моңғолия мұрағаттарында бар екендігін мәлімдейді. Шығыс Түркістандағы қазақтардың ұлт-азаттық күресін зерттеу барысында аталмыш елдер мұрағаттарындағы материалдардың үлесі мол деген сенімдеміз.

Оспан батырдың аты бүкіл Шығыс Түркістан жұртшылығына әсіресе, ондағы қазақтарға отызыншы жылдардың аяғынан бері әйгілі болатын. 1943 жылдың күзінде Қызылқия деген жерде жұртшылық Оспан батырды ақ киізге отырығызып хан көтерген.

Оспан Исламұлының тарихи тұлғалық болмысын зерттеуде Стамбулдағы Мимар Синар көркемөнер университетінде дәріс беретін тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдіуақап Қараның «Оспан батыр туралы ғылыми зерттеулер және шетел ғалымдарының пікірлері» деген ғылыми мақаласында батырдың басшылығымен болған ұлт-азаттық көтеріліс Шығыс Түркістанда болғанымен, ол жайлы басты деректер 1949 жылы Қытай коммунистік партиясы ондағы билікті өз қолына алғаннан кейін, гоминданның көптеген әскери және саяси қызметкерлері Тайванға қашқанда, өздерімен бірге ала кеткеніндігін және осы материалдарға сүйене отырып, Тайвандағы ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбектер жариялағандығы туралы мәліметтер келтірген. Сонымен қатар ғалым: «Олардың ішіндегі ең танымал болған Жаң Дажұнның қытай тіліндегі 1980 жылы 12 томдық еңбегінің соңғы екі томы 1940 жылдардағы Шыңжанның саяси, шаруашылық, әскери, мәдени және ұлтаралық қатынастарға арналғаны» деп айтады [5, 24 б.].

Қызырбек Ғаритулланың «Ереулі атқа ер салған» деген еңбегінде: «Оспан батыр жастайынан ат құлағында ойнайтын, көздегенін атып түсіретін асқан мерген болып өсті... Бөке батыр оны жасынан ұстап, қазақ жеріне көз алартқан патшалық Ресей мен гоминданшыл Қытайға қарсы өшпенділік рухында тәрбиеледі, ұрыстың сан қилы тәсілдерін үйретті» деп жазған [6, 27 б.].

Түркиядағы қазақ диаспорасының зиялы қауым өкілдерінің зерттеулері нәтижесінде жарыққа шыққан еңбектерде Оспан батырдың тұлғалық болмысы мен азаттық жолындағы күресі туралы көптеген мәліметтер берілген.

Моңғолия еліндегі қазақ диаспорасының зиялы қауым өкілдері: А.Сарай, Х.Мухамадиұлы, Р.Сұраған және тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілердің Оспан батырдың ерлігі мен ұлт-азаттық көтеріліс басшысы, қазақ халқының азаттық жолындағы күресте жанын пида еткен тарихи тұлға екендігі туралы, Моңғолия еліндегі мұрағат құжаттары негізінде жүргізілген зерттеулері нәтижесінде жарияланған еңбектері мол мәліметтерге толы.

Моңғолия шекарасы маңында шоғырланған халықты мал жанымен аман алып қалу мақсатымен моңғол мемлекетінің және ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің алдында тұрған басты міндет болды. Алтай қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Оспан батыр Моңғолия Ішкі Істер министрінің орынбасары Б.Дүйнхэржавпен Хайрт асуында кездесіп, босқын қазақтардың моңғол жеріне қоныстануына рұқсат алды. 1943 ж. тамыз айының соңында МХРП ОК және Үкімет қаулысы қабылданып, онда батыс шекара маңындағы саяси әскери жағдайға қатысты мәселелер талқыланып, Оспан батыр Исламұлымен келісім жасалды. Моңғолияның мұрағаттарынан Оспан батырға қатысты материалдар негізіне сүйене отырып, жүргізген зерттеуінде Рахметұлы Сұраған: «Абырой-атағы арта түскен оған 1943 ж. «Халық

батыры» деген атақ беріліп, Алтай өлкесіндегі қазақтар жиналып, Оспан батырды ақ кигізге салып ұлықтады» деді [7, 16 б.].

Сонымен қатар, Оспан батыр сіз, біздің үкіметтен гоминьданның басқыншы әскерімен күресуге қару-жарақпен көмектесуді өтінген едіңіз. Мұны біз қабылдай отырып, зорлық-зомбылықтан құтылу үшін күресіп жүрген халықтың азаттығы күрескерлеріне 400 винтовка, 200 автомат, 6 ауыр пулемёт, 30 жеңіл пулемёт, 2000 граната, 5 дүрбі, 400.000 винтовка оғын беру шешімін қабылдадық» – деген Х.Чойбалсанның сөзі Оспанды тандандырып тастады. Ол Х.Чойбалсанға ризашылығын білдіріп: «Гоминьдан басқыншыларымен күресуге бел байлаған күрескерлердің мақсатын қолдаған, мамандарды жолдауға ниет білдірген Моңғолия мемлекетіне Шыңжан өлкесіндегі жалпы қозғалысқа қатысушылар атынан алғыс айтамын» дейді [7, 18 б.].

Маршал Чойбалсан Оспан батырдың күшін гоминдандық қытайға қарсы бағыттағысы келді. Ал, гоминдандық қытай әскери басшылары болса, Оспан батырды коммунистік қытайлар мен Мәскеу ықпалындағы Моңғолияға қарсы бірлесіп күресуге үгіттеді. Осындай екі жақты саясаттың арасында жүрсе де, Оспан батыр қазақ халқының ұлт-азаттығы, үшін күресу керектігін түсіне білді. 1944 жылы 6 наурызда Алатөбе заставасында екі жақтың үшінші кездесуі болып өтті. Х.Чойбалсан, КСРО-ның Моңғолиядағы елшісі В.Д. Иванов және Оспан батыр Ісләмұлы үшеуі оңаша кездесті. Үш жақты келісім осылай қысқа мерзім ішінде ойға алған мақсаттарын орындап, табысты аяқталды. Осы кездесуден кейін, Кеңес Одағының Оспан батырға жолдаған қару-жарақ саймандары жеткізіліп берді. Қару-сайман барлығы 100-ден астам түйеге жүк болды. Оспан батыр өз тарапынан МХР қарсы әрекет жасамайтынын мәлімдеп, бұл елге арқа сүйеп, құрал-сайман жағынан көмектесуін тілеп, ұлт-азаттық күресін жалғастыра беретінін айтқан. Берілген қару жайында Х.Мухамадиұлы: «Х.Чойбалсан құрал-сайман жағынан көмек беріп, И.Оспанның жанұясы мал-дәулетін Моңғолияда болуына келісіп, кепілдеме береді. Осы кезде бостандық, азаттық үшін күресіп жатқан Шығыс Түркістандағы қазақ бауырластарына көмектесуге Баян-Өлгий қазақтары шын ықыласпен кіріседі. Мыңдаған қазақтар кәрі-жасы бар партизан отрядтарына ілесуге тілек білдіреді. Ал, Б.Қаби, Ш.Ноғай, Д.Жеңісхан, О.Халхабай бастаған төрт мыңдық баян-өлгийлік қазақ жастары барып шайқасты...» деп өзінің еңбегінде көрсеткен [8, 104 б.].

С.Рахметұлы Моңғолия мұрағаттарындағы құжаттарға сүйене отырып жазған ғылыми еңбегінде: «1934-1949 жылдар арасындағы Моңғолияның батыс шекарасында Оспан батыр мен Қытай және моңғол шекаралары аралығында болған ірі қарулы қақтығыстар соңы ұлт-азатшылар үшін нәтижесіз аяқталды. Екі жақ та Кеңес Одағының тапсырмасымен Оспан батырды бірнеше рет тұтқындауға әрекет жасап, ақыры 1951 жылы ауылын қоршау арқылы оны қолға түсіріп, сот шешімімен өлім жазасына кесумен Шыңжан өлкесіндегі өрбіген ұлт-азатшыларының қозғалыс тарихына соңғы нүкте қойылды» деп көрсеткен [9, 134 б.].

Қызыл қытайлар Шыңжан өлкесіне жақындаған сайын Шығыс Түркістан республикасы дербес ел ретінде өмір сүре алатындығы белгілі болды. Ал Шығыс Түркістан республикасы қайраткерлері Қытайдың құрамына кіруді ұйғармады. Шығыс Түркістан республикасы басшыларының бұл әрекеті Сталинге де, Чойбалсанға да, қызыл қытайларға да жақпай қалды. Кеңестік большевиктер және Моңғолия үкіметі ендігі уақытта Оспанның көзін жою арқылы қызыл қытайларға батысынан қол ұшын беруді жөн көрді. Сөйтіп, Моңғолияның Ішкі Істер басқармасы бұрынғы ара-қатынасын пайдаланып, Оспан отрядына іштей кіріп, оның көзін жою үшін төтенше тапсырмамен Өбешұлы Сағадай бастаған топты жұмсады және Нэхийт бастаған шекара әскери тобын іле-шала аттандырды [10, 194 б.].

Ал, физика ғылымдарының докторы, саясаттанушы Досан Баймолда Оспан батыр жайында орыс, қытай, моңғол сонымен қатар батыс зерттеушілері де қалам тартып зерттеу жұмыстарын жүргізгенін, атап айтқанда Годфрей Лайастың 1956 жылы Лондонда жарық көрген «Қазақ көші», Шведцияның Упсала университетінен Ингвар Сванберг және американдық Линда Бенсонның «Қытай қазақтары», Оуэн Латиморенің «Азияның тірегі», Бэзил Дэвидсонның «Түркістан әлі тірі», Доак Барнеттің «Коммунистік төңкеріс қарсаңындағы Қазақстан» атты еңбектері жарыққа шыққанын мәлімдейді. Аталмыш зерттеушілердің ішіндегі Досан Баймолда: «1948 жылы қыркүйек айында Оспан батырға барып, әдейі кездескен американдық зерттеуші Доак Барнет (Doak Barnett) (China on the eve of communist takeover) «Коммунистік төңкеріс қарсаңындағы Қытай» атты кітабында Оспан батырдың Мәскеу қолдауындағы Шығыс Түркістан Республикасына қарсы шыққандығын, Оспанның қасында сол кезде 15 мың әскерилері болған... Оспан батыр бет бейнесі жағынан сұстылау, бойының ұзындығы шамасы 185 см, ірі денелі, нағыз батырға тән айбынды адам екендігі жайында жазған американдық зерттеуші» деп өзінің зерттеуінде келтірген [11, 64-65 бб.].

Жақсылық Сәмитұлы «Қытайдағы қазақтар» деген еңбегінде: «Түркиядағы және басқа да Европа

елдерінде көбіне оны Оспан батыр деп атайды... Қытайдағы қазақтарды бастап, Қытай үкіметі мен КСРО үстемдігіне, олардың жандайшабы қызыл Моңғолияға қарсы күрескен қаһармандықтары мадақталады» деп көрсеткен [1, 240 б.].

Қытайдың Алтай аймағында, Шығыс Түркістан мемлекетін құру жолында құрбан болған Оспан батырдың ерлік ісі мен оның ұлт-азаттық қозғалыс басшысы ретінде зерттеген ғалымдардың бірі Жәди Шәкенұлы: «Оспан батырдың қолы 1944 жылдың сәуірінде Шіңгіл ауданының Ағашоба деген жеріндегі жау бекінісіне шабуыл жасады... Оспан бастамшылығындағы Өр Алтай жауды қуып шығып, атамекенді азат етудің жеңісті шеруіне қадам басты... 1944 жылы қазанның орта шенінде «Алтай төңкерістік уақытша үкіметі» құрылады, 1945жылы сәуірдің орта шеніне дейін Көктоғай, Жеменей, Қаба аудандары солардың қолында болады» – деп Оспан батырдың жаудан азат етудегі ерлігі туралы мәлімет береді [12, 145-146 б.].

Көтеріліс жылдарында Қытайда гоминьдан партиясының жағдайы күрт төмендесе керісінше, Қытай коммунистік партиясының ықпалы артты. 1945 жылдың аяғында Қытай коммунистік партиясының ықпалымен демократиялық тұрғыда жүргізген саясаты нәтиже бере бастады. Кеңестік үлгідегі азат етілген аудандар Қытайдың жалпы аумағының көп бөлігін құрады. Қытайдың оңтүстік батыс бөлігі, Шыңжан өлкесінде үстемдікке қарсы, гоминьдан үкіметіне наразы болғандар азаттыққа үн қосты. Бұл өлкеде жаңа демократиялық бағыттағы азат етілген аудандар КСРО үлгісімен жергілікті әкімшілік ұйымдарын толықтыра бастады. Іс жүзінде Оспан Алтай аймағының уәлиі болып тағайындалғанымен тәжірибе жүзінде КСРО-дан арнайы келтірілген адамдардың саяси биліктің тұтқасын ұстауы, Шығыс Түркістан республикасы тарихын тығырыққа тіреуге әкеліп соқты. Өр жақтан қысымда қалған Оспан батыр 1946 жылдың жазында үкіметтің жоғарғы лауазымынан бас тартуы ұлт бостандығы күресінің ыдырауын көрсетеді.

Оспан батырдың халқы үшін ерлік еңбегі, көп жылдық күресі 1950 жылға дейін жалғасып келді. Соян Қажыбайұлы: «Оспан батыр 1951 жылы қолға түсіп, Үрімжі қаласында қытайлар қолында жазаланды» деп, айта келе Оспан батыр көтерілісіне Алтай, Қобда қазақтары қатысқаны жайында мәліметтер келтірген [13, 168 б.].

Шығыс Түркістанның ұлт-азаттығы үшін күрескен Оспан батырдың өмірі мен қызметі жайында зерттеу еңбектерімен қатар маңызы бар кітаптарда жарыққа шыға бастады. Шығыс Түркістан мен Қобда қазақтарының өмірінде үлкен із қалдырып, елінің қамын ойлаған батырдың ерлік әрекеттері көп көңілінде қалды, ұрпаққа өнеге болды. Сондықтан Қытай мен Моңғолияны мекендеген қазақ халқының ішінен шыққан ақын-жыршылар Оспан батырдың ерліктері жайында көптеген өлең-жырлар жазып жарыққа шығарды. Ұлтының азаттығы үшін күрескен ерлерді дәріптейтін мұндай тарихи жырлар ауызша тарап, халықтың рухани қажетін өтеп келеді.

Қортындылай келе, Шыңжан Алтай өлкесінде Шығыс Түркістан мемлекетін құру жолында ерлікпен күресіп өз өмірін соған арнаған батыр Оспан Исламұлының тәуелсіздікке дейін атамекенде тек көзі қарақты оқырман ғана білетін. Қазақстан тәуелсіздігін алып, дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақтар тарихи отанына жиналып, Отандық тарихта көпшілік қауымға белгісіз болған батырлардың тарихи тұлғалалық, азаматтық болмысын терең зерттеп зерделеу жұмыстары қолға алынды.

Оспан батырдың ерлігі мен өмір тарихына байланысты мәліметтер алыс және таяу шетелдегі қазақ диаспорасының зиялы қауым өкілдерімен қатар, Отандық қоғамтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері мен зерттеулері көптеген бұқаралық ақпараттық құралдары басылымдарында соңғы жылдары көптеп жазылып жүр.

2009 жылы 17 қараша күні Алматыда Қазақстан Жазушылар Одағы, Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетінің ұйымдастыруымен, Оспан батыр Исламұлының туғанына – 110 жыл толуына арналған «Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибиелік конференция ұйымдастырылып, өткізілді.

Дегенмен, Оспан Исламұлы қазақ халқының батыры ретінде әлі де терең танылуы үшін Шыңжан және Қобда жерінде өмір сүретін қандастарымыздың еркіндігі үшін, ұлт бостандығы жолында күрескен ерлігі Отандық тарихқа енгізіліп терең зерттелуі керек, өйткені оның ұлт намысын қорғаудағы ерлігі келер ұрпаққа үлгі.

1. *Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. -312 б., 240 б.*

2. *Мұқаметқанұлы Н. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. - Алматы: Санат, 1996.-281 б., 81 б.*

3. *http://www.zonakz.net/blogs/user/zhaskazak_uni_gazet/16805.html. 2001 ж.*

4. *Оралтай Елім. Айлап өткен өмір. – Стамбул, 1999. – 512 б., 263 б.*

5. *Әбдіұзақ Қара. Оспан батыр туралы ғылыми зерттеулер және шетел ғалымдарының пікірлері. // Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл толуына арналған «Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық*

ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2010. – 216 б., 24-34 бб.

6. Қызырбек Ғаритұлға. Ереулі атқа ер салған. – Алматы: Оралман, 1999. – 142 б.

7. Рахметұлы Сұраған Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы (1912-1949 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты – 28 б.

8. Хурметхан Мухамадиұлы Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. Алматы-Улаанбаатар: Чайжол баспасы, 1997. – 221 б., 104 б.

9. Сұраған Рахметұлы. Моңғолияның батыс шекарасы және Оспан батыр. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл толуына арналған «Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2010. – 134 б.

10. Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолиядағы қазақтар. I-ші кітап – Алматы, 2001. – 318 б.

11. Досан Баймолда. Оспан батыр туралы шетелде жарық көрген зерттеулер. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл толуына арналған «Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2010., – 216 б. 63-69 бб.

12. Жәди Шәкенұлы. Алтайдың ақиқат батыры. // Оспан батыр: Деректі зерттеу. / Құрастырған Кәпұлы Д., Нәбиұлы Ө. – Алматы: Арда, 2007, –184 б., 145-146 бб.

13. Соян Қажыбайұлы Исламұлы. Оспан батыр. // Оспан батыр: Деректі зерттеу. / Құрастырған Кәпұлы Д., Нәбиұлы Ө. – Алматы: Арда, 2007., –184 б., 168-171 бб.

Резюме

В статье сделан обзор трудов интеллигентов казахской диаспоры Турции, Китая, Монголии и стран Европы, посвященных месту и роли в истории казахского батыра, борца за независимость Восточного Туркестана Оспана Исламұлы. Началось изучение личностной и гражданской позиции Оспан батыра, преданного забвению в отечественной истории.

Summary

The review of labours of intellectuals of the Kazakh diaspora of Turkey, China, Mongolia and countries of Europe, sanctified to the place and role in history of Kazakh athlete, fighter for independence of East Turkestan Ospan Islamulu, is done in the article. The study of personality and civil position began Ospan athlete fallen into oblivion in home history.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

О.М. Қоңыратбаев – доцент, «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасы,
Магистрантура және PhD докторантура институты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бүгін барша әлем мойындап, үлкен беделге ие болып отырған тәуелсіз Қазақстанның тарихы күрделі кезеңдерден тұратыны белгілі. Қазақ халқы аса ауыр саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді басынан кешірді. Ең ауыр кезеңнің бірі – ХХ ғасырдың алғашқы жартысы болғаны күмәнсіз. Ресей империясының отарлық саясатының кесірінен қазақ халқының құнарлы да шұрайлы жерлерінен айырылуы, көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, 1917 жылғы орыс революциялары, азамат соғысы, ашаршылық халыққа ауыр тиді.

Қазақстан аумағының тең жартысы, яғни бүгінгі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Маңғыстау облысының бір бөлігі 1917-1924 жылдары әкімшілік жағынан Түркістан Республикасының құрамында болды. Революция мен азамат соғысы жылдарында Түркістанның басқа да мұсылман халықтары сынды қазақтар да үлкен әлеуметтік-экономикалық апатқа ұшырап, сұрапыл ашаршылықты басынан өткізді. Миллиондаған қандастарымыз жазықсыз опат болды.

Елге аса ауыр болған осындай қиын-қыстау кезеңде Тәңірінің өзі туған халқына қызмет етуді несіп еткен тарлан тұлғалар аз болған жоқ, солардың бірі Орталық Азияның ірі саяси қайраткері – Тұрар Рысқұлов еді. Ол – Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның болашақ саяси және экономикалық тәуелсіздігінің негізін қалаған тарихи тұлғалардың бірі болды. Тұрар Рысқұлов алдымен Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, артынан Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесін басқарды. Орталық Азияның халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету, өндірісті дамыту, оқу-ағарту ісі жолға қою, сауатсыздықты жою, халықтардың саяси-экономикалық және әлеуметтік құқығын теңестіру және тағы басқа орасан зор ауқымдағы шараларды іске асырды.

Тұрар Рысқұловтың (1894-1938) қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі біршама дәрежеде зерттелінген. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеу өткен ғасырдың 60-шы жылдары басталған болатын. Алғашында мерзімді баспасөз бетінде көрініс тапқан жарияланымдар бірте-бірте ірі ғылыми

істеністерге жол ашты.

1974 жылы, яғни қайраткердің 80 жылдығы қарсаңында белгілі қазақ тарихшылары – С.Б. Бейсембаев пен С.Б. Көлбаевтың [1], 90 және 100 жылдық мерейтойына арнап В.М. Устинов [2] пен О.М. Қоңыратбаевтың [3] еңбектері жарық көрді.

Тұрар Рысқұловтың сан-салалы қайраткерлік қызметі кейінгі жылдары да үздіксіз зерттелініп келеді. Бұл бағытта О.М. Қоңыратбаев [4], М.Әбілтайұлы [5] мен Н.Әбілдаев, А.Исмаилов [6], М.Қойгелдиев [7], Т.Омарбеков [8], К.Нұрпейісов [9], Б.Байрактар [10], М.Қ. Қозыбаев [11], М.Х. Асылбеков [12], В.Н. Григорьев [13], Плосцких [14] пен А.Карымсақова, М.Жәпек [15], Қ.Зардыхан [16], А.Жүнісбаев [17], С.Шілдебай [18], Д.Қыдырәлі [19], Ж.Сүлейменов [20], Д.Қамзабекұлы [21], Ж.Әшірбекова [22], Е.Күзенбаев [23], М.Қазбек [24] пен Ғ.Маймаков, Қ.Раджабов [25], Д.Аманжолова [26], С.К. Роцин [27], Р.А. Нуруллин, М.Буттино [28], Ч.У. Хостлер [29], М. Дж. Пайн [30], И.Огайон [31] және т.б. қыруар іс атқарды. 2011 жылы «Аңыз адам» сериясының тұтас бір нөмері Тұрар Рысқұловқа арналып, онда көптеген ғалымдар қайраткердің саяси, экономикалық қызметін сарапқа салды [32]. Жоғарыда аттары аталған зерттеушілердің көпшілігі Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметімен қатар, өз еңбектерінде қайраткердің экономикалық қызметіне де тоқталып отырған.

2008 жылы бір топ ғалымдар, атап айтқанда, А.Қошанов, О.Сәбден және А.Доголов Тұрар Рысқұловтың экономикалық көзқарастарына арналған еңбекті [33] жарыққа шығарды. Сондай-ақ, О.Сәбден [34] бұл тақырыпта бірнеше мақала жариялады.

Түркістан-Сібір темір жолын салудағы Тұрар Рысқұловтың еңбегі туралы Ф.Осадчийдің [35] құжаттық повесі мен Түркістан-Сібір темір жолын салуға Жәрдемдесу комитетінің құжаттары жарияланды [36].

Осы кезеңде қайраткердің төл туындыларын жинастыру, кітап етіп бастыру жұмыстары қолға алынды. 1984 жылы Тұрар Рысқұлов еңбектерінің 1 томдық таңдамалы жинағы [37], 1997 жылы академик К.Нұрпейісов пен В.Н. Григорьевтің құрастырумен 3 томдығы [38], ал 2007 жылы 5 томдығы жарық көрді [39]. Қайраткер еңбектерін жинастыруға белгілі тұрартанушы М.Серікбаев, баспаға даярлауда Х.Алдажұманов пен С.Смағұлова үлкен жұмыс атқарды. Бұл жинақтарда қайраткердің экономикалық көзқарастары мен Орталық Азиядағы экономикалық қызметін талдауға негіз болар тарихи құжаттар мен деректер мол қамтылған.

Жоғарыда есімдері аталған авторлардың Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қайраткерлік қызметін зерттеуде үлкен еңбек сіңіргені айқын. Десек те тұрартанудың жаңа кезеңі енді ғана басталды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан мен Орталық Азия, Ресей мен Моңғолия тарихында өшпес із қалдырған Тұрардың 44 жыл ғана өмір сүріп, сталиндік репрессияның құрбаны болғаны белгілі. Саяси дүрбелең дәуірінде тез есейіп, ел басқару ісіне ерте араласқан Тұрар табиғи талантының арқасында талай белестерге көтеріліп, қыруар істер тындырды.

Тұрар Рысқұлов сынды ірі тарихи тұлғаның 1917-1937 жылдардағы сан-салалы экономикалық қызметін бір мезетте зерттеп шығудың мүмкін еместігін ескере отырып, авторлар аталған жоба аясында басты назарды қайраткердің Орталық Азиядағы экономикалық қызметінің негізгі кезеңдері мен бағыттарын зерттеуге күш салды. Қайраткердің саяси-мемлекеттік қызметіне қатысты тыңғылықты зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен де, оның экономикалық қызметінің ашылмаған тұстары жеткілікті, сондықтан да авторлар оқырманға ұсынылып отырған «Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметі» атты кітапта осы мәселелерді кешенді зерттеуді мақсат тұтты.

Ал, Тұрар Рысқұловтың экономикалық қызметінің Моңғолия мен Ресей кезеңдері арнайы жоба аясында зерттеуді қажет етеді.

Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметін жан-жақты талдау үшін алдымен қайраткердің өмірі мен қызметіне қысқаша тоқтала кеткен жөн, онсыз мәселенің ашылмасы анық.

Тұрар Рысқұлов 1894 жылы 26 желтоқсанда қазіргі Алматы облысының Талғар өңірінде дүниеге келеді [40]. Тұрардың әкесі – Рысқұл Жылқайдарұлы елге атағы жайылған кәнігі аңшы болған. Рысқұл батыр Талғар тауының табиғи жағдайын жақсы білген, 1903 жылы ол зерттеуші С.Д. Димитриевке Талғар тауын зерттеуге көмектеседі. Есік өзенінің бастауындағы мұзды алқап «Рысқұл алқабы» деп аталады [41]. Нақақ жалаға ұшыраған Рысқұл 1904 жылы 20 желтоқсанда патша болысын атып өлтіріп, Сібірге айдалады [42].

Жастайынан жергілікті қазақ байлары мен келімсек орыс кулактарының қорлығын көрген Тұрар бала күнінен-ақ әлеуметтік теңсіздікті жою туралы армандап өсті. Есейе келе Тұрардың бойында әлеуметтік әділетсіздікпен қоса, ұлттық езгіге қарсы күрес рухы оянады. Қазақ даласына ішкі Ресейден орыс мұжықтарының қаптап келуі, көшпелі қазақтың атамекенде жүріп мүсәпір жағдайға түсуі – бала Тұрардың көз алдында өткен құбылыс.

Рысқұл Сібірге айдалғаннан кейін, Тұрарды туыстары Әулиеата уезінің Меркі ауылына алып кетіп,

жергілікті орыс-түздік мектебінде оқытады. Тұрар жаз айларында Аспара байларының қойын бағады [43]. 1910-1914 жылдары Тұрар Пишпектегі екінші дәрежелі ауыл шаруашылығы училищесінде оқиды [44].

1916 жылы 25 маусымда патша үкіметінің майдандағы қара жұмысқа 19-43 жас аралығындағы бұратаналардан жұмысшы алу туралы жарлығы Орталық Азияда ірі ұлт-азаттық көтерілістің тұтануына септігін тигізеді [45]. Тұрар Меркі көтерілісіне қатынасады. Меркі көтерілісі қыркүйек айының соңына таман жазалаушы әскер күшімен басып-жаншылады [46].

Тұрар Рысқұлов 1916-1918 жылдары Ташкент мұғалімдер институтының екі курсына тәмамдайды. 1916 жылы 19 қыркүйекте Тұрардың атына №31 жеке іс ашылады, ол істегі соңғы мәлімет 1918 жылы 6 сәуірінде тіркелген [47]. Тұрар оқи жүріп бағбандық жұмыспен айналысып, күн көреді. Әлеуметтік жағынан қорғансыз, жетім Тұрардың қаншалықты дәрежеде қаражат қыспағына түскеніне оның 1916 жылы қазан айында институт директорына жасаған өтініші дәлел бола алады [48].

1917 жылы көктемде Тұрар Меркіде «Бұқара» ұйымын (Қазақ жастарының революциялық одағын) құрады. Тұрардың жетекшілігімен одақ мүшелері аштықпен күрес мәселесін қолға алады. Түркістан өлкесінде ең алғашқы қоғамдық тамақтандыру орындары Меркіде ұйымдастырылды [49].

1914 жылдан бері жүріп жатқан бірінші дүниежүзілік соғыс Түркістан халықтарына аса ауыр тиді. Соғыс пен 1916 жылғы көтеріліс кезінде жергілікті халық қатты зардап шекті. 1917 жылғы қуаныштықпен революциялық дүрбелең кесірінен Түркістан өлкесінде азық-түлік мәселесінде апатты жағдай қалыптасады. Әсіресе, аса ауыр жағдай Әулиеата уезінде орын алады.

Жылдың соңына таман Түркістанда қарулы орыс жұмысшылары мен солдаттарының монополиялы билігі орнайды. Олар билікпен қоса азық-түлікке де монополиялы бақылау орнатады. Жұмысшы-солдат кеңестері қалалардағы еуропалықтар мен әскерилерді ғана асырауды қамтамасыз етіп, ал өлкенің негізгі тұрғындары – мұсылман жұртшылығын азық-түлік қорына жолатпайды.

Мұсылман халықтарының ортасында басталып келе жатқан сұрапыл ашаршылықты сезінген Тұрар 1918 жылы сәуірде институттағы оқуын тоқтатып, Әулиеатаға аттанады. Тұрар жергілікті сауатты жастарды саяси билік пен әскери күшке ие болып отырған кеңес үкіметіне кіруге үгіттейді, аштан қырыла бастаған қазақ жұртын арашалап алу үшін басқа жолдың жоқтығын түсіндіреді.

1918 жылы 21 сәуірде Тұрар Рысқұлов Әулиеата қаласында алғашқы уездік қазақ съезін ұйымдастырады [50]. Жазда ол уездік кеңестің төрағасы болып сайланады.

Тұрар Рысқұловтың 1918-1919 жылдардағы Түркістандағы сұрапыл ашаршылық кезінде Аштықпен күресетін Орталық комиссия құрып, миллиондаған мұсылман баласын арашалап алғаны белгілі; бірақ, өкінішке қарай, аталған комиссияның құжаттары толық зерттелінбей келеді. Орталық комиссияның құжаттары жинастырылып, бір жүйеге келтірілген жоқ. Ал, аталған комиссияның қызметі бүкіл Орталық Азия аймағын қамтыған болатын. 1919 жылы Орталық комиссияның құзырында 1200-дей қоғамдық тамақтандыру орындары, жетім балалар үйлері, қолөнер шеберханалары, көшпелі ауруханалар мен емханалар, егіс алқаптары, суландыру жүйелері және т.б. болды. Оларда екі миллиондай ашыққан халық жұмыс істеп, күнелтті. Орталық және жергілікті комиссиялардың құрамында 11 000 мұсылман жастары қызмет атқарып, халықты құтқару ісімен айналысты. Аса ауыр саяси-экономикалық ахуалда осыншама көлемдегі жұмыстарды тыңғылықты ұйымдастыра білген Тұрар Рысқұловтың экономикалық қызметі Орталық комиссияның құжаттары жарияланған жағдайда толық ашыла түсері хақ.

1919 жылы Тұрар Рысқұлов мұсылман халқының саяси-экономикалық құқықтарын қорғаушы ұйым – Мұсылман бюросын басқарды. Мұсылман бюросының тарихы туралы зерттеу еңбектері жарияланғанымен де, аталған ұйымның экономикалық қызметі жеткілікті дәрежеде зерттелінген жоқ. Мұсбюроның мәжіліс хаттамаларын жариялау қазіргі таңда аса маңызды болып отыр, онсыз мұсылман қайраткерлерінің қызметін толық түсіну мүмкін емес. Тұрар Рысқұлов Мұсылман бюросын ұйымдастыру арқылы Орталық Азияның мұсылман бұқарасына экономикалық жағынан үлкен қолғабыс көрсетті. Азамат соғысы жағдайында жұмыс істеген Мұсбюро Тұрар Рысқұловтың басшылығымен жүздеген мың мұсылман босқындарын экономикалық апаттан аман алып қалды.

Тұрар Рысқұлов 1920 жылдың алғашқы жартысында Түркістан Республикасы кеңестерінің Орталық Атқару Комитетін басқарды, ол республика басшылығына келген жергілікті халықтың тұңғыш өкілі болды. Оның жетекшілігімен Түрікатком республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық, әскери және мәдени өмірінде аса маңызды өзгерістерге басшылық жасады. Республикасының заң актілері мен заңдық күші бар қаулыларын қабылдауға, әкімшілік-ұйымдастырушылық және бюджеттік сипаттағы практикалық мәселелерді шешуге, үкімет мекемелері мен комиссариаттардың қызметіне басшылық етті. Тұрар Рысқұловтың Түрікатком төрағасы ретінде ерекше көңіл қойған мәселесі – патша үкіметінің отарлау саясатының экономикалық зардаптарын жою болды. Орыс шаруаларын қарусыздандыруға және көшпелі

халықтардың ата қоныс мекендерін қайтаруына қол жеткізді. Ол 1916 жылғы босқындар мәселесі бойынша үкіметтің арнайы комиссиясын құрады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің босқындарына қолдан келген көмегін көрсетті. Босқындардың туған жеріне, ата қоныс мекендеріне орналасуына мүмкіндік туғызды. Тұрар 1920 жылы Кремльдің алдында Түркістанның саяси және экономикалық егеменді туралы мәселе көтереді. Тұрар Рысқұловтың Түрікатком төрағасы қызметінде Орталық Азияның экономикасына сіңірген еңбегін ашып бере алатын тарихи құжаттардың көп бөлігі әлі күнге дейін жарияланған жоқ. Атап айтқанда, Тұрар Рысқұловтың басшылығымен өткен Түрікатком мәжілістерінің хаттамалары, экономикалық кеңестер мен жиындардың есептері, халық шаруашылығының түрліше саласын дамыту бойынша жасалған баяндамалар, федерациялық экономикалық ұйымдар мен мекемелермен арадағы қатынас хаттары оқырманға мүлдем таныс емес. Ал, бұл материалдарда қайраткердің аталған кезеңдегі экономикалық қызметін ашып бере алатын тарихи мәліметтер мен деректер аса мол.

Тұтас Түркістан идеясы үшін Кремль Тұрар Рысқұловты 1920 жылы жазда Түркістаннан кетуге мәжбүр етті [51].

1920 жылдың екінші жартысы мен 1922 жылдың алғашқы жартысында Тұрар Рысқұлов Коминтерн мен РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатында қызмет атқарды. Комиссариатта Тұрар Рысқұлов Орталық Азия аймағына жауапты болды. Ол Қазақстанның, Түркістанның, Бұқара мен Хорезмнің, Татарстан мен Башқұртстанның өкілдерінен құрылған арнайы комиссияға жетекшілік етті. РКФСРдің ұлт аймақтарының өндіргіш күштерін дамыту съезін даярлау комиссиясының мүшесі, Мәскеу Шығыстану институтының қызметін тексеру комиссиясының төрағасы, қуашылыққа ұшыраған аймақ тұрғындарына жұмыс малын тарату комиссиясының төрағасы, жер мәселелері бойынша Федеральдық комитет туралы ереже жобасын даярлау комиссиясының төрағасы, РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы Халық ағарту ісі бойынша Федеральдық комитет туралы БОАК қаулысының жобасын даярлау комиссиясының төрағасы, Башқұрт АКСР-інің шекарасын анықтау комиссиясының төрағасы, Мәскеу Шығыстану институтының 1922-1923 оқу жылында Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы, Петроградтағы Шығыстың тірі тілдерінің Орталық институты туралы ереже жобасын даярлау комиссиясының төрағасы, Мәскеу Шығыстану институты мен Петроградтағы Шығыстың тірі тілдері институтындағы студенттер вакансияларын бөлу комиссиясының төрағасы, Шығыс халықтарының Орталық баспасын ұйымдастырып, басқармасын тағайындау және баспаның ережесін, штатын, сметасын белгілеп, БОАК-қа ұсынылатын қаулы жобасын даярлау комиссиясының төрағасы, Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университеті жанынан Жұмысшы факультетін ұйымдастыру және факультет туралы ережені, оның штаты мен сметасын белгілеп, БОАК-қа ұсынылатын қаулы жобасын даярлау комиссиясының төрағасы, Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысындағы босқын мұсылман балаларына көмектесу комиссиясының төрағасы, Мәскеу Шығыстану институтының 250 студентіне арнап жеке жатақхана ашу комиссиясының төрағасы, Мәскеу қаласында Шығыс еңбекшілерінің үйін ұйымдастыру комиссиясының төрағасы және т.б. үкімет комиссияларының төрағасы ретінде Тұрар Рысқұлов Орталық Азия республикаларына тікелей қатысты, аса маңызды мәселерді шешіп отырды.

Тұрар Рысқұловтың РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары ретінде атқарған сан-салалы қызметінің маңыздыларының бірі – Шығыс халықтарының Орталық баспасын ұйымдастыруы еді. Тұрар Рысқұлов аталған баспаның тұңғыш төрағасы болды. Тұрар Рысқұлов Шығыс халықтарының Орталық баспасын құру туралы БОАК қаулысының жобасын, баспаның ережесін, штаты мен сметасын өз қолымен даярлап, баспаның мекен-жайын, материалдық-техникалық базасын жасақтап берді. Тұрар Рысқұлов құрған Шығыс халықтарының Орталық баспасы КСРО-ның түркі-мұсылман халықтарының сауатын ашу, ұлт тілдерінде оқулықтар мен кітаптар шығару мәселесінде ұзақ жылдар бойы Одақ көлеміндегі аса маңызды баспа рөлін атқарды. Аталған баспадан Орталық Азия халықтарының тілінде көптеген экономикалық жанрдағы кітаптар жарық көрді.

1921 жылы 19 наурызда Тұрар Рысқұлов Ленин мен Сталинге арнайы хат жазып, оларды Орта Азияда патша үкіметінің отарлық саясатының зардаптарын тездете жою үшін кең көлемде жер-су реформасын жүргізуді ұсынады. 1921-1922 жылдардағы Түркістандағы жер-су реформасы – Тұрар Рысқұловтың Кремльге қысымынан кейін ғана қолға алынған шара болатын.

1922 жылдың қазан айынан – 1924 жылдың қаңтар айына дейін Тұрар Рысқұлов Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесін басқарды. Тұрар Рысқұлов үкіметі Түркістанның халық шаруашылығын қалпына келтіріп, жаңа экономикалық саясаттың механизмін енгізді. Ол Орталық Азия республикаларының экономикалық одағын құруға көп күш салды. Орталық Азия республикаларын (Түркістан, Қазақстан, Бұқара және Хорезм) экономикалық жағынан біріктірмей аймақтың шаруашылығын, әсіресе ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету мүмкін емес болатын. Соғыс пен қуаншылық, аштық

жылдарында мал басының апатты көлемде кемуінің орнын толтырды. Аймақ экономикасы үшін мал шаруашылығының, әсіресе көшпелі мал шаруашылығының маңызы зор болды. Мал шаруашылығының дамуы ауа-райына, шабындықтың күйіне және табиғи жайылымның жағдайына тікелей тәуелді болғандықтан төрт түлік малдың тұқымын жақсарту, мал өнімдерімен сауда жасауды ұлғайту, жүн мен теріні өңдеу ісін жолға қойды. Суландыру жүйелерін қалпына келтіру тек өзара күш біріктіргенде ғана іске асатын проблемаға еді. Өзара ортақ өнеркәсіп, сауда, қаржы және көлік саясатын бірігіп жүргізу қажеттілігі туды. Осы мақсатта 1923 жылы 5-9 наурызда Тұрар Рысқұлов Ташкентте Орталық Азия республикаларының I экономикалық конференциясын ұйымдастырады. Тұрар Рысқұлов қаржы, сыртқы саясат, ішкі және сыртқы сауда, транспорт, оқу-ағарту, мәдениет, мақта шаруашылығы, ирригация, аймақтағы су ресурстарын ортақ пайдалану, экономикалық аудандастыру мәселелері, орман шаруашылығын қорғау және дамыту, жер шаруашылығы саясаты және жер-су реформасын аяқтау, өндіріс пен мемлекеттік сауда, кооперация мәселелерін бірігіп шешу, біртұтас ақша айналымы аумағына кіру, біртұтас салық жүйесін құру және тағы басқа да аса маңызды салалар мен істерді бірлесе шешу үшін Орталық Азия республикаларының Экономикалық Кеңесін құрады. Оның құзырына: шаруашылық жоспарларын жасау, үйлестіру, бекіту, жалпы заңдар жүйесін әзірлеу, сауда мен қаржы саясатын біріктіру, азық-түлік саясатын белгілеу және халыққа қажетті күнделікті тұтынатын тауар өндірісін жоспарлау, республикалардағы шикізат, отын-жанармай қорын бақылауға алу, әлеуметтік қамсыздандыру шараларын белгілеу міндеті кірді. Орталық Азия Экономикалық Кеңесінің жанынан сыртқы сауда, қатынас жолдары, байланыс, статистикалық басқарма, қаржы бөлімдері ұйымдастырылды.

Сауатсыздықты жоймай халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету мүмкін емес еді, сондықтан да Тұрар Рысқұловтың ерекше көңіл бөлген саласының бірі – оқу-ағарту мәселесі болды. Тұрар Рысқұлов басқарған үкімет 1922 жылы халық ағарту ісіне мемлекеттік бюджеттің 30%-ға дейінгі, ал жергілікті бюджеттердің 24%-на дейінгі бөлігін босату туралы шешім қабылдайды. Мұндай көлемдегі пайыздық қаржы білім саласына одан кейінгі онжылдықтардың бірде-бірінде бөлінген емес.

Орталық Азияның экономикасын өркендету ісінде Тұрар Рысқұлов басқарған Қаржы комитетінің орны ерекше. Экономиканы өркендету ісі ең алдымен қаржы мәселесінің дұрыс шешілуіне тәуелді еді. Қаржы мәселесі шешілмей экономиканы өркендету мүмкін емес еді. Тұрар Рысқұловтың ең алдымен қолға алған саласы – қаржы мәселесі болды.

Тұрар Рысқұлов басқарған Қаржы комитетінің қызметі мүлдем зерттелінбеген, ол туралы осы уақытқа дейін бірде-бір ғылыми еңбек жарияланбаған. Қаржы комитетінің сан алуан қызметінен мәлімет беретін тарихи құжаттар жинастырылып, ғылыми айналымға енгізілмеген. Ал бұл құжаттар мен материалдардың Қазақстанның саяси және экономикалық тарихын қалпына келтіру ісінде маңызы орасан зор. Экономика тарихында орын алып отырған осындай олқылықтың орнын толтыру үшін Тұрар Рысқұлов басқарған Қаржы комитетінің құжаттары мен материалдарын жинастырып, жарыққа шығару қажет. Қаржы комитетінің құжаттары мен материалдары жеке томды құрайды. Бұл құжаттар мен деректік мағлұматтар болашақ зерттеулер үшін материалдық база болып табылады. Қаржы комитетінің мүлдем зерттелінбеуіне байланысты осы кітаптың қосымшасында оның мәжілістерінің бірнеше хаттамаларын тіркеп отырмыз.

Кремльдің шешімімен 1924 жылы Орталық Азияда ұлттық-территориялық межелеу саясаты [52] іске асырылып, барлық жағынан Мәскеуге тәуелді республикалар құрылады да, Тұрар Рысқұловты Коминтерннің орталық аппаратына жұмысқа ауыстырып жібереді. Тұрар Рысқұлов 1924-1925 жылдары Коминтерннің өкілі ретінде Моңғолияға жіберіліп, ол бауырлас моңғол халқының қазіргі заманғы өркениетке қол созуына көмек көрсетті [53].

РКП (б) Орталық Комитеті 1926 жылы көктемде Тұрар Рысқұловты Қазақстанға жібергенімен де, үш ай өтпей жатып қайтадан кері шақыртып алып, РКФСР үкіметі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындайды. Бұл – Кремльдің Қазақстанды жеке-дара билеп-төстеуге кіріскен Ф.И. Голощекинге қарсы тұра алатын саяси тұлғадан құтылу саясаты болатын.

РКФСР үкіметінің төрағасының орынбасары ретінде Тұрар Рысқұлов 1926-1937 жылдары Орталық Азия үшін тарихи маңызы бар талай істер атқарды. 1926 жылы ол ұлт республикаларының құқықтарын кеңейту, республикаларда жергілікті халықтардың мүддесіне сай келетін экономикалық саясат жүргізу мәселесі бойынша Мәскеудің рұқсатынсыз ұлт қайраткерлерінің жеке кеңесін ұйымдастырып, қабылданған қаулыны Кремль көсемдеріне тапсырады. 1926-1930 жылдары Тұрар Рысқұлов Орталық Азия халықтары үшін аса маңызды Түркістан-Сібір темір жолының құрылысына Жәрдемдесу комитетін басқарады. 1932-1933 жылдары Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан» саясатының кесірінен басталған Қазақстандағы сұрапыл ашаршылық кезінде Тұрар Рысқұлов босқын халықты құтқару үшін ерең ерлік жасады [54].

Тұрар Рысқұлов 1929 жылдан бастап И.В. Сталиннің жеке-дара билігіне қарсы құрылған оппозиция-

лық күштермен одактасады [55]. Бұл кезде И.В. Сталиннің тобы саяси билікті өз қолдарына шоғырландырып, жаңа орыс империясын құруға бағыт алған болатын. Басқа да кеңес республикалары сияқты Орталық Азия республикалары да саяси-экономикалық құқықтарынан айырылып, әкімшілік басқарылуы жағынан бірте-бірте Ресейдің ішкі облыстарының дәрежесіне дейін құлдыраған еді. И.В. Сталиннің озбыр саясатына қарсы оппозициялық күштердің бір тобы РКФСР үкіметінде шоғырланды. Ол топты Тұрар Рысқұловпен қызметтес С.И. Сырцов басқарды. Олар И.В. Сталиннің индустриализация мен коллективизация саясатын іске асыру тәсілдерін елді дағдарысқа, халықты қырғынға алып баратын саясат ретінде айыптайды [56]. С.И. Сырцов тұтқындалғаннан кейін арнайы органдар Тұрар Рысқұловты бақылауды күшейтеді. Мәскеудегі қызметінде Тұрар ұстараның жүзіндей қауіпті саяси ахуалда жұмыс істеді. Тұрар Рысқұловты 1937 жылғы сталиндік үлкен террор кезінде «халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, жазықсыз опат болды.

Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметіне қатысты тарихи деректер мынадай мұрағат қорларында сақталған: Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (ҚРПМ), Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты (ЖОММ), Қырғыз Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚырРОММ), Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ӨРОММ), Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының Мұрағаты (ӨРОММ), Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты (ГАРФ), Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік мұрағаты (РГАСПИ) және т.б.

Сондай-ақ, Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметіне қатысты мәліметтерді ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында жарық көрген мерзімді басылымдардан табуға болады, атап айтқанда: «Наша газета» (Ташкент), «Бірлік туы» (Ташкент), «Военная мысль» (Ташкент), «Военно-исторический журнал» (Москва), «Жизнь национальностей» (Москва), «Известия ТурЦИКа» (Ташкент), «Исторический архив» (Москва), «Красная летопись Туркестана» (Ташкент), «Коммунистическая мысль» (Москва), «Новый Восток» (Москва), «Пролетарская революция» (Москва), «Революция и национальности» (Москва), «Советский Туркестан» (Ташкент), «Туркестанский коммунист» (Ташкент), «Туркестанский курьер» (Ташкент), «Большевик Казахстана» (Алма-Ата) және т.б.

1. Бейсембаев С.Б., Кульбаев С.Б. *Тұрар Рысқұлов*. – Алма-Ата, 1974.

2. Устинов В.М. *Тұрар Рысқұлов: (Очерки политической биографии)*. – Алматы: Казахстан, 1996. – 464 с.

3. Қоңыратбаев О.М. *Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі (1894-1924 жж.)*. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.

4. Қоңыратбаев О.М., Жүрсінбаев Б.А., Жүнісбаев А.Ә. *Мені таңғалдырған тұлғалар: Ахмет Байтұрсынұв (1872-1938), Санжар Асфендияров (1889-1938), Тұрар Рысқұлов (1894-1938). Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы*. – Алматы: Нұр-Принт, 2011. – 328 б., Қоңыратбаев О.М., Жүнісбаев А.Ә. *Мұсылман Бюросы – егемендік идеясының жаршысы (1919-1920)*. – Алматы: ИП «Уатханов баспасы», 2011. – 246 б., Қоңыратбаев О. *«Герждо ісінің» жойылуы және ондағы Т.Рысқұловтың рөлі – ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы, 2003. - №4. – 110-115 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Т.Рысқұловтың Түркістан Республикасындағы саяси, мемлекеттік қызметіне қатысты деректер – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Түркістан: ХҚТУ, 2005. -90-96 бб.*, Қоңыратбаев О.М. *Қазақ зиялылары және ТАКСР Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті жанындағы Қазақ бөлімінің қызметі (1920-1922 жж.) – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Түркістан: ХҚТУ, 2005.-195-210 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Түркістан Республикасындағы 1917-1919 жылдардағы ашаршылық және Тұрар Рысқұлов басқарған Аштықпен күресетін Орталық комиссияның қызметі – Білім беру және ғылым: даму көкжиегі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26 наурыз, 2010 жыл. Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институты. – Алматы, 2010. – 40-43 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар және Әлихан / Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2010. - №3 (26). – 105-109 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар Рысқұлов – РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Әзірбайжан Республикасындағы өкілетті өкілі (1921 жыл, ақпан-сәуір айлары) / Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2011. - №1 (28). – 74-83 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар Рысқұлов және Тұтас Түркістан идеясы – «Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы: тәуелсіздікке бастар жол» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ, 17 маусым, 2011 жыл. – «История национально-освободительных движений: путь к независимости». Материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2011. – 33-41 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар Рысқұлов және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері / «Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы: тәуелсіздікке бастар жол» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 13-20 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар және Түркістан студенттері – Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2011.-№3(30).-62-70б.*, Қоңыратбаев О.М. *Түркі халықтарының туысқандық бірлігін көкседі (Тұрар Рысқұлов туралы) – Жұлдыздар отбасы – Аңыз адам (Журнал-кітап). 2011. - №10 (22). – 21-26 б.*, Қоңыратбаев О.М. *Тұрар Рысқұлов және Мәскеу Шығыстану институты – Қоғам және дәуір. 2012. - №1. – 67-73 бет және т.б.*

5. Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н. *Тұрар Рысқұлов Моңғолияда*. – Алматы, 1994. – 84 б.

6. Исмаилов А. Турар Рыскулов и его время. – Шымкент, 2004.
7. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
8. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекиі оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.
9. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 376 с., Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 424 б.
10. Байрақтар Б. Т. Рысқұлов және ұлы түрік әлемі идеясы – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 20-34 б.
11. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. / Құрастырған Қозыбаев І. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 540 с.
12. Асылбеков М.Х. Турар Рыскулов и Мухамеджан Тынышбаев на Турксибе – Отечественная история. 2000. - №1-2. – С. 113-118.
13. Ахметова Л.С., Григорьев В.К., Шойкин Г.Н. Алихан Букейханов – поиск ориентиров. Ахмет Байтұрсынов – главное обретение государственности. Турар Рыскулов – яркий политик Советского Востока. Учебное пособие. – Астана, 2008. – 160 с.
14. Плоских В., Карымсакова А. Турар Рыскулов в истории Кыргызстана – Труды Института мировой культуры. Выпуск 6. – Бишкек-Лейпциг: Илим, 2005. – С. 207-226.
15. Жәпек М.С. Т.Рысқұлов публицистикасындағы экономикалық көзқарас – ҚарМУ хабаршысы. Филология сериясы, 2008. - №3. – 157-164 бб., Жәпек М. Т.Рысқұловтың жарық көрген тарихи-публицистикалық кейбір еңбектеріне шолу – ҚарМУ хабаршысы. Филология сериясы, 2011. - №1. – 110-117 б.
16. Зардыхан Қ. Моңғолиядағы қазақтардың мәдени, рухани өсуіне Т.Рысқұлов және қазақ зиялыларының тигізген әсері – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 82-89 бб.
17. Жүнісбаев А. Санжар Асфендияров – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері / История национально-освободительных движений: путь к независимости: Материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 310-321 б.
18. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 214 б.
19. Қыдырәлі Д. Қос бәйтерек (Шоқай мен Тұрар үндестігі) – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 145-167 б.
20. Сүлейменов Ж. «Рыскуловицина»: тарихи мәні мен маңызы – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 117-124 б.
21. Қамзабекұлы Д. Тұрар Рысқұлов (1894-1938) / Үкімет жаршысы, 2000. - №12. – 75 б.
22. Аширбекова Ж.Б. Тұрар Рысқұлов – тарихи / ҚазҰУ хабаршысы: Тарих сериясы, 2004. - №1. – 146-148 б.
23. Кузенбаев Е. Турар. – Алматы: Ғылым, 2004. – 232 с.
24. Қазбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер. – Алматы: Санат, 1999. – 336 б.
25. Раджабов К. Взгляды Т.Рыскулова на повстанческое движение в туркестанском регионе (1918-1924 гг.) – Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Түркістан: ХҚТУ, 2005. – 49-56 б.
26. Аманжолова Д.А. Форматирование советскости. Национальные меньшинства в этнополитическом ландшафте СССР. 1920-1930-е гг. – М.: «Собрание», 2010.
27. Роцин С.К. Уполномоченный Коминтерна: (Турар Рыскулов в Монголии) – Восток, 1996. - №4. – С. 52-60.
28. Буттино М. Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР. / Перевод с итальянского Охотина Н. – М.: Звенья, 2007. – 447 с.
29. Хостлер Ч.У. Тюркизм и советы. Тюрки мира и их политические цели / Пер. с англ. Мендекуловой Г.М.; Сост.: Сужиков Б.М. – Алматы: Санат, 2006. – 288 с.
30. Пайн М. Дж. Сталинская железная дорога. Турксиб и строительство социализма / Пер. с англ. Сужикова Б.М.; Сост.: Абылхожин Ж.Б. – Алматы: Санат, 2006. – 352 с.
31. Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.). / Пер. с франц. Ракишева А.Т. / Сост. Сужиков Б.М. – Алматы: Санат, 2009. – 368 с.
32. Аңыз адам (Журнал-кітап) / Бас ред. Қалыбай Ж. – Алматы, 2011. - №10. – 52 б.
33. Кошанов А., Сабден О., Доғалов А. Турар Рыскулов: Государственная деятельность и экономические воззрения. – Алматы: Институт экономики МОН РК, Издательство «Арыс», 2008. – 172 с.
34. Сабден О. Т.Рыскулов – выдающийся государственный деятель Центральной Азии и России: историк, экономист, публицист – Проблемы современной экономики, 2007. - №1 (21).
35. Осадчий Ф. Бессмертный командарм Турксиба (Страницы славных деяний Турара Рыскулова). Документальная повесть. – Алматы: Арыс, 2005. – 106 с.
36. Турар Рыскулов – Заместитель Председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР. Председатель Комитета Содействия по постройке Туркестано-Сибирской железной дороги. Сб. док. / Алиев М., Абдираман У., Шуваев И., Сарсекеев С., Шайсултанов К. – Алматы, 2007. – 312 с.
37. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 260 с.

38. Рыскулов Т.Р. Собрание сочинение в 3 томах. Т. 1-3. – Алматы: Казахстан, 1997.
39. Рыскулов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. 1-5 т. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
40. ӨРОММ. Р-86-қ., 1-т., 1525-іс, 4-5-пп.; ҚырРОММ. 69-қ., 1-т., 2-іс, 189-190-пп.; Рыскулов Т. Из истории революционной борьбы в Казахстане – Революция и национальности, 1935. - №11. – С. 36-46.
41. Димитриев С.Д. Талгар – главная вершина Заилийского Алатау. – С. 5-6, 23.
42. «Рысқұл Жылқайдарұлының ісі» ҚРОММ-ның 44-қорында сақталып тұр.
43. ӨРОММ. Р-86-қ., 1-т., 1525-іс, 6-пп., Рыскулов Т. Из истории революционной борьбы в Казахстане. -С. 36-46.
44. ӨРОММ. Р-86-қ., 1-т., 1525-іс, 7-п.
45. Қағарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (Сборник документов и материалов). В 2-х т. Том 1. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 13-14 б.
46. Рыскулов Т. Восстание туземцев в Средней Азии в 1916 году. В 2-х частях. – Кызыл-Орда: 1927; Рыскулов Т. Восстание туземцев в 1916 году / Очерки революционного движения в Средней Азии. Сб. ст.: Ходжаева Ф., Федорова Е., Рыскулова Т., Гинзбурга С. – М.: Изд. научной ассоциации востоковедения при ЦИК СССР, 1926. – С. 45-122.
47. ӨРОММ. Р-366-қ., 1-т., 29-іс.
48. ӨРОММ. Р-366-қ., 1-т., 29-іс, 12-п.
49. ӨРОММ. Р-86-қ., 1-т., 1525-іс, 8-9-пп., Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана (Сборник главнейших статей, докладов, речей и тезисов). Часть 1. – Ташкент: Узгосиздат, 1925. – С. 3-5; Рыскулов Т. Программа и устав «Революционного союза киргизской молодежи» / Революция и национальный вопрос. Документы и материалы по истории национального вопроса в России и СССР в XX веке. Под редакцией Диманштейна С.М. Т. 3. (1917 г., февраль-октябрь). Составители: Левин И. и Драбкина Е. – М.: Изд. Коммунистической академии, 1930. – С. 366-368.
50. ЖОММ. 83-қ., 1-т., 16-іс, 67-п.
51. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов және Тұтас Түркістан идеясы. – 33-41 б., Қоңыратбаев О.М. Түркі халықтарының туысқандық бірлігін көкседі. – 21-26 б.
52. Варейкис И., Зеленский И. Национально-государственное размежевание Средней Азии. – Ташкент: Средазгосиздат, 1924. – 86 с., Маймақов Ф. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу). – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2005. – 208 б., Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. – 172 б.
53. Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н. Тұрар Рысқұлов Моңғолияда. – Алматы, 1994. – 84 б., Роцин С.К. Уполномоченный Коминтерна: (Турар Рысқұлов в Монголии) – Восток, 1996. - №4 – С. 52-60.
54. Қазақ қалай аштыққа ұшырады (Қасіретті жылдар хаттары). Голод в Казахской степи (Письма тревоги и боли). – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 207 б.
55. Хаустов В., Самуэльсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1938 гг. – М.: РОССПЭН, 2009. – С. 135, 143, 148-150, 335, 342, 342, 344, 360.
56. ЦК РКП (б) – ВКП (б) и национальный вопрос. Книга 2. 1933-1945 гг. / Составители Гатагова Л.С., Кошелева Л.П., Роговая Л.А., Радио Дж. – М.: РОССПЭН, 2009. – 1095 с.

Резюме

В статье рассматриваются проблема изучения экономической деятельности видного государственного и общественного деятеля Турара Рыскулова в Центральной Азии. Турар Рыскулов занимая посты председателя Центральной комиссии по борьбе с голодом, председателя Центрального Исполнительного Комитета и Совета Народных Комиссаров Туркестанской Республики, заместителя народного комиссара по делам национальностей РСФСР, заместителя председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР внес огромный вклад в экономическое развитие Центральной Азии.

Summary

In article the problem of studying of economic activities visible state and public figure Turar Ryskulov in the Central Asia is considered. Turar Ryskulov holding posts of the chairman of the Central commission on struggle against hunger, the chairman of the Central Executive Committee and Council of National Commissioners of Turkestani Republic, the assistant to the national commissioner on affairs of nationalities of RSFSR, the vice-president of Council of National Commissioners of RSFSR was brought by the huge contribution to economic development of the Central Asia.

БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ

С.Шілдебай – т.ғ.к., доцент, *Магистратура және PhD докторантура институты, Абай ат. ҚазҰПУ,*
А.Жүнісбаев – тыңдаушы, *Магистратура және PhD докторантура институты, Абай ат. ҚазҰПУ*

Сүлеймен Жүсіпбеков 1912 жылы 5 желтоқсанда [1] Түркістан генерал-губернаторлығының Шымкент уезіне қарасты болған Түлкібас болысының №5 ауылында (кейінгі Жаңаталап ауылы) қарапайым малшының отбасында дүниеге келген [2]. Сүлейменнің әкесі Жүсіпбек Зауырбекұлы ұзақ жылдары мал өсірумен, ал анасы Хадиша үй шаруашылығымен айналысты. 1929 жылдан бастап Зауырбек Жүсіпбекұлы Түлкібас ауданында ұйымдастырылған «Азаттық» колхозына жұмысқа орналасып, онда отыз жылға жуық еңбек етеді.

Жүсіпбек Зауырбекұлы арнайы білімге ие болғанына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу, саналы азаматтардың қатарына кірді. Оның ер жетіп, есейген тұста патша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі отарлау саясаты өзінің шарықтау шегіне жетті. Жергілікті орыс отарлық әкімшілігі тарапынан жүйелі түрде жүргізілген «бөліп ал да, билей бер» саясаты қазақ халқының ұлт ретінде бірігуіне тосқауыл қоюмен қатар, қазақ жерінде ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-географиялық, экономикалық, шаруашылық, мәдени-рухани қарым-қатынастардың күйреуіне алып келіп, тарихи-табиғи дамуына айтарлықтай кедергі келтірді. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірген Шымкент уезінің қазақ көшпелі болыстарының [3] тұрғындары отарлық биліктің жергілікті жердегі сенімді өкілдері болған төменгі әкімшілік шенеуніктерінің (уезд бастықтары мен приставтары, болыс басшылары мен ауыл старшиналары) бассыздықтары мен өрескел заң бұзышылықтарынан зардап шекті. XX ғасырдың басында өлкеде қалыптасқан ауыр жағдайдың ішкі себептерінің астарлы мәнін жете түсініп білген Жүсіпбек өзінің төрт ұлына – Әбдіранбекке, Ибраһымбекке, Бейбітбекке, Сүлейменге заман талабына сай білім беруге шешім қабылдап, сол арқылы оларға үлкен өмірге жол ашып беруге барынша ұмтылды.

1910 жылға қарай Шымкент қаласында жергілікті түркі-мұсылман халықтарының және еуропалық ұлт өкілдерінің балаларына білім беретін 30 оқу орны және небәрі бір ғана кітапхана қызмет етті [4]. Жүсіпбек мектеп жасына келген ұлдарын Шымкенттегі А.В. Малков басшылық еткен орыс-түздік бастауыш училищесіне оқуға орналастырады. Бұл оқу орнында өзінің алғаш сауатын ашқан жас Сүлеймен училищенің оқу бағдарламасына кірген ана тілі, арифметика, тарих, география, жаратылыстану, бейнелеу өнері, ән, қолөнер, гимнастика және орыс тілі сынды пәндер бойынша білім алды. 1921 жылы бастауыш мектепті үздік аяқтап шыққан Сүлеймен құрбы-құрдастарынан өзінің білімге деген құштарлығымен, зеректігімен әрі ұқыптылығымен көзге түсті.

Бұл уақытта өлкедегі білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру ісін қолға алған Халық ағарту комиссариаты 1919 жылы наурызда өткен Түркістан Республикасы кеңестерінің VII төтенше съезіне арнайы баяндама ұсынып, онда мектеп жасындағы балалардың еңбек тәрбиесін коммунистік тәрбиенің өзге маңызды міндеттерімен байланыстыруға, политехникалық білім беруге және ауыл шаруашылық еңбекке баса назар аудару қажеттілігі туралы мәселені көтерді [5]. Съезд аяқталысымен Халық ағарту комиссариатының мектеп бөлімі «Бастауыш (жеті жылдық) мектептерде қол еңбегін және орта мектептерде (үш жылдық) кәсіптерді оқытуды жүргізу туралы инструкцияны» даярлап шығарып, соның нәтижесі ретінде Түркістан өлкесінің көптеген ауылды мекендерінде тар маманданған бағытта білім беретін мектептің жаңа түрі – яғни, шаруа жастарының мектептері ашыла бастайды. Мұндай мектеп көп ұзамай Шымкент қаласында да ұйымдастырылып, Жүсіпбек Зауырбекұлы жастайынан оқуға деген ынтасымен ерекшеленген ұлы Сүлейменді осы оқу орнына орналастырады.

Аталған оқу орны бастауыш мектептің негізінде құрылып, ондағы оқу мерзімі үш жылға созылды. Мектептің бұл түрі оқушыларға жалпы міндетті білім берумен қатар агрономия, техника және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру [6] бойынша білім берді. Кеңес ауылдарының алдыңғы қатарлы мәдени еңбекшілерін дайындау мақсатымен қатар, шаруа жастарының мектебі өз түлектеріне екінші дәрежелі мектептердің жоғарғы сыныптарында (8-9 сыныптар) немесе техникумдарда оқуын жалғастыру мүмкіндігін де берді.

Шаруа жастар мектебінің толық курсы аяқтап шыққан Сүлеймен өз оқуын одан ары жалғастыру мақсатында 1928 жылы Шымкент педагогикалық техникумына өз құжаттарын тапсырады. Қабылдау емтихандарынан сүрінбей өткен Сүлеймен қалада педагогика саласы бойынша арнайы орта білім беретін үздік оқу орындарының бірі болып табылған осы техникумның толыққанды студенті атанады [7].

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы Ресей империясының отар аймақтары болған Қазақстан мен Түркістан өлкелерінде патша үкіметінің жүйелі түрде жүргізген отарлау және орыстандыру саясатының салдары ретінде жергілікті ұлт өкілдері арасында білім беру мен ағарту ісі баяу қарқынмен дамыды.

Патша үкіметінің орнын басқан кеңес өкіметінің бастауыш және орта мектептердегі оқуды тегін негізде әрі ана тілінде жүргізу, барлық елді мекендерде оқу орындарын ашу, олардың техникалық базасын құрып, жақсарту, оқушыларды оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету арқылы халық арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған шараларының толықтай кешені бірден оң нәтиже бере алмағаны түсінікті. XX ғасырдың 20-шы жылдары облыс, әсіресе аудан орталықтарында жергілікті ұлт өкілдеріне ана тілінде сабақ бере алатын білікті маман кадрлардың жетіспеушілігі айқын сезілді. 1924 жылы күзде орын алған Орта Азия республикаларының ұлттық-территориалдық межеленуінен кейін Қазақ АКСР-нің басшылығы мұғалімдерді даярлаумен айналысатын тұрақты әрі қысқа мерзімді курстар ұйымдастырып, республиканың ірі қалаларында педагогикалық техникумдарды ашты. 1925-1932 жылдар аралығында республикадағы педагогикалық техникумдардың саны 14-тен 29-ға дейін өсіп, оларда 4821 студент білім алды [8].

Қалыптасқан ауыр жағдайда ер жеткен Сүлеймен студенттік жылдарында-ақ өзінің болашағын нақ осы педагогика саласымен байланыстыруға бел буып, алдына мақсат етіп қояды. Педагогикалық техникумды 1930 жылы үздік аяқтаған соң, Сүлеймен Шымкент облысы Жуалы ауданының №10 ауылында орналасқан мектепке мұғалім болып қызметке тұрады. Осы мектепте қызмет жолын бастаған Сүлеймен Жүсіпбекұлы екі жылдай уақыт бойы қазақ балаларына білім берді. Жуалы ауданының халық ағарту бөлімі қысқа мерзім ішінде өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Сүлейменді Калинин атындағы колхоз мектебінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды. Шалғайда орналасқан мектепте өз мамандығы бойынша біліктілігін арттырып, бай өмірлік тәжірибе жинақтаған Сүлеймен өз оқуын одан әрі жалғастыруға ұмтылыс танытады. Сүлеймен жоғары басшылықтан оны Алматы қаласында ұйымдастырылған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға жіберу туралы өтініш-хат жолдайды. Жетекшілік тарапынан рұқсат алған Сүлеймен Жүсіпбеков республиканың астанасы, болашақта оның ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеу нысанына айналған – Алматы қаласына жол тартады.

1932 жылы Сүлеймен Жүсіпбеков ҚазПИ-дің қабылдау комиссиясына құжаттарын өткізіп, емтихан тапсырады. Сыннан сүрінбей өткен Сүлеймен қазақ жоғары білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Абай атындағы ҚазПИ-дің студенті болуға қол жеткізді. Жас кезінен бастап қазақ халқының тарихына үлкен қызығушылық танытып, алдымен мектепте, артынан техникумда тарих пәнін құлшыныспен оқыған Сүлеймен болашақта тарихшы болуды арман тұтты. Оның бұл шешіміне сол уақытта институт қабырғасында қызмет еткен республиканың алдыңғы қатарлы әрі білікті мамандары [9] да өз септігін тигізбей қоймады. Сондықтан да, Сүлеймен педагогикалық факультетте қызмет еткен оннан аса бөлімдердің [10] ішінен тарих бөлімін таңдаған болатын.

Тарих бөлімінде білім алып жатқан студенттерге қазақ арасынан шыққан тұңғыш профессор С.Асфендияров басшылық еткен «Тарих» кафедрасының [11] қызметкерлері дәріс оқып, тәлім-тәрбие берді. Кафедраның оқытушылары тарих бөлімінің студенттерін дәрістерді тыңдауға, кітап оқуға дағдыландыруға, конспект жасауға, семинар сабақтарына дайындалуға, қосымша әдебиеттерді, мерзімді және күнделікті баспасөзді пайдалана білуге үйретті. Сонымен қатар, талқыланған тақырып немесе өзекті мәселе бойынша пікір айтуға, қосымша сөйлеуге, хабарламалар мен баяндамалар жасауға, ғылыми пікірталастарды жүргізуге баулыды. Осы уақытта С.Жүсіпбековпен қатар, артынан танымал қоғам қайраткерлеріне айналған Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мектеп қызметкері Д.Дінасылов, профессор Қажым Жұмалиев, ғалым Мұхаметжан Қаратаев, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин және тағы басқалар оқыды.

Туған-туыстарынан шалғай жерде, өзі үшін мүлдем жаңа әлеуметтік-мәдени ортада өткен студенттік жылдар жас Сүлеймен үшін үлкен өмір мектебіне болды. Институттың тарих бөліміне арналған оқу бағдарламасына сәйкес С.Жүсіпбеков жалпы міндетті пәндерді, яғни, марксизм-ленинизм негіздері, диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономия, педагогика, психология, педагогика тарихы, орыс тілі, шетел тілдері, әскери дайындық, дене шынықтыру, сондай-ақ мамандығы бойынша арнайы пәндерді, дәлірек айтқанда ежелгі дүние тарихы, орта ғасырлар тарихы, жаңа заман тарихы, КСРО халықтарының тарихы, БКП(б) тарихы, Шығыс пен Батыс тарихы, әдебиет тарихы, әлеуметтік ілімдердің тарихы, қазақ халқының тарихы сынды пәндерді оқып, мол білім жинақтады.

Студент жылдары-ақ Сүлеймен Жүсіпбеков оқумен қатар, болашақта білікті маманға қажет болатын маманданған тәжірибе жинақтауды шебер ұштастыра білген санаулы курстастардың қатарынан көрінді. Ол институттың 2-ші курсына оқи жүріп, доцент Васильев жетекшілік еткен диалектикалық материализм кафедрасында лаборант қызметіне орналасады. Осы қызметте ол 1934 жылдың 19 мамырына дейін жұмыс жасайды [12]. Сонымен қатар, 1934 жылы жазда Сүлеймен Жүсіпбеков II курсты ойдағыдай аяқтаған соң, өзінің туған ауданы Түлкібасқа демалысқа аттануға даярланады. Институт басшылығы сөзге шешен, жігерлі де жауапкершілігі мол студентке Оңтүстік-Қазақстан облысында мектепті аяқтап, өз

оқуларын жоғары оқу орнында жалғастыруға ұмтылған оқушылардың арасында ҚазПИ-ді таңдауға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ісін жүктейді [13]. Институт басшылығы тарапынан, арнайы іссапарға аттанған Сүлеймен Жүсіпбекұлы 1934 жылдың 7 шілдесі мен 7 тамызы аралығында туған жерінің мектептерін аралап, болашақта ұстаз болуды арман тұтқан жоғарғы сынып оқушылары мен педагогикалық техникумдардың студенттері арасында үгіт-насихат және бағыт-бағдар беру жұмыстарымен айналысады.

1935 жылы институт басшылығы оқуда үздік үлгерім мен нәтиже көрсетіп, үлгілі тәрбиесімен ерекшеленген қабілетті студенттерге шәкіртақы тағайындайды. Стипендианттардың қатарына тарих бөлімінің 4-ші курсының өзге 12 студентімен қоса Сүлеймен Жүсіпбеков та кіреді. Тарих бөлімінің 4 курс студенттері үшін осы кездегі шәкіртақының көлемі 139 сом көлемінде бекітілді [14].

1936 жылы тарих бөлімінің толық курсын аяқтаған Сүлеймен Жүсіпбекұлы бітіру емтихандарын ойдағыдай тапсырып, диплом жұмысын қорғап шығады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта зерттеушілерге белгілі мұрағат құжаттарының ішінен студент Сүлеймен Жүсіпбековтың диплом жұмысының тақырыбына қатысты қандай да бір мәлімет табылмады. Дегенмен, Алматы қаласына келіп, тамырын жібере бастаған Сүлеймен Жүсіпбеков осы кезден бастап қала тарихын кешенді түрде зерттеу ісін қолға алды деп айтуға толық негіз бар сияқты.

1936 жылы 1 шілдеде Мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен Сүлеймен Жүсіпбековке орта оқу орындарының оқытушысы біліктілігі берілді [15]. Қолына диплом алып, маман атанған Сүлеймен Жүсіпбеков өзіне ыстық болған Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына түсуге бірнеше рет ұмтылыс жасайды. Бұл уақытта аспирантураға аяқталған жоғары білімі бар, дипломы сай келетін, педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмысына қабілетті адамдар алынды [16]. Аспирантураға қабылдауды тиісті кафедра меңгерушінің ұсынысы бойынша институт директоры іске асырып, Қазақ КСР-нің Халық ағарту комиссарымен бекітілді. Аспирантураға түсушілердің білім деңгейі КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы жоғары мектеп ісі бойынша Бүкілодақтық Комитеттің бекіткен тәртібіне сай тексерілді. Алайда, Сүлеймен Жүсіпбековтың барлық ұмтылыстары табыссыз аяқталып, ол өзіне жанашырлық танытқан институт оқытушыларының кеңес беруімен Қазақстан Коммунистік партиясының жанындағы тарих институтына ғылыми қызметкер болып орналасып, еңбек жолын бастайды. 1922 жылы қарашада РКП(б) Қырғыз (Қазақ) облыстық комитетінің жанынан бөлім негізінде әрі РКП(б) қарамағындағы Маркс-Энгельс институтының филиалы ретінде ашылған партия тарихының институтына «Қазақстандағы революциялық қозғалыс пен партия тарихына қатысы бар құжаттар мен естеліктерді, Қазан революциясы бойынша осы уақытқа дейін жарық көрген барлық материалды жинастыру» [17] міндеті жүктеліп, ол осы бағытта он жылдан астам жемісті еңбек етті. 1934 жылы сәуірде БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті партияның тарих институтын және Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтын біріктіру, олардың орнында Қазақ Өлкелік комитетінің жанынан бөлім құқығында Қазақ Маркс-Энгельс-Ленин институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды [18]. Алайда, 1940 жылға дейін бұл институт өзінің бұрынғы атын сақтап келді. Институт марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, олардың өмірбаяндарын қазақ тіліне аудару, маңызды партия құжаттарын жарыққа шығару, республикалық партия ұйымының тарихын, Қазақстандағы революциялық қозғалысты, азамат соғысын және шетел интервенциясын, республиканың зауыт-фабрикалардың тарихын зерттеу, ғылыми кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру сынды міндеттерді жүзеге асырумен айналысты [19].

Тарих институтында С.Жүсіпбеков өзінің алғашғы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, мол тәжірибе мен білім жинады. Жетісу өңіріндегі кеңес билігінің орнауы мәселесімен шұғылдануға бел буған С.Жүсіпбеков республиканың ғылыми мекемелері мен мұрағат қорларында ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Сүлеймен Жүсіпбековтың болашақтағы іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізі нақ осы кезеңде қаланды.

Институтта қызмет еткен жылдары С.Жүсіпбеков өзінің ғылыми ізденістерінің нәтижелерін баспасөзде және арнайы ғылыми басылымдарда жариялай бастайды. Бұл уақытта оның «Город Верный» [20], «Двадцать лет назад (К 25-летию Советской власти в Алма-Ате)» [21], «Из прошлого Алматы» [22], «Революционные традиции» [23], «Восстание казахов под руководством Исатая и Махамбета» [24], «Из прошлого Казахстана» [25], «Советтік Қазақстанның құрылуы тарихынан» [26], «Қазақтың Автономиялы Советтік социалистік республикасының құрылуы» [27] атты көлемді мақалалары жарық көрді. Сүлеймен Жүсіпбековтың қаламынан шыққан ғылыми мақалалардың басым көпшілігі Алматы қаласының тарихына арналып, оларда Верный қаласының құрылуы мен дамуы, отарлық дәуірдегі Верный қаласының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани жағдайы, XX ғасырдың басындағы Верный қаласы мен Жетісу облысындағы революциялық қозғалыс тарихы, Жетісу облысында кеңес өкіметінің орнау тарихы отандық тарихнамада алғаш рет кешенді әрі жан-жақты түрде зерттелінді. Ғалым Сүлеймен

Жүсіпбековтың ғылыми қызығушылығы аясына жоғарыда аталған мәселелермен қатар Қазақстандағы баспа ісінің тарихы да кірді. Көптеген ізденістерден соң ол тарихшы Д.Қацпен бірлесе отырып «Большевик Казахстана» журналында «Печать Советского Казахстана» [28] атты көлемді ғылыми мақаланы жариялайды. Бұл мақалада, Қазақстанда кеңес өкіметі орныққаннан кейінгі баспа ісінің тарихының құжаттар мен мол дерек көздерінің негізінде қарастырылып, жазылды. Сонымен қатар, 1939 жылы Сүлеймен Жүсіпбековтың тарихшы-ғалым О.Кузнецовамен бірлесе отырып жазған тұңғыш кітабы – «Алма-Ата – столица Казахской Советской Социалистической республики» [29] жарық көріп, көпшілік қауымның назарына ұсынылды. Бұл кітап сол жылы бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізілгеннен кейін қайта жарыққа шықты [30].

ҚазПИ-ді аяқтағанына бірер жыл өткеніне қарамастан, өзін даярлығы жоғары деңгейдегі білікті маман ретінде көрсете білген Сүлеймен Жүсіпбеков 1940 жылы Я.Бажкиннің жалпы редакциясымен жарық көрген «20 лет Казахской ССР» атты мерейтойлы кітаптың ІХ тарауын – «Культура Советского Казахстана» [31] атты бөлімін жеке-дара жазып шықты. Бұл бөлімде С.Жүсіпбеков 20 жылдың ішінде Қазақ республикасындағы халық ағартудың (оқу-ағарту ісі, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға білім беру, ересектерге арналған кешкі және жексенбілік мектептер, жоғарғы білім), баспа ісінің, көркем әдебиет пен өнердің, ғылымның қалыптасып дамуына жан-жақты тоқталып өтіп, ғылыми түрде баяндап берді. Сүлеймен Жүсіпбековтың бұл академиялық сипатта жарық көрген ғылыми еңбегін ғалым-зерттеушілер жоғары бағалады.

Қауырт ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бірге Сүлеймен Жүсіпбеков педагогикалық қызметті де ұштастырып, қатар алып жүрді. 1936-1940 жылдары ол Алматы қаласындағы Жоғарғы коммунистік ауылшаруашылық мектебінде аға оқытушы болып қызмет етіп, жастарға КСРО тарихы пәнінен дәріс оқыды [32]. 1932 жылы Алматы, Орал, Семей, Шымкент, Ақтөбе қалаларында қызмет еткен комвуздардың (коммунистік жоғары оқу орындары) негізінде қайта ұйымдастырылған [33] мектептің бұл түрі ауыл шаруашылығында өндірісті ұйымдастырушы орта біліктілігі бар кадрларды даярлады.

Партия жанындағы ғылыми-зерттеу институтында 4 жылға жуық қажырлы еңбек етіп, өзін қабілетті маман ретінде таныта алған Сүлеймен Жүсіпбековты институт жетекшілігі Мәскеу қаласында орналасқан Кеңес Одағы Коммунистік партиясының жанындағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Бұл кезде Жоғарғы партия мектебіне жоғары білімі бар, 40 жасқа толмаған, партиялық өтілі 5 жылдан кем емес партия мүшелері қабылданды. Тыңдаушыларды қабылдау ісін одақтас республикалардың, партияның өлкелік және облыстық комитеттерінің ұсынысы бойынша БКП(б) Орталық Комитеті жүзеге асырды. Институт жетекшілігі қабілетті жас маман Сүлеймен Жүсіпбековке тиісті мінездеме бере отырып, жоғарғы басшылықтан оны Жоғарғы партия мектебіне оқуға қабылдауға қолғабыс көрсетуді өтінеді. Соның нәтижесінде, 1940 жылы қазанда Сүлеймен Жүсіпбеков партиялық және кеңестік мемлекеттік органдарда қызмет ететін кадрларды даярлаумен айналысатын Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы атануға қол жеткізді [34].

1939 жылы Я.М. Свердлов атындағы үгітшілердің жоғарғы мектебінің негізінде құрылған бұл мектепте БКП(б) тарихы, маркстік-лениндік философия, ғылыми коммунизм, саяси экономия, партиялық құрылыс, қазіргі халықаралық коммунистік, жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалыс, кеңес экономикасы, ауылшаруашылық экономикасы, мемлекеттік құқық пен кеңес құрылысы, журналистика мен әдебиет, орыс тілі, шетел тілдері кафедралары жұмыс істеді. Аталған кафедралар оқу-әдістемелік жұмыспен қатар іргелі зерттеу еңбектерін, монографияларды, оқулықтар мен оқу құралдарын, түрлі оқу бағдарламаларын даярлаумен де белсенді айналысты. Жоғарғы партиялық мектептің барлық кафедраларында 120-ға жуық оқытушы қызмет атқарды.

Жоғары білімге ие тыңдаушылар үшін мектепте оқу мерзімі 2 жылды құрады. Алайда, 1941 жылы маусым айында басталған Ұлы Отан соғысы Сүлеймен Жүсіпбековті және онымен қатар оқыған тыңдаушыларды өз оқуларын уақытша тоқтатуға мәжбүр етті. Бұл зұлаMAT соғыс азамат тарихында орын алған соғыстардың ішінде өзінің ауқымдылығы, оған тартылған елдердің саны, қатыгездігі, адам өлімі бойынша алғанда теңдессіз болып, Кеңес Одағының барлық материалдық және рухани күштерін қатаң тексерістен өткізді. КСРО құрамына кірген барлық халықтар өзінің ортақ Отанын неміс басқыншыларынан қорғау ісіне жаппай жұмылдырылды.

1941 жылы қыркүйек айына таман Кеңес Одағының территориясына қарай ілгері жылжып отырған неміс әскері Мәскеу қаласына жақындап, одақтас республикалардың астанасын басып алуды мақсат етіп қойған «Тайфун» әскери операциясын іске асыруға даярлықты бастап кетеді. 30 қыркүйекте алдымен 2-ші танк тобының, артынан 2 қазанда Мәскеу бағытындағы «Орталық» армия тобының негізгі әскери күштері шабуылға көшеді.

1941 жылдың 15 қаңтарында КСРО-ның Мемлекеттік қорғаныс комитеті Мәскеуді эвакуациялау

туралы шешім қабылдап, келесі күні қалада орналасқан Бас штабтың басқармаларын, әскери академияларды, халық комиссариаттарын және өзге де мемлекеттік мекемелерді Куйбышев, Саратов және басқа да қалаларға көшіру басталады [35]. С.Жүсіпбеков білім алып жатқан Жоғарғы партия мектебі бүкіл жетекшілік және оқытушылық құрамымен Уфаға эвакуацияланды. Жоғары оқу орындарының санатына кірген Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушылары мен оқытушылары әскери мобилизациядан босатылғанына қарамастан, С.Жүсіпбеков Мәскеу қорғанысына қатысуға ерік білдірген мыңдаған жастардың қатарына қосылды. Мәскеуде орналасқан ЖОО-ның оқытушылары, аспиранттары мен студенттері әскери оқу орындарына қысқа мерзімді даярлыққа жіберіліп, артынан соғыс майдандарына аттандырылды. Олар қолдарына қару алып, неміс әскерімен шайқасқа түсумен қатар қорғаныс шептерін тұрғызуға, ауыл шаруашылық жұмыстарына, құрылыста жедел тапсырмаларды орындауға, әскери техника үшін қажет болған жанармайды тасымалдауға, әскери өнеркәсіпке жұмыс күші ретінде жан-жақты тартылды.

1941 жылдың 30 қыркүйегі мен 5 желтоқсаны аралығында жүзеге асырылған Мәскеу стратегиялық қорғаныс операциясында кеңес жағы 658 279 жауынгерден айырылды [36]. Мәскеу қорғанысына қатысып, Отанын қорғауға ат салысқан С.Жүсіпбековты партия жетекшілігі 1941 жылы желтоқсан айында Қазақстанға қайта шақыртып алады да оны Гурьев (қазіргі Ақтау қаласы) қалалық партия комитетінің қарауына аттандырады. Осы жерде Сүлеймен Жүсіпбеков екі жылдай уақыт бойы Гурьев қалалық партия комитетінің алдымен инструкторы ретінде, артынан үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және Қазақстан мұнай комбинатына қарасты болған «Байшонас» кәсіпшілігінде парторг (партиялық ұйымдас-тырушы) болып қызмет етеді [37].

Мәскеу қорғанысы кезінде алапат соғысты көзімен көрген С.Жүсіпбеков республика жұртшылығын майданда неміс басқыншыларына қарсы соғысып жатқан қазақ батырларының ерлігімен таныстырып, үгіттеу әрі рухын көтеру мақсатында «Социалистік құрылыс» газетіне «Қазақ халқы Ұлы Отан соғысының белсенді қатынасусышысы» [38] атты көлемді мақала жариялайды. Сүлеймен Жүсіпбеков аталған мақаласының орысша нұсқасын Гурьевте шығып тұрған жергілікті «Прикаспийская коммуна» газетінде де жарыққа шығарады [39]. Бұл мақалада С.Жүсіпбеков батыр қазақ халқының өткеніне қысқаша шолу жасап, соғыс майданында жаумен арпалысқа түскен Ораз Бұзақаров, Қартбай Бекжанов, Леуқабылов, Тілеубаев, Ахметов, Қоңырбаев, Ш.Ешімбетов, Кәрім Мыңбаев сынды ержүрек қазақ жауынгерлерінің ерліктерін жеке атап өтеді. Мақала авторы кеңес халқы жеңіс үшін қолынан келгенінше аянбай еңбек ететіне сенім білдірді.

Қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі ретінде С.Жүсіпбеков қалада орналасқан мәдени-ағарту орындарының жұмысын тексеріс жасап, көптеген кемшіліктердің бетін ашады. Мысалы, 1942 жылы қаңтарда жарық көрген «Соғыс күндеріндегі театрдың міндеті» [40] атты мақалада Сүлеймен Жүсіпбеков облыстық драма театрдың бастығы Хаймулдиннің және оның қол астындағы театр ұжымының өз жұмысында жіберген талай келеңсіз істерін анықтап, оларды жария түрде әшкерелейді. Сонымен қатар, Сүлеймен Жүсіпбеков соғыс күндері халықтың рухын көтеріп, мәдени деңгейін арттырумен, өнерге баулып сүйсіндірумен айналысуға міндетті болған театрдың қызметкерлері қойылымдарға тиісті дәрежеде дайындалмай, өз істеріне жауапкерлікпен қарамағанын қатаң сынның астына алды.

1942 жылы Сүлеймен Жүсіпбековке майдандағы жауынгерлерге Гурьев облысының жұмысшылары мен тұрғындары жинастырған сыйлықтарды жеткізу ісі тапсырылады. Бұл сыйлықтар 3 вагонға тиеліп, темір жол арқылы қызу ұрыстар жүріп тұрған майданға аттандырылды. Майданға жүкті жеткізіп, жауынгерлер арасында сыйлықтарды таратқан іссапардан оралған соң, Сүлеймен Жүсіпбеков оның қорытындысын «10 дней у бойцев, командиров, политработников в энской части» [41] атты мақалада жариялап, майдандағы қазақ жауынгерлері Қаспақбаевтың, Жігерхановтың, Талабаевтың, Жабасовтың, Шаншыбаевтың, Құлмағамбетовтың танытқан ерліктерін әдеби жанр түрінде баяндап береді.

1943 жылы Қызыл әскердің жазғы-күзгі компанияларында шешуші сипатқа ие болған Курск және Днепр үшін шайқастарда айтулы жеңіске жетуі Ұлы Отан соғысының болашақ барысына түбегейлі өзгеріс алып келді. Ресейдің қызу майданнан алыстап бара жатқан ішкі аудандарында бейбіт өмір біртіндеп орныға бастап, кеңес халқы қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге жаппай кірісті. Осы уақытта Мәскеу қорғанысы кезінде өз жұмысын уақытша тоқтатуға мәжбүр болған КОКП жанындағы Жоғары партия мектебі соғыстың кесірінен оқуын аяқтай алмаған тыңдаушыларға шақыртулар жолдайды. Мұндай шақыртуға ие болған Сүлеймен Жүсіпбеков республиканың партия жетекшілігінен оны оқуын жалғастыру үшін Мәскеу қаласына жіберуге рұқсат беруді өтінеді. Сүлеймен Жүсіпбековтың Гурьев облысында атқарған қызметіне ризашылық танытқан партия жетекшілігі оның бұл өтінішін қабыл алады. Сонымен қатар, осы жылы Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңес Төралқасы Сүлеймен Жүсіпбековты көп жылдық белсенді еңбегі үшін арнайы грамотамен марапаттайды [42].

БКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебіндегі өз оқуын Сүлеймен Жүсіпбеков

1943 жылдың 1 шілдесінен қайта бастап, 1944 жылдың 15 тамызына дейін жалғастырады. Сол жылы мектепте БКП(б) тарихы, диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономия, КСРО тарихы, жалпы тарих (көне және орта ғасырлар, жаңа тарих, қазіргі заман тарихы), халықаралық қатынастардың тарихы және КСРО-ның сыртқы саясаты, ағылшын тілі сынды пәндерден бітіру емтихандарын тапсырып, арнайы куәлікке қол жеткізеді [43].

Мәскеуден оралғаннан кейін С.Жүсіпбеков Қазақ КСР-нің Сыртқы істер министрлігінің партиялық ұйымдарының хатшысы қызметіне орналасады. 1945 жылы 28 ақпанда Алматы қалалық партия комитеті пленумының мәжілісінде Сүлеймен Жүсіпбековты қалалық комитеттің екінші хатшысы етіп сайлау мәселесі қаралады [44]. Аталған мәжілістің төрағасы, Қазақстан Коммунистік партиясының сол уақыттағы екінші хатшысы Ж.Шаяхметов қатысушыларды С.Жүсіпбековтың қысқаша өмірбаянымен таныстырып өтеді. Мәжілісте Сүлеймен Жүсіпбековтың кандидатурасына қатысты жағымды пікірлер айтылған соң, ол қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып бір ауыздан сайланады.

1945 жылы 8 мамырда 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы Германия қарулы күштерінің толық капитуляциясымен аяқталып, көптен бері күткен жеңіс туралы қуанышты хабар одақтас республикаларға тез арада тарайды. Мәскеу қорғанысына қатынасқаны үшін С.Жүсіпбеков «Отан соғысы» ІІ дәрежелі орденімен, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін» және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады [45]. Өкінішке орай, Кеңес Одағы халықтарына сан жетпес қайғы-қасірет алып келген алапат соғыс Жүсіпбековтар әулетін де шет айналып өтпеді; соғыстан аман-есен болып тек Сүлеймен және оның інісі Ибраһымбек оралды, Сүлейменнің туған ағасы Әбдіранбек шайқастардың бірінде ауыр жараланып, мүгедек болып Отанына қайтып оралды, ал Бейбітбек Жүсіпбеков өмірін сұрапыл соғыс мезгілінен бұрын аяусыз қиып кеткен еді.

Соғыстан кейінгі жылдары Алматы қалалық партия комитетінде және Қазақ КСР-нің Сыртқы істер министрлігінде қауырт жұмыстармен айналысқан С.Жүсіпбеков республиканың алдыңғы қатарлы газет-журнал беттерінде әр түрлі өзекті мәселелерге арналған мақалаларды жариялау ісіне қайтадан назар аударып бастады. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң қазақ халқының бейбіт еңбекке қарай көшуі бүкіл Кеңес Одағының идеологиялық және рухани өмірінде түбегейлі өзгерістерге аяқ басу кезеңімен тұспа-тұс келді. Орталықта және одақтас республикаларда жоғарғы партия басшылығы қатаң жоспарға бағындырылған саяси мәнге ие мәдени-тәрбиелік қызметті жан-жақты әрі кешенді түрде кеңейту ісін қолға алды. Бұл жағдай республикада саяси үйірмелері мен мектептері, даярлық курстары, марксизм-ленинизм кешкі университеттері жүйесінің нығаюына ғана емес, сонымен қатар партиялық үгіт-насихат жұмысының, саяси ағартудың, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерінің айтарлықтай жетілуіне алып келді. Осы себептен Сүлеймен Жүсіпбековтың жарық көрген мақалаларының басым көпшілігінде халық арасында тәрбие мен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, мектептердегі білімді, жас өспірімдер мен ерексектер арасында сауаттылық деңгейін көтеру, қаладағы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің арасындағы бәсекелестікті дұрыс жолға қою, партия мүшелері мен кандидаттары арасындағы идеялық-саяси даярлығын арттыру ісі сынды өзекті мәселелерге арнап жазды.

Өзінің негізгі қызметімен бірге Сүлеймен Жүсіпбеков ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысуды бір сәтке де тоқтатқан емес. Соның дәлелі ретінде 1949 жылы Сүлеймен Жүсіпбековтың жалпы редакциялауымен «Алма-Ата в период октябрия и в годы гражданской войны (1917-1920 гг.): Летопись событий» [46] атты көлемді ғылыми еңбегі жарық көрді. Жылнамада 1917-1920 жылдар аралығындағы Алматы тұрғындарының большевиктік партияның жетекшілігімен кеңес өкіметінің орнығуы мен нығаюы жолында жүргізген күресі қатаң хронологиялық тәртіпті сақтай отырып берілді. Н.Копылов, И.Мознаим, Н.Тимофеев, И.Чумак, Ш.Шафиро сынды білімді әрі танымал мамандармен баспаға даярланған бұл ғылыми еңбекте тың мұрағат құжаттарының және бай фактологиялық материалдың негізінде революциядан кейінгі жылдары тек Жетісу облысында ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Орта Азияда орын алған маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени оқиғаларға қатысты құнды мәліметтер келтірілді.

1947 жылы наурызда Алматы қаласында өткен ІІ сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің пленумында Сүлеймен Жүсіпбеков Қазақ КСР-нің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы туралы көлемді баяндама жасайды [47]. 1937 жылы наурызда өткен республика кеңестерінің Х төтенше съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституцияның мәтініне соңғы 10 жылда саяси, әкімшілік, әлеуметтік және экономикалық салаларда орын алған өзгерістерге байланысты тиісті толықтырулар енгізу мақсатында Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі арнайы редакциялық комиссия құрып, оның төрағалығына С.Жүсіпбеков тағайындалды. Оның жетекшілігімен қызмет еткен бұл комиссия өз жұмысының қорытындысында Жоғарғы Кеңес депутаттарының қарауына арнайы жоба ұсынып, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып шықты.

1951 жылы тамызда Алматы облыстық партия комитеті іскер, білім саласында тәжірибесі мол

Сүлеймен Жүсіпбековты Алматы қаласында ұйымдастырылған облыстық мұғалімдерді жетілдіру институтының директоры етіп тағайындайды. Бұл қызметте С.Жүсіпбеков орта мектептерде қызмет ететін педагогикалық кадрлардың біліктілігін үздіксіз жетілдіру, халық ағарту ісінде еңбек ететін қызметкерлер мен мұғалімдердің барлық санаттарын оқумен қамтамасыз ету, біліктілікті жетілдірудің формалары мен әдістерін жақсарту, педагогикалық және басқа да жоғары оқу орындарымен байланыстарды орнатып нығайту, педагогикалық кадрлардың өз бетімен білім алуына жағдай жасау, оларды қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, мектептердегі білім беру процесін және оның сапасын қатаң бақылауға алу сынды маңызды мәселелерді жүзеге асырумен айналысады. Мұғалімдердің даярлығына баса назар аудару ең алдымен, 1949-1950 оқу жылында бүкіл Қазақстанда барлық мектептердің 7-жылдық, ал облыстық және ірі өнеркәсіп орталықтарында 10-жылдық оқу жүйесіне жаппай көшуге байланысты еді. 1950 жылы Қазақстанда 9088 жалпы білім беретін мектептер жұмыс жасап, оларда 1 438 266 оқушы тәлім-тәрбие алды [48].

С.Жүсіпбеков қысқа уақыт ішінде өзі басшылық еткен институттың жұмысын дұрыс жолға қоя біліп, оны республикада орта білім беретін оқу орындарында қызмет ететін мұғалімдердің біліктілігін жетілдіретін үздік мекемеге айналдырады. Сонымен қатар, 1951 жылы қыркүйек айында С.Жүсіпбеков Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының КОКП тарихы кафедрасына аға оқытушы болып қызметке орналасады [49]. Осылайша, Сүлеймен Жүсіпбековтың көптен бергі арманы, дәлірек айтқанда өзіне ыстық болған туған білім ордасы ҚазПИ-де оқытушылық қызметпен айналысу орындалып, осы жерде ол студенттерге КСРО тарихы бойынша дәріс оқиды. Өкінішке орай, Сүлеймен Жүсіпбеков педагогикалық институтта небәрі екі жыл ғана жұмыс істеп, 1954 жылы шілдеде Қазақ ауыл шаруашылық институтының «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасына аға оқытушы қызметіне ауысуға мәжбүр болады [50]. Мұндай өзгеріске оның қауырт әкімшілік-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметпен қатар белсенді ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуы және кандидаттық диссертациясын даярлау қажеттігі өз септігін тигізбей қоймады.

Бұл уақытта 20 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан Қазақ ауыл шаруашылық институты республикада ғана емес, сонымен қатар бүкіл Кеңес Одағында осы сала бойынша жоғары білімді маман даярлайтын үздік оқу орындарының қатарына кірді. 1950 жылдан бастап институтта 6 факультет қызмет етіп, студенттер бес жыл бойы білім алды. Аталған институтқа қызметке орналасу С.Жүсіпбеков үшін бірқатар қиыншылықтарды тудырды. Өйткені, институтта 1954-1955 оқу жылында қабылданған жаңа штаттық кестеге сәйкес жоғары оқу орындарында 10 жылдан астам педагогикалық стажға ие Сүлеймен Жүсіпбеков Ф.Чернов басшылық еткен «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының аға оқытушысы ретінде доцент есебімен жалақы алуға және студенттерге дәрістердің толық курсы оқып шығуы тиіс еді. Сүлеймен Жүсіпбековке Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің білім және мәдениет бөлімі берген мінездемесіне қарамастан, оған өзінің педагогикалық өтілін дәлелдеп шығуға тура келді. С.Жүсіпбеков осыған дейін өзі қызмет еткен мекемелерден арнайы анықтамаларды жинақтап [51], Қазақ ауыл шаруашылық институтының жанындағы жоғары оқу орындарындағы еңбек өтілін анықтайтын комиссияға тапсырады. Комиссия С.Жүсіпбековтың тапсырған құжаттарымен, сондай-ақ бұрын онымен қызметтес болған адамдардың куәгерлік мәліметтерімен мұқият танысып, КСРО Жоғары білім министрлігі жанындағы ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының Бас басқармасынан С.Жүсіпбековке оның педагогикалық өтілі 10 жылға тең екендігін дәлелдейтін куәлікті беруді сұрау туралы шешім қабылдайды [52]. Осылайша, С.Жүсіпбеков ауыл шаруашылық институтына аға оқытушылық қызметке толықтай қабылданған болатын. Бұл жағдай, С.Жүсіпбековке тек өзі маманданған педагогикалық сала бойынша қызмет етуге ғана мүмкіндік беріп қана қоймай, оған кандидаттық диссертациясын М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің жанындағы қоғамдық пәндер оқытушыларының біліктілігін көтеру институтының Ғылыми кеңесінде қорғап шығуға жол ашты.

Қазақстан Коммунистік партиясының жанындағы тарих институтында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеген жылдары Сүлеймен Жүсіпбеков Жетісу облысында кеңес өкіметінің орнауы мен нығаюы тарихын зерттеу ісін қолға алып, ұзақ уақыт бойы Алматы, Ташкент және Мәскеу қалаларында орналасқан мұрағаттардың қорларында белсенді ғылыми-зерттеу және ізденіс жұмыстарын жүргізді. Өз зерттеу жұмысының қорытындыларын С.Жүсіпбеков баспасөз беттерінде, арнайы ғылыми журналдарда жариялап, республика және бүкіл одақ ауқымында өткен түрлі конференциялар мен жиындарда көлемді баяндамалар жасап отырды. Сүлеймен Жүсіпбеков «Жетісудағы кеңес өкіметі үшін Коммунистік партияның күресі (1917-1918 жж.)» тақырыбына арналған кандидаттық диссертациясының негізгі нәтижелері мен ғылыми ойларын Алматы қаласында қызмет еткен республиканың алдыңғы қатарлы тарихшы-мамандарының, сондай-ақ Мәскеуде оқыған жылдары Орталықта жұмыс жасаған жетекші ғалымдардың назарына

ұсына отырып, талқыға салу арқылы құнды кеңестер мен сыни пікірлер алды.

1955 жылы қаңтар айында С.Жүсіпбеков Қазақ ауыл шаруашылық институтының басшылығын оны жақын уақытта болатын қорғауға байланысты даярланған диссертация бойынша ғылыми кеңес алу үшін Мәскеу қаласына бір ай мерзімге іссапарға жіберуді өтінеді. Сонымен қатар, институттың «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының оқытушысы ретінде осы жылы С. Жүсіпбеков марксизм-ленинизм пәнінен дәріс оқитын оқытушылардың біліктілігін көтеруге арналған арнайы курстардан өтуі тиіс еді. Сол себептен институттың сол уақыттағы директоры А.Ж. Жұматов тәжірибелі маманның өтінішіне өз рұқсатын береді [53].

Мәскеуге аттанбастан бұрын С.Жүсіпбеков 1954 жылы желтоқсан айында Алматы қаласында орналасқан Қазақ КСР-нің Мемлекеттік көпшілік кітапханасының (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) директоры Е.Н. Шмелевадан осыған дейін мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген өзінің ғылыми және публицистикалық сипаттағы мақалалардың жарияланғандығы туралы арнайы анықтама беруді өтінеді. Кітапхана директоры Е.Н. Шмелева бұл өтінішті орындай отырып, С.Жүсіпбековке оның 1938-1953 жылдар аралығында қазақ және орыс тілдерінде жарық көріп, жалпы саны 42-ге тең болған мақалаларының тізімін тапсырады [54].

Мәскеуге келген С.Жүсіпбеков КСРО Жоғары білім министрлігінің 1955 жылы 29 қаңтарда шығарған бұйрығына орай ММУ жанындағы марксизм-ленинизм оқытушыларының біліктілігін көтеру институтының диссертанттар бөліміне (аспирантурасына) өзге 200 тарта үміткерлермен бірге оқуға қабылданады [55]. Аспирантурада бір жылға жуық оқи жүріп, С.Жүсіпбеков «Жетісудағы кеңес өкіметі үшін Коммунистік партияның күресі (1917-1918 жылы шілде)» тақырыбындағы өзінің кандидаттық диссертациясын толық аяқтап шығып, оны 1956 жылдың 4 қаңтарында жоғарыда аталған университеттің жанындағы қоғамдық пәндер оқытушыларының біліктілігін көтеру институтының Ғылыми кеңесінде қорғап шығады [56].

Алматы қаласына қайтып оралғаннан кейін Сүлеймен Жүсіпбеков 1956 жылдың 19 қаңтарынан бастап Қазақ ауыл шаруашылық институтының «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасындағы өзінің оқытушылық міндеттерін атқаруға қайта кіріседі. Институт басшылығы С.Жүсіпбековтың 10 жылдан астам педагогикалық өтілін, сондай-ақ жақын арада оның кандидаттық диссертациясын қорғап шыққандығын ескере отырып тиісті жалақыны тағайындап, демалыс уақытын бір айға кейін шегіндіреді [57].

1956 жылы 4 маусымда ММУ-дың гуманитарлық ғылымдар бойынша университет Кеңесі секциясының мәжілісінде Сүлеймен Жүсіпбековке тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешім қабылданып, ол туралы тиісті хабарлама Қазақ ауыл шаруашылық институтына жолданады. Соның негізінде 1956 жылы 10 шілдеде Қазақ ауыл шаруашылық институты Ғылыми кеңесінің мәжілісінде кандидаттық диссертацияны қорғаған аға оқытушы Сүлеймен Жүсіпбековке «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы қызметіне сайлау мәселесі күн тәртібіне қойылады. Ғылыми кеңес мүшелерінен құралған есеп комиссиясының мүшелері жабық дауысқа сала отырып, Сүлеймен Жүсіпбековты «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының доценті етіп сайлаған болатын [58]. 1956 жылы қыркүйекте тарих ғылымдарының кандидаты дипломын қолға алған Сүлеймен Жүсіпбеков 2 қазанда жарық көрген Қазақ ауыл шаруашылық институты директорының бұйрығымен «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының байқау бойынша сайланған доценті қызметіне ресми түрде тағайындалады [59].

Бірнеше ай бойы «Марксизм-ленинизм» кафедрасының доценті міндетін атқарған Сүлеймен Жүсіпбеков 1956 жылдың аяғында КСРО Жоғарғы білім министрлігі жанындағы Жоғарғы Аттестациялық Комиссияға доцент ғылыми атағын алу үшін ереже бойынша талап етілген барлық құжаттарды тапсырады. 1957 жылы 27 ақпанда Жоғарғы Аттестациялық Комиссия Сүлеймен Жүсіпбековты «Марксизм-ленинизм» кафедрасының доценті ғылыми атағына бекіткен соң, 1957 жылы 24 наурызда ол доцент дипломын қолына алды [60].

Қысқа уақыт ішінде ұйымдастырушылық дарынымен, іскерлігімен және білім саласындағы тәжірибелілігімен таныла білген Сүлеймен Жүсіпбеков қызмет еткен Қазақ ауыл шаруашылық институтының профессорлық-оқытушылық құрамының алдыңғы қатарлы өкілдерінің біріне айналады. Соның дәлелі ретінде, 1957 жылы қазан айында институт директоры А.Жұматов өз денсаулығын түзегенге дейін доцент С.Жүсіпбековты кезекті демалыстан мерзімінен бұрын шақыртып алып, оған уақытша институт директорының міндеттерін атқару ісін арнайы сеніп тапсырады [61]. Сүлеймен Жүсіпбековтың өзіне жүктелген міндеттерді бірнеше ай бойы абыроймен атқарып шығуы институт басшылығының назарына тыс қалмай, оның артынан жеке қасиеттерінің арқасында қызмет бабымен жоғарылауына өз ықпалын тигізді.

1957-1958 оқу жылы аяқталған соң ауыл шаруашылық институтының Ғылыми кеңесінде Сүлеймен

Жүсіпбековты «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындау мәселесі көтерілді. Бұл жағдайдың орын алуына келесідей факторлар себепші болды: а) осыған дейін кафедраны бірнеше жыл бойы басқарып келген аға оқытушы Ф.К. Черновтың денсаулығының нашарлауына байланысты өз міндеттерін орындай алмауы туралы өтініш білдіруі; ә) бүкіл институт бойынша марксизм-ленинизм ілімдерін оқыту міндеті жүктелген кафедраның жұмысын нығайту үшін тәжірибелі, ұйымдас-тырушылық қабілеті зор, біліктілігі жоғары маманды тағайындау қажеттігінің туындауы; б) кафедрада қызмет еткен оқытушылардың ішінен ғылыми дәрежесі мен атағы сай келген, әрі үміткердің кандидату-расын бекітетін жоғары басшылықтың алға тартқан барлық талаптарына жауап бере алатын жалғыз С.Жүсіпбеков қана болды. Жоғарыда аталып өткен себептерді ескере отырып, 1958 жылдың маусым айында институт директоры А.Жұматов Қазақ КСР Ауыл шаруашылық министрі Х.Арыстанбековтың атына Сүлеймен Жүсіпбековты «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі ретінде тағайындау туралы ұсыныс-хатын жолдайды. Бұл хатта А.Жұматов министрді Сүлеймен Жүсіпбековтың кандидату-расына Алматы қалалық және облыстық партия комитеттері, сондай-ақ Қазақстан Коммунистік партия-сының мектептер мен жоғары оқу орындарының бөлімі өз келісімдерін бергендері туралы хабарлайды [62]. Жоғары басшылықтан рұқсат келгенге дейін, С.Жүсіпбеков ауыл шаруашылық институтының бұйрығымен 1958 жылы 19 тамызда «Марксизм-ленинизм» кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқару-шы болып бекітіледі [63].

Жаңа қызметіне бірден кіріскен Сүлеймен Жүсіпбеков кафедраның жұмысын жаңаша құру ісін қолға алып, білікті мамандарды шақырта бастайды. Кафедраның меңгерушісі ретінде С.Жүсіпбеков профессор-лық-оқытушылық құрамның саяси, теориялық және идеялық даярлығына, ғылыми-зерттеу жұмысының жоғары деңгейде атқарылуына айтарлықтай назар аударады. Сүлеймен Жүсіпбековтың институт басшы-лығынан тапжылмай талап етуімен кафедра оқытушылары соңғы уақытта марксизм-ленинизмге, КСРО және қазақ халқының тарихына қатысты жарық көрген жаңа ғылыми әдебиетпен, оқу-әдістемелік құрал-дармен қамтамасыз етіледі. Институт қабырғасында оқып жатқан студенттерге заман талабына сай білім беруге ұмтылған Сүлеймен Жүсіпбеков 1958 жылы оны бір ай мерзімге жоғары оқу орындарында марксизм-ленинизм және КСРО тарихы пәндерін оқыту мәселелері бойынша Мәскеу Мемлекеттік уни-верситетінің жанындағы біліктілікті көтеру институтына жіберуді өтінеді. Оның бұл өтініші қабыл алын-ған соң, Сүлеймен Жүсіпбеков алдымен 1958 жылы қыркүйекте, артынан 1959 жылы қазанда Қазақстан Коммунистік партиясының мектептер мен жоғары оқу орындары бөлімінің нұсқауы бойынша қатарынан екі рет бір ай мерзімге Мәскеу Мемлекеттік университетінің жанындағы біліктілікті көтеру институты-ның курстарын тыңдап шығады [64]. Бұл жерде ол марксизм-ленинизм ілімін, КОКП тарихын жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа түрлері мен әдістемелерімен жіті танысады. Мәскеуде болған уақытын-да Сүлеймен Жүсіпбеков қалада орналасқан мұрағаттар мен кітапханалардың қорларында белсенді ғылыми-зерттеу және ізденіс жұмыстарымен айналысып, болашақ іргелі ғылыми еңбектеріне арқау болған құжаттар мен материалдарды қолға түсіреді.

1958 жылы 9 қыркүйекте Сүлеймен Жүсіпбеков Алматы қаласында орналасқан В.М. Молотов атында-ғы Қазақ мемлекеттік медициналық институтының директоры міндетін атқарушы профессор П.П. Очкур-ға оны «марксизм-ленинизм» кафедрасына жарты ставкаға алу туралы өтініш-хат жолдайды [65]. Медициналық институттың басшылығы С.Жүсіпбековтың тәжірибелі әрі даярлығы жоғары маман екенді-гін, сондай-ақ «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі доцент Исаевтың мінездемелерін ескере отырып, оның өтінішін қабыл алу туралы бұйрық шығарады [66]. Сүлеймен Жүсіпбековты өзінің негізгі жұмысымен қатар медициналық институтқа қосымша қызметке орналасуына ең алдымен тұрмыс және отбасы жағдайы итермеледі деген қорытындыға келуге толық негіз бар. Себебі, бұл уақытта Сүлеймен Жүсіпбеков көпбалалы жанұяның жалғыз асыраушысы мен қамқоршысы еді. Ол зайыбы Райханмен бірге мектеп жасындағы Гүлнара және Гүлжан есімді екі қызды, Нұржан және Біржан атты екі ұлды тәрбиелеп өсірумен айналысты. Сонымен қатар, осы кезде Сүлеймен Жүсіпбеков туған ауылынан жасы келіп, денсаулығы нашарлай бастаған анасы Хадишаға қажетті күтім жасау мақсатында оны Алматы қаласына көшіріп алады. Сондықтан да Қазақ ауыл шаруашылық институтының директоры Х.О. Сарингулян Сүлеймен Жүсіпбековтың бір уақытта екі жерде еңбек етуіне еш қарсылық танытпай, керісінше түсініс-тікпен қарады [67]. 1950-ші жылдардың аяғында Сүлеймен Жүсіпбеков өзінің үлкен отбасымен бірге Алматы қаласының Гоголь көшесінің бойында орналасқан №81-ші көп пәтерлі үйде өмір сүрді.

Кафедраға меңгерушілік ету қызметімен қатар студенттерге КСРО және КОКП тарихы, марксизм-ленинизм пәндерінен дәріс оқыған С.Жүсіпбеков республиканың баспасөз беттерінде тұрақты түрде тарихи мазмұндағы мақалаларды жариялап отырды. 1958 жылы өзі редакциялық алқада қызмет еткен «Қазақстан коммунисті» журналында оның «Қырық жыл бұрын» атты көлемді мақаласы [68] жарық

көреді. Верный қаласында кеңес өкіметінің орнауына 40 жыл толуына орайластырып жазған бұл мақалада Сүлеймен Жүсіпбеков отарлық кезеңде орыс отаршылары мен жергілікті ауқатты казактардың тірегіне айналған Верный қаласының тарихына қысқаша шолу жасап, кеңес дәуірінде оның гүлденген заманауи қалаға айналғанын қызықты мәліметтердің негізінде жан-жақты баяндап берді. Осы мерекелі датаға орай С.Жүсіпбеков кафедра бойынша қызметтес болған доцент Т.Әйтиевпен бірге ғылыми-көпшілік сипатта жазып шыққан «Алма-Ата» атты кітабы жарияланады [69].

Бұл жылдары Сүлеймен Жүсіпбеков XX ғасырдың басында Жетісу облысында орын алған революциялық қозғалыста терең із қалдырып, артынан кеңес өкіметінің орнығып нығаюына айтарлықтай үлес Тоқаш Бокин және Ораз Жандосов сынды қазақ зиялыларының өмірі мен қызметтерін зерттеумен, оларды жас ұрпаққа насихаттаумен де айналысты. Осы бағытта Сүлеймен Жүсіпбеков Д.Мергенчинмен біріге отырып Ораз Жандосовтың өмірі мен қызметіне арналған «Семиречинский революционер» атты мақала жазып [70], оны Қазақстандағы таралымы ең үлкен болған «Казахстанская правда» газетінде жариялады. Өкінішке орай, Сүлеймен Жүсіпбековтың «Комиссар Тоқаш Бокин», «Ораз Жандосов», «Большевик П.Виноградов», «Семиреченская социал-демократическая группа» атты көлемді мақалалары [71] жарияланбай қалып, қолжазба күйінде қалып қойған болатын.

С.Жүсіпбеков ауыл шаруашылық институтының «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі ретінде оның жан-жақты дамып отыруына, осы бағытта қызмет еткен республикадағы және бүкіл одақтағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының кафедраларымен тығыз қарым-қатынас орнатуға, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысында қол жеткізген тәжірибемен алмасып отыруға көп көңіл бөлді. 1960 жылы жазғы демалыс уақытында Сүлеймен Жүсіпбеков Қазақ КСР Жоғары және арнайы орта білім министрінің орынбасары М.А. Байтуриннің берген рұқсатын пайдалана отырып, 25 тамыз-15 қыркүйек аралығында Киев қаласында өткізілетін кеңес халқының интернационалды тәрбиесі бойынша жоғары оқу орындары аралық кеңеске қатысу үшін іссапарға аттанады [72]. Кеңестің жұмысына белсене араласқан Сүлеймен Жүсіпбеков Қазақ ауыл шаруашылық және медициналық институттарында гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі мен түрлері бойынша көлемді баяндама жасап, жергілікті мамандардың қол жеткізген табыстарына, осы бағытта туындап отырған қиыншылықтарға жеке тоқталып өтеді. Сүлеймен Жүсіпбеков кеңеске бүкіл одақтан жиналған әріптестермен кездесіп, олармен әр түрлі мәселелер бойынша пікір алысады.

Осы іссапардан қайтып оралған соң, С.Жүсіпбеков өзі басшылық еткен кафедраның жұмысын одан бетер жандандыру ісін қолға алады. 1960-1961 оқу жылында кафедра атқарған жұмыстың басты нәтижелері С.Жүсіпбековтың «Қазақстан коммунисті» журналында жарық көрген «Марксизм-ленинизм кафедрасының жұмыс тәжірибесінен» атты мақалада [73] өз көрінісін табады. Осы мақалада Сүлеймен Жүсіпбеков кафедра қызметкерлері доценттер Т.Әйтиев, А.Асановтың, И.Даниловтың студенттерге Ресей және КСРО тарихы пәні бойынша оқып жүрген дәріс курстарының мазмұнының жан-жақты талдай отырып, жоғары баға берді. С.Жүсіпбеков мақалада институтта білім алып жатқан жастардың арасында философия пәнінің аясында оқытылатын дінтану негіздері мен ғылыми атеизм дәріс курстарына баса назар аудару қажеттігіне жеке тоқталып өтті. Сүлеймен Жүсіпбекұлы ғылыми атеизм курсы бойынша қазақ және орыс бөлімдеріне дәріс оқитын аға оқытушылар С.Жаманқұловтың және Е.Устименконың сабақты өмір тәжірибесімен, халық тұрмысымен байланыстыра отырып оқитындығын үлгі ретінде келтірді. С.Жүсіпбеков мақалада «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының жұмысындағы айтулы жетістіктерді тізбектеп шығумен қатар, әлі де түзетуді қажет ететін кемшілік тұстарын да жасырмай, ашықтан-ашық айтқан болатын. Кемшіліктердің қатарына Сүлеймен Жүсіпбеков кафедра қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмысында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алмайтынын жатқызып, мақаланың соңында оларды түзетуге бар күшін салатындығын мәлімдеді.

1961 жылы 19 маусымда Сүлеймен Жүсіпбеков институттың «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының меңгерушісі қызметіне жарияланған байқауға қатынасуға ерік білдіріп, институт байқау комиссиясының атына өтініш-хат жолдайды [74]. 1961 жылы 29 маусымда институт Ғылыми кеңесінің отырысында С.Жүсіпбеков кафедра меңгерушісі қызметіне бір ауыздан сайланып, оның кандидатурасын бекіту үшін байқау комиссиясы тиісті құжаттарды Қазақ КСР Ауыл шаруашылық министрлігіне жібереді. Үміткерлердің тізімімен мұқият танысып шыққан жоғары басшылық 1961 жылы 23 қарашада Сүлеймен Жүсіпбековты «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындау туралы бұйрық шығарады [75].

Кезекті тағайындаудан соң, С.Жүсіпбеков осы қызметінде үш жылға жуық уақыт бойы жемісті еңбек етіп, институт қабырғасынан білікті мамандарды тәрбиелеп шығару ісіне өзінің зор үлесін қосады. 1963 жылы Сүлеймен Жүсіпбеков «Қазақстан коммунисті» журналында алдымен өзінің «Бейбіт қатар өмір

сүрудің лениндік принципін бұрмалаушылар» [76], артынан доцент Ә.Асановпен біріге отырып, Кеңес Одағы Коммунистік партиясының 60 жылдығына арнап «В.И. Ленин – жаңа тұрпатты партияны құрушы» атты мақаланы [77] жариялайды. Осы мақалада ғалым-тарихшылар В.И. Лениннің XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Коммунистік партияны құруға бағытталған қызметін жан-жақты баяндап, оның еңбегін ашып көрсетті. 1964 жылы Сүлеймен Жүсіпбеков доцент М.Трушпен қосалқы авторлықта В.И. Ленин шығармаларының 55 томдық толық жинағының басылып шығарылуының аяқталуына орайластырып мақала [78] жариялайды. Аталған мақалада екі ғалым көпшіліктің назарын баспадан шығуға даярланып отырған Ленин шығармаларының мазмұны мен құрылысына аударып отырып, оған бұрын белгісіз болып келген тың құжаттар мен жеке хаттардың енгендігіне жеке тоқталып, жан-жақты талдау жүргізеді.

Арада он жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан С.Жүсіпбеков өзінің туған білім ордасы болған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына қайтып оралудың сәтін іздестіріп, барынша ұмтылды. ҚазПИ-де қызмет етуді өзінің түлек ретіндегі парызы, педагог ретіндегі арманы деп есептеген Сүлеймен Жүсіпбеков 1964 жылы 22 мамырда Қазақ КСР-нің Жоғары және арнайы орта білім министрлігінің атына арнайы хат жолдап, онда оны Алматы қаласында орналасқан жоғары оқу орындарының біріне қызметке ауыстыру туралы өтініш білдіреді. Сол уақытта ауыл шаруашылық институты ректорының міндетін атқарушы И.Қ. Қыпшақбаев ұзақ жылдар бойы жемісті еңбегімен көзге түскен С.Жүсіпбеков сынды бағалы қызметкер мен қабілетті ұйымдастырушыдан қол үзгісі келмеді. Алайда И.Қ. Қыпшақбаев Сүлеймен Жүсіпбековтың өтінішін қабыл алған министрліктің шешіміне бағына отырып, оны 1964 жылы 23 маусымда «Марксизм-ленинизм негіздері» кафедрасының меңгерушісі қызметінен босату туралы бұйрыққа қол қояды [79]. ҚазПИ-дің КОКП тарихы кафедрасының доценті қызметіне орналасуға ниетті болған Сүлеймен Жүсіпбековке Қазақ ауыл шаруашылық институтының ректоры Хайдар Арыстанбеков төмендегідей мінездеме берген: «С.Жүсіпбеков Қазақ ауыл шаруашылық институтында жұмыс істеген жылдары өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарды. Педагогикалық қызметпен қатар, тұрақты түрде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. С.Жүсіпбеков қалалық партия және кеңес ұйымдарының жұмысына белсене араласып, бірнеше рет Фрунзе аудандық және Алматы қалалық партия комитеттерінің мүшесі ретінде әрі қалалық Кеңестің депутаты болып сайланды. С.Жүсіпбеков ұжымның мәжілістерінде жиі баяндамалар жасай отырып, институттың қоғамдық өміріне қатынасады. Сегіз жыл бойы ол институт партиялық бюросының мүшесі болып, соның 6 жылында партбюро хатшысының міндетін атқарды» [80].

1964 жылы 3 маусымда педагогикалық институттың КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі доцент Ж.Амантаев сол уақытта ректор қызметін атқарған С.Толыбековқа хат жолдап, онда ағымдағы жылдың 20 маусымынан бастап Сүлеймен Жүсіпбековты кафедраның штатына алу мүмкіндігі бар екендігін, сондай-ақ оны келе жатқан 1964-1965 оқу жылында әдебиет факультетінің сырттай бөлімі бойынша 120 сағат көлемінде педагогикалық жүктемемен қамтамасыз ететіндігін хабарлады [81]. 1964 жылы 24 маусымда ҚазПИ-дің ректоры С.Толыбеков Сүлеймен Жүсіпбековты 8 шілдеден бастап «КОКП тарихы» кафедрасына доцент қызметіне алу туралы бұйрық шығарады [82]. Осылайша, Сүлеймен Жүсіпбекұлы 1964-1965 оқу жылында бір уақытта екі жоғары оқу орнында, дәлірек айтқанда Қазақ педагогикалық және медициналық институттарының КОКП және КСРО тарихы кафедраларында доцент қызметін атқарып, студенттерге дәріс оқумен айналысады.

Алайда, бұл жолы да Сүлеймен Жүсіпбековтың туған ҚазПИ-дегі қызметі ұзаққа созыла қоймады. 1965 жылы қазан айында Қазақ медициналық институты «КСРО тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметіне сайланып, министрлік тарапынан оның кандидатурасы ресми түрде бекітілуіне байланысты С. Жүсіпбекұлы Қазақ педагогикалық институтының ректоры Серғали Толыбековтен 22 қазаннан бастап «КОКП тарихы» кафедрасының доценті қызметінен босатуды өтінеді [83]. Осылайша, қызмет бабымен өзінің кезекті тағайындалуына қол жеткізген С.Жүсіпбекұлы Қазақ педагогикалық институтындағы жұмысын біржолата тоқтатып, толығымен медициналық институтқа қызметке ауысады. Қазіргі уақытта Сүлеймен Жүсіпбековтың өмірі мен қызметіне қатысты зерттеушілердің қолында бар мұрағат құжаттары оны мұндай айтарлықтай өзгерістерге итермелеген төмендегідей маңызды себептерге көңіл аударуға негіз береді: 1) бұл уақытта С.Жүсіпбеков өзінің докторлық диссертациясын даярлау ісін қолға алып, белсенді ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты; 2) кезінде отбасы жағдайына байланысты бір уақытта екі жерде қызмет етуге мәжбүр болған С.Жүсіпбеков докторлық диссертацияны және өзге де ғылыми еңбектерді аяқтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысына тиісті назар аударып алмайтындығын айқын түсініп, өзінің бар күш-жігерін тек медициналық институттағы педагогикалық және меңгерушілік қызметке жұмылдыруға саналы түрде шешім қабылдады.

С.Жүсіпбеков Алматы мемлекеттік медициналық институтының «КСРО тарихы» кафедрасының

менгерушісі ретінде он жылдан астам уақыт бойы жемісті еңбек етіп, осы қызметке қатарынан екі рет сайланды [84]. Осы жылдары С.Жүсіпбеков медицина университетінде педагогикалық қызметпен айналыса отырып, сүбелі ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. 1967 жылы Сүлеймен Жүсіпбеков доцент Михаил Трушпен қосалқы авторлықта В.И. Ленин шығармаларының толық жинағының жарық көруіне орайластырып, «Великое наследие (новые документы Полного собрания сочинений В.И. Ленина)» атты көлемді кітапты [85] жариялайды. Бұл кітапта екі ғалым өзінің басты назарын В.И. Лениннің он томдық хат алмасуларының ауқымды материалына аударып, «В.И. Лениннің кезекші хатшыларының күнделіктеріне» жан-жақты сипаттама берді. Бұл еңбектің жариялануы республиканың қоғамдық және рухани-мәдени өмірінде айтулы оқиғалардың қатарына кіріп, оқу құралы ретінде В.И. Лениннің бай тарихи мұрасын зерттеуге ерік танытқандарға өзінің үлкен көмегін тигізді.

1970 жылы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Білім» қоғамы [86] республикада түрлі ғылыми және мәдени шараларды өткізу ісін өз қолына алып, жоғары оқу орындарында марксизм-ленинизм негіздерін оқытуда, лениндік идеяларды таратуға ат салысып, айтарлықтай еңбегімен танылған білім және ғылым, өнер мен мәдениет салаларының қызметкерлерін алғыс грамоталарымен марапаттайды. Бұл белді қайраткерлердің қатарына Сүлеймен Жүсіпбеков та кіріп, «Білім» қоғамы оны жұмысшылар арасында саяси және ғылыми білімдерді насихаттауға белсене қатынасқаны үшін алғыс грамотасымен марапаттаған болатын [87]. В.И. Лениннің 100 жылдық мерейтойына орайластырып, С.Жүсіпбеков баспасөз беттерінде «163 впервые публикуемые писем В.И. Ленина», «Бессмертные идеи В.И. Ленина», «О ленинских методах руководства хозяйством», «Ленинская теория социалистической революции – научная основа учения о мирном существовании», «Единство внутренней и внешней политики КПСС» атты мақалаларды жариялайды [88].

1971 жылы Сүлеймен Жүсіпбеков өзі менгерушілік еткен кафедра бойынша қызметтесі мен ғылымдағы пікірлесі болған Михаил Трушпен бірлесе отырып, «Идеи борьбы за мир в наследии Ленина» атты көлемді ғылыми еңбекті [89] жариялайды. Кітапта тарихи тұрғыдан алғанда отандық тарихнамада алғаш рет Лениннің бейбітшілік және екі әлеуметтік жүйенің бейбіт жағдайда өмір сүруі үшін жүргізген күресінің басты кезеңдері, оның адамзат тарихындағы тұңғыш социалистік мемлекеттің сыртқы саясатын басқару ісіне қатысты теориялық ережелері мен мәселелері баяндалды. Еңбекті жазу барысында С.Жүсіпбеков және М. Труш В.И. Лениннің шығармаларын, кеңес сыртқы саясатының даму тарихынан көрініс беретін құжаттар мен мұрағат материалдары, Лениннің жақын-туыстары мен серіктестерінің, әр түрлі уақытта онымен қызметтес болған мемлекет қайраткерлерінің, дипломаттардың естеліктерін кеңінен пайдаланды.

1973 жылы С.Жүсіпбеков өзінің «1917-1920 жылдардағы Қазақстан жұмысшыларының кеңес өкіметі үшін күресі» атты докторлық диссертациясын қорғап, келесі жылы медициналық институттың КСРО тарихы кафедрасына менгерушісі болып қайтадан сайланады. Бұл уақытта жоғары білім мен ғылым саласында 40 жылдан астам қызмет етіп, өзекті мәселелер бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізген Сүлеймен Жүсіпбекұлының осыған дейін жариялаған ғылыми еңбектерінің жалпы көлемі 360 баспа табаққа жақындап қалған болатын. Осыған қарамастан, бізге белгісіз себептермен оның докторлық диссертациясы бекімей қалды.

С. Жүсіпбековтің баспасөз беттерінде жарық көрген ғылыми және көпшілік сипатта жазылған мақалалары қалың жұртшылық арасында үлкен сұранысқа ие болды. Жетісу өлкесінің және Алматы қаласының тарихына қызығушылық танытқан жастар ғалымның ғылыми еңбектерін кітапханалардан іздестіріп тауып, үзбей оқыды. 1970-ші жылдары республиканың алдыңғы қатарлы орыс тілді мерзімді басылымдары болып саналған «Казахстанская правда» газетінің, «Кооператор Казахстана» және «Простор» журналдарының редакциялық алқалары Қазақ КСР-нің астанасы – Алматы қаласының тарихымен республика жұртшылығын таныстыру мақсатында Сүлеймен Жүсіпбековтың «Город у снежных гор», «Рожденный сто лет назад», «Семиречье и город Верный», «Столица Семиречья» мақалаларын жариялауға шешім қабылдап, үлкен таралыммен жарыққа шығарды.

1980 жылы 14 қарашада медициналық институттың басшылығы КСРО Жоғарғы және арнайы орта білім министрлігінің 1973 жылы 15 мамырда жарық көрген «Жоғары оқу орындарында профессорлық-оқытушылық құрамның қызметтерін ауыстыру тәртібі туралы» бұйрығына сәйкес Сүлеймен Жүсіпбековты сайлаудың екі мерзімі аяқталуына байланысты кафедра менгерушісі қызметінен босатып, байқау бойынша қайта сайлану құқығын қалдырды [90]. Алайда, жасы келе бастаған С.Жүсіпбеков байқауға қатысуға ерік танытпай, құрметті демалысқа шыққанға дейін осы кафедраның доценті болып үш жылдай қызмет етеді. Нақ осы кезде, медициналық институттың ректоры Қуаныш Маскеев Сүлеймен Жүсіпбековке көпжылдық қажырлы еңбегі мен институттың қоғамдық өміріне белсенді араласқаны үшін алғыс жариялайды [91].

1980 жылы Сүлеймен Жүсіпбековтың ондаған жылдарға созылған ғылыми-зерттеу мен ізденіс жұмыс-

тарының басты нәтижесі ретінде «Город Верный (Верный қаласы)» [92] атты жеке авторлық монографиясы жарық көреді. Бұл еңбегінде Сүлеймен Жүсіпбеков бұрын ғылыми айналымға еңбеген тың мұрағат құжаттарының негізінде әрі бай фактологиялық материалға сүйене отырып, Алматы қаласының 1854-1921 жылдар аралығындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени даму тарихын баяндап берді. Кітаптың соңындағы қорытынды бөлімінде Сүлеймен Жүсіпбеков Алматы қаласының кеңес өкіметі жылдарында қол жеткізген табыстарына жеке тоқталып өтті. С.Жүсіпбеков отандық тарих ғылымында алғашқылардың бірі болып Алматы қаласының тарихы ежелден басталатынын, қаланың негізін жергілікті халықтар қалағанын айтып, оның тарихын кешенді түрде зерттеу ісін қолға алды. Оның 1938-1980 жылдары жарық көрген 70-ке жуық ғылыми еңбегі мен публицистикалық сипаттағы мақалаларының ішінен 6 кітап және 15 мақала нақ осы Алматы қаласының тарихына арналып жазылған болатын.

Сүлеймен Жүсіпбекұлы өмірдегі адал серігі мен зайыбы Райханмен бірге екі қыз бен екі ұл баланы тәрбиелеп өсірді. Жас кезінен бастап ұл-қыздарын адал еңбек етуге, саналы азамат болып өсуге, білім мен ғылымға ұмтылуға баулыды. Тұрақты түрде қауырт жұмыстармен айналысқан Сүлеймен Жүсіпбеков ұл-қыздарына заман талаптарына жауап бере алатын үздік біліммен қамтамасыз етуге ұмтылып, төрт баласының барлығына жоғары білім беріп шықты. Сүлеймен Жүсіпбековтың балалары ішінен тек үлкен қызы Гүлнар ғана әкесінің жолын қууға ерік танытып, тарихшы болуды арман тұтты. Гүлнар Жүсіпбекова 1971 жылы Мәскеу қаласында «Аграрные преобразования в 1917-1930 гг. (На материалах Южного Казахстана)» атты диссертациясын [93] қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Осылайша, 1930 жылы Жуалы ауданының мектебінде бастауыш сыныптардың қарапайым мұғалімі ретінде қызмет жолын бастаған Сүлеймен Жүсіпбеков бойында туы біткен дарыны, еңбекқорлығы мен ерік-жігерінің арқасында кеңес дәуірінде тұңғыш рет Алматы қаласының тарихы ежелден басталатынын тұжырып айтқан және оның тарихы туралы ғылыми еңбек жазған қазақ ғалымы бола білді. Сонымен қатар, С.Жүсіпбеков ұзақ жылдар бойы республиканың алдыңғы қатарлы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық, Қазақ мемлекеттік педагогикалық және Алматы мемлекеттік медициналық институты сынды жоғары оқу орындарында педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. 30 жылға жуық уақыт бойы алдымен ауыл шаруашылық институтының «Марксизм-ленинизм негіздері», артынан медициналық институттың «КСРО тарихы» кафедраларының меңгерушісі қызметін атқарған жылдары Сүлеймен Жүсіпбеков жұмысқа белді ғалымдарды, дарынды жас мамандарды тартып, оларды қазақ халқына аянбай еңбек етуге ынталандырды. Ұлағатты ұстаз әрі дарынды ғалым С.Жүсіпбековтан тәлім алып, қол астында жұмыс жасаған жас мамандардың ішінен артынан кеңес және партия органдарында, жоғарғы білім және ғылым мекемелерінде, халық шаруашылығы мен медицина салаларында қызмет еткен білікті кадрлар, республиканың қала мен елді мекендерінде жасөспірім ұрпаққа білім берумен айналысқан педагогтар өсіп-жетілді.

1983 жылы құрметті демалысқа шыққан С.Жүсіпбеков тәуелсіздік таңы атқан бақытты күндерді көріп барып, 1994 жылы 17 сәуір күні 82 жасқа (шариғат жолымен алғанда 85 жасқа) қараған шағында дүниеден озды.

1. С.Жүсіпбеков кейінгі жылдары өз қолымен толтырған жеке іс парақтарында өзінің туған жылын 1913 жыл немесе 1914 жыл деп көрсеткен. С.Жүсіпбековтың өмірі мен қызметіне қатысты әртүрлі мұрағат қорларынан табылған құжаттардың ішінде уақыты жағынан алғанда ең алғашқыларының біріне жататын әрі өз қолымен толтырылған жеке іс парақ пен өмірбаянында қайраткер туған жылын 1912 жыл деп көрсеткен. Қазіргі уақытта қолда бар мұрағат құжаттары және оны білетін туған-туыстары мен көзін көрген адамдар С.Жүсіпбековтың дүниеге келген нақты уақыты ретінде 1912 жылды көрсетеді.

2. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің мұрағаты (одан ары – ҚазҰМУ мұрағаты). 2-т., 1406-іс, 1, 8 пп.

3. Сырдария ауданының көші-қон істері бойынша басқармасының шенеуніктері жинақтаған материалдар бойынша 1910 жылға қарай Шымкент уезіндегі қазақ болыстарының саны 28-ге тең болды // Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные чинами Сыр-Дарьинского переселенческого района. Сыр-Дарьинская область, Чимкентский уезд. Том II. Выпуск 2-й. – Ташкент: 1910. – 515 с.

4. Адрес-справочник Туркестанского края с иллюстрациями, календарем на 1910 г., картой края и объявлениями. – Ташкент: 1910. – С. 113-114.

5. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 годы). – М.: Академия педагогических наук РСФСР, 1960. – С. 413-414; Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917-1924 гг.). Сборник документов. Т.1. Культурное строительство в Туркестанской АССР в период установления Советской власти и гражданской войны (1917-1920 гг.). – Ташкент: Узбекистан, 1973. – С. 95-96.

6. Шаруа жастар мектебінің оқу бағдарламасына 3 жылдың ішінде келесідей бағыттар бойынша білім беру қарастырылды: ауыл шаруашылығын ұйымдастыру бағыты бойынша – жер шаруашылығы (топырақ, оның құрылымы мен өңдеу техникасы, тыңайту, астық егу техникасы, дән тазарту, ауыспалы егіс, ауыл шаруашылығы-

на зиян келтіретін жәндіктермен күрес және т.б.), бау-бақша, мал шаруашылығы (тұқымды жақсарту, малды дұрыс күту мен асырау), ветеринария, физика, химия, ботаника; қоғамдық-саяси тәрбие беру бағыты бойынша – қысқартылған түрдегі экономикалық география негіздері, тарих, құқық негіздері // Каменев С.А. Советская трудовая школа. – Ростов-на-Дону, 1925.

7. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-т., 1406-іс, 1, 8 пт.

8. Мышко Н.С. Рост образовательного уровня населения Казахстана в период построения социализма (1917-1937 гг.). (Историко-демографическая характеристика). Автореферат ... к.и.н. – Усть-Каменогорск, 1984; Утебадиев Ж.Е. История развития народного образования в Казахстане в годы первой пятилетки (1928-1932 гг.). Автореферат ... к.и.н. – Алма-Ата, 1985.

9. С.Жүсіпбековтың студент жылдары институтта профессорлар – Құдайберген Жұбанов, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендиаров, П.Н. Барышников, доценттер – Телжан Шонанұлы, Сәрсен Аманжолов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Егор Федоров, Мырзағазы Жұлдыбаев, Бәймен Алманов, С.Брайнин сынды республиканың бетке ұстар ұстаздары мен білікті мамандары қызмет етті.

10. 1933-1934 оқу жылында Қазақ педагогикалық институтының педагогика факультетінде келесідей бөлімдер студенттер үшін қызмет етті: экономика, тарихи, тіл мен әдебиет, география, биология, химия, физика, математика, шет тілдер, мектеп педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика, педология, дефентология. Бұл бөлімдер келесі жылдан бастап, яғни 1934 жылы факультеттер болып қайта құрылды // ҚР ОММ. Р-1142. 1-т. 16-іс. 15-15 а.п.

11. 1934 жылдың 1 сәуіріне қарай ҚазПИ «Тарих» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы келесідей болды: профессор С.Асфендиаров (меңгеруші), доцент Б.Алманов, ассистенттер Коваленко мен Момынов, профессор Корбут // ҚР ОММ. Р-1142-қ. 1-т. 16-іс. 19 п.

12. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). Р-1142-қ. 1-т. 19-іс. 158 п.

13. ҚР ОММ. Р-1142-қ. 1-т. 19-іс. 108 п.

14. ҚР ОММ. Р-1142-қ. 1-т. 22-іс. 132-132 а.п.

15. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 9 п.; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мұрағаты (ҚазҰПУ мұрағаты). ЛС (Личный состав – Жеке құрам)-т. 787-іс. 20-20 а.п.; Қазақ ұлттық аграрлық университетінің мұрағаты (ҚазҰАУ мұрағаты). 11-т. 872-іс. 3-3 а.п.

16. 1930-шы жылдардың ортасында ҚазПИ-дің аспирантурасы келесідей мамандықтар мен кафедралар бойынша ғылыми кадрларды даярлау ісін жүзеге асырды: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, КСРО тарихы, жалпы тарих және педагогика // ҚР ОММ. Р-1142-қ. 1-т. 31-іс. 11-12 пп.

17. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚРПМ). 139-қ. 1-т. 460-іс. 4 п.; Коммунистическая партия Казахстана. Летопись событий. Часть вторая. 1917-1927 гг. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – С. 217.

18. Институт истории партии при ЦК КП Казахстана. – Алма-Ата, 1973. – С. 21.

19. Тулепбаев Б.А., Янулов В.К. Историческая наука в Казахстане в 1935-1946 годах // Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана (историография: опыт и проблемы). Под редакцией Козыбаева М.К. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 217-219.

20. Джусупбеков С. Социалистическая Алма-Ата. – 1938. – 10 февраля. – №33 (525).

21. Джусупбеков С., Кузнецова О. Двадцать лет назад (К 25-летию Советской власти в Алма-Ате) // Казахстанская правда. 1938. – 61 (3138). – 16 марта.

22. Джусупбеков С., Кузнецова О. Из прошлого Алма-Аты: (Основание Алма-Ата 1854 г. Описание города до революции) // Казахстанская правда. – 1939. – №38 (3417). – 16 февраль

23. Джусупбеков С. Революционные традиции: [г. Верного] // Казахстанская правда. – 1939. – 24 октября. – №245 (3624).

24. Джусупбеков С., Ахинжанов М. Восстание казахов под руководством Исатая и Махамбета // Ленинская смена. – 1939. – 10 ноября.

25. Джусупбеков С. Из прошлого Казахстана // Правда Южного Казахстана, 1939. – 5 декабря. – №278 (2481).

26. Жүсіпбеков С. Советтік Қазақстанның құрылуы тарихынан // Социалистік Қазақстан. – 1940. – 1 июнь. – №123 (5429).

27. Жүсіпбеков С. Қазақтың Автономиялы Советтік социалистік республикасының құрылуы // Қазақстан коммунисті. – 1940.

28. Джусупбеков С. Печать Советского Казахстана // Казахстанская правда. – 1940. – 5 мая.; Джусупбеков С., Кац Д. Печать Советского Казахстана // Большевик Казахстана. – 1940. – № 5. – С. 27-35.

29. Джусупбеков С., Кузнецова О. Алма-Ата – столица Казахской Советской Социалистической республики. Под общей редакцией Д. Кулитова и Н. Тимофеева. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1939. – 55 с.

30. Джусупбеков С., Кузнецова О. Алма-Ата – столица Казахской Советской Социалистической республики. Под общей редакцией Кулитова Д. и Тимофеева Н. (2-е переработанное издание). – Алма-Ата: Казгосполитиздат, 1939. – 44 с.

31. Джусупбеков С. Культура Советского Казахстана // 20 лет Казахской ССР. Под общей редакцией Баженика Я. – Алма-Ата: Казгосполитиздат, 1940. – С. 192-216.

32. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 10-12 пп.

33. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 томах. Том 4. Победа Великой Октябрьской социалистической революции и строительство социализма. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. – С. 572-573.

34. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 5-5 а.п.; 1406-іс. 1-1 а.п.

35. Великая Отечественная война 1941-1945: энциклопедия. – Гл. ред. Козлов М.М. Редколлегия: Барабаш Ю.Я., Жилин П.А. (зам. гл. ред.), Канатов В.И. (отв. секретарь) и др. – М.: Советская энциклопедия, 1985. – С. 801-803.
36. Россия и СССР в войнах XX века: Статистическое исследование. Под общей редакцией кандидата военных наук, профессора АВН генерал-полковника Г.Ф. Кривошеева. – Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2001. – С. 273-274.
37. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 1406-іс. 1 а.п.; ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 13 п.
38. Жүсіпбеков С. Қазақ халқы Ұлы Отан соғысының белсенді қатынасушысы // Социалистік құрылыс. – 1941. – 11 декабрь. – №293 (2495).
39. Джусупбеков С. Казахский народ – активный участник Великой Отечественной войны (на фронте и в тылу) // Прикаспийская коммуна. – 1941. – 12 декабря. – №295 (2490).
40. Жүсіпбеков С., Т. Малаев. Соғыс күндеріндегі театрдың міндеті // Социалистік құрылыс. – 1942. – 13 январь. – №10 (2524).
41. Джусупбеков С. 10 дней у бойцов, командиров, политработников в энской части // Прикаспийская коммуна. – 1942. – 5 июня.
42. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 8 а.п.
43. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 12-12 а.п.
44. ҚРПМ. 412-қ. 29-т. 66-іс. 17-19. 26 пп.
45. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 8 а.п.; ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 5-6 пп.
46. Алма-Ата в период октября и в годы гражданской войны (1917-1920 гг.): Летопись событий / Под общей редакцией С.Джусупбекова. – Алма-Ата: Казахское объединенное государственное издательство, 1949. – 412 с.
47. Джусупбеков С. О внесении изменений и дополнений в текст конституции (основного закона) Казахской ССР // Казахстанская правда. – 1948. – 17 марта.
48. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. – Алматы, 1962. – С. 293.
49. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 1406-іс. 1-1 а.п.
50. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 1 п.
51. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 13, 17 пп.
52. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 10-12 пп.
53. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 22 п.
54. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 18-21 пп.
55. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 23 п.
56. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 6 п.
57. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 24 п.
58. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 28 п.
59. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 27 п.
60. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 30 п.; ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 10-10 а.п.
61. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 33 п.
62. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 34-35 пп.
63. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 39 п.
64. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 40, 44 пп.
65. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 1406-іс. 3 п.
66. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 1406-іс. 4 п.
67. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 1406-іс. 6 п.
68. Жүсіпбеков С. Қырық жыл бұрын // Қазақстан коммунисті. – 1958. – № 3. – 16-24 б.
69. Джусупбеков С., Т. Айтиев. Алма-Ата. – Алма-Ата, 1958. – 55 с.
70. Джусупбеков С., Мергенчин Д. Ураз Джандосов – Семиреченский революционер // Казахстанская правда. – 1959. – 14 ноября.
71. Сүлеймен Жүсіпбековтың өз қолымен жазған бұл көлемді мақалалардың жалпы көлемі 208 бетке тең келді.
72. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 49 п.
73. Жүсіпбеков С. Марксизм-ленинизм кафедрасының жұмыс тәжірибесінен // Қазақстан коммунисті. – 1961. – № 7. – 21-25 бб.
74. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 53 п.
75. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 61 п.
76. Жүсіпбеков С. Бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік принципіні бұрмалаушылар // Қазақстан коммунисті. – 1963. – № 5. – 26-30-бб.
77. С. Жүсіпбеков, Ә. Асанов, В.И. Ленин – жаңа тұрпатты партияны құрушы (**КПСС-тің** 60 жылдығына) // Қазақстан коммунисті. – 1963. – №6. – 34-39 бб.
78. Жүсіпбеков С., М. Труш. Лениндік идеялардың асыл қазынасы / Қазақстан коммунисті. – 1964. - №5. - 20-24 бб.
79. ҚазҰАУ мұрағаты. 11-т. 872-іс. 66 п.
80. ҚазҰПУ мұрағаты. ЛС-т. 787-іс. 23-24 пп.
81. ҚазҰПУ мұрағаты. ЛС-т. 787-іс. 16 п.
82. ҚазҰПУ мұрағаты. ЛС-т. 787-іс. 15 п.
83. ҚазҰПУ мұрағаты. ЛС-т. 787-іс. 2 п.

84. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 2-3, 13-17 пп.

85. Труш М., Джусупбеков С. *Великое наследие (новые документы Полного собрания сочинений В.И. Ленина)*. – Алматы: Издательство «Казахстан», 1967. – 238 с.

86. 1947 жылы Қазақ КСР-нің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, белді ғалымдары мен зиялы қауым өкілдерінің ерік танытуымен саяси және ғылыми білімдерді таратуды мақсат етіп қойған «Білім» қоғамы құрылды. 1948 жылдың басында Қазақстанның барлық ірі қалаларында оның жергілікті бөлімдері мен филиалдары қызмет ете бастады // *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)*. В 5 томах. Том 5. *Завершение построения социалистического общества. Развитой социализм*. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1980. – С. 317-318

87. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 6 а.п.

88. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 8 п.

89. Труш М., Джусупбеков С. *Идеи борьбы за мир в наследии Ленина*. – Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 320 с.

90. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 18 п.

91. ҚазҰМУ мұрағаты. 2-Л-т. 51-іс. 19-20 пп.

92. Джусупбеков С. *Город Верный (Страницы истории)*. – Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1980. – 215 с.

93. Джусупбекова Г.С. *Аграрные преобразования в 1917-1930 годах. (На материалах Южного Казахстана)*. Автореферат ... к.и.н. – Москва, 1971.

Резюме

В данной статье авторы основываясь на новых, ранее не опубликованных архивных материалах рассматривают жизнь и деятельность общественно-государственного деятеля, историка и педагога Сулеймена Джусупбекова. К сожалению, жизнь и деятельность С.Джусупбекова, одного из основателей изучения истории Семиречья и г. Верного (ныне Алматы) в отечественной исторической науке, долгие годы оставалась неизвестной для широкой общественности. В этой статье сделана первая попытка вернуть имя славного сына казахского народа, хронологически освещены важнейшие этапы жизни и научной деятельности С.Джусупбекова.

Summary

In given article authors being based on the new, earlier not published archival materials consider life and activity socially-statesman, the historian and teacher Suleimen Dzhusupbekov. Unfortunately, S.Dzhusupbekov's life and activity, one of founders of studying of history of Jetysu and Vernyi (nowadays Almaty) in a domestic historical science, many long years remained the unknown person for the wide public. In this article the first attempt to return a name of the nice son of the Kazakh people is made, the major stages of S.Dzhusupbekov's life and scientific activity are chronologically shined.

ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

АРАБ ХАЛИФАТЫНДАҒЫ ТҮРІК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

З.С. Ильясова – т.ғ.к., доцент, Шығыстану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басынан бастап, Ислам дінін қабылдаған түркі және парсы халықтарының белсенділігі бірінші орынға шығып, кейінгі ислам тарихында олардың рөлі үлкен мәнге ие бола бастайды. Солардың ішінде, әсіресе түркі халқының орны ерекше. Түркі халқы Ислам дінін қабылдауының нәтижесінде Исламның жан-жақты дамуына атсалысып, ғасырлар бойына біте қайнасса да, өзінің түркі атауын әрқашан биік ұстаған. Араб халифатында түркі әскери жасақтарының құрылуы және олардың қызметі туралы зерттеулер қазіргі таңда тарих ғылымында қызығушылық тудырады.

Түркі халқының арасынан, ислам тарихының ортағасырлық кезеңінде әлемдік аты бар алдыңғы қатарлы ғалымдар, тарихи тұлғалар мен батырлар өте көп шыққан. Олар: әл-Мансұрдың (754-775) әскербасы Хаммад ат-Түрік (Бағдад қаласын құрылысында маңызды рөл атқарған), әл-Махдиде (775-785) қызмет еткен Мұбарак ат-Түрки, философ, ғалым Әбу Наср әл-Фараби, сопы Ахмет Ясауи, сұлтан Ахмад Ибн Тулун, тарихшы Ибн Тағри-берди, сұлтан Рукн Ад-Дин аз-Захир Байбарыс, сұлтан Сайф Ад-Дин Қалауын, сұлтан Ан-Наср Мухаммад Ибн Қалауын және т.б. [1, 23 б.]

Омейяд халифалар үкіметі құлаған соң араб мемлекетінің тізгінін аббастықтар (Аббас-Мухаммадтың нағашысы) әулеті алады. Олар үкімет басына ирандық дихандар көмегі арқылы келеді. 749-754 жылға дейін Аббасидтер халифатының негізін салушы, бірінші халифасы Әбу-л-Аббас таққа отырды. 1258 жылға дейін билік құрған аббасидтер әулетінің негізін қалап, жаңа халифаттың астанасы Бағдад қаласы болады. Осы аббасидтер тұсында Араб мемлекеті өзінің шырқау шегіне жетті. Араб мемлекетінің гүлденуіне зор еңбек сіңірген халифалар: әл-Мансур (754-755), Харун-ар-Рашид (786-809), әл-Мақмун (813-833), әл-Муқатасим (833-842), әл-Муқатадид (892-902) болды. Әл-Муқатадидтен кейін халифаттың құлдырауы басталады.

Аббасидтер билігінің алғашқы кезінде олардың әскерлері негізінен хорасандықтар мен ирандықтардан тұрған және оларды Дамаскідегі омейядтарға қарсы көтерістерде қолдап отырған. Ол әскерлер араб әулетінің жағында болып, Иранға қызмет ету өздерінің міндеті деп есептеді. Бірақ, 820 жылдан бастап халифалардың ірі вассалдары тахиридтер толығымен тәуелсіз болып Иранның дербестігін қамтамасыз етіп, қайта өркендеуіне жағдай жасады. Сондықтан да, жат жерліктерден әскер жасақтау өте қажет болды. Арабтардың түріктермен ең ертедегі байланысы ұлы жаулап алу дәуіріне дейін болғандығы туралы деректер бар. Бұл туралы ортағасырлық араб тарихшысы ат-Табари (IX ғ.), «терезе соғысы» қарсаңында Мұхаммед пайғамбар демалыпты-мыс дейтін әлдебір түрік шатырын еске алады. [2, 21 б.]. 674 жылы Басраның билеушісі Бұхарада тұтқынға алынғандардан төрт мың шебер түрік садақшыларынан мықты жасақ құрған. Олардың әскери сапасы бағаланып, арабтар оларды пайлануды шешеді [3].

Түріктердің жоғары жауынгерлік қасиеттері туралы жазған әл-Жахиз былай сипаттайды «Ол (түрік) ат үстіне екпіндеп шауып келе жатып алға және артқа, оңға және солға, жоғары және төмен ата береді. Хариджит (араб) бір оғын жақтың кірісіне салғанша, ол он оқ атып үлгіреді. Түріктердің төрт көзі бар, екеуі мандайында, екеуі желкесінде» [4, 138 б.].

Аббас әулетінен шыққан Бағдат халифасы әл-Муқатасим (833-842) Мауараннахр – Өзеннің ар жағындағы жерлерден – Самарқан, Ферғана, Шаш құл базарларынан әкелген түркілерден арнайы әскери топ құрған алғашқы билеуші саналады. Бірақ әл-Муқатасимнің болашақ түрік гвардиясының негізі әл-Мақмун (813-833) кезінде құрылған. И.М. Фильштинский әл-Мақмун түріктерден арнайы халифа гвардиясын жабдықтағаны және олардың саны төрт мың адамға жеткендігі туралы айтады [5, 89 б.]. Араб тарихшыларының көрсетуі бойынша, Сейхун (Сырдария) өзенінің ар жағындағы жерлерден әкелінген мәмлүктердің саны бірнеше түменге жеткен. Тарихшылар осы орайда Хорезмде атақты құл базарлары болғандығын, оның құл саудасы арқасында байығанын атап өтеді. Халифаттың әскер құрамы араб тайпасының жасақтары мен жалдамалы ғұламдар секілді бірнеше әскер топтарынан тұрған. Ғұламдар деп халифаларға шын берілген қызметі даярлау мақсатымен жас кезінде отанынан жыраққа әкетіліп оқытылып тәрбиеленген, түрлі түркі, славян, зәңгі текті құлдарды атаған. Олар өсе келе халифаларға өз айтқанын істеткен қауіпті үлкен күшке айналған [6, 82 б.].

Араб деректеріндегі келесі бір қолданылатын термин «мамлүк». Мамлүктер жайында алғашқы мағлұматтар VIII ғасырдың аяқ кезінде пайда бола бастады. «Мамлүк» көпшесі «мамалик» араб сөзі, оның мағынасы «егесі, қожайыны бар мүлік немесе құл». Басында тек «ақ құлдарға» қатысты айтылған бұл сөз

нақты тарихи уақиғаларға байланысты уақыты келе терминдік мағынаға ие болып, текті құл-жауынгерлерге қатысты ғана қолданылатын болды. Ортағасырлық ислам кезінде Византия, Венеция және Таяу Шығыстың басқа да елдері мен үлкен қалаларында құл сататын базарлар көп болып, құл саудасы гүлденіп тұрған кезең еді. Бұл құл базарларында әр-түрлі жолдармен түскен құлдардың ішінде, ертеден өзінің атқамінерлік және соғыс өнеріне бейімділігімен әйгілі болған көшпелі түркі халқының жасөспірім балаларының өтімділігі мен бағасы ерекше биік болды. Түркі текті құлдарын көптеп сатып алған Мысыр мен Таяу Шығыс елдерінің билеушілері оларды «мамлук» деген атаумен атап, оларға арнайы ислами тәрбие беріп, соғыс өнеріне жаттықтырып, өздерінің негізгі әскери тірегіне айналдырады [7, 43 б.].

Таңдап алынған жас құлдар – мамлуктер немесе ғұламдар (жасөспірімдер немесе қызметшілер) халифаның сарайында арнайы мектептерде тәрбиеленіп, соң халифаның гвардиясына қабылданып, ол тәжірибелі түрік шабандоздары мен садақшыларымен толықтырылып отырды. Олардың ішінде Хорасанның омеядтық билеушісі Насыр ибн Саййар-Рафи ибн Лайстың жасағында шайқасқандары да бар [5, 89 б.].

Түрік гвардиясы туралы басқа бір зерттеулерде әл-Муқтасим (833-842) анасының тегі түрік болуы түрік гвардиясын құру үшін шешуші мәнге ие болған деген пікірге қосылады, алайда, оның пікірінше, әл-Муқтасимнің билеуіне қанағаттанбаған әскердің басым бөлігі әл-Мамунның ұлы Аббастың халифа болуын қалаған, ал әл-Муқтасимді биліктен тайдырып, орнына Аббасты отырғызбақ болған сәтсіз қастандық орын алған қиын саяси жағдайда жеке басының қауіпсіздігін ойлаған әл-Муқтасим түрік гвардиясының санын күрт арттыру туралы ойға келді [2, 21 б.].

И.М. Фильштинский ғалым және әдебиетші әл-Жахиздің (775-868) түріктер туралы трактатында бүкіл гвардияны, халифа сарайы мен пошта кеңсесін түрік әмірлерінің басқарқандығы туралы жазады. Түрік атты әскер бөлімі Бағдад казармаларында орналастырылып, астанадағы халық тәртіпсіздіктерін басу үшін пайдаланылды және оларға жергілікті жерден үйленуге тыйым салынып, арнайы олар үшін халифаттың шығысынан әйелдер әкелді. Ал, жалдамалы-дейлемдіктерден тұратын жаяу әскерлер шыққан жерлеріне байланысты орналастырылды деген мәліметтер береді [5, 91 б.].

Түрік әскерлерінің жоғарылауы халифат әскерінің негізі болған хорасандықтар мен арабтардың бірте-бірте жойылуына алып келді. Бағдадта түркілер мен тұрғын халық арасында жауылқ етек ала бастайды. Түріктер мен бағдадтықтардың арасындағы дүрдараздық, Бағдадта орналасқан әскерге деген сенімсіздік (сондай-ақ, Тахиридтердің билігінен құтылу үшін) әл-Муқтасимнің (833-842), Самарра жаңа қала тұрғызуына себеп болды және оған өзіне адал түрік гвардияшыларымен орнықты: әл-Муқтасимнің өз сөзіне карағанда, құрлықпен де, сумен де Бағдадқа жете алатын және қажетсіз көтерілістерді басу үшін жаңа астана үшін орын іздеген. Әл-Муқтасим өзінің жаңа елордасында түріктер орналасқан кварталдарды қаланың басқа аудандарынан оқшаулауға тырысты.

Әл-Уасик (842-847) халифа тұсында түрік әскер басшылары халифаттың үлкен облыстарының сардарлары болады. Мәселен, Ашинастың өзі «сарайдың есік алдынан бастап, Батыстағы шеткі округке дейінгі» жерлерге қарады, тағы да бір түрік әскер басшысы Итахқа Хорасан мен Синд берілді [8, 191 б.]. Шындығында, бұл тағайындаулардың барлығы да ерекшеленген әскери басшыларға құрмет көрсетіп, менмендіктерін қанағаттандыру үшін жасалған даңғаздай лауазымдар болатын, себебі, мәселен, Синд бұл уақытта халифаттан мүлдем қол үзіп қалған, ал Хорасанда әл-Мамун кезінен Тахиридтер сардарларының династиясы орныққан.

VIII-IX ғасырларда жаулап алынған жерлерде арабтарға қарсы халық көтерілістері болды. Соның бірі 776 жылы Орта Азиядағы Мары қаласы маңында Хашим ибн Хахим басқарған Муканна көтерілісі. 816 жылы Бабек басқарған Әзербайжанда көтеріліс басталады. Көтеріліс Әзербайжаннан Арменияға соң, Иранға ауысады. 835 жылы әл-Муқтасим халифа Бабекке қарсы Афшиннің басқаруымен өзінің негізгі әскерін жіберіп, 20 жылға созылған көтеріліс аяқталады.

IX ғасырдың бас кезінде араб халифатының бұрынғы саяси бірлігі бұзыла бастады. Мауараннахр халықтарының арабтарға қарсы толассыз күресі мұнда жергілікті феодал аксүйектердің билікті басып алуына қолайлы жағдай туғызды. IX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Хорасан мен Мауараннахрды жергілікті Тахирлер мен Саманилердің әулеті биледі, олар Бағдатқа салық төлеп тұрды, ал басқа жағынан шын мәнінде тәуелсіз болды.

Харун ар-Рашид тұсында бармакидтердің ықпалы күшті болса, әл-Муқтасим халифа тұсында Бағдадта Тахиридтердің ықпалы болды. Тахиридтер әулеті – Шығыс Иранды IX ғ. (821-873 жж.) билеген әулет. Самани әулеті – Орта Азияда үстемдік еткен (819-999 жж.) феодалдық әулет. Саманилердің арғы атасы Саман-Худат, ұлты – тәжік. Балх маңындағы (Солтүстік Ауғанстан) Араб үстемдігіне қарсы Рафи Ибн Лейстің көтерілісін (806-810) басуда көрсеткен көмегі үшін Саманның балалары мен немерелері 819 жылы Мауараннахрдың ең маңызды қалалары мен облыстарына басқарушы болып тағайындалады.

Халифа әл-Мақмун Саманның немересі Нұхқа Самарханды, Ахмедке Ферғананы, Яхияға Шашты берді. Олар алғашқы кезде Хорасан (Ауғанстан) басқарушылары Тахир әулетінің вассалы болды. 873 жылы Тахир әулеті құлағаннан кейін Самани әулеті толық дербестікке ұмтылды [9, 89 б.].

Араб халифасының түркі жауынгерлеріне арқа сүйеуі сол кезде үкімет пен әскер басшылығындағы арабтар мен парсылар арасындағы ашық та жасырын бәсеке себеп болады. Алайда, арабтардың менмендігі мен парсының билік құмарлығынан таза, жастай әкелініп арнайы әскери тәрбиеден өткен түркі мәмлүктердің халифаттың саяси өміріндегі орындары күннен күнге күшейіп, көп ұзамай мемлекетті басқару ісіне араласа бастайды, 861 жылы халифа әл-Мутауаккилдің өлімінен соң халифаттағы билік олардың қолына біржолата көшеді. Абу Шаманың айтуы бойынша «халаифалар олардың қолында тұтқын секілді болатын». Олар оны қажет деп тапса таққа қалдыратын, қажет деп тапса тақтан түсіретін немесе өлтіретін» [10, 44 б.].

Түрік гвардияшыларының қолынан қайтыс болған әл-Мутауаккилдің (847-861) қазасынан кейін, араб деректері бойынша, түріктер мемлекет пен халифтердің тағдырларына араласа бастайды. Олар билік басына өздері қалаған адамдарын отырғызып, мұсылмандармен ақылдаспай, дінді басшылыққа алмай, өздеріне ұнамаған адамдарды биліктен тайдырып отырды. Түркілер туралы мынадай бір қызықты әңгіме бар: «Астрологтан халиф әл-Му'таз қанша жыл өмір сүреді және билік құрады деп сұрағанда, сол жерде тұрған бір адам: «Түріктер қанша қаласа, сонша жыл» деп жауап берген екен». Алайда, көп ұзамай түріктердің өз арасында дүрдараздық пайда болып, оның құрбанына тек халифалар ғана емес, сонымен қатар, түрік әскер басылары да айналады. Шиеленістердің нәтижесінде бір кездері күшті болған Утамыш, Итах, Багир қатігездікпен өлтіріледі [11, 1512 б.].

Л.Н. Гумилев «Түріктер жай ғана пайдаланатын халық болған жоқ. 861 олар халифа әл-Мутауаккилді өлтіреді, соң тоғыз жылдың ішінде онын төрт мұрагерін өлтіргенде Багдад халқы толық немқұрайлы қарады» деп жазады [12, 82 б.]. Л.Н. Гумилевтың келесі бір еңбегінде X ғасырдың басында түрік ғұламдары (Фатимидтер билігі кезінде) үкіметтегі бүкіл билікті қолдарына алып, арабтардың тек қана Египетте емес халифаттың барлық жерінде түріктерге орын беріп, олардан әскери адамнан билеушіге, ақынға, ғалым және саудагерлерге айналғандары туралы мәліметтер береді [13, 234 б.].

Түрік гвардиясының халифалардың қарамағында тыңдағыш қару болулары көпке созылмады. Бұл туралы Әл-Жахиздің (775-868) «Фатх ибн Хаканға түріктердің және бүкіл халифа әскерінің қадыр-қасиеті туралы жолдаудан» қысқа ғана үзінді келтіре кету дұрыс болар еді: «Түріктер кек алуды, өтірік айтуды, екіжүзділікті, өсектеуді, көлгірсуді, әлдекімді мазақтауды, жақындарына менмендік танытуды, жолдастарына қысым көрсетуді білмейді, олар дінбұзарлыққа бой ұрмайды, заңды әртүрлі түсіну себептерінен мүлікте иемденбейді. Олардың кемшіліктері және қиналыстарының себептері – туған елге деген сағыныш, саяхатқа талпыну, барымташылыққа әуестік және өз салт-дәстүрлеріне шын берілгендік... Олардың қашуына, кейін шегінулеріне және жек көрулеріне түрткі болған жайттар бір жерде ұзақ уақыт болулары, өз қабілеттерін туралы бейхабарсыздық, өз бағаларынан беймәлім болу және оларды қолдану және пайдалануда қолайлы сәттерге мән бермеу. Оларды өз сарбаздармен бірдей жағдайға қойғанда (турасын айтқанда: оларды өзге сарбаздар үлгісінде жасады), олар соңғы қатарда және әр түрлі адамдармен бірге болғылары келмеді, қарапайым әскер құрамында болу оларға ұнамады, бұның бәрін өздеріне лайық емес деп, өздеріне не қажет екенін көрсетті, сондай-ақ, қысымға шыдап, бейхабарсыздыққа төзбеу қажеттігін түсінді, саналы түрде оларды құқықтарынан айырмақ болған адамдарға қарағанда, олардың құқықтарын білмейтін адамдарды олар жек көретін. Ал мұндай жағдай орын алған жағдайда адам тағдырынан хабардар, теріс қылықтарға жол бермейтін, пенделік құмарлықтардан таза, басқа елдің алдында екінші елге жақтаспайтын, қайда басқарса да істі біліммен басқаратын, қандай әрекет жасамасын әділеттілікті жақтайтын шыдамды билеушілерінің болғаны дұрыс – сол кезде өзінің жолы болды деп түсінгендер қалады, шындықты таратады, теріс қылықтардан бас тартады, өзі үшін алдына әділет жолын таңдайды, туған елінен бөлінеді, зорлық-зомбылық алдында имаматты таңдайтын, құштарлықтарына қарамастан, саналы күйінде қалады» [14, 28 б.].

Аббасидтер халифаты билігі тұсында тарихта маңызды із қалдырған түрік мұсылман әулетінен шыққан бірқатар мемлекеттерді айтып кетуге болады. Олар: Тулун мемлекеті (868-905 жж.) мен Ихшидидтер (935-969 жж. Египетте), мамлүктер (1250-1517 жж. Египет пен Сирияда), Газнауи мемлекеті (977-1186 жж. Хорасанда), Қарахан мемлекеті (922-1211 жж. Мауреннахр және Шығыс Түркістанда). Бұл мемлекеттердің билеушілері түркілер еді.

Әл-Кинди (IX ғ.) өзінің шығармаларында халифа әл-Му'тасимнің өзінің сенімді адамдарының бірі Қайдар деген түркіге Мысырдағы араб әскер басыларын орнынан түсіріп, сол жерде тәртіп орнатуды жүктейді. Қайдар халифаның бұйрығын бұлжытпай орындап, жиналған бес жүздей адамнан тұратын

топты шашыратып, басшыларын тұтқынға алғанын жазады. Сол кезден бастап Мысырды түркілер билей бастайды.

Мұсылмандар аймағында тоғыз-оғыздарды тұтқын ретінде көрсететін дерек бар, осы тоғыз-оғыздардан тулондар пайда болады, ол Ахмет Тулонның әкесі, 869 жылы қайтыс болған, Египетте Тулунид әулетін құрған. [9, 157 б.]. Тулун Бұқара әмірі 850 жылы Бағдат халифасы Мамунға сыйға тартқан түркі мәмлүктерінің бірі еді. Баласы Ахмад ибн Тулонның 868 жылы Мысырға уәли болып тағайындалуына көмектеседі. Ибн Тулун түркілерді көптеп сатып алып, мемлекетті басқару ісінде соларға арқа сүйейді. Араб тарихшылары Ибн Тулонның әскеріндегі түркі мәмлүктерінің саны 24 мың, зәңгілер 40 мың, ал бастары азат жалдамалы араб әскерлерінің саны 7 мың болған деп көрсетеді [10, 45 б.]. Тулун мемлекетінің ізінше дүниеге келген, 935-969 жылдар арасында билік құрған түркі Ихшидтер әулетінде 8 мың түркі мәмлүк болған екен. Олар сұлтанның жеке күзет қызметін атқарып, ұйықтаған кезде оны әр түні мың мәмлүк күзеткен екен.

Барлық көрсетілген себептердің субъективті сипатқа ие екенін байқау қиын емес және халифа әскерінің жартысын құрайтын бүтіндей гвардия емес, саны шектеулі оққағарлардың болғанын түсінуге болады, және оған көз жеткізу мүмкіндіктеріміз де болмақ. Ағылшын арабтанушысы Х.Гиббтің пікірі бойынша түрік гвардиясы Тахиридтерге қарсылық көрсету үшін құрылды десе, Х.Кеннеди Тахиридтердің анағұрлым ықпалы бар кезеңде аббасид мемлекеті жақсы құрылған механизм ретінде әрекет етті және Хорасаннан қазынаға түсетін пайда да ерекше көп болды дейді [2, 22 б.].

Көріп отырғанымыздай, халифалардың қарамағында жергілікті тұрғындармен ешқандай байланысы жоқ, елде ешбір түп-тамыры жоқ жат жұрттық жауынгерлердің болуы маңызды болған деп есептейтін зерттеушілердің көзқарастары шындыққа жанасады. Мұндай жауынгерлер халифаның жеке өзімен байланыста болып, соған ғана адал болып қала алатын, алайда, бұл жауынгерлер елдің заңымен қорғалатын қандай да бір материалдық мүддеге қол жеткізе салысымен, басшылары үшін сенімді тірек болудан қалатын. Мұндай пікірлерді әл-Муқтасимнің гвардияшыларды жергілікті тұрғындардан оқшаулау үшін қолданған шаралары туралы ал-Йакубидің деректерінен де кездестіруге болады. Тағы бір жағы бар, яғни, алға қойған әскерді оқшаулау мақсатына қол жеткізу үшін жат жұрттықтар мен құлдардың халифа тұсында жоғарғы дәрежеге ие болып, өзге тұрғындардың табыстарынан ерекше жоғары жалақы алуы жергілікті тұрғындар арасында жек көрушілік, жақтырмаушылықтың орын алуы да себеп болды.

Жоғарыда айтылған пікірлердің дұрыстығын мойындай отырып, түрік гвардиясын құрудың басты себептері тереңде жатқанын көруге болады. Мемлекеттік табыстарды бір деңгейде ұстап тұру халифаттың экономикалық саясатының заңға сыйымды тенденциялары болып табылады. Бұл мақсатқа түрлі жолдармен қол жеткізілді, мемлекеттік астықпен алыпсатарлық, *диванға* кіргендердің санын қысқарту, қатардағы шенеуніктер мен әскердің жалақысын қысқарту мақсатындағы түрлі айдалар, алайда, ең басты құрал салық режимін қатандату бойынша түрлі шаралар болатын. Жалпы араб халифатында *диван* – негізгі әкімшілік мекеме болды. Оған кеңсе, қаржы және әскерді басқару бөлімдері қарады. 1) Хат жіберуші кеңсе (*Диван ар-раса* – ил), 2) Әскери кеңсе (*Диван әл-жайш*), 3) Қаржы мекемесі (*Диван әл-мал*).

Сөзсіз салық төлеушілердің наразылығын тудырған бұл шараларды іске асыру үшін жергілікті тұрғындармен ешқандай да байланысы жоқ, олардан мүлдем оқшауланған, кәсіби адамдардан құрылған күшті әскер қажет болды. Түрік гвардиясы бастапқы уақытта бұл талаптардың барлығына да сай келетін. Халифалар өз гвардияшыларының бұл қасиеттерін сақтауға тырысты, оған оларды Самаррада оқшауламақ болған әрекеттері дәлел.

Түрік гвардиясының саны туралы тарихшы әрі географ ал-Йакубидің (IX ғ.) айтуынша, әл-Мақмун билік жасаған уақытта әл-Муқтасим Самарқандтағы Нух ибн Асадқа түрік құлдарын сатып алу үшін өз адамын жіберген, жыл сайын барлық саны шамамен 3 мыңға жетпейінше жылына белгілі бір мөлшерде келіп тұрған. Әл-Муқтасим ел ішінде де құлдарды сатып ала бастаған: осылайша оның қол астына Ашинас, мамлүк Нуқайма ибн Хазима, Итах, Уасиф, Фадл ибн Сахладан сатып алынған Сима ад-Димашки келді.

Әл-Мас'удидің айтуынша, Самарраның құрылысы кезінде әл-Муқтасимнің 4 мың түрік гвардияшылары болған [15, 928], анағұрлым кейінірек жазылған деректерде әл-Муқтасимнің гвардияшыларының саны 70 мыңға дейін жеткен деп жазылған. Әл-Муқтасимнің замандасы ақын Әли ибн Жахма халифаны былай сипаттаған: «Қарамағында жиырма мың түркі бар, садақты жылдам ататын имам» – деп жазады [2, 22 б.].

Деректердегі жазбалардың мұншалықты қарама-қайшы болуы себепті әлі күнге дейін түрік гвардиясының саны туралы нақты дерек жоқ, сондай-ақ, бүкіл аббасид әскерінің саны мен оларға кеткен шығын туралы сұрақтарға нақты жауап беру мүмкін емес. Соңғы жылдары кейбір шығыстанушылар Аббасид

халифатындағы әскер саны 50 мыңға жеткен, ал оларды ұстауға жыл сайын 14 млн. динар қажет болған деген пікірді айтып, қолдап жүр. Олай болса, айына әрбір жауынгерге 23,3 динар қажет болған – осы сомаға жауынгердің керек-жарағының құны кірген күннің өзінде өте жоғары жалақы, білікті қолөнер шеберінің жалақысынан 8 есе көп.

Әскер мен гвардияның жалпы саны туралы хабарламаға қарағанда, олар қашанда нақты бола бермейді, нақты жасақтар мен бөліністердің саны туралы мәліметтер анағұрлым сенімдірек көрінеді. Үлкен әскер басы Уасиф ат-Турки 248 (862) жылы Византия жерінде небәрі 10 мың жауынгермен шайқасқа шыққан. Басқа тағы да бір беделді әскер басы Мұса ибн Бугидің қол астында 2 мың жауынгер болған [12, 1595 б.].

Кейбір зерттеушілер көрсеткендей, жауынгерлерді қамтамасыз ету халифат қазынасының мүмкіндігінен жоғары болатындай, жиырма бес мың жауынгер соншалықты көп емес. Алайда, гвардиядан өзге саны шамамен 20 мыңға жететін басқа да әскерлердің болғанын айта кету керек. Рас, бұл сарбаздардың жалақысы жоғары болмаған, айына орташа 2,4 динар – аттылы сарбазға, 1,2 динар – жаяу сарбазға. Бұдан мұндай әскерді қамтамасыз ету үшін жылына 400 мыңнан аспайтын динар қажет болғанын анықтауға болады, себебі, жаяу сарбаздарға қарағанда аттылы жауынгерлерге аз төлегені сөзсіз [2, 22 б.]. Бұл сан бүкіл халифа әскерін қамтамасыз ету үшін жылына 2 млн. динар қажет деп жазған ат-Табари деректерімен салыстыру үшін аса қажет [12, 1612 б.]. Енді, гвардияшылардың жылдық жалақысын анықтауға болады, ол шамамен 1600 динарға тең және бір гвардияшының орташа жалақысын анықтауға болады – айына 5,3 динар. Бұл нәтиже зерттеушілердің ерекше назарына ілінген түрік гвардияшылары туралы жазған ат-Табаридің кейбір мәліметтеріне сәйкес келеді.

Қорытындылай келе, бірнеше жүзге дейінгі нақтылықпен IX ғасырдың орта тұсында халифа гвардиясында 25 мың жауынгердің болғанын нақты айта аламыз. Гвардияшының ең төменгі жалақысы айына 4 динар болуы мүмкін, ал ең жоғары жалақысы бұдан екі есе көп болған.

Аса танымал әрі сенімді дереккөзге айналған тарихшы Хилал ас-Сабидің (969-1056) «Уәзірлер кітабы» (Китаб әл-узара□) туындысынан күндізгі және айлық жалақы сомасы көрсетілген гвардия бөліністерінің толық тізімін таба аламыз. Онда басты тұжырымдар төмендегідей келтіріледі.

IX ғасырдың соңы — X ғасырдың бас кезінде Аббасидтердің түрік гвардиясы 5 бөлімшеден тұрған, жалпы саны – 20-25 мың жауынгер. Жаяу гвардияшының айлық жалақысы 4 және 7 динар арасында болып, орташа 5 динарды құраған. Аттылы гвардияшы одан екі есе жоғары алған. Бұл гвардияны қамтамасыз ету үшін жылына 1,6 млн. динар қажет болған. Көріп отырғанымыздай, сандар көп өзгертілмеді. Гвардия саны мен оларды қамтамасыз ету үшін шығатын шығын X ғасырдың басына дейінгі халифат пайда болуы кезеңінен өзгермеген. Біздің барлық есеп бірыңғай ақша бірлігінде жүргізілді – тоғызыншы, оныншы ғасырларда қолданыста болған және теориялық салмағы 4,27 г. болған алтын динарлар [2, 22 б.]. X ғасырдың бірінші жартысындағы қаржы дағдарысы арнайы зерттеулерді қажет ететін экономикалық және әлеуметтік себептерден туған мемлекет табысының төмендеуі тенденциясын білдіретін салдар болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда халифаттың әскер құрамы негізі түркі жауынгерлерінен пайда болуы себебі сол тынышсыз дәуірдің сұранысынан туындағандығы. VIII ғасырда араб қолбасшысы Кутайба ибн Муслимнің Түркістанның оңтүстігіндегі жерлерді, арабша Мауаранахрды жаулап алған заманында түркі құлдары мұсылман билеушілерінің сарайларының маңында пайда болғаны және тарихшылардың көрсетуі бойынша түркілер «сенімділігіне, батырлығына, тұрқының әдемілегіне» үлкен сұраныстарға ие болғандығын айта аламыз. Аббасид халифалары кезінде түркілер, өздерінің санының аздығына, құл ретінде әкелгендіктеріне қарамастан мұсылман қоғамындағы маңызды ұлттардың қатарына жататын дәрежеге жетеді. Сондықтан, түркілерден құралған әскерлермен мен түркілерден тұратын әскербасылар халифаттың иерархиясында өздеріне лайық берік орын алды. Халифа оларды араб империясының түрлі ықлымдарындағы тәуелсіздік бағыттағы қозғалыстарды басуда да қолданды. Осыған байланысты олардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлдері артып, олардан уәзірлер, уәлилер және тағы басқа да жоғары лауазым иелері шықты. Халифат ыдырағанда одан бөлініп шыққан әмірліктердің басында негізінен түркілер тұрды және басқа да түркі емес иеліктердегі де әскерлер негізінен түркілерден тұрды.

1. Батыршаұлы Б. Араб деректеріндегі мамлүктердің аттары (есімдері) олардың шығу тегінің дәлелі ретінде // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2000. - №3 (18). – 22-28 бб.

2. Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. – Баку: Элм, 1993. – 204 с.

3. Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. – М.: Рипол, 2009. – 340 с.

4. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақұттың «Муқджем әл-булдан» (XIII ғ.) географиялық жинағы – Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 245 б.

5. Фильшинский И.М. История арабов и халифата (750-1517 гг.). – М.: Восток-Запад, 2006. – 352 с.

6. Дербісалиев Ә. Араб әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1982. – 206 б.

нимать меры не только по овладению рынками сбыта своей промышленной и сельскохозяйственной продукции. Перспективные планы шли намного дальше: удовлетворение насущной потребности в источниках ценного сырья.

Об активности правительства в области среднеазиатской политики свидетельствуют многочисленные законоположения, призванные преодолеть противоречие между потребностями, пользой торговли с ханствами и предполагаемыми выгодами в ней России. Для этого, прежде всего, требовалось:

1. Определить права и преимущества по среднеазиатской торговле в России ее подданных, а также иностранцев;

2. Обеспечить условия для безопасного прохода караванов через казахские степи;

3. Определить права и обязанности русских купцов в среднеазиатских ханствах.

Чтобы определить степень действенности принимавшихся для решения поставленных задач мер, необходимо обратиться к изучению состояния среднеазиатской торговли в исследуемый период.

Официальные источники и документы свидетельствуют, что в незамедлительном решении вопросов, касавшихся улучшения организации среднеазиатской торговли, были заинтересованы как частные предприниматели, так и руководители различных департаментов и ведомств. Отличительной особенностью любого дипломатического решения Российской империи, принятого в исследуемый период в отношении Средней Азии, является сочетание и даже тесное переплетение политических и торговых интересов, имевших целью, прежде всего, создание наиболее благоприятных условий для русско-среднеазиатской торговли.

Так, например, целый ряд правительственных указов, изданных со времени основания Оренбурга, регламентировал, как отмечалось, права и преимущества купцов (как русских, так и среднеазиатских), съезжавшихся на меновой двор для непосредственного участия в выгодных торговых сделках.

Следует отметить, во-первых, что, согласно «Устава по Азиатской торговле», пределы Оренбургского таможенного округа «назначались от города Гурьева до Звериноголовской крепости с включением в его состав:

1. Оренбургской таможи с заставами ее ведомства – Орской, Илецкой, Уральской, Калмыковской и Гурьевской;

2. Троицкой таможи с подведомственной ей Звериноголовской заставой» [3].

Что касается торговли в пределах созданного округа, то «высочайше дарованная» Оренбургу привилегия (7 июня 1734 г.) разрешала розничный и мелочной торг на деньги только жителям города. Подобное ограничение в производстве торговых операций представляется несколько излишним и даже нецелесообразным, поскольку многочисленные сведения по истории Оренбурга обращают внимание, прежде всего, на то, что торговля носила меновой характер, в значительной степени связанный с сезонностью. Некоторое несоответствие данного законоположения складывавшейся на Оренбургском меновом дворе ситуации, вероятно, и побудило тайного советника И.И. Неплюева подготовить представление в Правительствующий Сенат с целью «совершенно применить правила к образу бытия и нравов азиатцев, ходу дел и цели правительства» [4]. Подобная характеристика развивающейся здесь торговли и отношение к ней российского купечества подали идею признать торговлю на меновом дворе ярмарочной, что и было подтверждено впоследствии целым рядом узаконений, а именно: определением Правительствующего Сената от 10 января 1752 г., указами 14 октября того же года, 6 февраля 1780 г., Уставом об Оренбургской торговле 29 ноября 1753 г., Таможенным уставом по Азиатской торговле 30 мая 1807 г. и др. Это означало, что представители всех без исключения сословий и состояний были наделены правом беспрепятственно производить торговлю, как оптовую, так и розничную, на Оренбургском меновом дворе в течение всей ярмарки. Это же право было распространено и на Троицк.

Однако необходимо заметить, что «знатнейшие купцы», каковыми были признаны среднеазиатские торговцы, на меновом дворе занимались, согласно сведениям, полученным от местного начальства, «меновым торгом с киргизцами и им подобными ордынцами». Оптовые же операции осуществлялись ими в большей степени на крупных российских ярмарках – Нижегородской, Ирбитской и Коренной: отправление туда крупных партий товаров иностранцами (в данном случае – азиатцами) было позволено правительственным манифестом, изданным 1 января 1807 г. Примечательна статья 10 документа: «сила сего манифеста в пользу приезжающих торговцев на Европейских послабляется, так что по временам в дополнение имеют издаваться свойственные учреждения. Такое изъятие именно допускается по всей той границе, где действуют особые тарифы, а не общий» [5].

И действительно, ярким подтверждением неизменности курса официальных кругов России на всемерную поддержку так называемой азиатской торговли, производимой через Оренбургскую линию, являлись

все новые и новые положения, издававшиеся Азиатским Комитетом. Например, в целях поощрения торговой деятельности купцам Оренбургской губернии, объявившим капитал по 2-й и 3-й гильдиям, в течение 5 лет было разрешено отправлять свои товары в азиатские области и вывозить их оттуда на основе существующих узаконений (8 августа 1824 г.). Повышению интереса бухарцев, хивинцев и др. к торговле на Оренбургской линии должна была способствовать также и отмена для них гильдейских пошлин.

Как видим, эти и другие меры, принимавшиеся на протяжении всего рассматриваемого периода, призваны были, в первую очередь, облегчить «азиатскую торговлю» созданием режима наибольшего благоприятствования в пределах Оренбургского таможенного округа.

«Регламент торговый» и «Уставы о сборе пошлин» служили своеобразным дополнением к упомянутым постановлениям.

Так, тариф для Оренбургской и Троицкой таможен, изданный в 1777 году, предусматривал уплату пошлин за привозные и отпускные товары исключительно российскими купцами. Пошлина с азиатцев, торговавших в Оренбурге, была оставлена прежней, по 5 копеек с рубля; внутреннюю же, 13-копеечную, должны были платить те купцы из числа русских, которые покупали азиатские товары или привозили их из-за границы. Этим же тарифом запрещался проезд азиатских купцов внутрь России для продажи иностранных товаров; однако при уплате ими сверх названных 18 копеек еще по 10 коп. «проезжей» пошлины с рубля русскими деньгами допускалось исключение. За российские товары, проданные азиатским купцам для отпуска за границу, 13-копеечная пошлина взималась с русских купцов. Беспшлинным для последних было лишь отправление уже купленных ими азиатских изделий как внутрь государства, так и за границу [6].

Такой порядок взывания пошлин, естественно, вызывал крайнее недовольство российского купечества. Однако указание на то, что устав предусматривает освобождение азиатских купцов от уплаты пошлин с целью избавить их от неизбежных (ввиду иностранного подданства) затруднений в пошлинных расчетах, а также притеснений со стороны нижних таможенных чинов, – свидетельствует о приверженности России политике расширения торговых связей со Средней Азией.

Небезынтересно отметить в связи с этим и факт учреждения в 1786 году Государственного Заемного Банка, из которого городам была выделена ссуда в 11 млн. рублей сроком на 22 года. Условия займа были следующие: ежегодный взнос 4% за заем и на уплату капитала 3% под залог в городах каменных домов, фабрик и заводов, застрахованных в Банке. Как отмечалось в манифесте, главным назначением денежной ссуды было «распространение рукоделий, внутреннего торгового обращения, разных промыслов. Не менее же того в подкрепление торгу подданных наших с ... соседними Азиатскими областями» [7]. В документе обращает на себя внимание и положение о том, каким гражданам городские думы могут выдавать ссуды, изучив предварительно состояние местных торговых оборотов и уровень развития ремесленного производства. Как следует из источника, в число таких городских обывателей должно было войти то «благонадежное и добропорядочное» купечество, которое, отличившись своей честностью в торговых делах, отправляло «российские товары в чужие края и доставляло государству нужные для фабрик вещи» [8].

К сожалению, среди большого числа архивных документов, помогающих воссоздать историю развития русско-среднеазиатской торговли на материалах Оренбургского края, нет ни одного, который подтвердил бы получение местным магистратом заемного капитала. Известно, что для удобного распределения сумм все города были разделены на два разряда в соответствии с их положением, нуждами, развитием в них промыслов и т.д.:

1. приморские, пограничные города, торгующие с Китаем, Персией и прочими Азиатскими областями;
2. города, имеющие большое обращение и связь с портами, «пристанные» и удобные для своза всяких российских товаров, а также расположенные вдоль самых больших государственных дорог.

Следует полагать, что Оренбург был отнесен к городам первой категории, предусматривавшей, соответственно, и первоочередной отпуск денежной ссуды. Эта мысль подтверждается таким обстоятельством: вся сумма заемного капитала, по решению Государственного Банка, была разбита на две части, предназначение одной из которых определялось вполне конкретно – «подкрепление российского торгу, с азиатцами производимого» [9].

Все это являлось частью обширной программы правительства в сфере среднеазиатской торговли, и отмеченное отсутствие архивных материалов по этому факту не мешает предположить, что Государственный Заемный Банк выполнил свою задачу, тем более, что отдаленные упоминания об этом мы находим и в некоторых дореволюционных изданиях, содержащих сведения о торговле со Средней Азией [10].

Что же касается действительного состояния последней, то в «Проекте правил о раздаче в ссуду денег

купечеству по городам» особое внимание привлекает стремление России к достижению «надлежащего в привозе и выпуске товаров равновесия» [11].

Установление баланса между привозными среднеазиатскими и отпускными российскими товарами, действительно, представляло собой сложную проблему в торговых отношениях с ханствами.

Купцы, вернувшиеся оттуда по окончании своих торговых дел, генерал-губернаторы, составлявшие официальные записки о русско-среднеазиатской торговле в периоды их правления, неизменно отмечали данное обстоятельство. «Баланс русской торговли с владениями среднеазиатскими до сих пор, как известно, был постоянно на стороне последних, от того, что не мы с ними торгуем, а они приезжали торговать на наши меновые дворы и внутренние рынки» [12], – писал по этому поводу В.Долинский.

Для наглядного подтверждения неудовлетворительного состояния торговли России со Средней Азией обратимся к одному из многих документов – выписке из дел Оренбургской Пограничной таможни о товарах, привезенных бухарцами на меновой двор за период с 1787 по 1796 гг., а также российских товаров, отпущенных за границу в эти же годы [13]:

Годы	На какую сумму вывезено из-за границы бухарских товаров		Напротив того бухарцами на какую сумму вывезено за границу российских и портовых товаров	
	руб.	коп.	руб.	коп.
1787	379.083	94	341.175	54
1788	198.863	19 $\frac{3}{4}$	176.992	69 $\frac{3}{4}$
1789	493.148	36	443.833	56
1790	365.153	22 $\frac{1}{2}$	346.895	57 $\frac{1}{2}$
1791	467.579	20 $\frac{1}{4}$	420.821	29 $\frac{1}{4}$
1792	381.449	11 $\frac{1}{2}$	305.159	29 $\frac{1}{2}$
1793	479.112	30	440.783	34
1794	407.500	11 $\frac{1}{4}$	366.750	10 $\frac{1}{4}$
1795	501.945	-	426.653	25
1796	484.476	65	411.805	13
ИТОГО	4.158.311	10 $\frac{1}{4}$	3.680.869	78 $\frac{1}{4}$

Но особенно разительным контрастом отличался 1800 год, когда бухарских товаров было привезено в Россию на сумму 665.852 руб., а отпущено из Оренбурга за границу российских изделий общей стоимостью 59.059 руб. [14].

Как видно, отдельные колебания в ценах привозных и отпускных товаров не меняют общей картины: тенденция к преобладанию импорта над экспортом во все годы остается неизменной.

Приведенные данные показывают, что пессимистические оценки русской торговли со среднеазиатскими странами, в частности, с Бухарой, действительно имели под собой самые серьезные основания. Именно это обстоятельство побуждало заинтересованные круги – пограничную администрацию, «капитальное» купечество – искать выход из создавшегося положения. Благоприятный результат – преодоление дисбаланса в торговле, приносившей все барыши исключительно среднеазиатским купцам, – мог быть достигнут, по общему мнению, лишь при совместных усилиях представителей торгового сословия и администрации, а также неперенном материальном содействии центра.

Но, как известно, любому административному мероприятию или реформе в области торгово-таможенной политики должно было предшествовать весьма тщательное изучение компетентными лицами современного состояния среднеазиатской торговли. Возникла масса вопросов, требовавших незамедлительного решения с помощью, прежде всего, тех, кто на практике был знаком с торговым делом. Например, необходимость объяснения обстоятельств, влиявших на значительные изменения в ценах, возникла в связи с усилившейся тенденцией так называемого «унижения» российских товаров; если раньше за чугунный котел русский купец мог взять пуд хлопчатой бумаги, то позже, как жаловались торговцы, и 5 котлов не обеспечивали такого обмена [15]. Важно было выяснить размеры действительных потребностей России и среднеазиатских государств в тех или иных товарах, конкретные условия, в которых развивалась торговля, в том числе и политическую обстановку в ханствах, влияние размера пошлины на «движение» привозного и отпускаемого за границу товара. Очень злободневным был вопрос о путях сообщения между Россией и Средней Азией, степени их безопасности и проходимости, а также мерах предотвращения грабежей караванов по пути их следования к пунктам назначения и т.д.

Предметом крайней озабоченности русского купечества, к примеру, были многочисленные привилегии, которыми пользовались среднеазиатцы в России. Оно неоднократно обращалось как к руководству

таможенного округа, так и в вышестоящие органы (в частности, Азиатский комитет) с требованием запретить азиатским купцам проезд во внутренние районы империи. Об отрицательных последствиях «дарования» азиатцам этой льготы вполне определенно высказался Е.К. Мейендорф: «...она сократила розничную торговлю в наших пограничных городах, поставила бухарцев в известность о действительной цене товаров, которые они везут из России, а также помешала русским купцам извлекать, как ранее, большие выгоды при коммерческих сношениях с бухарцами» [16].

Свидетельством того, что это мнение не было частным, и сложившаяся ситуация в действительности на протяжении многих лет была источником серьезной обеспокоенности оренбургского купечества, является записка, составленная флигель-адъютантом Игнатьевым, о причиненном местной торговле ущербе [17]. Этот документ рассматривался на заседании Азиатского комитета с приглашением Оренбургского военного губернатора генерал-адъютанта П.П. Сухтелена, выразившего свое суждение по этому вопросу на основе анализа точнейших сведений. Признание того, что покровительство по отношению к тем или иным представителям торгового сословия неминуемо наносит вред другой его части, не помешало, однако, губернатору прийти к следующему заключению: «...если (русским) даровать все требуемые ими преимущества, то полезная оборотистость азиатцев, будучи стеснена, произведет неблагоприятные последствия в отношении богатства и хода караванов. Равно несправедливо было бы и вовсе отказывать в даровании каких-либо преимуществ Оренбургскому краю» [18].

Ответ примечателен: никакие проблемы, возникшие в связи с наделением азиатцев названной льготой, не могут затмить всех тех выгод, которые обещает дальнейшее развитие и расширение торговых связей со Средней Азией.

И действительно, практика подтверждала, что только этот регион мог обеспечить на ближайшее будущее сбыт российских изделий, все больше и больше уступавших свои позиции по качеству изготовления западноевропейским товарам. На фоне таких неопровержимых сведений, которыми изобилуют исторические исследования многих дореволюционных авторов, представляется крайне тенденциозным мнение Ю.А. Гагемейстера: то значение, которое придают торговым отношениям России со Средней Азией, не соответствует реальному положению дел. Рост товарооборота с ханствами не способен повлиять на уровень развития российского фабричного производства. Наоборот, прекращение торговых связей не нанесло бы ему ощутимого урона. Отсюда следует, что русско-среднеазиатской торговле навсегда суждено остаться незначительной. Иначе говоря, Ю.А. Гагемейстер пытается убедить читателя в том, что «Хива, Бухара и Коканд в торговом отношении несравненно больше зависят от России, чем Россия от них» [19].

Правительство не могло и не должно было руководствоваться подобными взглядами на торговую политику в среднеазиатском регионе, доказательством чему является решение Азиатского комитета оставить просьбу оренбургского купечества без удовлетворения.

Данное решение было продиктовано целым рядом обстоятельств, которыми в создавшейся ситуации ни в коем случае нельзя было пренебрегать:

– ущемление в правах азиатцев могло неблагоприятно сказаться на развитии товарообмена с ханствами, причиной чему было отмечавшееся ранее незначительное число «капитальных» купцов в Оренбурге и на линии. Вследствие этого возникла опасность монопольного влияния на торговлю нескольких лиц, имевших возможность закупать азиатские товары и заботившихся лишь о собственных выгодах;

– это, в свою очередь, могло обернуться неблагоприятными последствиями и для владельцев российских мануфактур, заинтересованных, естественно, в возможно более широком сбыте своих изделий, в то время как несколько монополистов могли ограничить их реализацию в прямом соответствии со своими потребностями, отнимая при этом у первых возможность установить непосредственные контакты с азиатскими купцами – оптовиками;

– малое число первогильдейского купечества в Оренбурге, наделенного правом вести заграничный торг, а также опасность путей и риск, неизменно сопровождавший торговлю русских купцов в ханствах (что, кстати, заставляло их приостанавливать на время непосредственное участие в ней, доверяя это занятие посредникам из числа татар и казахов) делали бы невозможным распространение в Средней Азии большого количества российских товаров. При сложившихся условиях это могли сделать лишь азиатские купцы, из года в год приезжавшие не только в Оренбург, но и в другие крупные торговые центры России;

– и, наконец, еще один веский аргумент в пользу того, чтобы оставить в силе названную привилегию, сводится к следующему: требуемое русскими купцами стеснение азиатцев непременно повлечет за собой принятие ответных мер со стороны правителей среднеазиатских ханств, ухудшит их отношение к российскому купечеству, что неблагоприятно повлияет не только на торговлю, но и осложнит политические отношения со Средней Азией.

Как видим, царское правительство в своем стремлении всячески заинтересовать оборотистых азиат-

ских купцов в широком товарообмене с Оренбургом, не нашло возможным признать доводы русских торговцев убедительными. Однако их полное игнорирование также не обещало успеха. Важно было, не вступая с ними в противоречие, подать повод к тому, чтобы принимавшиеся в отношении среднеазиатской торговли меры расценивались ими как выгодные для обеих сторон. Надо полагать, что именно желание поддержать и даже поощрить местное купечество в деле «распространения торговли» с ханствами и обусловило принятие в 1824 г. указа о «дозволении купцам Оренбургской губернии 2-й и 3-й гильдий пользоваться правом заграничного торга в продолжении 5 лет» (позже этот срок был продлен до 01.01. 1842 г.) [20]. Кроме того, было отменено действие указа 1807 г. о заграничных паспортах за подписью министра иностранных дел: Оренбургской Пограничной комиссии было возвращено право выдавать их «от себя» всем купцам, отправлявшимся с караванами для торговли в Среднюю Азию.

Поскольку развитие связей происходило большей частью при невыгодных для России обстоятельствах, вопрос о поиске путей выхода из этого положения никогда не сходил с повестки дня.

Обеспечение же относительного динамизма оренбургской торговли со среднеазиатскими ханствами явилось результатом огромных усилий царского правительства и руководства Оренбургского таможенного округа. Проблема расширения и упрочения экономических связей с ними, рассматривавшаяся как неотъемлемая часть военно-стратегического плана России в этом регионе, была настолько актуальна, что требовала к себе повышенного внимания. Оренбург принимал исключительные меры: будучи направленными на широкое привлечение сюда азиатцев, они в некоторой степени даже задевали интересы русских торговцев.

Однако отсутствие в действиях главного начальства края определенной преемственности не всегда позволяло говорить о достижении надежных результатов. Вот что писал об этом министр коммерции Г.П. Гагарин директору Оренбургской таможни П.Е. Величко: «Азиатская торговля для нас весьма важна, в десять лет прилежной над нею работы могла она для нас быть несколько раз важнее европейской. Но для сего потребна система, а где людей меняют так, как туфли, там ничего доброго не выдет, ибо всякий преемник не может в точности войти в мысли своего предшественника. Из этого и выходит, что Россия всегда остается и оставаться будет при благих начинаниях» [21].

Вместе с тем достижение главной цели в области торговли со Средней Азией – преодоление дисбаланса – осложнялось поведением самих ханов и эмиров, ограничивавшихся в лучшем случае пассивностью. И в той ситуации, когда монопольные позиции среднеазиатского купечества пробудили противостояние русских торговцев, Россия, еще не отказавшаяся от проведения покровительственной политики в этой области, предстала перед необходимостью активной разработки вопроса о немедленном присоединении Средней Азии путем вооруженного наступления.

1. *Военно-статистическое обозрение Российской империи.* – М., 1848 – Т. XIX – Ч. 2. – С. 1.
2. *АВПР. Ф. 125/3. Д. 3. Л. 16.*
3. *Свод законов Российской империи. Уставы таможенные.* – СПб., 1857. – Т. VI. – С. 367.
4. *РГИА. Ф. 18. Оп. 4. Д. 207. Л. 12.*
5. *Там же. Л. 33 (по Оренбургской границе действовал особый тариф).*
6. *АВПР. Ф. 125. Оп. 3. Д. 5. Л. 19-19 об.*
7. *РГАДА. Ф. 16. Оп. 1. Д. 385. Л. 8.*
8. *Там же. Л. 19 об.*
9. *Там же. Л. 10 об.*
10. *Семенов А. Изучение исторических сведений о Российской внешней торговле...* – СПб, 1859. – Ч. 2. – С. 66;
Янжул И.В. Исторический очерк русской торговли с Средней Азией // Московские университетские известия. – 1869. - №5. – С. 338.
11. *РГАДА. Ф. Оп. 1. Д. 385. Л. 16.*
12. *Долинский В. Об отношениях России к среднеазиатским владениям и об устройстве Киргизской степи.* – СПб., 1865. – С. 14.
13. *РГИА. Ф. 13. Оп. 2. Д. 83. Л. 18.*
14. *ЦГА РК. Ф. 4. Оп. 1. Д. 495. ЛЛ. 85-89.*
15. *РГВИА. Ф. 414. Оп. 1. Д. 407. Л. 13 об.*
16. *Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару.* – М., 1975. – С. 126.
17. *РГИА. Ф. 18. Оп. 4. Д. 414. Л. 63-70 об.*
18. *РГИА. Ф. 18. Оп. 4. Д. 414. Л. 64.*
19. *Гагемейстер Ю.А. Взгляд на промышленность и торговлю России. // Русский вестник.* – 1857. – Т. 7. – Кн. 1. – С. 41, 49-50.
20. *ГАОМО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 1241. Л. 1.*
21. *Виды на торговлю с Азией в начале XIX в. // Русская старина.* – 1904. - №3. – С. 631.

Автор аталған мақалада XVIII-XIX ғ. орыс-ортаазиялық сауда байланыстары тарихын империяның шығыс аймағында орналасқан бекініс-қала үлгісіндегі Орынбор қаласының қалыптасып және даму тарихы арқылы айқындауға назар аударады. Қаланың өлкенің Ресеймен шаруашылық байланыстарын нығайтудың экономикалық өміріндегі орталыққа айналғандығын саралайды. Патша өкіметінің Қазақстан, Орта Азияда сауда саласымен қатар әскери-отаршылдық саясатын белсендендіруге мән бергенін ашып көрсетеді.

Summary

The article is devoted to the role of Orenburg in the trade connection between Russia and Middle Asia in XVII-XIX centuries. Orenburg was the centre of economic life in Eastern part of Russian Empire. The war and colonial Policy of tsarizm in the territory of Kazakhstan and Middle Asia is shown.

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАҒДАЙЫ

Т.С. Қаленова – *т.ғ.к., доцент, еуразиялық зерттеулер кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

Еліміз тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу жолында күрделі де, түбегейлі өзгерістерге әкелген саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қайта құрулардан өтті. Қазіргі кезде Қазақстан еңселі елге, мәртебелі мемлекетке айналды. Елбасы ұлтаралық және дінаралық келісім мәселелерін қашан да болсын еліміздің күш-қуатын арттырудың басты бағыттары ретінде айқындады.

1991 жылдың 10 желтоқсанында өткен Жоғарғы Кеңестің мәжілісінде сөйлеген сөзінде Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мен Қазақстан территориясында біздің қазақ ұлты жанданатын, мұндағы барлық ұлттар мен ұлыстар өзін еркін сезіне алатын жоғары деңгейде дамыған полиэтникалық өркениет құра алатындығымызға сенемін», [1] – деп мәлімдеген болатын. Шынымен де, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев әрдайым мемлекетімізде ұлтаралық және дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға, елімізде тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау ісіне жіті көңіл бөліп келеді. Алайда, тәуелсіздік қарсаңында Қазақстанда береке мен бірлікті сақтап қалу оңайға түскен жоқ. Бұл кезде алдымен 1989 жылы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңының қабылдануы, одан «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация жобасының жасалуы елдегі кейбір өзге ұлттардың қарсылығын туындатқан болатын. Мәселен, «ҚазКСР Тіл туралы» Заңының қабылдануы республиканың шығыс аймағында тұратын орыс ұлты өкілдерінің үлкен дау-дамайын тудырған. Мұрағат құжаттарына жүгінетін болсақ, сол кезде Шығыс Қазақстан облысының орыс тұрғындарының қатысуымен ірі өнеркәсіп орындары, ұйымдар мен облыс мекемелері, соның ішінде, «Үлбі металлургия зауыты», автокөлік кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу институттары мен медициналық мекемелерде жиналыстар өткізіліп, онда «ҚазКСР Тіл туралы» Заңына өзгертулер енгізу туралы бірқатар талаптар қойылған. Атап көрсеткенде, олар: аталған Заңға қазақ тілімен қатар орыс тілін де мемлекеттік тіл ретінде енгізу, осы Заңды жүзеге асыру туралы Үкімет бағдарламасының, яғни барлық азаматтардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін міндетті түрде үйрену, мамандардың мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау үшін аттестациялау жүргізу туралы бөлімдердің күшін жою және т.б. [2]. Сондай-ақ, олар Қазақ КСР-інің КСРО құрамынан шығу туралы шешімді «байырғы ұлттың» пікірі ескеріле отырып қабылданатыны туралы айтылатын Мемлекеттік егемендік туралы Декларация жобасының 11 бөлімшесіне қатысты өздерінің ерекше наразылықтарын білдірді [2, 35]. Бұл арада аталмыш облыс территориясында орыс ұлтының бірнеше ұрпақтары өмір сүріп келе жатқандығы алға тартылды. Әрі бұл наразылықтар 1990 жылғы 25-26 қыркүйекте республикалық, одақтық көлемдегі депутаттардың қатысуымен өткен Өскемен, Үлбі, Октябрь қалалық және аудандық Кеңестері халық депутаттарының біріккен сессияларында қарастырылған. Мәжілісте Өскемен қалалық және аудандық Кеңесі мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің 28 халық депутатымен Өскеменде және іргелес территорияларда ұлттық аудан құру туралы ұсыныс жасалынған болатын [2, 35]. Мұндай келеңсіз жағдайдың орын алуына аталған облыста орыс ұлт өкілдерінің басым болуы әсер етті.

Шын мәнінде кеңестік дәуірде Кеңестер Одағының барлық аймағында орыстардың үлес салмағын көбейтіп, байырғы халықтардың үлес салмағын азайту саясаты жүргізілгені белгілі. Мысалы үшін, 1989 жылғы санақ бойынша байырғы халықтың саны Арменияда – 93,3; Әзербайжанда – 82,6; Ресейде – 73,6; Беларусьте – 78,1; Украинада – 72,8; Түрікменстанда – 71,8; Грузияда – 70,2; Өзбекстанда – 68,7; Молдовада – 64,4; Тәжікстанда – 62,2; Эстонияда – 61,7; Қырғызстанда – 52,4; Латвияда – 52,1; Қазақстанда – 39,7 пайызды ғана құрады [3].

Тоқсаныншы жылдар басында Батыс Қазақстан облысында да ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі аса шиеленісті еді. Орал казактары 1991 жылы маусым-шілде айларында Оралда Бүкілодақтық казак атамандары съезін өткізіп, казак әскерлерінің Ресей патшалығына адал қызмет етуінің 400 жылдық мерейтойын атап өтпек болған. Бұл іс-шараның өткізілуіне Орал қалалық казак тарихи-мәдени қоғамының көшбасшылары мен елдегі казактар Одағы мұрындық болды. Олардың түпкі мақсаты – бұрынғы Орал казак әскерлеріне іргелес болған жерлерді, атап айтқанда, Орал, Атырау, Ақтөбе және Орынбор облыстары территорияларының бір бөліктері қайта біріктіріліп, Орал казактары қолына өтуі, сонымен қатар, аталған қоғамға аймақтық деген мәртебе қоса берілуі тиіс-тін [4]. Орал казактары осы мақсатқа жету үшін кезінде «Орал казактары жерлері» Қырғыз (Қазак) АКСР-і құрамына берілуіне негіз болған 1920-1922 жж. Кеңес билігі

Декретінің күшін жоюды жоспарлады [4, 36]. Осылайша үй ішінен үй тікпек болған 1991 жылғы 14-15 қыркүйектегі Орал казактарының ұлттар арасында іріткі салу сепаратистік пиғылдағы әрекеті жергілікті ұлт тарапынан үлкен наразылық тудырды. Көрсетілген жылдың 16 желтоқсанында республикалық «Азат» азаматтық қозғалысы мен «Егеменді Қазақстан» газеті редакциясы мүшелерінің қатысуымен наразылық митингісі өткізіледі. Митингіде қабылданған қарарда келесідей нақты талаптар қойылды:

Біріншіден, 400 жылдық секілді «мерейтойларды» өткізу казак сепаратистерінің ашықтан-ашық империяны аңсауы деп бағалансын. Олардың қазіргі іс-әрекеттері егеменді Қазақстанның тәуелсіздігіне қол сұғу деп танылсын.

Екіншіден, 1991 жылдың қазан айында «Орал өңірі халықтарының күні» деген айдармен өткізілетін мерекеге тыйым салынсын. Өйткені оның астарында Орал казактарының патшаға қызмет етуінің 400 жылдығын атап өтуді жалғастыру ұғымы жатыр.

Үшіншіден, казак мемлекетінің заңымен республика территориясында патша заманындағы казактардың әскери формасын киіп жүруге тыйым салынсын.

Төртіншіден, казак қауымына араға іріткі салушы әлеуметтік топ, басқыншылықты көксейтін әскери құрама ретінде тыйым салудың мемлекеттік актілері қабылданын.

Бесіншіден, отаршылдықты насихаттап, ұлтаралық қатынастарды ушықтыратын казактардың қоғамдық және әскериленген ұйымдары таратылсын.

Алтыншыдан, Қазақстан парламенті «казак» деген ұлттық атауы емес, ол царизмнің басқыншылық мақсаттарына жан-тәнімен қызмет еткен әскери сословие екендігі жөнінде заң актісін қабылдасын.

Жетіншіден, Орал облыстық Кеңесінің төрағасы Н.Есқалиевтің, оның орынбасары В.Гартманның және қалалық Кеңес төрағасы Б.Молдашевтің қызметтен кетуі талап етілсін [5].

Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ елі атынан осы түйткілді мәселенің мән-жайын түсіндіріп РКФСР басшылығы атына ресми хат жолдайды. Хатта Елбасы «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияға сәйкес республикада барлық ұлт өкілдеріне мемлекеттік билік органдары мен басқармалар уәкілдігіне ұмтылуға нақты мүмкіндіктер жасалып, қолдау көрсетіліп отырғандығын, сонымен қатар, әрбір ұлттық қауымға мәдени орталықтар, діни және басқа да ассоциация құруға құқық берілгендігін баса көрсетеді. Сондай-ақ, мұнда Қазақстанда қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуіне Орал казактары басым бөлігінің автономистік және сепаратистік пиғылды әрекеттері жайында айтылады: «Особую озабоченность в Казахстане вызывают автономистские и сепаратистские настроения и действия определенной части уральского казачества. Так, экстремистски настроенная группа Уральского историко-культурного казачьего общества стала распространять в городе Уральске декларацию о возвращении казакам бывшей территории Уральского казачьего войска, о создании Уральской автономной области, обратилась в областной и городской Советы народных депутатов с предложением широко отметить 400-летний юбилей служения уральских казаков Российскому государству.

Поддерживая возрождение исконно народных обычаев и традиций, национального самосознания, нельзя не признать, что действия отдельных представителей Уральского казачества мало имеют общего с благами, гуманными целями. Это относится и к готовящемуся юбилею – отмечать какую-то дату «служение России», нам представляется, надо не в Казахстане или какой-нибудь другой республике, а только в России. В другом же случае – это раскручивание спирали напряженности, обострение межнациональных, межреспубликанских отношений...» [6]. Бұдан әрі құжатта Орал казактарының арандатушылық әрекеттері Мәскеу, Самара, Волгоград және Орынбордағы жайықтық казактар мен Дон, Кубань казактарының айдап салуымен ұйымдастырылып отырғандығы, бұлардың белсенді қатысуымен Орал казактары Одағының құрылғандығы, олардың Орал сағасынан бастап Каспий теңізіне дейінгі территорияларды казак әскерінің бұрынғы жерлері ретінде қайта қалпына келтіру туралы мақсатының тек қана Орал облысындағы бірнеше ұлтты тұрғындардың ғана емес, барша Қазақстан халқының наразылығын тудырғандығы баяндалады. Осыған байланысты, Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР-і және РКФСР арасындағы Шарттың 1,6 бабына сәйкес Ресей Мемлекет басшысынан:

- Орал казактарын конфронтация мен сепаратизмге айдап салып отырған республикаға іргелес РКФСР облыстары мен басқа да аймақтарындағы казак қоғамдық құрамаларының Қазақстанның ішкі істеріне араласудан арашалауды;

- Ресейде (Орынбор облысында) тіркеліп, басылып шығатын, бірақ Қазақстанда Орал казактарының жеке өкілдерінің сепаратистік, экстремистік идеяларын насихаттау үшін таратылатын Орал казактары қоғамының «Орал хабаршысы» газеті мәселесін қарастыруды сұраған болатын [6, 116]. Ал 1991 жылы 30 мамырда республикалық актив жиналысында сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев ел бірлігін бұзуға бағытталған Орал казактары әрекеттеріне қатысты келгенде Республикааралық шарттарда және мемлекеттік

егемендік туралы Декларацияда қол сұғылмайды деп танылған республикалар арасындағы шекаралардың өзгертілуіне ешқашанда жол берілмейтінін және Қазақстан территориясында казактардың патша режиміне қызмет етуінің жылдығын мерекелеудің қандайына болсын, казак бөлімдерінің құрылуына жол берілмейтінін мәлімдейді. Өз тарапынан РКФСР Президенті Б.Н. Ельцин 1991 жылы 17 тамызда Алматыда өткен баспасөз конференциясында казактардың әлдебір территориялық көз алартушылығына жол бермеу керектігін айта келіп, казактар мерекесінің шекарасын Ресейдің түкпіріне қарай жылжытуға тырысатыны туралы уәде бергенімен [7], Орал казактары өз дегендеріне жету үшін барынша әрекеттеніп қалған еді. Егер сол кезде республика үкіметінің дер кезінде осы арандатушылық оқиғасына тосқауыл қойып, бұл мәселені Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетаралық деңгейде шешу туралы мәселе қоймағанда сол кездегі Әзербайжан мен Армения арасында туындаған Таулы Карабақтағыдай қан төгіс болары анық еді. Өйткені, «ата-бабаларымыз сан ғасырлар найзасының ұшымен, білегінің күшімен қорғаған, сонау Алтайдан Атырауға созылған, түстігі қарт Алатаудан қалың орманы мүлгіген Сібірге дейін алып жатқан қазақ даласында өз алдарына автономия құрғысы келген кімдер? Олар – келте ойлы, таным-түсінігі от басы, ошақ қасынан әріге аспайтын, «асын ішіп, киізін тілетін», әдептілікті аяққа басқан, «беймаза» қонақтар. Бұлардың қылығы мен іс-әрекеті, қандай ұранды жамылса да, шектен шығып, сайын даланың, киелі жердің шын иелерін мықты ойландырды» [8].

1991 жылдың ішінде еліміздің оңтүстігінде де ұлтаралық қарым-қатынас шиеленісі орын алған еді. Бұл жолғы келеңсіз жәйт Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданындағы жергілікті ұлт өкілдері мен түрік-месхетин тұрғындары арасында болды. Оқиға көрсетілген жылдың мамыр айында Еңбекші қазақ ауданы Рахат ауылындағы қазақ қызының өліміне түрік-месхетин өкілінің айыпталуына байланысты туындады. Бұрын істі болған сол ауылдың аталған ұлттан шыққан азаматы өз қылмысын мойнына алғаннан кейін қаза болған жақтың туыстары мен ауылдың жергілікті тұрғындары тарапынан осы ұлт өкілдеріне қатысты наразылық білдіріледі.

1991 жылдың 2 маусымында көрсетілген ауылда шамамен 280-300 адам қатысуымен санкцияланбаған жиылыс өткізіледі. Онда 25 адам сөз сөйлеп, Ферғанадан келген түрік-месхетин келімсектерінің арасында құқық бұзушылық пен тәртіпсіздіктер жиі орын алатыны айтылады [9]. Олардың ішінде жұмыссыздары көп болғанымен олардың басым көпшілігі белгісіз табыстар нәтижесінде күн көретіні туралы мәселе көтеріледі. Осыған орай, ауданнан сол жылдың қазан айына дейін тәртіпсіздіктерге себепкер болып отырған түрік-месхетиндерді көшіру туралы талап қойылады [9, 2]. Әрине, мұндай шешім аудандағы Александровка, Рахат, Красный Восток, Қарасай, Көктерек ауылдарында тұратын түрік-месхетиндердің жиналуына себеп болады. Олар өз тараптарынан Алматы қаласының «Бірлік» ұлтаралық қозғалысы және республика Үкіметі атына өздеріне қауіпсіздік қамтамасыз етуді сұрап өтініш жасайды. Бұдан кейін республиканың құзырлы органдары аудандағы бұл келеңсіз жағдайды анықтау үшін тиісті іс-шаралар жүргізеді. Соның барысында Еңбекші қазақ ауданында 27 тұрғылықты мекен-жайға тіркелмеген және 599 жұмыссыз түрік-месхетин өкілдері анықталады [9, 3].

1990-жылдың басында Алматы облысында орын алған осындай ұлтаралық шиеленісті жағдай тек қана құзырлы органдардың өз уақытында қажетті шаралар қолдануы мен екі жақтың үлкендерінің тоқтау салуы нәтижесінде ғана оңды шешіледі.

Қорыта айтқанда, Елбасының басшылығымен тәуелсіздік қарсаңында ұлтаралық татулықты қалыптастыру мақсатында жүргізілген игі бастамалар бүгінгі күні де жалғасын тауып келеді. «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын. Олар біздің мәңгілік құндылықтарымыз. Осынау бұлжымас ақиқатты сақтай отырып қана, біз мәңгілік халық, мәңгілік елорда және мәңгілік мемлекет туралы айта аламыз» [10], деген болатын Елбасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде.

Жалпы, елімізде ұлтаралық татулық пен келісімнің берік орнауы бойына өр мінезімен қатар қайыспас төзімділік пен шыдамдылықты дарыта білген қазақ ұлтының даналығы мен Елбасының ұлтаралық қатынастар мәселесіндегі салиқалы саясатының нәтижесі.

1. *Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (бұдан әрі - ҚР ПМ). 7-қор.- 1-т.-420-іс.-321 п.*
2. *ҚР ПМ. 708-қор.- 140 «е»-т.- 80-іс.-34-п.*
3. *Кекілбай Ә. Ұлтты ұлы мұраттар алға жетелейді // Егемен Қазақстан.- 2006.- 11 шілде.*
4. *ҚР ПМ. 708-қор.- 140 «е»-т.- 88-іс.-35-36 пп.*
5. *Демократиялық күштер митингісі // Егеменді Қазақстан-1991.-17 қыркүйек.*
6. *ҚР ПМ. 7 қор. 1-т.- 618-іс.-114-115 пп.*
7. *Президенттер не деп еді? // Егеменді Қазақстан.-1991.-17 қыркүйек.*
8. *Өмірбек О. «Қан төгілген жоқ, бірақ...» Карабақ қайталанбасын десек // Егеменді Қазақстан.-1991.-25*

қыркүйек.

9. ҚР ПМ. 7 қор. 2-т. - 39-іс.-2-3 нт.

10. Егемен Қазақстан. - 2011.-15 желтоқсан.

Резюме

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы межнационального отношения накануне независимости Казахстана. На основе архивных документов проанализированы состояние межнациональных отношений на восточно-западной и южной части республики в конце 1980 – в начале 1990-х гг.

Summary

In this article some questions of the international relation on the eve of independence of Kazakhstan are considered. On the basis of archival documents are analysed a condition of the international relations on the east western and southern part of the republic at the end of 1980-in the early nineties.

ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ТҮРКІСТАН-СІБІР ТЕМІР ЖОЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КӘСІПТІК ДЕҢГЕЙІ

Л.Б. Абдильдинова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Магистратура және PhD докторантура институтының I курс магистранты*

Түркістан мен Сібірді темір жол арқылы байланыстыру туралы жобалардың ең аз дегенде 30 жылдық тарихты бар. Түркістан мен Сібірді темір жол арқылы байланыстыру 1898 жылдан бастап басты мәселеге айналған болатын. Бірақ бұл мәселе тек азамат соғысынан кейін ғана қолға алынады.

1925 жылы өндірістегі экономикалық және техникалық қажеттіліктерді талқылау үшін арнайы комиссия құрылады. Комиссия өзіне қажетті мәліметтер жинағанымен, есептеулер темір жол тарабының салынуындағы экономикалық қажеттіліктерді ашып көрсетпеген еді. Осының нәтижесінде кеңестердің шешімі бойынша 1926 жылы аталған мәселені бірінші кезекке қойған болатын [1, 7].

Азамат соғысы жылдары (1918 жылы) Семейден Сергиопольге (қазіргі Аягөз) дейінгі аралықта салынатын темір жолдың табаны төселді. Ал, 1925 жылға дейін Новосибирскіден Семейге, Арыстан Фрунзеге (Пішпек) дейінгі аралықта темір жол қатынасы болды [1, 312]. 1925 жылы желтоқсан айында БК(б)П XV съезінде белгіленген Кеңес Одағын индустрияландыруды жүзеге асыру ісі Қазақстанда бірқатар қиындықтарға кездесті, олар қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени артта қалуымен байланысты болды. Бұл қиындықтардың көбі республикада халық шаруашылығын, әсіресе өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіру ісінің тым созылып кетуінен де асқына түсті және осы жағдай Қазақстанның индустрияландыру жолымен табысты ілгерілеуі үшін басты кедергіге айналды [2, 312].

Жоғарыда аталған қиындықтар мен ерекшеліктер, сондай-ақ күрделі қоғамдық-саяси ахуал және Қазақстанның артта қалған экономикасының ауыр жағдайы 20-жылдарда және 30-жылдардың басында республиканы индустрияландыру және ұлттық жұмысшы кадрларды даярлау мәселесі маңайында қымқиғаш күрес туғызды. Бірнеше көзқарас пайда болды. Біреулер «көшпеліліктен социализмге» өтудің мүмкін еместігін және көшпелілік өмір салтының қазақ халқының ерекшелігі екендігін, сондықтан да индустрияландырудың «ұлттық табиғи ерекшелікті» бұзатындығын көлденең тартты. Енді біреулер, өнеркәсіпті тықпалау, жұмысшы тапты қалыптастыру «табиғаттан тыс», «Қазақстан үшін мүмкін емес», «артта қалған көшпелі халық» индустрияландырудың қарқынын көтере алмайды, «қазақтандыру өндірісті қымбаттатады», «ал қазақ бәрібір жұмыс істемейді, ол даланы аңсайды», сияқты пікірлерді дәлелдеуге тырысты. Үшінші жақ, республиканың Одақ құрамында дәйекті дамуының қажеттігі, бірақ Қазақстанның ерекше мүдделерімен санаспау идеясын жақтады. Олар «шикізат базасы ретіндегі ауыл шаруашылығымен байланысты ұсақ өнеркәсіпті ұлғайту мен оның жұмысын жақсарту жөніндегі партия ұстанған бағыт шүбәсіз дұрыс», деп дәлелдеді. Төртіншілер, шет аймақтар шикізат базасы ғана болып қалмауы керек және индустрияландыруды жүргізгенде республиканың ерекшеліктерін ескеру қажет, деген пікірді ортаға салды [3, 113].

1927 жылы 15 шілдеде Семей қаласының солтүстігінен ең алғашқы рельстер салынады. 2 қарашада оңтүстіктікте Луговой станцасынан алғашқы рельс жолдары іске қосылады. Түріксіб жұмысшыларының атқарған істерінің нәтижесі: солтүстіктен – бір бағыты, оңтүстіктен – бір бағыты бір-бірімен келіп түйіседі. Түріксіб – социалистік құрылыстың үлкен жетістіктерінің біріне айналды [4, 16].

Түріксіб құрылысшылары өте ауыр жағдайларда жұмыс істеді. Екі бағыттағы құрылыс жұмыстарында жұмысшылардың саны 50 мыңға дейін жетті [4, 17].

Барлық қиыншылықтардан шығу үшін, жұмыстың жоспары қажет болды. Ондай жоспар құрылды да. Құрылыс жұмысы солтүстіктен де, оңтүстіктен де бірдей, бір уақытта басталды. Қазақстан даласы екіге бөлінеді.

Ең алғашқы құрылыс жұмыстары басталғанда, құрылыста жергілікті халықтың көліктері қолданылған болатын [4, 17].

Инженер-техниктердің арасында тәжірибелі мамандар да болды, олар бұрын үлкен жол құрылыстарын салуға қатысқандар, сол сияқты жас инженер мамандар мен өндірістік іс-тәжірибеден өтетін студенттер де болған болатын.

1927 жылдың көктемде темір жол салынатын жерлерді игеру ісінде солтүстік бөлімде, ал күзде оңтүстік бөлімде жұмыс басталды.

Құрылыс жұмыстарына көрші жатқан ауылдардан көшпелі қазақтар тартылды. Олар жылқылармен,

түйелермен, өгіздермен су, жанармай және басқа да жүктерді тасыды; 315 арбалы көлік ұйымдастырылды. Құрылыс барысында жұмыстың көпшілігі қол еңбегін қажет етті. Сатып алынған экскаваторлар, автомобильдер, мотовоздар және вагондар тек ауыр жағдайларда ғана қолданылды, мысалға, тас тасығанда немесе жерді терең қазу кездерінде [54, 58].

Т.Рысқұлов пен М.Тынышбаев магистраль құрылысын жұмыс күшімен, жергілікті қордың есебінен қамтасыз етуге, қазақтарды құрылыс және теміржол жұмысшылары қатарына тартуға, оларды оқыту арқылы теміржол мамандарын дайындауға ерекше көңіл бөлді. Олардың ұсынысы бойынша жұмысшы күшін Қазақстаннан тысқары жерлерден әкелуге шектеулер қойылды. Маман жұмысшыларды алдын-ала белгіленген мөлшерде ғана әкелу қарастрылды. Жергілікті тұрғындарды магистральдегі құрылыс жұмыстарына барынша кеңінен тарту «ендігі жерде жергілікті теміржол пролетариатын жасақтау мәселесінің принципті түрде қойылуы ретінде, – деп көрсетті Т.Рысқұлов, – құрылыс жұмыстарының шығынын кемітуге нақты көмек көркірсете алады..., сөйтіп, Түркістан-Сібір теміржолы құрылысын табысты жүргізуге ықпал етеді» [2, 337]. М.Тынышбаевтың ұсынысымен, магистраль құрылысының жұмысына Мәскеу, Ленинград, Ташкентте және Кеңес Одағының басқа да ірі қалаларында оқып жатқан қазақ студенттері тартылды. Олар жазғы демалыс кездерінде жұмысқа кіріп, практикалық тәжірибе жинақтады және еңбек ақы алды, бұл олардың көпшілігі үшін үлкен материалдық көмек болды. Түріксібтің оңтүстік бөлігінде ғана Орта Азия мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының 100-ден астам студенті жұмыс істеді [2, 337].

КСРО Темір жол халық комиссариаты 1927 жылдың қаңтар айынан бастап Түркісбке жұмысқа сотталғандардың күшін қолданудан бас тартты. Себебі, ешқайда айтылмады. Магнитогорскідегі респрессияға ұшыраған кулактардан, не болмаса еңбекпен түзету лагерьлерінде жіберілгендерге қарағанда, Түріксібтегі әрбір жұмысшы өз қалауы бойынша келген болатын [3, 113].

Ал, 1928 жылдың жазынан кейін жұмысшылардың саны 50 мыңға жетеді. Жұмысшы санының көптігінің нәтижесінде, Түріксіб бірінші бесжылдықтың басты құрылыс жобасына айналды. Түріксібтегі жұмысшылар, сондай-ақ олардың отбасылары жұмыспен, еңбекақысымен, баспанамен, тамақпен және медициналық қызметпен қамтасыз етіліп отырды. Түріксіб құрылысы Қазақстандағы ең үлкен құрылысқа айналды. Құрылыстағы адамдардың 9 пайызы басшылық-әкімшілік қызметтегілер мен инженерлер, 14 пайызы кіші қызметкерлер және 77 пайызы қарапайым жұмысшылар болды. Осы аталған пайыздық көрсеткіштер көп уақытқа дейін тұрақты болып қалды.

Түріксіб жаңа қалыптасып келе жатқан Қазақстан жұмысшы табы ұлт мамандарының, әсіресе құрылысшылар мен теміржолшылардың ірі ұстаханасына айналды. 1927-1930 жылдары магистраль құрылысында 20 мыңнан 30 мыңға дейін адам жұмыс істеді; олардың ішінде қазақтардың қатары үздіксіз өсіп отырды. 1934 жылдың 1 қазанында Қазақстан теміржолшыларының саны 56,6 мың адамнан асты, олардың жартысына жуығы, яғни 25,3 мыңы, яғни 44,7 пайызы) жаңадан салынып жатқан Түркістан-Сібір магистраліне шоғырланды. Республикадан 18 мыңнан астам қазақ-теміржолшы болды, олардың 9,8 мыңы, яғни 54,1 пайызы Түріксібте жұмыс істеді. Олардың қатарынан Д.Ж. Омаров, М.Т. Қазыбеков, М.Қаптағәев, Б.Спаев, О.Байтұлақов және т.б. сияқты беделді басшылар мен танымал теміржолшылар шықты [2, 337].

Түріксібтегі үлкен көлемдегі құрылыс жұмысы көп жұмысшы күшін талап етті. Түріксіб арқылы 70 мыңнан астам жұмысшы тобы өтті. 1929 жылдың жазына қарай жұмысшылардың саны 41 мың адамға дейін жетті. Осы аталған жұмысшылардың санына байланысты оларды баспанамен, сумен, бірінші кезекте қажетті заттармен қамтамасыз ету қажет болды [6, 13].

Құрылыс жұмыстарына көбінесе кәсіби маманданған жұмысшылар тартылды. Ал қалған бөлігі жұмыс барысында тәжірибе жинақтады. Құрылыс жұмыстарына жергілікті халықты (қазақтарды) 100%-ға тарту мүмкін болмады, оған бір жағынан орыс шовинизмі де кедергі келтірген болатын. Алайда, қазақтарды құрылыс жұмысына тарту алдыға қойылған істердің бірі болған болатын. Жалпы алғанда, қазақ жұмысшыларының көлемі шамамен 25-30%-ды құрады. Ал, арнайы мамандандырылған жұмысшылардың саны санаулы болды.

Тек 1929 жылы Қазақстан Еңбек халық комиссариатының көмегімен жергілікті қазақтардан кәсіби мамандар дайындау жұмысы қарқынды жүргізіле бастайды [6, 14].

1930 жылдың 20 сәуірінде КСРО Еңбек және Қорғаныс кеңесі мен КСРО Темір жол халық комиссариаты: «Түріксібтің қызметін қамтамасыз ететін мамандар даярлау, оларды жергілікті ұлттың өкілдерімен толықтыру» туралы қаулы қабылдайды.

1930 жылы Түріксібте арнайы маманданған жұмысшы қазақтардың саны 11,6 пайыз болды. Қазақтар көбінесе жер тегістеу, жер қазу жұмыстарымен айналысты. Жолдағы негізгі мамандықты меңгеру үшін арнайы курстарға, мектептер мен училищелерге бару қажет болды. 1931-1932 жылдары осы аталған оқу

орындарын 5 747 қазақ теміржолшылары тәмамдап шығады [5, 64].

Түріксібтегі жергілікті тұрғындардан жұмысшыларды дайындау құрылыс басталған сәттен бастап қолға алынғанымен, әкімшілік-техникалық басшылар жағынан көптеген қиыншылықтарға тап болады, олардың ойынша қазақтар бұл жұмысқа бейім емес және бейімделе де алмайды, оларды бұл жұмысқа тарту мүмкін емес деген ойлар айтылады. Еуропалық құрылысшылар арасында контрреволюциялық үгіттің нәтижесінде қазақтарға деген теріс көзқарастар, жеккөрушілік, Сергиопольде бой алған қазақтарға қарсы ұйымдасқан топтар қалыптасады.

Осыған қарамастан, құрылыс жұмыстарының екінші жылында әкімшіліктің өзі қазақ жұмысшыларын құрылыс жұмыстарына тартуда т.б. кәсіптік қызметтерін қалыптастыруда еуропалықтардан кем түспейтігін дәлелдеп шықты.

Атап өту керек, Түріксіб құрылыс жұмыстарына қазақтарды тарту саяси және мәдени құрылыста үлкен мазмұнға ие болды. Қазақ жұмысшылары өндірістік мектептен өте отырып, жиналыстарға, қызыл бұрыштарға және клубтарға қатыса отырып, әлеуметтік бәсекеге түсті [6, 16].

Осы жағдайларға қарамастан, Түріксібтегі құрылыс жұмыстарының басталған уақытынан бастап сауатсыздықпен күрес жұмысы да белсенді қызмет атқара бастады. Осы мақсатпен солтүстік бөлімдегі құрылыста 80 мектеп құрылған болатын. Жергілікті халықтардың сауатсыздықпен күресуіне Түріксібте іс-тәжірибеден өтуші техникумдар мен жоғарғы оқу орындарының студенттері көмектесті. Құрылыс жүргізілген уақытта қазақтар орыс тілін, орыстар қазақ тілін үйреніп, бір-бірімен байланысқа түсуге септігін тигізді [5, 64].

Құрылыс барысында Түріксіб басқармасыда жергілікті тұрғындардан жиналған жұмысшылардың кәсіптік деңгейін өсіру үшін арнайы іс-тәжірибеден өтушілер (студенттер) көмек көрсетеді. Сонымен қатар, олар маманданбаған батырақтар мен кедейлерге арналған кешкі курстарды ұйымдастыруды өздеріне міндет етіп алады.

1928 жылдары оңтүстіктіктегі құрылыс жұмыстарында 803 қазақ жұмысшысы болды. Барлық жұмыстарда (жер қазу, қара жұмыстарды), пайыздық есеппен жергілікті тұрғындар 34,2 пайыздық көрсеткішті құрады. Осы пайыздық көрсеткіш қанағаттанарлық болғанымен, өзекті мәселелердің бірі болып қалды. 1928 жылы 29 мамырдағы Қазақ АҚР-інің Халық Комиссарлар Кеңесі коллегиясының есептеуіне қарағанда 3 бөлімдегі жұмысшылар тобына қазақтардан 100-ге жуық адам тартылған, сондай-ақ, тапсырыс бойынша тағы да 4 445 жұмысшы алу көзделген, ал негізгі жұмысқа 2 790 жұмысшыны қазақтардан алу керек болды. Осылайша, оңтүстік бөлімде 8 339 адам жұмыспен қамтамасыз етілсе, соның ішінде, қазақтардың саны 3 593 адамды құрады [7, 49].

Түркістан-Сібір теміржолы құрылысы жүргізілген сәттен бастап, жергілікті халықтан жұмысшы мамандар даярлау осылайша жақсы жолға қойылған болатын. Алайда, құрылыстағы ұлтаралық шиеленістер мен жергілікті тұрғындардан жұмысшылар даярлау жоспарының толық деңгейде орындалмауы теміржол құрылысында кемшіліктердің пайда болуына әкеледі. Бұл кемшіліктер солтүстік және оңтүстіктегі теміржол құрылыстарында да болған.

1931 жылы 1 мамырда Түріксіб құрылысындағы негізгі міндеттер аяқталды. Сібір, Қазақстан және Орта Азия республикалары темір жолмен байланысатын болды.

1. Т. Рыскулов – *Заместитель Председателя СНК РСФСР, Председатель Комитета Содействия, по постройке Туркестано-Сибирской железной дороги / Сост.: Алиев М., Абдираман У., Иуваев И., Сарсекеев С., Шайсултанов К. – Алматы, 2007. – 312 с.*

2. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 4 том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.*

3. Пайн М. Дж. *Сталинская железная дорога. Турксиб и строительство социализма. – Алматы: Санат, 2006. – С. 113.*

4. Лунин Б. *Турксиб. – М.-Л.: Московский рабочий, 1931. – С. 32.*

5. *История железнодорожного транспорта России и Советского Союза. Том 2. 1917-1945.-СПб.-М., 1997.-С. 58.*

6. Сколькин. *Турксиб (К соединению укладки рельсового пути 1-го мая 1930 г.). – Алма-Ата: Типо-лит. КЦСНХ №2, 1930. – С. 20.*

7. *ҚР ОММ. 962 қ., 1 т., 362 іс.*

Резюме

Сведения о профессиональном уровне рабочих на строительстве Туркестано-Сибирской железной дороги анализированы на основе новейших архивных источников.

Summary

Information about the professional level of workers on building of Turkistan- Siberia railway is analyzed on the basis of the newest archived sources.

ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖЕТІСУ ӨНІРІНДЕГІ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ӘСЕРІ (XIX Ғ. II-ЖАРТЫСЫ – XX Ғ. БАСЫ)

Л.А. Бисембаева – магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақтардың тұрғын үй тарихына үңілсек, оның тамыры тарих қойнауына еніп кететінін көреміз. Заман алға озған сайын тұрғын үй құрылысы дамытылып, өзгеріске ұшырап отырғанына да куә боламыз.

Деректерде XX ғасырға таман Қазақстанның көптеген аймақтарында тұрақты қыстық үйлер болғандығы туралы айтылғанымен, XX ғасыр басында Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария мен Арал теңізі аймағындағы қазақтардың едәуір бөлігінің әлі де тұрақты қыстық тұрғын үйлері болмағаны да айтылады. «Жетісуда қыстауларда жаппай тұрғын үйлер салу үрдісі өте кеш, XX ғасыр басында басталды» – делінеді /1/.

Бірақ, бұл деректер отарлаушы патша үкіметінің мүддесі тұрғысынан берілгендіктен, сын көзбен қарауды қажет етеді. Ол көзқарастардың шындыққа мүлдем жанаспайтындығына төмендегі жолдарды оқығанда анық көз жеткізуге болады:

«Жетісу аймағы тек сулы ғана емес, сонымен бірге таулы, қыратты, жоталы да аймақ. Осы тау төбелері мен шың-құздарына қыс бойы түскен қар жаз бойы еріп, Іле Алатауының сайларымен ағып, халық игілігіне жараған. Ал таулардың күнгей беткейлерін қазақтар ежелден қыс айларында тұрақты мекен етіп, қыстаулар салған. Жетісу аймағының жер бедерінің адам баласының өмір сүруіне қолайлылығы, қоңыржай климатының пайдалылығы бұл аймақта қазақ халқының жартылай отырықшылықпен өмір сүруіне ерте кезден-ақ мүмкіндік беріп келеді» – делінеді /2/.

Қазақ жеріне орыс қоныс аударушылары келгенге дейін-ақ Жетісу аймағын, оның ішінде Верный уезін қазақтар ежелден тұрақты мекен етіп, қыстаулар (Мысалы: Керейқұл қыстауы; Әйтек қыстауы; Даржы қыстауы) салған. Мысалы, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Әйтек қыстауындағы тұрғын үй ішінен астық сақтайтын шағын қойма, қыстау маңынан қора-жайлардың орны да табылған. Қоралар кейбір қыстақтарда тұрғын үйге қарама-қарсы салынса, келесі бір қыстауларда үйдің алдын айналдыра қоршаған ауласы болған, мал қораны соған жапсарлас салғаны белгілі болып отыр. Балқаш бойы қазақтарының да XVIII ғасырдың өзінде тұрақты қыстаулары болған, малға арнап жабулы қора-жай сала бастаған /3/.

Осы мәліметтердің өзі-ақ Жетісу өңірі халқының ертеден мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысқанына, дәстүрлі киіз үйлермен қатар тұрақты үйлері болғанына да дәлел бола алады.

Балқаш сияқты сулы, қамысты жерлерде үйді қамыстан тұрғызған. Қамыс қабырғалар екі қатар қабатталып тұрғызылып, ортасы көңмен толтырылған. Екі жағынан сазбен сылаған. Кей жағдайда бума қамысты тігінен қатарластыра, үйдің жобасы бойынша қойып, төменгі жағы жерге көмілген де, қабырғалары көлденеңінен екі-үш жерінен қамыс жіптермен бекітілген. Бума қамыс орнына көп жағдайда ағаш қарқастар да қойған. Қамыстан жасалған тұрақтар берік болмағандықтан оны шаруашылыққа (шошала, қора ретінде) қолданды /4/.

Балқаш өңірінде жаз айларында тоқылған қамыстан үй жасап, төбесін қақпақ тәріздес қылып, тоқылған қамыспен жапқан. Қабырғасын іші-сыртынан саз балшықпен сылаған. Бұндай үйлерді шошала үйлер деді. Дәл осындай қамыстан тоқылып жасалған шошала үйлер Балқаш өңірінде 1930 жылдарға дейін сақталған /5/.

XIX ғасырда қабырға негізінен шым кірпіштерден, қамыстан, тоқылған қамыстан тұрғызылған. Шым кірпіштерді құрылысқа пайдалану экономикалық жағынан өте тиімді, сонымен бірге жылы, әрі берік тұрғын үй болды. Оның қабырғаларының қалыңдықтары әр түрлі (80 см-1,5 метр аралығында) болды. Шымнан үй тұрғызғанда жерге шөп төсеп, үстіне шым кірпіштерді бір-біріне бекітпей-ақ қоя берген. Қабырғаларын соңынан күрекпен тегістеген. Шым кірпіштерді шөбі аласа, әрі қалың өскен жерлерден күрекпен әр түрлі көлемде, төрт бұрышты кірпіш тәріздес қылып ойып алу арқылы дайындаған.

XIX–XX ғасырлар тоғысында Жетісу, Сырдария өңірлерінде жертөлелер де кездесіп отырған. Әдетте ондай үйлерді биіктігі адам бойындай (1-1,5 метрден артық емес) қылып қазып, жоғары жағынан жер бетіне аз ғана шығарып, шымнан, кірпіштен, тас, т.б. сол заманғы құрылыс материалдарынан қалап жапқан. Бұндай үйлерді қазба үй, жеркепе, жертөле, жер үй деп атаған /6/.

Дегенмен, XIX ғасырдың II-жартысынан бастап қазақ жеріне қоныс аударушылардың көптеп келуімен өлкедегі бірқалыпты тіршілік, натуралды шаруашылық ыдырап, қазақ халқы өмірінің барлық саласында серпінді өзгерістер басталады. Қоғамның барлық саласындағы өзгерістерден тұрғын үй саласы да шет қала алмады.

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақтардың дәстүрлі тұрғын үй түрлерінің өзгеріске ұшырауына себеп болған – қазақ жеріне орыстардың көптеп қоныстануы, капиталистік қатынастардың дендеп еніп, әлеуметтік-экономикалық даму мен еңбек құралдарының, шаруашылық түрлерінің өзгеріске ұшырауы-

ның әсер етуі. Бұл өз кезегінде халықтың дәстүрлі мал шаруашылығын да дағдарысқа ұшыратты /7/.

Жартылай отырықшылық пен отырықшылыққа көшуге байланысты тұрақты қыстақтар көптеп салына бастады. Соған қарамастан, біз қарастырып отырған XIX ғасырдың II-жартысы мен XX ғасыр басында қазақтар тұрмысында киіз үй әлі де негізгі тұрғын үй ретінде маңызды орын алып отырған. Сондықтан оған деген сұраныс та кеміген жоқ. Киіз үйдің қаңқасын (ағаш бөліктерін) шеберлер (ағаш ұстасы, үйші) жасады. Кейбір орманды жерлерде киіз үй жасайтын орталықтар да пайда болды /8/.

Құрылыс техникасы жетілдіріліп, кірпіштен, ағаштан тұрғызылған құрылыстар кең тарай бастады /9/.

Құрылысқа ағашты пайдалану Қазақстан жеріне ежелден таныс болғанымен, ағаштың өзінен үй тұрғызу XIX ғасырдың II-жартысының үлесіне тиеді /10/.

XIX ғасыр аяғындағы, әсіресе 1870-1890 жж. Верный уезінің тұрғын үй құрылысының тарихына келер болсақ, Ресейдегі сияқты бұл өңірде де кірпіштен үй салу кеңінен өрістеді. Кірпіш қолжетімді болғандықтан құрылыс саласына жаппай қолданыла бастады. Одан тек тұрғын үй ғана емес, қоғамдық орындар, мектеп, аурухана, сауда, өндіріс орындарын салды /11/.

1887 жылғы 28 мамырда (9 маусымда) Верныйда болған ірі жер сілкінісінің салдарынан қалада ағаштан тұрғызылған құрылыс нысандарынан басқасы түгел қирап қалады. Кірпіштен қаланған 1799 құрылыс нысанының 1-еуі, сонымен бірге Үлкен және Кіші станицалардың ағаштан салынған құрылыс нысандары ғана апаттан аман қалады. Осыдан кейін-ақ өлкеде құрылыс саласында ағаш кеңінен пайдаланыла бастады. Одан кейін 1910 жылдың 22 желтоқсаны (1911 ж. 4 қаңтар) күні болған жер сілкінісінен қаладағы ағаштан тұрғызылған құрылыс нысандары ғана аман қалады /12/.

Осыдан кейін өңірдің жоғарғы сейсмикалық қауіптілігі ендігі жерде негізгі құрылыс материалы ретінде тастың өзін ғана пайдаланбай, ағашпен біріктіріп пайдаланудың тиімділігін көрсетті.

XIX ғасырдың II-жартысынан бастап қазақ жерінде құрылыс материалдарының өзгеруімен бірге, тұрғын үй түрі мен жобасы (жоспары) да өзгерді. Бір бөлменің орнына қоржын үйлер, төрт бұрыштың орнына сопақша түрдегі үйлер пайда болды. Үй формаларының өзгеруінің өзі қазақ жеріне орыс пештерінің келе бастауымен де байланысты. Бұндай пештердің түгін шығатын тұрбасы болды және ол үйді жылыту қызметін де атқарды. Бұрын бір бөлмелі үйдің іші тамақтанатын, жатып-тұратын, асхана, қойма орнының ролін атқарған және пештің тұрбасы жоқ, үйдің ортасында орналасқан еді. Түгінді тысқа шығаратын тұрбалы пештердің келуі, қазақтардың өздеріне ыңғайлы қылып үй салып алуларына ықпал етті. Пеш ұзынша түрде салынған бөлменің ортасына, қабырғаға жабыстырыла, кіретін есікке қарсы орналастырылды. Кірер есік үйдің қабырғасының дәл ортасында емес, бір бұрышына қарай орналасты. Сонда бөлменің бірі үлкен, екіншісі кішірек болды. Бірі негізгі бөлме болса, екіншісі – ас үй, шаруашылық бөлмелерінің ролін атқарды. XX ғасыр басында бұндай ұзын бөлмелердің ортасы, көбіне төбесіне дейін жеткізбей, бөлініп қойылды.

Революцияға дейін қатардағы малшылардың үйі бір бөлмелі болып қала берді. Ал, байлар, көпестер ағаштан, кірпіштен үлкен үйлер, әр түрлі шаруашылыққа арнап тұрақтар, ақырында өздеріне жұмыс істейтін туыстары мен батрақтарға да арнап жертөлелер мен шошалалар салып берді. Байлардың үйін орыс-татар шеберлері салғандықтан орыс үлгісінде болды. Яғни биік іргетас үстіне кірпіш немесе ағаштан салынды, төбесі шатырланды, еденіне тактай төселіп, қабырғасына сөрелер орналастырылды. Үй бірнеше бөлмелерден тұрды. Орыс пеші немесе «голландка» орнатылды, терезелеріне әйнек салынды /13/.

Жаңадан салынған үйлердің ішіне мүліктер киіз үйден көшті. Негізінен киіз төселді, пештің алды, кіре беріс есік алды бос қалдырылды. Бөлменің таза жағына жүк (оралған киіз, көрпе, ішіне зат салынған киіз қап т.б.) жиналып, оның оң жағына төсек жиналды. Қабырғаға киім-кешек, ер-тоқым, қару-жарақтар ілінді. Ыдыс-аяқ, т.б. шаруашылық ыдыстары бұрышта пеш қасына немесе бөлек суық бөлмеге орналастырылды. Көші-қонның қысқаруы тұрмысқа самаурын, әсіресе нәзік әйнектен, фарфордан жасалған ыдыстардың енуіне жол ашты. Орыстың тұрмыстық мәдениетінің қазақтардың күнделікті тұрмысына енуіне сауда-саттықтың дамуы ықпал етті. Ол өз кезегінде қазақтардың күнделікті тіршілігін, тұрмыс-салтын өзгеріске алып келді, тұрмыстық мәдениетін жаңа деңгейге көтерді, жаңа тұтыну заттары пайда болды. Фаянс, фарфор, самаурын, таба, айна, сандық, шкафтар қазақтар арасында кең тарады. Қалада тұратын байлар төсек, комод, шкаф, үстел, орындық сияқты орыс жиһаздарын алдырды. Майшамдарды керосин лампалар алмастырды.

Қазақтарда киіз үй жиһаздары да сақталды, бірақ жаңадан салынған үйлерде олардың орналасу реті, киіз үйдің ішіндегідей, қатаң сақталмады. Киіз үйге қарағанда, қыстау үйлер иелерін қыстың аязы мен желінен жақсы қорғады. Бірақ қазақтар көктем шығысымен киіз үй тігіп, көшіп алуға тырысты. Олар қыстау үйлерді уақытша, қосымша үйлер деп санады да, оны жабдықтауға аса көңіл бөлмеді. Қазақтар жайлауға көшерде көп жағдайда үйдің есік, терезесін, жазда қажеті жоқ көптеген заттарын қыстаудағы қоймалары-

на тығып кетті. Кейбіреулері есік, терезелерін жайлауға өздерімен бірге алып та кетіп отырған /14/.

XIX ғасырдың II-жартысы мен XX басында киіз үйдің негізгі кең таралған жиһаздарының бірі - ағаш төсек болды. Оны шымылдықпен бүркемелеп қойды. Ал ағаш төсектің тұсындағы керегеге түскізі ілінді.

Байлардың киіз үйлерінің есігі ойып өрнек салынған ағаштан жасалынды және екі жаққа ашылды. Босағасы, кей жағдайда шаңырағы да ойып, өрнектелінді. Байлардың киіз үйінің төрінде бірнеше сандық, кілем, бірінің үстіне бірі жиналған, бірнеше қатардан тұратын жүктер болды. Ол жүктер кілемдермен жабылып қойылды. Бұндай киіз үйлерден бұхар кілемін де кездестіруге де болады.

Жалпы киіз үйдің ішкі жинақталуы өте әдемі болды. Жеріне түгелдей кілем төселінді. Бірнеше кішкене кілемдер кіре беріс есік алдына да төселінді. Түбіт кілемдер мен алтын немесе күміс жіптермен айналдыра тігілген, өрнектелген барқыттан, жібектен жасалған жастықшалар өте көп болды. Әрине, байқап отырғанымыздай, бұның бәрі байлардың киіз үйлеріне тән еді.

Ал, кедейлердің киіз үйінің жағдайы әлдеқайда төмен болды. Үйлері 5-6 қанаттан тұрып, тұрғын үй және шаруашылық мақсатында да қызмет етті. Суық күндерде асты да осы жерлерде дайындады. Бұндай киіз үйдің ішкі жалпы көрінісі: қажетті ыдыс-аяғы, шаруашылық құралдары, киімдері, бірнеше артық киіз, шыт көрпе. Бұл үйлердің бір артықшылығы-басы артық зат болмағандықтан ыстық күндерде таза ауа, қоңыр салқын болып тұрды.

XIX ғасырдың II-жартысы мен XX басындағы қазақтардың тұрғын үйлері бұрынғыға қарағанда біршама дамып жетілгенімен, бірқатар кемшіліктері де бар еді: Үйдің іргетасының болмауы, еденінің салынбауы, құрылыс материалдарының (шым кірпіштердің) кептірілмей пайдаланылуы, ондай тұрақ-жайлардың сыз тартып тұруына, көп жағдайда қирап қалуына да әкеліп соғып отырды. Жеткілікті мөлшерде желдетілмегендіктен бөлме ауасы да ауыр болды.

Жанадан салынған осындай үйлер қазақтар арасында аурулардың пайда болуына да себеп болды. Мысалы: өкпенің қабынуы, тері аурулары, т.б. Киіз үйде жарық мол, ауасы таза болғандықтан, бұндай ауру түрлері бұрын-соңды байқалмаған еді. Сондықтан да кедейлер ескі болса да киіз үйлерін сақтауға тырысты, жаз шығысымен үйлерінің алдына тігіп қойды /15/.

Осы деректерден-ақ, біз қарастырып отырған кезеңнің өзінде қазақтардың қыстау үйлерді емес, киіз үйлерді жабдықтауға аса көңіл бөлгендігін, киіз үйлердің қыстау үйлермен бірге кеңінен қолданыста екендігін көреміз.

Тұрғын үй түрі мен оны қоныстану типтерінен халықтың тарихи тағдыры, тұрмысы, оның иесінің тұрмыс деңгейі анық байқалып тұратыны белгілі.

Тұрғын үйлердің көлеміне, ішкі мүліктеріне де қарап, оның иесінің әлеуметтік жағдайын бірден ажыратуға болады.

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақ байларының барлығы орыс үлгісімен жаңа үй салып алған десек, жаңсақтық болар еді. Киіз үйдің қазақ байлары үшін де әлі маңызын жоймағандығына жоғарыдағы мәліметтер куә.

Дегенмен, XIX ғасырдың II-жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақтардың тұрғын үй құрылысынан олардың тұрмысына орыс мәдениетінің ене бастағанын байқаймыз.

Қазақ жеріне келіп қоныстанушылар өздерімен бірге төл мәдениеттерін де ала келетіні белгілі. Нәтижесінде, қазақтың байырғы мәдениеті мен қоныс аударушылар мәдениеті араласып, бір-бірін байытып, өлкеде тың серпілістер орын алды. Соның бірі біз сөз еткен тұрғын үй саласы. Бұл саладағы өзгерістер де отарлаушы үкіметтің еркінен тыс объективті түрде орын алып отырды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың II-жартысы мен XX басында қазақтардың күнделікті өмір салты да сол кездегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық талаптарынан шет қала алмады. Қазақ халқы өздері өмір сүріп отырған ортаның барлық заңдылықтарына көнді, яғни заманның талабынан қалмай, күнделікті өмірін қамтамасыз етуге ұмтылғанын көреміз.

1. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. СПб., 1911. – С. 258-259.

2. Жолдасбаев С. «Жетісу аймағындағы елді-мекендер мен тұрақ жайлардың даму тарихы және олардың тиімділігі (XVI-XVIII ғғ.). – Алматы, 1997. – 180, 183 бб.

3. Сонда, – 200, 247 бб.

4. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алматы, 1989. – С. 49-50.

5. Баскаков Н.А. Жилище приликийских казахов // Советская этнография, 1971. – С. 112.

6. Полевые материалы экспедиции в Алма-Атинскую, Кзыл-Ординскую, Кокчетавскую, Акмолинскую области в 1949, 1956, 1960 гг. // Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алматы, 1989. – С. 47.

7. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алматы, 1989. – С. 15.

8. Сонда, – С. 26.

9. Красовский М. Материалы для географии и статистики России. – СПб., 1880. – С. 61.

10. Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов. // Труды ИИАЭ АН Каз. ССР. – Алматы, 1959. – С. 61.
11. Лаумулина С.А. Эволюция архитектуры торговых зданий и сооружений Казахстана на примере г. Алматы (сер. XIX-нач. XXI вв.) – Алматы, 2010. – С. 37.
12. Сонда, – С. 25.
13. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алматы, 1989. – С. 62.
14. Сонда, – С. 64-65.
15. Сонда, – С. 31, 33.

Резюме

В статье рассматриваются социально-экономическое положение и его влияние на повседневную жизнь народа Семиреченского региона II-ой половины XIX и начало XX века. А так же говорится о том, что у жителей Семиречья с давних пор были постоянные зимовые дома, переселенческая политика России и сейсмическое положение местности повлияло на изменение строительство жилых домов. Описывается социальное положение народа.

Summary

The paper describes the socio-economic situation and its impact on the daily lives of the people of the region Semirechiya II- half XIX and the beginning of the XX century. And also said that the residents of Semirechie has long had permanent winter quarters at home, migration policy of Russia and the position of the seismic area influenced the change construction of residential houses. Describe the social condition of the people.

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖӘНЕ ДІН: ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Ильяс Ералай – *Ахмет Ясауи университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты*

Зайырлылық ұстанымы қалыптасқалы бері ол әртүрлі мағыналарда қолданылып, үнемі пікір талас тудырып келген мәселе. Қоғам өмірі үздіксіз дамып, өзгеріп отыратын динамикалық үдерістен тұратындықтан да қоғамның әрқашан дамып, өзгеріп отыруы бұл бір заңдылық болып саналады. Бірақ, діндегі иман-сенім ережелері (шарттары) өзгермейді. Сол себептен құқықтық заңдар бірте-бірте дінмен параллель түрде жүріп, кейде бір-бірінен ажырап қоғамның және дәуірдің шарттарына қарай өзгеріске ұшырайтын үкім-ережелері айқын ерекшеліктері байқалып отырған. Мемлекет діннен күш-қуат ала отырып, дінді қорғау үшін қатаң іс-әрекеттерге барған кезеңдерді бастан өткізгендігі секілді, керісінше діннің де мемлекеттің қатаң бақылауында болып, дінге тиым салынған, тіпті дінсіздік жайлаған кезеңдерді де кездестіруге болады. Бірақ, қазіргі жаңа кезеңде діни және саяси күштер өзіндік бағыт-бағдары тұрғысынан бір-бірінен ажырап, тарихта жаңа мемлекеттік жүйені қалыптастырған. Осы жаңа мемлекеттік жүйе жалпы алғанда, діннің мемлекет істеріне және мемлекеттің дін істеріне араласпауын талап ететін зайырлылық жүйесі болып табылады.

“Христиан діні алғашқы кезде “Құдайдың ақысы Құдайға, Кайзердің ақысы Кайзерге” деген принципті ұстанғанымен, шіркеудің рөлі бірте-бірте күшейіп діни сипат басым болған. Яғни, орта ғасырда шіркеу тек мемлекеттің істеріне ғана емес, сонымен бірге қоғамдық өмір мен жеке тұлғаның өміріне де билік жүргізуге тырысқан. Сөйтіп католик шіркеуінен басқа шіркеулерде ойлау мен өмір сүру жағдайы қиынға соққан” [1, 41 б.].

Тарихта мемлекеттің билікті өз қолына алуы өте ұзақ үдеріс әрі қиын болған. “Зайырлылық принципінің қалыптасуы, дін мен мемлекет істерінің бір-бірінен бөлінуі алғаш рет қайта өрлеу кезеңінде басталған. Бұл кезеңде адамзат санасының дамуы және баспаханалардың ашылуы адамзат санасына жаңа қарқын алып келді. Мартин Лютер негізін қалаған протестант ағымы бір жағынан папаның билігін жойса, екінші жағынан ұлттық сананы күшейту үшін зайырлылық принципінің туындауына ықпал етті. XVIII ғасырға дейін дін – мемлекет қатынастары туралы мәселе пікір-талас тудырған мәселеге айналып, мемлекет те діни сипатын жалғастырды. XVIII ғасырдың екінші жартысында Америка мен Францияда бой көтерген көтерілістердің нәтижесінде мемлекет және дін қатынастары жаңа тәртіп-жүйемен жүргізілуі керек деген қорытындыға келді. Бұған Американың 1776 жылғы Адам құқықтары декларациясы мен 1789 жылғы француз көтерілісінің Адам құқықтары декларациясы үлкен әсер етіп, зайырлы мемлекет үлгісі пайда болды. Бұл декларацияларда барлық адамдардың тең және олардың діни тұрғыдан алғанда қалағандарынша ойлай алатындығы әрі іс-қимыл жасауда ерікті екендігі туралы мәселелер қарастырылған” [2].

Бір жағынан XVIII ғасырдың ойлау жүйесіне билік жүргізген ұлттық қалау-ерік, ұлттық құндылықтардың қалыптасуында діннің ықпалы мен маңыздылығын төмендетті. Яғни, бір мемлекетте өмір сүретін азаматтардың бір дінді ұстануы керек деген қағида жойылып, әртүрлі дінді ұстанатын азаматтардың арасында бөлінушілікке, алалаушылыққа жол берілмейтін болды. Сөйтіп үкімет толығымен зайырлылық

принципіне өтіп, жаңа мемлекет ұғымы қалыптасты. Мемлекет адамдардың о дүниелік бақытымен емес, керісінше осы дүниедегі материалдық қажеттіліктерімен айналысатын болды. Осыған орай шіркеу рухани биліктің үстемдігі туралы мәселені бір шетке ысырып қойып, енді шіркеудің тәуелсіздігі туралы мәселені алға тарта бастады [2]. XVIII ғасырдағы философтардың бірі Жан Жакс Руссо (Jean Jacques Rousseau) пікіріне қарағанда, саяси биліктің әртүрлі күштер тарапынан жүргізілуі қоғамдық тәртіптің бұзылуына себеп болады. Оның пікірінше, дін билікке ортақтасу мақсатынан гөрі саяси билікке ықпал ету жағын қарастыруы керек. Дін, бұл жеке тұлғаға тиісті қажеттілік болғандықтан қоғам өміріне қажет. Бірақ өз шеңберінің ішінде болуы керек. Бір жағынан Россау иман-сенім еркіндігін қолдаушы ретінде саяси биліктің сенім мәселелерімен айналыспауы туралы мәселені алға тартса, екінші жағынан қоғамда діни түсініктің бар екендігін ұғынып, мемлекетке тәуелді әрі оның саяси бірлігін құрайтын қоғамдық дінді мемлекет қызметіне ұсынады [3].

“Зайырлылық” сөзі латын тіліндегі “laïque” сөзінен туындаған француз сөзі. Ол рухани, діни емес нәрсе, пікір, мекеме, жүйе, принцип деген мағыналарды да білдіреді. Католик мазхабындағы діндарлардан басқа шіркеуге қатысы жоқ христиандарды “зайырлы” деп атайды. Бұл сөздің алғашқы мағынасы кеңейтіліп, діни емес және рухани маңыздылығы жоқ пікір, мекеме, принцип және құқықты да “зайырлылық” деп атаған. Бұл жағдайда зайырлы құқық дегенде діни емес әрі дінге негізделмеген құқықты, ал зайырлы мемлекет дегенде діни сенім-негіздерге негізделмеген мемлекетті түсінуге болады [4, 151-152 б.]. Зайырлылық принципі ежелгі заманнан бері діндар емес, рухани мәселелерге қатысы жоқ, діни қызметпен айналыспайтын тұлғаларға, мекемелерге қатысты қолданылып келген. “Христиан дінінде алғашқы ғасырдың аяғынан бастап шіркеу қызметкерлері “Clerici”, ал мұсылмандар қауымы “Laici” деп аталған” [2].

Зайырлылықтың терминологиялық мағынасын қарастыратын болсақ, оның мазмұны мен қамту аясы туралы ортақ түсінік қалыптаспаған. Жүздеген жылдар бойы қолданылып келе жатқан зайырлылық ұғымы жайлы әртүрлі анықтамалар бар. Негізінде зайырлылық принципі дін мен мемлекет істерінің бір-бірінен бөлінуі, бір-біріне араласпауы, адамдардың діни сенімге немесе дінсіздікке, сондай-ақ діни парыз-міндеттерді орындап-орындамауына байланысты жазаға тартылмауы, бір-бірін бөлектемеуі, еркін түрде құлшылық жасау, зорлықпен күштеп құлшылық жасамау туралы мәселелерді алға тартады [5, 14 б.]. Саяси биліктің әкімшілік ресурстарын діннен алмауы, тәртіп-ережелерін дінге негіздемеуі, мемлекеттің әртүрлі діндер арасында бейтарап болуы, дін істері мен мемлекет істерінің бір-біріне араласпай бөлек қабылдануы сияқты мәселелер зайырлылықтың негізін құрайды. Осылайша зайырлылық принципі ақыл-ойға және оның адамдарды біріктерін күшіне басымдылық беретін ағым болып табылады [5, 15 б.]. Жалпы зайырлылық – бұл иман-сенім еркіндігі немесе дін және мемлекет істерінің бір-бірінен бөлінуі сондай-ақ зайырлылықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны әртүрлі діндер мен идеологиялардың шабуылынан қорғау. Зайырлылық мемлекеттің дін негіздеріне емес, керісінше демократияға, ақыл-ой негіздеріне сүйенуді талап етеді.

Зайырлылық принципі білім-ғылымға, ақыл-ойға, еркін ойлауға сүйену болғанмен ол дінге қарсы шығу деген сөз емес. Зайырлылық, бұл тек мемлекет өміріне қатысты іс-әрекет принципі болып табылады. Зайырлылық жеке тұлғаның өмірі мен оның отбасылық жағдайына қайшы келмейді және діндарлықты жоққа шығармайды. Зайырлылықты дінсіздік деп есептеу қателік. Осыған байланысты “Зайырлылық дінді мойындамаушылық, дінді жоққа шығару болып саналмайды. Зайырлылық, бұл жалпы қоғам өмірін белгілі бір жүйемен, тәртіп-ережелермен басқару болып табылады. Зайырлылық діннің рухани әлемінде және жеке тұлғаның өмірі мен отбасы аясында, ал мемлекет болса материя әлемінде және қоғамның жалпы өмірінде үстемдік жүргізуі болып табылады” [2, 164 б.] деген тужырымды қуаттауға болады.

Осындай әртүрлі мағыналарға ие зайырлылық сөзінің түбірінде дінсіздікке, діни дұшпандыққа қатысты ешқандай мағына жоқ екендігіне көз жеткіземіз. Бірақ, философиялық термин болып саналатын “laisizim” қатаң идеологияға негізделеді. “Бұл ілімнің негізі әр нәрсенің және әрбір адамның зайырлы болуын, дінді күнделікті тұрмыстан, қоғам өмірінен алыстатуды алға тартады. “Laisizim” басқаша айтқанда саяси күш қолдану арқылы қоғамда діннің рөлін, ықпал-әсерін жою деген сөз. “Laisizim” атейизм, яғни дінсіздікке негізделген идея болып саналады. “Laisizim” бұл қоғамды түбегейлі дінсіздендіруді мақсат еткен атейстік жүйе болып саналады. Зайырлылық принципінде құқықтық ұғым, ал «laisizim»-де философиялық ұғым басым болып келеді” [5] Демек “Laisizim” мен зайырлылық арасындағы айырмашылық осылайша қарастырылуы керек.

Дін – дегеніміз қасиетті сөздердің, әдеп-тәрбие қағидаларының, әртүрлі әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың, сенімдер мен құлшылықтардың жиынтығы болып табылады. “Дін, бұл рухымызбен сезіп, ақыл-ойымызбен қабылдайтын діни заң-ережелер болып табылады” [4, 68 б.]. Дін, тек жеке тұлғаға қатысты нәрсе емес. Діннің қоғам өмірінде алатын маңызды орын бар. Қоғам жеке тұлғалардан құралатындығы

секілді, жеке тұлғалар да рух пен ар-ожданнан тұратын, жауапкершілік сезімін арқалаған жаратылыс. Сондай-ақ, дін қоғамдық тәртіпке, ұжымдық іс-әрекетке әмір береді [6, 8 б.].

Зайырлы мемлекеттегі дін еркіндігі дегеніміз үкімет арқылы немесе жеке тұлғалар тарапынан заңмен не болмаса басқа да жолмен қысымға, үрей-қорқынышқа жол бермеу. Ал, бұл төмендегі тәртіпке негізделеді: 1. Қалаған дініне сену және сенім негіздерін еркін түрде орындау. 2. Ұстанған дінінің құлшылық негіздерін сол діннің әдеп-тәртібімен, тілімен еркін түрде орындау. 3. Ұстанған діні туралы ой-пікірлерін, білімін, сүйіспеншілігі мен таңданыстарын еркін түрде ауызша немесе жазбаша өзгелерге насихаттау. 4. Қабылдаған дінінің діни заң-ережелерін еркін түрде үйрену және оны басқаларға үйрету. 5. Мемлекет тарапынан бекітілген заңмен орындалуын немесе орындалмауын әмір ететін мәжбүр жағдайлардан алшақ болу, сондай-ақ мемлекет заңдарына қарсы шықпау шартымен діни парыз-міндеттерін еркін түрде орындау. Заң-ережелердің орындалуын әмір етіп, діннің тиым салған нәрселерін жасау немесе керісінше заң-ережелердің тиым салған, бірақ діннің әмір еткен нәрселеріне діндар азамат заңға бағынумен өзінің ұстанған діни сенімі бойынша күнә жасаған болып есептелмейді. Өйткені ол бұған мәжбүр әрі тәуелді болып табылады [4, 145-146 б.]

Зайырлылық принципін қуаттамайтын мемлекет жүйесінде діни фанатизм немесе саяси фанатизм кең қанат жайып билікке ұмтылады. Соданда діннің еркіндігін діни әрі саяси фанатизмге қарсы қою үшін зайырлылық принципі болуы керек. Себебі, зайырлылық сақтық шарасын қамтамасыз етеді.

Қазақстан сияқты халқының басым көпшілігін мұсылмандар мен православие христиандары құрайтын елде мемлекеттің мұсылмандар мен христиандардың діни қажеттіліктерін қамтамасыз етулеріне қолдау-көмек көрсетпейді деген сөз емес. “Мемлекеттің басты міндеті халыққа қызмет ету болғандықтан, халықтың талап-сұраныстарын, діни қажеттіліктерін қамтамасыз ету үкіметтің міндетіне жатады” [4, 175 б.] Осындай мысалды өзге елдердің тәжірибелерінен де көреміз. Бүгінгі күні Англияда шіркеу шығыстарының жартысы мемлекет тарапынан төленеді және шіркеу басқа шығыстарына байланысты салықтан босатылады. Шіркеу әртүрлі іс-шараларын еркін атқара алады. Мемлекеттік оқу орындарында дін сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламаларына енгізілген [7, 61 б.] Германияда шіркеулер мемлекеттің көмегімен салық салу құқығына ие. Сондықтан да адамдар шіркеуге салық төлейді және бұл шіркеудің негізгі кіріс көзі болып табылады [7, 64 б.] Ал Испанияда дін қызметкерлері тұрғын үй салығынан босатылады. Католик дінінің қызметкерлеріне мемлекеттен қаржылай көмек беріледі. Католиктер өз еліндегі барлық құқықтар мен мүмкіндіктерден пайдаланады. Католик дінінің уағызшылары барлық мектептерде, ауруханалар мен әскери бөлімшелерде қызмет атқару құқығына ие. Мектептерде дін сабағы шіркеу тарапынан жүргізіледі. Бастауыш мектеп пен орта мектептерде шығыстар мемлекет тарапынан төленеді [7, 67 б.]

Сол сияқты Грекия елінің конституциясында Православие шіркеуі мемлекеттің ресми діни ретінде қабылданған. Шіркеу бүгінгі күні әлі де мемлекеттік министрлік (әсіресе діндер және ұлттық білім беру министрлігі) ретінде жұмыс жүргізеді. Грекияда діни ой-пікірлердің бәсекелестігі еркін түрде таралмаған. Өзінің діни наным-сенімін жайған (насихаттаған) адам жауапқа тартылады. Өйткені православие сенімінен басқа наным-сенімдердің таралуы мемлекеттің Православиелік сеніміне айтарлықтай қауіп төндіреді. Шіркеу мемлекеттің қолдауымен насихатталған діни наным-сенімдерге қауіп төндіретін ой-пікірлердің алдын алуда [7, 63 б.]

Ал Францияда мемлекет бірнеше діни қажеттіліктерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Талап-ережеге сай мектептер мен колледждерде, ауруханаларда, түрмелерде, әскери бөлімшелерде діни тұрғыдан тазару үшін арнайы орын бөлініп, діни қызметкер болуына рұқсат беріледі және бұл тек мемлекет тарапынан жасалады [7, 69 б.]

Түркия зайырлылық моделін Францияның зайырлылық моделіне қарай құрып, зайырлылықтың құрылымын жасап конституцияға 1937 жылы енгізген. Франция дін мен мемлекетті бір-бірінен бөлек қарастырса, Түркия дінді бақылауға алып өзгеше модель қалыптастырды. “Түркияда тарихи және қоғамдық динамикалар, зайырлылықты жүзеге асыруда әртүрлі ой-пікірлер мен ұстанымдардың қабылдануына жол ашты” [7, 69 б.]. Дін мәселесінде мемлекеттің бейтараптылықты емес, керісінше өзінің таңдаған жолына қарай бағытын айқындауы түрік зайырлылығына тән ерекшелік болып табылады” [8, 155 б.]. Мемлекет діннің өз алдына бөлек құрылуына рұқсат бермеген және дінді тек наным-сенімдер мен құлшылықтардың жиынтығы ретінде қабылдап мешіт, медресе сияқты діни орындарды басқаруға жауапты мекеме ретінде Премьер министрге қарасты Дін істері басқармасын ашқан. Дін істері басқармасының төрағасы Премьер министрдің ұсынысымен Президент тарапынан тағайындалады.

Дін істері басқармасының бюджеті мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Бұған қоса Дін істері басқармасына қор, қоғам, ұйым сияқты құрылымдық мекемелер қолдау-көмек көрсетеді. Сондықтан да Түркия дін мен мемлекетті бір-бірінен бөлек қарастыра отырып, мемлекетке діни мәселелерге бақылау

жүргізу және діни істерге араласу құқығын берген.

Діни білім Ханафи мазхабы бойынша Дін істері басқармасына қарасты Құран үйрету курстарында, мешіттерде берілумен қатар Ұлттық Білім беру министрлігіне қарасты барлық оқу орындарында “Дін мәдениеті және әдептану” негізгі пән, “Құран және Мұхаммед пайғамбардың өмірі” пәндері таңдамалы пән ретінде оқытылады. Сонымен бірге дін сабақтары Ұлттық Білім беру министрлігіне қарасты “Имам Хатип” лицейлерінде тереңірек оқытылады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы Дінтану факультеттері мектептерде “Дін мәдениеті және әдептану” пәнінен, ал Имам Хатип лицейлерінде Құран, Араб тілі, Ислам құқығы (фыкх), Мұхаммед пайғамбардың өмірі, Кәләм және т.б. пәндерден сабақ беретін мұғалімдер мен муфти, имам, уағызшы сияқты діни мамандар дайындайды. Діни қызметкерлердің, муфтилердің, имамдар мен уағызшылардың еңбек ақысы мен мешіттердің электр жарығы, жылу және күтім жұмыстарына кететін шығындар мемлекет тарапынан төленеді.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан бастап әрбір азаматқа дін мен құқық бостандығын берген, сондай-ақ діни ұйымдар мен мекемелерге барынша толеранттылықпен қарайтын және оны конституциясында бекіткен демократиялық, зайырлы және адам құқығын жоғары қойған әлеуметтік мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасы Атазаңының бірінші бабында “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” [9, 1 бап] деп атап көрсете отырып зайырлылық принципін ұстанып, осы принципке сәйкес дін мен мемлекет істерін бір-бірінен бөлек қарастырған.

Қазақстан көп ұлтты және сонысымен мақтанатын, көп ұлттылығын дұрыс бағытта пайдаланып келе жатқан алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылады. конституцияның 14-ші бабының 2-ші тармағында “Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды” – делінген. Осылайша адамдар арасында ешқандай айырмашылықтың жоқ екендігі және Қазақстан азаматтарының өзара бірдей тең екендігі атап көрсетілген.

Конституцияның 19-шы бабында дін бостандығы қамтамасыз етіліп, адамдардың діни сенім мәселесінде құқықтарының еркін екендігі, ешқандай сыртқы күштің әсеріне, зорлық-зомбылыққа жол берілмейтіндігі және кімнің қай дінді ұстанатындығы өз еркінде екендігі атап көрсетілген. Сондай-ақ мұны сырт көзге көрсету-көрсетпеу тағы да адамның өз құқығына байланысты. Яғни, қандай да бір дінге сену немесе сенбеу адамның өз еркіне тән нәрсе. Ешкімнің адамдардың діни өміріне шектеу қоя алмайтыны сияқты зорлықпен, күшпен дінге сендіруге құқы жоқ. Сондықтан да дін және құқық бостандығы адамдардың еркіндігін көрсететін құқық болып табылады. Конституцияның 22-ші бабында әркімнің ар-ождан бостандығы мен құқығына кепілдеме беріліп, ар-ождан бостандығы құқығының шеңбері нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 1992 жылы 15 қаңтарда қабылдаған “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер” туралы заңмен барлық діни конфессиялардың діни наным-сенімдеріне кепілдеме берді. Барлық діни бірлестіктер заң алдында тең құқыққа ие болды. Сонымен бірге әртүрлі діни топтар мен діни ұйымдар Қазақстанда кеңінен тарады. Бұл діни топтардың басым көпшілігі өзге мемлекеттерде қолдау таппаған тиым салынған топтар болды. Аталмыш заңның азаматтардың діни наным-сенімдерін қамтамасыз ететінін пайдаланған әртүрлі секталар мен зиянды ағымдар мемлекеттің ішкі құрылыстарына дейін кіріп алды. Бұлардың көпшілігі мемлекет заңдарына қарсы шығып әскерге бармау, балаларды мектепке жібермеу сияқты ой-пікірлерді насихаттап, тіпті террорлық әрекеттер ұйымдастырып мемлекеттің тұтастығын, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын бұзуға әрекет жасады. Бастапқыда зайырлылықты барлық діндерге бейтарап қарау, мемлекетті діни танымдардан бөлектеу, кез-келген діни топтарға еркіндік беру деп түсінсе, жылдар өте зайырлылық бірте-бірте өзгеріске ұшырап басқаша түсініле бастады. Нәтижеде, заңға өзгерістер енгізіліп 2011 жылдың 11 қазанында “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” жаңа заң қабылданды.

Бұл заңның 3-бабында мемлекет пен дін арасындағы қатынастар қарастырылған. Бұл заң бойынша мемлекет діннен және діни ұйымдардан бөлек болып табылады. Діни ұйымдар, азаматтар және елдегі шетелдік азаматтар діни наным-сенімдеріне қарамастан заң алдында тең болып саналады. Ешқандай дін мемлекеттің ресми діни немесе әркімнің міндетті діни бола алмайды. ҚР-ның білім және тәрбие жүйесі дінге, діни ұйымдарға араласпайтын зайырлы жүйе болып табылады. Бірақ, бұған діни оқу орындары жатпайды. Дінді насихаттауда заңға қайшы әрекет етуге, діни сенімге байланысты азаматтық құқықтарды шектеуге, діни сезімдерді бұзуға, белгілі бір діннің қасиетті (киелі) болып саналатын жерлері мен заттарына зиян келтіруге рұқсат етілмейді. Азаматтар осы заңның аясында діни міндеттерін орындауға, өз алдына немесе өзгелермен бірге дінді насихаттауға, діни ұйымдардың іс-шараларына қатысуға және

миссионерлік іс-әрекеттер жүргізуге құқылы. Ешкім діни наным-сенімін алға тарта отырып ҚР-ның конституция мен заңдарында көрсетілген жауапкершіліктерін орындаудан бас тарта алмайды.

Мемлекет діни ұйымдарға мемлекеттік мекемелердің міндеттерін жүктемейді. Заңға қайшы әрекет жасамайынша діни ұйымдардың істеріне араласа алмайды. Қандай да бір діннің өкілі болып саналатын немесе саналмайтын Қазақстанда тұратын шетелдік азаматтар мен әртүрлі діни ұйымдардың арасында толеранттылық пен құрметтің қалыптасуына себеп болады.

Заң бойынша мемлекетке тіркелмеген діни ұйымдар жұмыс істей алмайды. ҚР-ның азаматтарының елдегі шетелдік азаматтардың дінін қабылдауға, діни ұйымдардың іс-шараларына, діни рәсімдер мен салт-жоралғыларға қатысуына немесе қатыспауына ешкім күштеп мәжбүрлей алмайды.

Денсаулыққа зиян келтіруге, ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық қарым-қатынастарды немесе туыстық қарым-қатынастарды бұзуға, азаматтардың заңда көрсетілген міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе заңға қайшы әрекет ететін діни ұйымдардың жұмыс жүргізуіне рұқсат етілмейді.

Осы заң аясында Қазақстан Республикасы өзінің әрбір азаматына сенім және құқық бостандығын берген. Азаматтар діни сенімдеріне қарамастан заң алдында бірдей тең құқыққа ие. Мәдениет пен халықтың рухани өмірінің дамуында Исламның Ханафи мазхабы мен христиан дінінің Ортодокс мазхабын қабылдаған Қазақстан өзге діндерге құрмет көрсете отырып дінаралық келісім мен татулықты, діни түсіністік пен бейбітшілікті ту еткен демократиялық зайырлы мемлекет болып табылады.

Осы заңмен Қазақстан өзіне тән зайырлылық түсінігін қалыптастыра бастады. Зайырлы мемлекетте жеке тұлғалардың діни наным-сенімдері мен құлшылықтарына мемлекет араласпайды. Бірақ, діни құлшылықтар мен салт-дәстүрлер қоғамдық сипат алған жағдайда, қоғамда болатын әр іс-әрекет сияқты зайырлы мемлекетке тиісті жағдай болып саналады. Сондықтан да мемлекет қоғамның қорғаушысы ретінде қоғамдық деңгейдегі құлшылықтар мен әдет-ғұрыптарға араласа алады әрі оларға тиым сала алады. Яғни, бұл діни іс-шаралардың жеке адам немесе көпшілік тарапынан жасалып-жасалмайтындығына қарамайды. Іс-шараны ұйымдастырушалар мен өзге адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қарайды. Егер бұл іс-шара өзгелердің құқығы мен бостандығына шектеу қойып, зиян келтіретін болса онда бұл жеке тұлғалық сипатын жоғалтып, бүкіл қоғамға ықпал ететін жағдайға айналады. Дін мемлекеттен бөлек, бірақ қоғам мемлекеттен бөлек емес. Қоғам да діннен бөлек емес. Сондықтан да бүгінгі күндегі зиянды секталар қоғамның, мемлекеттің дамуына нұқсан келтіреді. Осы орайда қоғамдағы діни тәртіпті қамтамасыз ету – мемлекеттің міндеті болып табылады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып кеткендей: “Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан да мемлекет осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуден бойын аулақ сала алмайды. Бұл ретте, діни сенімдердің өнегелі-рухани бастауларға негізделетіндігін және орасан зор гуманистік әлеуетке ие екендігін есепке алу маңызды. Бей-жай қарауға, осынау мол әлеуетті қазақстандық қоғамның рухани құндылықтарын дамыту, қазақстандық патриотизмді нығайту, ұлтаралық және дінаралық келісімді бекіту және діни экстремизмнің алдын алу ісіне пайдаланбауға енді болмайды” [10, 1 б.].

Қорыта айтқанда, зайырлылық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін жүйе болып саналады. Бұл жүйеде мемлекет пен дін бір-біріне араласпай, әрқайсысы бөлек жұмыс жүргізеді. Дін еркіндігі мен одан туындайтын құқықтардың қамтамасыз етілуі тек зайырлылық принципімен жүзеге асады. Зайырлылық принципі жүзеге асырылған мемлекеттерде дін мен мемлекет қатынастары өз орнымен жүргізіліп, келеңсіздіктер жойылған. Сондықтан да адамдардың бір-бірінің құқықтарын пайдалануына жол берілмейді. Бірақ, бүгінгі күнде көпшілік қауым қабылдайтындай етіп рационалдық тұрғыдан анықтамасы берілмей, жан-жақты қарастырылмай конституцияға енгізілген бұл ұғым көптеген елдердегідей Қазақстанда да ұзақ уақыт пікір-талас тудыратын мәселеге айналуы мүмкін.

1. Turan, Osman, (1993), *Türkiye’de Manevi Buhran Din ve Laiklik, Boğaziçi Yayınları, – İstanbul.*

2. Uslu, Şükrü, *Laiklik – Din İlişkisi,*

http://dergi.samsunilahiyat.com/Makaleler/339231957_200316100138.pdf, 30.10.2011.

3. Büyükk, Celal, *Yeni Çağ Batı Düşüncesinde Hristiyanlık ve Siyaset İlişkisiyle İlgili Bazı Düşünceler.*

<http://e-dergi.atauni.edu.tr/index.php/SBED/article/view/86/80>, 30.10.2011.

4. Başgil, Ali Fuat, (2011), *Din ve Laiklik, Yağmur Yayınları, İstanbul, sayfa.*

5. Özden, Mustafa, *Müslüman Kelamında Sekülerleşme Süreci.*

<http://Mushuman-kelaminda-sekulerlesme-sureci-secularization-process-in-islamic-theology.pdf>

6. Akdin, Fatma Betül, *Türk Modernleşme Sürecinde Din-Toplum ilişkisi,*

http://tez2.yok.gov.tr/tez/tarama_basit.php.pdf, 23.10.2011.

7. Kahraman, Mehmet, *Avrupa Birliği Ülkelerinde ve Türkiye’de laiklik,*

http://www.mku.edu.tr/images/soybilimler/filesayi_dokuz04_Kahraman.pdf 16.09.2011.

8. Köktaş, M. Emin, (1997), *Din ve Siyaset-Siyasal Davranış ve Dindarlık, Vadi Yayınları, – Ankara.*

9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж.

http://www.akorda.kz/kz/official_documents/the_constitution/the_constitution, 22.10.2011

10. Egegen Kazakstan, Рухани бастаулар негізі, 16.11.2012.

Резюме

Статья посвящена раскрытию взаимоотношений между религией и государством. В первый период становления христианства в управлении государством религия была отделена от власти. Со временем религия получила государственную власть, это был долгий исторический процесс. В средние века церковь не только вмешивалась в государственную власть, но и пыталась управлять обществом и личностью. В конце XVIII в., в эпоху Возрождения, с формированием принципов лаицизма, впервые начался процесс отделения церкви от государства. В результате противодействия народа власти церкви в Европе впервые возникло светское государство. В данной статье с исторической точки зрения рассматривается значение и период возникновения лаицизма, отношения между религией и лаицизмом в некоторых европейских государствах и в Казахстане.

Resume

This article deals with the disclosure of relationship between religion and the state. During the first period of Christianity formation in government the religion was separated from the power. Over time the religion received the government, it was long historical process. With the Middle Ages the church not only interfered with the government, but also tried to operate society and the personality. At the end of the XVIII century, in Renaissance, with formation of the principles of a laitsizm, process of church office from states for the first time began. As a result of counteraction of the people of the power of church in Europe for the first time there was a secular state. In this article from the historical point of view value and the period of emergence of laitsizm, the relation between religion and a laitsizm in some European states and in Kazakhstan is considered.

«КӨШБАСШЫЛЫҚ» ПЕН «БАСШЫЛЫҚ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАСАЛМАҒЫ: МӘСЕЛЕГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

М.М. Ермеков – Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты

«Басшылық мәдениетін алмастыратын ешнәрсе жоқ.

Басқару жүйесі басшыларды тудырмайды.

Керісінше, ол басшы болу мүмкіндігін арттыратын немесе жанышын тастайтын жағдай тудыра алады».

К.Киллен

Әлем ғалымдарының көшбасшылық мәселесін жүз жылдан аса уақыттан бері зерттеп келе жатқаны бәрімізге белгілі. Осы уақыт ішінде көшбасшылық туралы көптеген еңбектер жазылып, бірнеше теориялар да қалыптасып үлгерді. Дегенмен, қаншалықты зерттеліп жатса да, көшбасшылық құбылысы әлі күнге жұмбақ күйінде қалғандай әсер қалыптастырады. Сол жұмбақтың кілтін табу мақсатында, көшбасшылардың жасын, басқару мәнерін, олардың өмірлік ұстанымын және т.б. факторларды қарастыру секілді талпыныс жасалуда. Көшбасшылықты зерттеу кезінде ескерілмей қалып жатқан әлсіз тұстардың бірі «көшбасшылық» пен «басшылық» ұғымдарының арасалмағы туралы мәселе екендігін мойындаған абзал. Қазіргі таңға дейін осы екі ұғым нақтылануда, олар туралы пікір-таластар да орын алып жатыр. Мұны біз басқару саласындағы жаңа жұмыстармен оқып-танысу барысында байқауымызға болады. Бұл ретте, «Вызов лидеров», /авторлары – Б.Карлоф, С.Седерберг/; «Психология управления рыночными структурами. Преобразующее лидерство», /авторы – Л. фон Мизес/; «Лидерство. Психологические проблемы в бизнесе», /Т.Н. Ушакованың редакциялығымен/ және т.б. кітаптарды атап өту қажет. «Көшбасшылық» пен «басшылық» – басқару ғылымындағы басты түсініктер. Сондықтан басқару тиімділігіне қол жеткізу бұл екеуіне тікелей тәуелді деуге келеді.

Көшбасшылық пен басшылықты бірыңғай процесс ретінде қарастыру, көшбасшылар мен басшыларды екеуара салыстыру – қазіргі кезде әлемдік ғылымға тән үдеріс. Біздің ойымызша, ғылымдағы соңғы жетістіктерден тыс қалмас үшін, еліміздегі ғылыми жұмыстардың деңгейі сол жаһандық ғылым талаптарына сай болуы шарт. Мақалада ресейлік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып талдау жүргізуге тура келеді. Себебі кеңес заманында қалыптасқан басқару саласындағы ортақ тарих айтарлықтай ерекшеліктің жоқтығын көрсетеді. Кеңестік кезеңнен бері көшбасшылық пен басшылық ұғымдарын бір-біріне қарама-қарсы қою қағидаты қатаң бекітіліп қалған. Бұл екі ұғымның бір-бірінен мұншама бөлінуін сол кездегі басқару идеологиясымен де түсіндіруге болады. Ал олардың көпшілігі «көшбасшы» мен «басшы» ұғымдарын бөліп қарастырса, кейбірі көшбасшылықты зерттей келе, аталған түсініктердің ұқсастығын және оларды мүлдем ажыратудың қажеті де жоқ екенін атап өткен.

Мысалы, Б.Д. Парыгин өз еңбектерінде көшбасшы мен басшының айырмашылықтарын келесідей салыстырмалы түрде көрсетеді [1, 5-12]:

1-кесте. Көшбасшылық пен басшылық белгілерін салыстыру

	Көшбасшылық	Басшылық
Нені реттейді?	Топтағы тұлғааралық қарым-қатынасты	Топтағы ресми қарым-қатынасты
Қандай жағдайда байқалады?	Микроортада	Макроортада
Қалай пайда болады?	Стихиялы түрде	Әлеуметтік құрылымдардың бақылауымен. Тағайындалады немесе сайланады.
Топтағы көңіл-күй мен өзгерістерге қаншалықты тәуелді?	Топтың көңіл-күйіне байланысты, тұрақсыз	Тұрақты
Санкцияларды қалайша қолданады?	Анықталмаған	Ереже шеңберінде қолданады
Беделінің негізі	Жеке ықпал	Ресми мәртебе
Шешім қабылдау сипаты қандай?	Көбінесе тура сипатта	Жанама сипатта
Қызмет аясы қандай?	Шағын топтар	Ауқымды, әлеуметтік жүйе элементі

Жоғарыда келтірілген ой-пікірден мынадай қорытындыға келуге болады: көшбасшы мен басшы өздерінің іс-әрекеті барысында ұйым персоналын ынталандыру, оларды белгілі бір міндеттерді шешуге бағыттау және соған лайық жағдай жасайтын ортақ мәселелермен бетпе-бет келіп отырады. Яғни айтқанда, әңгіме басқаруды екі жағы туралы болса да, оның бәрібір біреу екенін көреміз.

О.С. Виханский мен А.И. Наумов та көшбасшы мен менеджер (ағылшын тілінде «manager» – басшы, ұйымды басқарушы) арасында өзгешелік бар деген пікірді ұстанады. Олардың негізгі сипаттамалары төмендегі 2-кестеде көрсетілген [2, 464].

Тағы бір тоқтала кететін жағдай, екі ғалым да басшылық пен басшы – көшбасшылық пен көшбасшы ұғымдарының мағынасы жағынан ұқсас екендігін атап өткен. Демек, бұл терминдерді мағынасы жағынан тектес емес деу шындыққа жанаспас. Сондықтан олардың бір-бірімен өзара байланысы туралы батыл айтуға болады.

2-кесте. Басшының көшбасшыдан айырмашылығы

Басшы	Көшбасшы
Әкімгер Тапсырма береді	Жаңашыл Жігерлендіреді Өз мақсаты бойынша жұмыс істейді Іс-әрекет негізі – келешек көрінісі Адамдарға арқа сүйейді Эмоция қолданады
Басқалардың мақсаты бойынша жұмыс істейді Іс-әрекет негізі – жоспар Жүйеге арқа сүйейді	
Дәлел қолданады Бақылаушы	Сенеді
Қозғалысты тежейді Кәсіпқой	Қозғалысқа серпін береді Энтузиаст
Шешім қабылдайды Істі дұрыс атқарады	Шешімді жүзеге асырады Дұрыс іс атқарады
Сыйлаймыз	Құрметтейміз

Қазіргі менеджмент ғылымында көшбасшылық біркелкі мағынада сипатталмайды. «Көшбасшылық» термині Оксфорд сөздігіне сәйкес, 1300 жылы пайда болған. Алайда, Р.Стогдилл бастаған мамандар оны 1800 жылдардың шамасында пайда болды деп есептейді. Көшбасшылыққа анықтамалардың бірін Ч.Кули (1902 жыл) берген: көшбасшылық – бұл топтық процестердің түйіні. 1906 жылы Е.Мамфорд және 1911 жылы Ф.Блекмар басқаша модель ұсынды: көшбасшылық – күш-жігердің бір тұлғаға шоғырлануы, баршаның билік әлпеті. 1924 жылы Ч.Бернард көшбасшы топ назарын белгіленген бағытқа жинақтауды жүзеге асырады деп көрсетті [3, 413-418].

Біздің пікірімізше, табысты басшыны көшбасшы емес деп айту қиынға соғады. Мүмкін ол ұйымдағы бірден-бір көшбасшы болмас, бірақ бойында міндетті түрде көшбасшылық әлеует пен қасиет болуы тиіс. Көшбасшылықта «бедел сабақтастығы» деген түсініктің бар екенін естен шығармауымыз керек. Ол дегеніміз – басшы өз лауазымын алмастырса да, персонал біраз уақыт оны беделді адам ретінде бұрынғы-

сынша сыйлап құрметтейді. Персонал тарапынан мұндай қатынас басшының күшті көшбасшылық әлеуетінің өзгермеген күйінде әсер етіп жатқанын білдіреді. Яғни адам басшы болуын доғарғанымен, көшбасшы болып қалды деген сөз.

Көшбасшылықты зерттеушілер В.Алиев пен С.Дохолян «көшбасшылық» пен «басшылықты» әртүрлі ұғымдар деп ажыратуды ұсынады. Олар ресми көшбасшы мен табиғи көшбасшының арасында айырмашылық бар деген пікірге сенімді. Көп жағдайда бұл екеуі белгілі бір дәрежеде шырмала түседі. Сондай-ақ, көшбасшылық – жекелеген топ мүшелерінің психологиялық сипаты, ал басшылық – топтағы әлеуметтік қарым-қатынас сипаты деген ой да анықталған. Көшбасшылыққа қарағанда басшылық қоғаммен реттелетін құқықтық процесс ретінде көрініс табады. Басшы – ол басқалардың жұмысын бағыттаушы және соның нәтижесіне жекелей жауапты адам. Қарамағындағылармен өзінің қарым-қатынасын көбінесе белгіленген мақсатқа сүйене отырып құрады. Ал көшбасшы болса топқа өзгеріс әкелуші және өзінің келешек көрінісін қалыптастыра отырып, адамдарды соған жігерлендіреді. Ұйымның ресми тағайындалған басшысы топ ішінде жетекші позицияға қол жеткізу барысында басымдылыққа ие. Сондықтан оның басқаларға қарағанда көшбасшы болу мүмкіндігі жоғары деуге болады. Десек те, басшы болу дегеніміз бірден көшбасшыға айналу дегенді білдірмейді. Өйткені көшбасшылық көбінесе ресми емес жайттарға негізделеді [4, 205-208].

Көріп отырғанымыздай, зерттеушілердің «көшбасшылық» пен «басшылық» терминдерін түсіндіру кезіндегі пікірлерінің арасалмағы әртүрлі. Аталған ұғымдардың ортақ заңдылықтарын айқындай келе, олардың өзара байланысын және бұл мәселеге жаңаша көзқарастың пайда болып келе жатқанын байқауға болады. Батыстық теоретиктер әр менеджер көшбасшы болуы керек дегенді баяғыда-ақ айтып кеткен. Әлеуметтану, саясаттану ғылымдарында да ресми және ресми емес көшбасшылықты ажыратып көрсетеді, алайда бұл терминдердің басшылық түсінігімен байланысын әрқашан байқауға болады және оны естен шығармаған жөн.

Жоғарыда зерделенген менеджмент теорияларында басшы мен көшбасшының функцияларын бөліп қарастыру басым болғанымен, іс жүзінде олардың ұқсастығы орын алуда. Себебі нарық жағдайында кеңестік басқару стилінен жаппай бас тарту жүргізіп жатыр. Алайда, кейбір басшылар әлі күнге дейін қоластындағы қызметшілерге жоғарыдан қарауды тоқтатар емес, бұл біздің басшылардың негізгі қателігі. Мұндай келеңсіздік персоналдың ынталылығына, олардың өзін-өзі жетілдіруіне кері әсерін тигізбей қоймайтыны анық. Егер ұйымдағы «көшбасшы» мен «басшы» ұғымдарын бөліп-жармай, бірге қарастырса мүлде басқаша жетістік болар еді.

XXI ғасыр басшысы – ең алдымен, мақсатшыл және өзінің жағымды мінезімен басқаларға рух беретін энтузиаст. Осындай маңызды қасиетсіз басқарудың басты қағидаты «тиімділікке» қол жеткізу мүмкін емес. Нарықтық экономика жағдайында басшылық лауазымға табиғатынан көшбасшы болып табылатын адамдар жиі келеді. Мүмкін, алдағы уақытта бұл түсініктердің айырмашылықтары білінбей бір-бірімен біте қайнасып кетер. Пайда болу жағынан көшбасшы мен басшының айырмасы болғанымен, қызметтік сипаты жағынан олардың ортақ белгілері бар екенін білеміз [5].

Сондықтан да нарықтық экономикаға көшуімізге орай, практикада ғана емес, іргелі зерттеулерде де көлемді өзгерістер орын алуы керек. Өкінішке орай мұндай жағдай сирек кездесуде. Ғылыми процесс бір орнында тұрмайды, ескі терминдер жаңа мазмұнға ие болып жатыр. Көп жағдайда еліміздегі менеджмент саласындағы зерттеулерде көшбасшылар мен басшылар бөліп көрсетеді. Ал көшбасшылық теориялары пайда болған батыс елдерінде бұл екеуі бірыңғай немесе тектес ұғымдар ретінде қарастырылады. Осы теорияларды зерттей келе бізге де неге өзара ұқсас екі ұғымдарды жақындатпаса? Бұл көшбасшы мен басшы арасына теңдік белгісін қою дегенді білдірмейді, бірақ біздің ойымызша, осы мәселеге жіті көңіл бөлу қажет. Себебі басқару ғылымының қайнар көзі саналатын батыс елдеріндегі біртектес ұғымдар неге бізде әртүрлі түсіндіріледі деген сұрақ көкейден кетпейді.

Бұл мақалада біз «көшбасшылық» және «басшылық» ұғымдарының қалыптасқан арасалмағы туралы түсінікті түгелдей өзгертуді мақсат еткеніміз жоқ. Тек қана осындай мәселенің бар екеніне және оны шешу қажеттігіне көңіл бөлгіміз келді.

1. Парыгин Б.Д. *Руководство и лидерство. (сборник научных трудов) / Под ред. Парыгина Б.Д. – Л., 1973. -144 с.*
2. Виханский О.С., Наумов А.И. *Менеджмент: учебник / Виханский О.С., Наумов А.И. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Экономистъ, 2006 – 670 с.*
3. Кравченко А.И. *История менеджмента: Учебное пособие для вузов. – 5-е изд. – М.: Академический Проект: Трикста, 2010. – 560 с.*
4. Алиев В.Г., Дохолян С.В. *Организационное поведение: Учебник для ВУЗов – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Экономика, 2004. – 312 с.*
5. Калашиников К. *Роль и место теорий лидерства и командообразования // Управление персоналом. – 2008. - №6. [Электронды ресурсы]. – <http://www.top-personal.ru/issue.html?1520>.*

Резюме

В статье рассмотрены различные труды исследователей лидерства при определении понятий «лидерство» и «руководство». Автор, придерживаясь позиций современной мировой науки, предлагает рассматривать эти родственные понятия не отдельно, а постепенно сближать их. При этом автор не ставит своей целью полностью изменить представление о существующем соотношении понятий «лидерства» и «руководства», а лишь хочет привлечь внимание к данной проблеме.

Summary

The article describes the various works of scholars of leadership in defining the concepts of "leadership" and "management". The author, following the positions of the modern world of science, proposes to consider these related concepts are not alone, and gradually bring them closer. The author does not aim to completely change the perception of the existing relationship between the concepts "leadership" and "management", but only wants to draw attention to the problem.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ХАЛ-АХУАЛЫ

А.З. Жуманова – *Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*
бД020300-«Тарих» мамандығы бойынша 2 курс докторанты

Л.Т. Тлегенова – *т.ғ.к., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің*
археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының доценті

Қазақстанда жалпы білім берудің саяси алғышарты Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жасалды. Дегенмен, бұл мәселені шешуде сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік алғышарттарды жасау аса қажет болды. Олардың ең бастылары: материалдық база, педагогикалық кадрлар дайындау, мектеп құрылысын кеңейту, мектептерді қайта жөндеу мен олардың оқу-шаруашылық шығындарын қаржыландыру болып табылды. Көшпелі мал шаруашылығына бейімделген Қазақстанда, аталған алғышарттарды жасау үлкен қиындықтар туғызды. Соған сәйкес, Қазақстанда жалпы білім беру жүйесін қалыптастыру үрдісі баяу дамыды. 20-жылдардың екінші жартысында, Қазақстандағы балалардың оқуға тартылу деңгейі, Одақтағы басқа республикалармен салыстырғанда, төменгі сатыда тұрды.

1-Кесте. 1926-1928 жж. КСРО-дағы мектеп оқушыларының үлесі

Республикалар	1000 адамға шаққандағы мектеп оқушыларының үлесі	
	1926-27 жж.	1927-28 жж.
Қазақ	28,6	34,2
Қрым	85,3	88,8
Дағыстан	33,2	...
Бурят-Монғол	51,5	59,0
Чуваш	63,2	72,4
Татар	63,3	68,0
Башқұрт	48,3	56,5
Қырғыз	30,6	35,1

Ескерту – мәліметтер [1], 1-т., 1367-і., 39-п. алынды

Қазақстанның халыққа білім беруде соңғы орында тұруы, көбінесе ауыл балаларының оқуға тартылмай қалуымен сипатталды. Үлкен территорияда шашыранқы орналасқан ұсақ ауылдарды мектеппен қамтамасыз ету, шын мәнінде, шешілуі қиын мәселелердің біріне айналды. Оның астарында ең алдымен, экономикалық себептер жатты. Әсіресе, балаларды жаппай оқуға тарту барысын, мектеп ғимараттарын салу жұмыстарының баяу жүргізілуі тежеді. Ол туралы 1927 жылы С.Садуақасұлы: «Ауылдық мектептеріміз мұғалім мен оқытушылар ғана. Шынына келгенде мектептің алдымен үйі болуы керек. Сосын оқушысы, содан кейін мұғалімі. Бізде мұның ең керектісі жоқ» [2, 138 б.], – деді. Сонымен қатар, 20-жылдардың соңында М.Шоқай қазақ ауылдарындағы мектеп мәселесіне байланысты өз пікірін білдірді. Ол Кеңес өкіметінің тарапынан қазақ мектептеріне қатысты өнімді ешнәрсе істелмегендігіне тоқталады: 1927-жылға дейін 1 600 қазақ мектебі болса, олардың ғимаратпен қамтамасыз етілгендері 40-қа жуық. М.Шоқай одан әрі Голощекиннің VI-партия конференциясында жасаған баяндамасынан үзінді келтіреді: «Қағаз жүзінде ауыл мектептерінің саны өте көп болғанымен, шын мәнінде ауылда ешқандай мектеп жоқ. Егер ауыл мектебіне арналған ғимарат болса, ол ғимаратта орындықтар жоқ, ал орындық болғанның өзінде, оқытатын оқулықтар жоқ» [3, 60-61 бб.].

Қазақ мектептеріне қарағанда, орыс мектептерін ғимаратпен қамтамасыз ету көрсеткіші біршама алда тұрды. 1928 жылы Қазақ АКСР-ның ХКК-сі РКФСР-ның ХКК-не республикадағы мәдени құрылыстың

барысы туралы баяндамасында ғимаратпен қазақ мектептерінің тек 3% және орыс мектептерінің 20% қамтамасыз етілгендігі көрсетілді [4, 6-т., 20-і., 101-п.]. Қалған мектептер талапқа сай келмейтін үйлерде орналасты. Осыған байланысты, қазақ балаларының мектеп орындарымен қамтамасыз етілуі және оқуға тартылу көрсеткіші Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда соңғы орындарда тұрды.

2-Кесте. Қазақстандағы оқушылардың мектепке тартылу көрсеткіші

Ұлттар	Мектептегі орынмен қамтамасыз етілу %-ы	8-11 жастағы балалардың оқуға тартылу %-ы
Қазақ	22,5	9,5
Орыс	63,2	37
Украин	58,8	34,8
Татар	65	38
Өзбек	21,6	12,4
Басқа ұлттар	62	32

Ескерту – мәліметтер [1], 1-т., 1545-і., 101-п. алынды

Ауылдық жерлердегі мектеп ғимараттарының аз салынуы, сол уақыттағы ұйымдастыру жұмыстарындағы тәжірибесіздікке де қатысты болды. Соның бір мысалы, 20-жылдардың соңында жаңа мектепті салу үшін, жер таңдау кезінде біраз қателіктерге жол берілді. Тұрғындары аз, бірнеше ұсақ ауылдарға ортақ бір мектеп ашу қажет деген принцип қате түсінілді. Нәтижесінде, мектеп үйлері нақты ауылдың ішінде емес, сол ауылдардың барлығынан 5-10 шақырым қашықтықта жатқан иесіз далаларға салынды [5, 21 б.]. Ал, ол мектепке балалар мен мұғалімдердің күн сайын ұзақ жол жүріп барып-қайтуына ешқандай мүмкіндіктің болмағандығы белгілі. Осының салдарынан, салынған мектеп пайдаға аспай, қазақ ауылдары мектепсіз қалды.

Жоғары билік орындары жергілікті білім беру мекемелерінен оқушылар санын көбейтуді талап етті. Бірақ, соған сәйкес мектеп қорын жасай алмады. 1930-1933-жылдары Қазақ АКСР-ның ОХК-ның комиссары қызметін атқарған С.Меңдешұлы мектеп құрылысына байланысты: «1931 жылы жоспар бойынша салынбақ мектептің көбі салынбай қалды. 1932 жылы жергілікті бюджеттен 361, өнеркәсіп орындары арқылы 38 мектеп салынбақ еді. Совхоздар соған 274,5 мың сом арнап еді. Не салынып, не салынбағаны белгісіз. Сөйтіп, соңғы 2 жылда бұл жағымыз айтарлықтай бола алмады» [6, 3 б.], – деді. Бұл жерде мектеп құрылысына қаржы бөлудің нәтиже бермеуі, көбінесе құрылыс материалдарының тапшылығына тәуелді болды. ОХК Мемлекеттік жоспарлау комитетіне аса қажетті материалдарға сұраныс жолдағанымен, ол сұраныс қанағаттандырылмады [7, 8-т., 249-і., 48-п.].

Мектеп құрылысында орын алған жүйесіздіктің салдарынан, мектептерді бейімделген ғимараттарға орналастыру тәжірибесі кеңінен қолданылды. 1927/1928 оқу жылында республика мектептерінің 36%-ы бейімделген ғимараттарда орналасса, 1930/31 оқу жылында ондай мектептердің үлесі 44,5%-ға дейін жоғарылады. Бейімделген ғимараттардың басым бөлігін, бұрынғы конфискацияланған «бай-кулактардың» үйлері құрады. Ал, осы жылдары жалданған мектеп ғимараттарының саны, алдыңғы жылдармен салыстырғанда (1927/1928 оқу жылында – 20%; 1930/1931 оқу жылында – 16,7%), біршама төмендеді [4, 3-т., 1082-і., 69-п.].

Ауылдың бастауыш мектебі, 3,4-сыныптарды қалыптастыра алмағандығы белгілі. Оның басты себебі – халықтың сирек орналасуы болғанымен, төрт сыныпты толтыратын оқушы жинақталған жағдайдың өзінде, оларды оқытатын талапқа сай ғимарат өте аз болды. Ондағы мектептердің 48,4%-ы (22,6%-арнайы, 29% – бейімделген) жалдамалы ғимараттарда орналасты [4, 3-т., 1082-і., 69-п.]. Осындай жағдай, білім беру үшін өте қолайсыз болды. Оны С.Садуақасұлы былайша бейнеледі: «Балалар жерде отырып, жерде жазады. Терезенің әйнегі жоқ, есіктің тақтайы жоқ, жағатын дұрыс пеші жоқ. Бүйтіп көрінген қазақтың шым үйін мектеп қыла берсек, біз халық ағарту жұмысында ілгері кете алмаймыз. Мектепте тәрбие берудің орнына, біз одан балалардың көбін ауру қылып шығуымыз мүмкін» [2, 320 б.]. Ауылды санамағанда, селонның өзінде ең жақсы деген мектепте 15-20 адам өте тығыз отыратын екі бөлме ғана болған [7, 8-т., 249-і., 47-п.].

Өндірістің қолға алынуына байланысты, халық саны жедел өсіп келе жатқан қалаларда да мектептерді арнайы ғимаратпен қамтамасыз ету, өзекті мәселеге айналды. Бірақ, ауылдық жерлерден бір ерекшелігі: қалалардағы мектеп ғимараттарын тұрғын үй ретінде пайдалану жиі орын алды. Мысалы, 1932 оқу жылында Алматы қаласындағы мектепке арналған ғимараттардың 12-сінде пәтершілер тұрақтаған. Сол жылы, олардың екеуі ғана босатылады. Нәтижесінде, қала бойынша оқуға тартылуға тиісті 3 мың оқушының өтініші кері қайтарылады [8, 4 б.]. Мектеп ғимараттарын өз мақсатында пайдаланбау жағдайларының жиі орын алуы, 1932 жылы КСРО ОАК мен ХКК-ның бірлесіп «Мектеп ғимараттарын пайдалану туралы» [4, 3-т., 1074-і., 5-п.] қаулысын шығаруына себеп болды. Онда оқу ғимараттарын оқу-тәрбие

жұмыстарына ғана пайдалану, аталмыш ғимараттарды оқу-тәрбие жұмысына қатысы жоқ мекемелер мен ұйымдардың, жеке тұлғалардың пайдалануларына тыйым салу туралы мәлімденеді.

Қазақстан мектептерінің ғимараттарға деген сұранысының жыл сайын өсуіне қарамастан, мектеп құрылысын жүргізу барысында жыл сайын кері кетушілік байқалды. 1931 жылы салынуға тиісті құрылыс объектісінің тек 41,6%-ы ғана пайдалануға берілген. 1932 жылы олардың 20,4%-ы, ал 1933 жылы 24%-ы ғана салынады [9, 56 б.].

Оқушылар санының жыл сайын артып, мектеп ғимараттарын салу деңгейінің төмендеуі, мектептердің үш ауысымдық тәртіпке көшуіне, демалыссыз оқуға итермеледі. Тіпті, астаналық мектептердің өзінде 40 оқушыға арналған бөлмелерде 62 оқушының білім алатындығы айтылады [4, 3-т., 1074-і., 8-п.]. 1933 жылы ДХК Қазақстан бойынша мектеп ғимараттарына тексеріс жүргізеді. Тексеріс барысында, олардың басым көпшілігінің әсіресе, ауылдық-селолық мектептердің білім алуға толық мүмкіндік бермейтіндігі көрсетіледі. Мысалы, бөлмелердің тарлығы, жарықтың дұрыс орналаспауы, киімдігіш, желдеткіштің жоқтығы, нашар пештер, көпауысымдық тәртіп т.б. ДХК аталған кемшіліктер, оқушылардың денсаулығына кері әсер еткендігін баяндады. Онда Қазақстандағы оқушылардың 60-75% – қанның аздығына, 70% – туберкулез интоксикациясы, 68%-жүйке жүйесінің бұзылу дертіне шалдыққандығы анықталады [4, 3-т., 1082-і., 68-п.]. Сонымен бірге, ғимарат салу кезінде, қауіпсіздік шараларына аз көңіл бөлінді. Ол әсіресе, Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы мектептерге тән болды. Құрылыс саласының мамандары сейсмикалық аймақтардағы мектеп құрылысында, қабырғалардың қиылысының талапқа сай бекітілмейтіндігін үлкен қауіп деп бағалады [4, 5-т., 852-і., 7-п.]. Аталмыш кемшіліктің орын алуына құрылыс материалдарының жетімсіздігі себеп болды.

30-жылдардың басында орын алған әлеуметтік-экономикалық құбылыстар, бұрын пайдалануға берілген ғимараттардың бұзылу қауіпін туындатты. 1933 жылдан бастап Қазақ АКСР-ның оқу-ағарту халық комиссары қызметінде болған Т.Жүргенов, 1934 жылы халқы көшіп кеткен аудандардағы мектеп ғимараттарының бұзылып жатқандығына назар аударады. Ол мектептердің 30%-ның ғана белгіленген талапқа сай келетіндігін жазды [10, 26-27 бб.].

Келесі бесжылдық, яғни 1933-1937 жылдары жалпы білім беру жүйесінің материалдық базасын жасаудағы ең басты қиыншылық – ғимарат мәселесіне қатысты туындады. Мектептерді арнайы ғимаратпен қамтамасыз ету мәселесі қалада да, ауылда да өзектілігін жоймады. 1933 жылы қалаларда бірде-бір жаңа мектеп салынбады. Тек, Шымкент қаласында ғана жетіжылдық мектепке арналған бір ғимарат пайдалануға беріледі [9, 57 б.]. Осы уақытта Алматыда бірде-бір мектеп салынбағанымен, 1933 жылы астана мектептеріне 14,7 мың бала, 1934 жылы 18,5 мың бала қабылданды [4, 3-т., 1074-і., 8-п.]. Соның нәтижесінде, Алматы мектептерінде аптаның барлық күнінде демалыссыз, үш ауысымдық оқу тәртібі енгізіледі. Сонымен бірге, оқушыларды жартылай подвалды, қараңғы әрі ылғалды бөлмелерде оқытуға мәжбүр болады. Бірақ, сол қолайсыз ғимараттардың өзіндегі оқушылар саны, белгіленген нормадан асып кетті.

Ауыл-село мектептеріндегі жағдай керісінше болды. Ондағы қазақ ауылдарының есебінен, бір мектептегі оқушылардың орташа тығыздығы қала мектептерімен салыстырғанда төмен тұрды. Соған байланысты, ғимараттар толығымен пайдаланылмады. Арнайы салынған мектептерді толығымен пайдалану, олардың жанынан интернат үйлерін салғанда ғана мүмкін екендігі белгілі. Бірақ, сол жылдары, көршілес жатқан, ұсақ қазақ ауылдарына ортақ мектеп пен интернат салуға әлі де дұрыс мән берілмегендігін жоғарыдағы сандар дәлелдейді. Соның салдарынан, 30-жылдардың ортасында да Қазақстандағы ауыл мектептердің басым бөлігі төртжылдық деңгейге дейін көтеріле алмай, бір-екіжылдық білім берумен шектелді. Мектеп бітірген балалар әрі қарай білім жалғастыратын сыныптардың жоқтығынан, шала сауаттылардың санын көбейте түсті. Осы жағдайды қалыптастырушы, 1925-1927 жылдар аралығында ОХК-ның комиссары қызметін атқараған С.Садуақасұлы деп танылды [11, 2-3 бб.]. Дегенмен, 20-жылдардың ортасында-ақ, ауылдың жағдайын терең меңгерген С.Садуақасұлы, ауыл мектептерінің материалдық базасын жасамай тұрып, оларды бірден көпжылдыққа көшірудің мүмкіндіктерінің аздығын дәлелдеуге тырысты.

Әсіресе, мектеп ғимараттарының жоқтығы, мұғалімдердің білімінің төмендігі ең басты кедергілер болып табылды. Оның үстіне бір-екіжылдық мектептердің өзінің материалдық деңгейі төмен жағдайда тұрды. Мысалы, ғимараттың тарлығынан, 30-жылдардың ортасында Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарының мектептері төрт ауысымдық тәртіпке көшуге мәжбүр болды. Оқу таңғы сағат 5.50-де басталып, кешкі сағат 9.00-де аяқталған. Бұл мектептің бес бөлмесінің екеуінде ғана сабақ өткізіліп, қалған бөлмелері интернат пен кеңсе ретінде пайдаланылған [12, 90 б.].

Сондықтан, бұл жерде бар мәселе комиссарға емес, ауылдағы білім беру жүйесінің материалдық базасының әлсіздігіне байланысты болғандығы белгілі.

30-жылдардың ортасына дейін мектептерді арнайы ғимаратпен қамтамасыз ету көрсеткіші 50%-ға да жете алмады. 1934 жылғы есеп бойынша, барлық мектеп ғимаратының 44%-ы ғана арнайы мектеп үшін салынса, қалған 56%-ы оқу үрдісіне бейімделген ғимараттар құрады [9, 56 б.].

Сонымен қатар, республика бойынша барлық мектеп ғимараттарының 31% ғана жарамды болып, қалған 31% мүлдем жарамсыз деп танылып, ал 38% күрделі жөндеуді қажет етті [9, 56 б.].

Сол жылдары жоспарды орындау мақсатында, жыл сайын жаңа мектептердің құрылысы басталып, ал әлі аяқталмаған құрылыстар сол күйінде қалып отырды. Мысалы, 1934 жылы республика бойынша 1928-1931 жылдар аралығында басталып, әлі аяқталмаған 159 құрылыс объектісі есепке алынады [9, 56-57 бб.]. Бұл жағдай көбінесе, Қазақстан бойынша құрылыс материалдарының жетіспеушілігімен сипатталды. Жабдықтаушы мекемелер мектеп құрылысына қажетті құрылыс материалдарын толығымен бере алмады. Мысалы, 1934 жылы жоспарда белгіленген бөренелердің – 33%-ы, кесілген тақтайлардың – 4,3%-ы, әйнектің – 60,4%-ы, шегенің – 10,3%-ы, цементтің – 10%-ы ғана құрылыс алаңдарына жеткізіледі [9, 58 б.].

1934 жылы Қазақстан үкіметі, ОХК-ның алдына бұрынғы жылдардан қалған барлық мектеп құрылыстарының аяқталуын бақылауды міндет етіп қояды. Осы жылы жоспар бойынша 186 құрылыс объектісін салу белгіленді. Қалаларда 39 жаңа мектеп салу көзделді.

Қазақ мектептері 30-жылдардың ортасына дейін орта мектеп деңгейіне жете алмады. 1934/35 оқу жылында қазақ мектебінің тек 13,6%-ы толық төртжылдық, 16,7%-ы үшжылдық, 48,3%-ы екіжылдық және 21,4%-ы біржылдық білім берді. Тек, 1935 жылы ғана алғаш рет Алматы қаласында 11 оқушыдан тұратын бір 10-сынып ұйымдастырылады [13, 92-94 бб.]. Сол 11 оқушының өзі әр облыстан жинақталды. Қазақстан жағдайында бастауыш мектептерді төртжылдық деңгейге көтеру шаралары дұрыс қолға алынбай жатқанда, 1934 жылы РКФСР ХКК-сі жеті жылдық міндетті білім беруге дайындық туралы қаулысын қабылдайды [14, 115 б.]. Онда, қалалар мен жұмысшы поселкелерінде 1935/1936 оқу жылында, ал селолық жерлерде 1937/1938 оқу жылында барлық бастауыш мектептерді бітірген оқушыларды бесінші сыныпқа қабылдау міндеттеледі.

Осыдан кейін, толық емес орта мектептер мен орта мектептерді ұйымдастыруға республиканың билік орындары тарапынан назар аударыла бастайды. 1935 жылдың 13 қарашасында БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Қазақ АКСР-ның ХКК-нің «Қазақстан мектептерінің құрылымын тәртіпке келтіру және қазақ орта мектебін жетілдіру туралы» [13, 95-96 бб.] қаулысы қабылданады. Ол қаулыға сәйкес бір-екі-үшжылдық мектептерді төртжылдыққа айналдыру бекітілді. Сонымен бірге, оқушылар саны 6-7 адамнан жоғары болмаса да 4-10 сыныптарын құру көзделді. Осындай шаралардың қолға алынуына байланысты, жергілікті басқару орындары мен мекемелерге мектептерді ғимаратпен, қаржымен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Осы жылдары мектеп құрылысында айтарлықтай жетістіктер байқалды. Әсіресе, 1936 жылы мектеп құрылысы аса жоғары қарқынмен жүргізілді. Бұл жылда қала мектептеріне арналып 15470 орындық 37 мектеп салынды. Ауыл-селолық жерлерде 8680 орындық 57 мектеп пайдалануға берілді. Сөйтіп, белгіленген жоспар 114%-ға асыра орындалады. Жоспардан тыс басталған 3840 орындық 25 мектептің құрылысы аяқталмай, 1937 жылға өтеді [15, 4-т., 41-і., 57-п.].

Мектептерді ғимаратпен қамтамасыз етуде, халықтың үлесі ерекше болды. 1936 жылы халықтың бастамасымен, колхоздарда 87915 орындық 936 мектеп салынады [13, 103 б.]. Басқаша айтқанда, ауыл-селодағы мектептерді ғимаратпен қамтамасыз етуде, үкіметке қарағанда, халықтың күші мен қаражатының маңыздылығы жоғары болды. Халықтың мектеп құрылысына араласуына оқушылар санының артуы әсер етті. 1934/35-1936/37 оқу жылдарының аралығында оқушылар саны үздіксіз өсті. Осы кезде үкімет тарапынан мектеп ғимараттарын салу қарқыны, оқушылар санынан артта қалды. Сондықтан, 30-жылдардың ортасынан бастап мектеп құрылысына халықтың қаражатын пайдалану шараларының күшейгендігі байқалады. 1935 жылғы мектеп құрылысы, негізінен халықтың өз еркімен қаражат жинауы есебінен жүзеге асты. Қазақ өлкелік комитеті мен ХКК-сі 1935 жылы ауыл-селодағы мектеп құрылысының жоспарына тек 30 ауданды ғана енгізеді [9, 58-59 бб.]. Оның өзінде, ол құрылысты қаржыландыру мөлшерінің басым бөлігі халықтың өз қаражатына жүктелді. Ал, жоспарға енбей қалған аудандарға өз еркімен жаңа мектептің құрылысын ұйымдастыру ұсынылады. Құрылысты қаржыландыру, мұнда да халықтың қаражатына жүктеледі. Сол жылы, ауыл-селода 55 550 орындық 866 мектеп пайдалануға беріледі. Оның 38-і үкімет жоспары бойынша [9, 58 б.], ал 828-і халықтың өз қаражаты есебінен салынды. Сонда, мектеп қорын қалыптастыруда халық қаражаты шешуші роль атқарды. Егер, үкімет есебінен салынған 38 ғимаратпен шектелгенде, 1935/1936 оқу жылында 103711-ге өскен оқушыларды оқуға тарту мүмкін емес еді. Оқушылардың жоғары өсімі 1936/1937 оқу жылында да (96103 оқушы) байқалды. Бұл жылы да, мектеп құрылысының басым бөлігінің халықтың тарапынан жүзеге асқандығы жоғарыда айтылды.

Бұл көрсеткіштерден, қарастырылып отырған жылдардағы мектеп ғимараттарының көбінесе бастау-

ыш мектептерге арналғандығын байқаймыз. Көршілес ауылдарға ортақ мектеп пен интернат салу жұмыстарына екінші бесжылдықтың соңында да аса үлкен мән берілмеді. Мысалы, мектеп құрылысы ең жоғары қарқынмен дамыған 1936 жылдың өзінде 1400 орындық 13 интернат салу жоспарланды (оның 3-уі жұмысшы поселкелеріне арналды). Ол жоспардың өзі толық орындалмай, 1000 орындық 10 интернат қана салынады [15, 4-т., 41-і., 57-п.]. Аяқталмаған құрылыс объектілері 1937 жылға шегеріледі. Бірақ, 1937 жылы интернат салу жоспарының орындалу көрсеткіші алдыңғы жылғыдан да төмен болды. Жоспар бойынша салынуға тиісті 9 интернат үйінің тек 2-уі ғана пайдалануға беріледі. Ал, қалған 7 интернат үйін салу, 1938 жылға қалдырылады [16, 1-т., 28-і., 128-п.]. Осылайша, қарастырылып отырған кезеңде жүздеген мектеп салынғанымен, интернат үйлерінің құрылысы баяу жүрді.

Үшінші бесжылдықтың соғысқа дейінгі жылдарында толық емес орта және орта мектептерді дамыту шаралары жалғасты. Соның нәтижесінде, толық емес орта мектептердің жылдық орташа өсімі – 222-ге, ал орта мектептер – 126-ға тең болды. Бірақ, осы жылдары бастауыш мектептердің жылдық өсімі, орта есеппен алғанда 386-ға төмендеп кетті. Бұл өзгерістер, қала мен ауыл-селоны жеке қарастырғанда, анығырақ көрінеді. 1937/38-1940/41 оқу жылдарының аралығында, қаладағы бастауыш мектептерінің жылдық орташа өсімі – 14, толық емес орта мектеп – 11, орта мектеп – 45-ке сәйкес келді. Ауыл-селодағы мектептердің осы аралықтағы жылдық өсімі, толық емес орта мектептерде – 211, орта мектептерде – 81-ге теңесті. Ал, бастауыш мектептердің саны өсудің орнына, керісінше, жылына орта есеппен 400 мектепке кеміп отырды.

Бастауыш мектептердің азаюы, селоға қарағанда ауылдарға көбірек тән болғандығы белгілі. Оның бірқатар себептерін қарастыруға болады. Ең алдымен, ауыл мектептерін ірілендіру мәселесін алайық. 30-жылдардың екінші жартысында ауылдардағы оқушысы аз, шағын мектептерді ірілендіруге билік орындары ерекше назар аударды. Дегенмен, ауылдағы бастауыш мектептерінің жыл сайын 400-ге азайып отыруы, шын мәнінде, ондағы мектептердің іріленгенін білдірмеді. Өйткені, мектептерді ірілендіру барысында, мектеп саны азайып, оқушылар саны көбеуі қажет. Бірақ, 30-жылдардың соңында ауыл-селоның бастауыш мектептеріндегі оқушылар саны бұрынғы деңгейде қалды. Тіпті, 40-жылдардың басында олардың саны 20-жылдардың соңындағы көрсеткіштердің деңгейіне дейін түсіп кетті. Мысалы, 1937/38 оқу жылында ауыл-селодағы бір бастауыш мектепке 68 оқушыдан келсе, 1940/41 оқу жылында, ол көрсеткіш 49 оқушыға тең болды. Жалпы, 1937/38-1940/41 жылдар ішінде бастауыш мектептердегі оқушылар саны, жыл сайын 20%-ға кеміп отырды. Бұл, бастауыш мектептерді ірілендіру мақсатымен, шағын мектептерді жауып, олардың орнына көп орынды мектеп салу жұмыстарының іске аспағандығын көрсетеді. Сөйтіп, ірі мектептерді ұйымдастыру шаралары, ауылдағы балалардың оқуға тартылу қарқынын төмендетті.

Келесі бір себеп – 30-жылдардың басында орын алған ашаршылық. Соның нәтижесінде, сол уақытта дүниеге келген балалардың қырылып, ал туу деңгейінің күрт төмендеп кеткендігі белгілі. Бұл жағдай да, 30-жылдардың соңы – 40-жылдардың басында, ауылдың бастауыш мектептерін оқушылармен қамтамасыз етуге кері әсер етті.

30-жылдардың соңында ауыл-село мектептеріне арналып салынған ғимараттардың көлемі ұлғайды. Мысалы, 1938 жылы салынған бір мектеп ғимаратында орта есеппен – 186, ал 1939 жылы – 212 орын болды. Осы уақытта толық емес орта және орта мектептер мен ондағы оқушылардың саны да үздіксіз өсті. 1940/41 оқу жылында ауыл-селодағы әрбір толық емес орта мектепке – 213, орта мектепке – 478 оқушыдан келді. Сол жылдары мұндай тығыздықты барлық ауыл мектептерінің интернатсыз қамтамасыз ете алмайтындығы белгілі. Сондықтан, толық емес орта және орта мектептер көбінесе, селоларда ұйымдастырылды деген қорытындыға келуге болады.

1937/38-1940/41 оқу жылдарында қаладағы бастауыш мектептердің саны өсті. Олардың жылдық орташа өсімі 14 мектепке тең келді. Бірақ, бастауыш мектептердегі оқушылардың саны жылына орта есеппен 6212-ге кеміп отырды. Осы өзгерістер оқушылар тығыздығын реттеуде қолайлы болды. Мысалы, 1937/38 оқу жылында бір бастауыш мектепке – 235 оқушыдан келді. Бұл көрсеткішті төрт класқа бөлгенде, әр класта 59 оқушы оқыды. Ал, 1940/41 оқу жылында бастауыш мектептердегі оқушылардың орташа саны – 150 болса, онда әр класта 38 оқушы білім алды.

Қалалардағы бастауыш мектептерге қарағанда, толық емес орта және орта мектептерді дамытуда ғимарат тапшылығы басты мәселе болып табылды. 1938 жылы қалаларда 14 720 орындық 34 мектеп салынды. Дегенмен, оқушылар санының өсу қарқыны да жоғарылады. 1938/39 оқу жылында толық емес орта және орта мектептердегі оқушылар саны 30 327-ге көбейді. Келесі жылы қаладағы мектеп құрылысының қарқыны өсудің орнына баяулады. Осы жылы, яғни 1939 жылы 7280 орындық 19 мектеп пайдалануға берілді. Ал, 1939/40 оқу жылында толық емес орта және орта мектептердегі оқушылар санының өсімі – 29 700-ге тең болды.

Мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі орталық билік орындарының назарын аударды. 1940 жылы КСРО-ның ХКК мен БК(б)П-ның ОК-і тағы да, «Мектеп ғимараттарын өз мақсатында пайдалану туралы» қаулысын қабылдайды [14, 522 б.]. Бұл 1932 жылғы «Мектеп ғимараттарын пайдалану туралы» қаулысымен мазмұндас болды.

20-жылдардың соңында Қазақстан мектептерінде оқулықтарға деген сұраныс жоғарылай бастады. Дегенмен, сол уақытта оқулықтар өте аз таралыммен басылып және бағасы қымбат болды. Ал, мемлекет тарапынан мектептерді оқулықтармен тегін қамтамасыз ету үшін, жыл сайын шамамен 100 мың сом бөлініп тұрды. Бұл қаржы, республикадағы барлық оқушылардың тек 10%-ның ғана тегін оқулық алуларына мүмкіндік жасады [17, 1-т., 1481-і., 17-п.]. 20-жылдардың ортасында мектептердегі оқулық мәселесі жөнінде С.Садуақасұлы орынды ұсыныстар айтты. Ол, бастауыш мектепті оқу құралдары мен толық қамтамасыз ете алмай жатып, жоғары сыныптарда оқитын оқулықтарды шығарудың қателігін атап өтті. Оның ойынша сол жылдардағы халықтың білім деңгейіне сәйкес тек бастауыш мектептерге ғана оқу құралын даярлау тиімді. Себебі, одан әрі оқулық шығаруға күште, қаражатта жетпейді. Дегенмен, С.Садуақасұлының «...бүкіл мектептердің оқу құралын біз аз уақытта даяр қылып шығарамыз деу үлкен қате нәрсе. Бұл қолымыздан келмейтін құрғақ қиял» [2, 321 б.] деген ұсыныстары партия талаптарына сәйкес келмеді. Бірақ, С.Садуақасұлының оқулық шығару жайында жасаған болжамдары, 30-жылдардың басында нақты көріністерін бере бастады.

Қазақстанның полиграфия саласының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі, жылсайын көбейіп кележатқан оқушылар санына сәйкес көлемде оқулықтар шығара алмады. Оқулықтарға деген сұраныс өскен сайын, оны қанағаттандыру деңгейі төмендеді. Мысалы, 1929/1930 жылы І-дәрежелі мектептерге арналған 24 түрлі оқулық шығару көзделгенімен, ол 45%-ға ғана (таралымы 66%-ға) орындалды. Ал, 1930/1931 оқу жылы ол көрсеткіш одан әрі төмендеді, яғни оқулық шығару жоспарының орындалуы 20%-ға, ал таралымы 19%-ға тең болды. Сол жылдары сауатсыздықты жоюға арналған оқулықтарды шығару қарқыны неғұрлым жақсы дамыды. 1929/1930 жылы аталған оқулықтарды шығару жоспары (415 мың таралыммен 7 түрлі оқулық шығару) толығымен іске асты. Ал, 1930/1931 жылы оқулық түрі – 60%-ға, таралымы – 56%-ға орындалды. Мектептерге арналған оқу-әдістемелік құралдар шығару барысы өте баяу жүрді. 1929/1930 жылы 10 оқу-әдістемелік құралын 55 мың таралыммен шығару жоспарланса, оқу-әдістемелік құралдардың түрінің – 30%-ы, ал таралымының 20%-ы ғана басылды. Келесі жылы, оқу-әдістемелік құралдарын шығару жоспарының орындалу көрсеткіші – 14%-ды, таралымы – 12%-ды құрады. Жалпы, білім беру жүйесіне арналған баспа өнімдерін шығару жоспары орта есеппен 1929/1930 жылы – 59%-ға (таралымы – 80%), 1930/1931 жылы – 21%-ға (таралымы – 25%) жүзеге асты [4, 3-т., 1082-і., 63-64-пп.].

1932 жылы оқулықтар шығару көрсеткіштері алдыңғы жылдардан да төмендеп кетті. Мысалы, осы жылы І-дәрежелі мектептерге арналған оқулықтар шығару жоспары 86%-ға орындалмай қалса, ІІ-дәрежелі мектептерге арналған оқулықтар толығымен шыққан жоқ [7, 8-т., 249-і., 25-п.]. Оның басты себебі – полиграфиялық базаның әлсіздігі, қағаз тапшылығы болып табылды. Сонымен қатар, білікті кадрлардың аздығы және соның әсерінен оқулық сапасының төмендігі де оқулық шығару жұмысына кедергі келтірді.

Жеткіліксіз көлемде басылып жатқан оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын аймақтарға тарату ісі де дұрыс ұйымдастырылмады. Аталған өнімдерді аудандарға тарату міндеті, сол жылдары кітапторталығы мекемесіне жүктелді. Бірақ, ол мекеме 41 ауданды ғана қамтыды. Соған байланысты, Қазақстанның 80-ге жуық аудандарын оқулықтармен қамтамасыз етуде, бірқатар оқулықтар орын алды [7, 8-т., 249-і., 28-п.]. Сол сияқты, мектептерде басқа да оқу құралдарының жетіспеушілігі, ең алдымен аталған өнімдердің дұрыс таратылмауында болды. Мысалы, 30-жылдардың басында, мектептерге бөлінген дәптерлер аудандық тұтынушылар одағы тарапынан басқа кеңселік қажеттіліктерге жұмсалады. Ал, Қарағанды қаласының қоймаларында дәптерлердің үлкен көлемі сақталып, бірақ ол өнімдер ешқандай мекеменің есебіне алынбады [7, 8-т., 249-і., 28-п.].

Бұл жағдай, сол жылдарда білім беру жүйесіне байланысты сандық мәліметтердің болмағандығын көрсетеді. Себебі, нақты сандар болмағандықтан, құрал-жабдықтарға деген сұраныс та анықталмады. Осы мәселенің маңыздылығына, 20-жылдардың ортасында С.Садуақасұлы көп көңіл бөлді. Ол: «...мектептерде қандай оқу құралы керек, оның қаншасы даяр, қаншасы жетпейді – бұл туралы біздің мағлұматымыз өте нашар. Сонымен бұл мәселені түбінен қопарып қайта шешу керек. Ең әуелі дұрыстап жалпы нысананы белгілеу керек» [2, 321 б.], – деді. Ал, 20-жылдардың соңы – 30-жылдарда, оқу құрал-жабдықтарын бөлу барысында әр облыс, аудан бойынша нақты тұтыну жоспары жасалмады. Соның негізінде, бір мектепте жоқ жабдықтар, екінші мектепте көп мөлшерде беріліп, пайдаланусыз тұрды. Мысалы, Созақ ауданының мектептері географиялық карта, әр түрлі портреттер сияқты көрнекі құралдармен жеткілікті

жабдықталды. Оның ішінде көсемдердің портреттерінің көп берілгендігі соншалық, бір сынып бөлмесінде бір көсемнің портреті бірнеше дана болып ілінді. Карталар сол сыныптың бағдарламасына сәйкес келмеді [12, 95 б.]. Сондықтан, көбінесе олардың қажеттілігі болмады.

1928-1941 жж. Қазақстанның білім беру жүйесі партияның назарында болды. Халық шаруашылығының барлық саласында кадрларға деген сұраныс жыл сайын артып отырды. Аталған сұранысты қанағаттандыру үшін, ең алдымен білім беру жүйесінің материалдық қамтамасыз етілу деңгейіне терең мән беру талабы туындады. Бірақ, сол жылдары билік орындары мектептерге тартылатын оқушылардың санын барынша жоғарлатуға нұсқаулар бергенімен, мектептің материалдық жағдайын нығайтуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізе алмады. Бұл, ең алдымен, мектептердің талапқа сай ғимараттарға жеткіліксіз орналастырылуымен сипатталды. Осы мәселенің маңыздылығы қала мен ауыл-село үшін бірдей болды. Қазақ ауылдарындағы балаларды оқуға тарту, мектеп ғимаратымен бірге интернат үйінің салынуын қажет етті. Дегенмен, аталмыш қажеттілік ескерілмей, ауылдық мектептердің басым бөлігі талапқа сай келмейтін, бейімделген немесе жалдамалы ғимараттарға орналасуға мәжбүр болды. Соның салдарынан, бұл мектептер ұзақ уақыт 1, 2 сыныптан жоғары өсе алмады. Ауыл мектептерін ғимаратпен қамтамасыз етуде, халықтың күші мен қаражаты маңызды роль атқарды.

Сол жылдардағы мектеп құрылысын ұйымдастырудағы тәжірибесіздік, бақылаудың әлсіздігі мектеп қорының оқушылар санының өсіміне сәйкес дамуын тежеді. Бұл өз кезегінде мектептегі оқушылардың шектен тыс тығыздығын тудырды, балалардың оқуға тартылуын шектеді.

Қарастырылып отырған кезеңде, мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып табылды. Жыл сайын өсіп келе жатқан мектептерге жеткілікті түрде оқулықтар шығару көбінесе, полиграфия саласының материалдық-техникалық базасының әлсіздігіне және білікті авторлардың аздығына байланысты, баяу дамыды. Сонымен бірге, сол жылдардағы мектептерге бөлінген оқулықтар мен оқу құрал-жабдықтарының бірқатар жағдайда орынды пайдаланылмауы, олардың жетіспеушілігін тудырды. Оған көбінесе, мектептерге қатысты статистикалық мәліметтердің қате берілуі немесе нақты тұтыну жоспарының анықталмауы әсер етті.

1. ЦГА РК. Ф. 81 – Народный комиссариат просвещения КазССР (НаркомпросКазССР) (1920-1936 гг.).
2. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 360 б.
3. Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. Статьи, воспоминания. – Алма-Ата: Айқап, 1993. – 160 с.
4. ЦГА РК. Ф. 30 – Совет Народных Комиссаров КАССР (СНК) (1920-1936 гг.).
5. Компьютеризованный статистический анализ для историков / Под ред. Бородкина Л.И. и Гарсковой И.М. – М., 1999. – 187 с.
6. Меңдешұлы С. Социалды мәдениет // Социалды Қазақстан. 1932, 17-қазан. – 2-3 бб.
7. ЦГА РК. Ф. 698 – Центральное статистическое управление при Совете Министров КССР (1938-1969 гг.).
8. Алматы оқудыбастанды // Социалды Қазақстан. 1932, 23-қыркүйек. – 4 б.
9. Джантлеуов Ш. Строительство школ – важнейшее мероприятие партии // Большевик Казахстана. 1935. - №6. - С. 56-59.
10. Жұмашев Р.М. Очерки истории культуры Казахстана (1917-1991 гг.).-Караганда: Изд-во КарГУ, 2002.-148 с.
11. Меңдешұлы С. Социалдымәдениет // СоциалдыҚазақстан. 1932, 17-қазан. – 2-3 бб.
12. Ионисиани А. Очерк культуры Казахстана // Коммунистическое просвещение. 1935. - №5. – С. 84-99.
13. Культурное строительство в Казахстане (1933-июнь 1941 гг.). Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. - Т. 2. – 283 с.
14. Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа. Сборник документов. 1917-1973 гг. – М.: Педагогика, 1974. – 560 с.
15. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК) Ф. 229 – Народный Комиссариат финансов КАССР (1921-1936 гг.).
16. ЦГА РК. Ф. 1606 – Министерство финансов КССР (НаркомфинКазССР) (1937-1940 гг.).
17. ЦГА РК. Ф. 81 – Народный комиссариат просвещения КазССР (НаркомпросКазССР) (1920-1936 гг.).

Резюме

В статье рассматриваются проблема развития, состояния казахских школ Казахстана в 20-40-е годы XX века. Состояния казахских школ в 20-40-е годы XX века следует рассматривать в контексте культурной революции, которая создавала совершенно иные условия для формирования личности в данный период. В середине 20-х годов система начального образования в Казахстане далеко не соответствовала своим задачам.

Summary

In the article we consider the problem of development and conditions of Kazakh schools of Kazakhstan in the 20-40s of the twentieth century. The conditions of Kazakh schools in the 20-40s of the twentieth century should be viewed in the context of the Cultural Revolution, which created completely different requirements for the formation of the individual in a given period. In the mid-20s the primary education system in Kazakhstan was not consistent with its goals.

СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЕВ ОРЫНБОР МҰҒАЛІМДЕР МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫСЫ

М.Қ. Қуандықова – *Магистратура және PhD докторантура институтының 6M011400 – тарих мамандығының 2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Еліміздің өткен тарихында Алаш қозғалысы қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тігіп, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босату, тәуелсіз мемлекет құру жолында атқарған қызметтері мол. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, тәуелсіздікке жету жолында күрескен тарихи тұлғалар аз емес. Дегенмен де, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өзіндік ерекшелігі бар екенін айта кеткен жөн. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қозғалысының қайраткерлері халықты оқу-білімге шақырып ағартушылық арқылы, ұлттық санасын ояту арқылы, саяси партия құрып күресті саяси жолмен жүргізді. Осы жолда аянбай еңбек етіп қызмет жасағандардың бірі, ұлт жанашыры, қайраткер Сейдәзім Қадірбаев болған еді. Олардың осы жолды таңдап ұлт мүддесіне қызмет жасауына өскен ортасы, алған тәрбиесі мен білімі, қазақ өлкесінде қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдай т.б. мәселелер әсер еткен болатын. Мақаламызда С.Қадірбаевтың тұлғалық қалыптасуына септігін тигізген факторлардың бірі Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінде оқыған кезін, мектеп қабырғасында оқыған пәндері, сабақ үлгерімі жөнінде сөз етпекпіз.

Сейдәзім Қадірбаев 1885 жылы Торғай уезі, Науырзым болысындағы Сарықопа (Тобыл алабындағы көл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы) бойында ауқатты адамның отбасында дүниеге келген. Алғыр да зерек бала Сейдәзім алғаш мұсылманша сауаты бар ауыл адамдарынан хат танып, кейін оқуын ауыл мектебінде жалғастырады. Одан соң Торғай қаласындағы екі жылдық орыс-қазақ мектебінде оқыған [1]. Ал, 1901 жылы Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебіне қабылданып, оны 1905 жылы бітірген [2].

Ол кезеңдегі қазақ өлкесінде ашылған орыс-қазақ мектептері екі түрде болды: 4 жыл оқытатын бір класты мектептер және 6 жыл оқытатын екі класты мектептер. Бір класты мектептер бастауыш білім берді. Ал екі класты мектептерде балаларға орыс тілі тереңдетіліп оқытылып, сонымен қатар арифметика, жаратылыстану, бейнелеу, тарих және жағрапия пәндерінен де білім берілді.

Білім жүйесіндегі оқу бағдарламалары алғаш татар мұғалімдер мектебінің оқу бағдарламасы негізінде жасалғанмен, кейін өкімде көрсетілгендей бұл мектептің оқу жоспарына біраз өзгерістер енгізілген. Ал, 1892 жылдың екінші жартысынан бастап мектепке орыс тәлімгерлерінің қабылдануына байланысты оқу бағдарламасына «Құдай заңы» (Закон божий) пәнін оқыту да енгізілді. Сол өзгерістерге сәйкес Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінің оқу жоспарында мынадай пәндерді оқыту қарастырылды: «Құдай заңы» (Закон божий), арифметика, гимнастика, орыс тілі, ән-күй, геометрия, тарих, педагогика, жаратылыстану, дидактика, ұқыпты жазу (чистописание), гигиена, бейнелеу, медицина, қырғыз (қазақ) тілі, еңбек [3].

Біз мақаламызда қарастырып отырған Сейдәзім Қадірбаев оқыған жылдары да оқу жоспарында осы аталған пәндер болған екен. Оның осы пәндер бойынша қалай оқығаны, жалпы сабақ үлгерімін тапсырған емтихандарынан байқауға болады.

Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінің 3 сынып оқушыларының 1904 жылдың 24 ақпанындағы жаратылыстану пәнінен емтихан тапсырған оқушылардың тізімі мен алған бағаларының көрсеткіші

	За год	Устное испытание				Средний вывод	Примечание*
		Ю.П. Сан-Лоран	М.Н. Лещенков	Н.М. Андрежев	Общий балл		
Вашутин	3	3	4	4	4	3	11 билет
Гаврилов	3	3	3	3	3	3	8 б.
Журавлев	5	3	5	4	4	4	12 б.
Зубков	3	3	3	3	3	3	5 б.
Кадирбаев	4	4	5	5	5	5	1 б.
Назаров	4	4	5	4	4	4	3 б.
Сиротенков	4	3	3	3	3	3	7 б.
Тайпаков	3	3	4	4	4	4	6 б.

* ҚР ОММ. И-95-қор, 2-т, 183 іс, 1 п. [4].

Кестеден жаратылыстану пәні бойынша С.Қадырбаевтың тапсырған емтихан нәтижелерін көруге болады. Емтихан тапсырғандағы ведомостағы бағаларына сыныптастарымен салыстырып қарағанда оның жақсы оқитын зерек оқушы болғаны байқалады. Оны емтихан тапсыру барысында алған «жақсы» және «өте жақсы» деген бағалары көрсетіп тұр.

Адам анатомиясы және физиология пәні бойынша 1904 жылдың 27 сәуірдегі емтихан қорытындысы: Журавлев, Зубков, Сиротенков, Тайпаков, Гаврилов «жақсы» және «өте жақсы», ал Қадырбаев, Вашутин және Сиротенков «жақсы» және «қанағаттандырылдық» деген бағалар алады [5]. Емтихан тапсыру кезінде С.Қадырбаев алған №15 билетте мынадай сұрақ берілген екен: «Понятие о малом и большом круге кровообращения. Главнейшие кровеносные сосуды человеческого тела» [6].

Педагогика пәні бойынша 1904 жылдың 12 мамырдағы емтихан қорытындысы: Журавлев «өте жақсы», Қадырбаев, Вашутин, Назаров, Тайпаков және Сиротенков «жақсы» және «өте жақсы», ал Гаврилов «жақсы» және «қанағаттырарлық» деген баға алады [7]. Оқушы Қадырбаевтың ауызша сынақтың барлығынан 5 деген жауап алса да, жылдық бағасы 4-ке қорытылады. С.Қадырбаев алған педагогика пәні бойынша №2 билеттің сұрағы: «Дидактический и научный метод. Общие методы: аналитический, синтетический и генетический» [8].

Орыс тілі пәні бойынша 1904 жылдың 29 сәуірдегі емтихан қорытындысы бойынша: Қадырбаев, Журавлев және Тайпаковтың орташа балдары «өте жақсы», Вашутин, Назаров, Сиротенковте «жақсы», ал Гаврилов, Зубковтың балдары «қанағаттандырылдық» деген үлгерім көрсетіп тұр [9]. С.Қадырбаевқа келген №6 билеттегі сұрақтар: «Внутренняя сторона сочинений. Элементы с которым слогаются содержание сочинений, лирический элемент, описание, повествование, рассуждение. Образцы: 6-я глава и начало 7-ой в поэме Гоголя «Мертвые души» [10].

2-кесте. Алгебра және геометрия пәні бойынша 1904 жылдың 4 мамырындағы емтихан

	За год	Устное испытание				Средний вывод	Примечание (№ билетов)
		Ю.П. Сан-Лоран	М.Н. Лещенков	Н.М. Андрежев	Общий балл		
Вашутин	4/3	3	3/5	/	3/5	4/5	7 билет
Гаврилов	3/4	3	3/4	/	3/4	3/4	8 билет
Журавлев	5/5	5	4/4	/	4/5	5/5	10 билет
Зубков	4/4	4	2/2	/	2/3	3/3	11 билет
Кадирбаев	5/4	5	5/5	/	5/2	5/5	1 билет
Назаров	5/4	4	3/5	/	4/4	4/4	12 билет
Сиротенков	3/3	4	3/4	/	4/4	4/4	5 билет
Тайпаков	5/5	5	5/5	/	5/5	5/5	4 билет

*ҚР ОММ. И-95-қ, 2-т., 183 іс, 35 п. [11].

Алгебра және геометрия пәні бойынша алған №1 билеттегі сұрақ былай берілген: «Предварительная понятия из алгебры. Сравнение алгебры с арифметикой. Примеры общего решения задач. Знаки, употребляемые для обозначения алгебраических действий. Коэффициент. Возвышение в степень и извлечение корня.

Общая мера двух линий и способ нахождения. Отношение двух линий. Пропорциональные линий. Пропорциональность отрезков, отсекаемых от сторон угла двумя параллельными линиями» [12].

География пәні бойынша 1904 жылдың 7 мамырдағы емтихан қорытындысы: Қадырбаев, Сиротенков «жақсы», Журавлев «өте жақсы», Вашутин, Гаврилов, Зубков, Назаров, Тайпаков «қанағаттандырылдық» деген баға алған [13]. С.Қадырбаевтың алған №12 билет бойынша сұрағы: «Главные цепи Альп. Республика Швейцария» [14].

3-кесте. Тарих пәні бойынша 1904 жылдың 1 мамырындағы емтихан қорытындысы

	За год	Устное испытание				Средний вывод	Примечание (№ билетов)
		Ю.П. Сан-Лоран	М.Н. Лещенков	Н.М. Андрежев	Общий балл		
Вашутин	3	3	4	4	4	3	8 билет
Гаврилов	3	4	3	4	4	3	10 билет
Журавлев	4	4	5	5	5	5	9 билет
Зубков	3	2	3	3	3	3	7 билет
Кадирбаев	4	4	5	5	5	5	6 билет

Назаров	3	3	3	3	3	3	5билет
Сиротенков	4	4	4	4	4	4	2билет
Тайпаков	3	3	4	4	4	4	1билет

*ҚР ОММ. И-95-қ, 2-т., 183 іс, 39 п.[15].

Тарих пәні бойынша №6 билет сұрағы: «Избрание на царство Михаила Осодоровича Романова. Успокоение государства. Война с Швецией и Польшей. Патриарх Филарет» [16].

Жоғарыда көрсетілген кестелер бойынша Сейдәзім Қадырбаевтың сабақ үгерімдерін, әр пән бойынша білім деңгейін де байқауға болады. Жаратылыстану пәнінен орташа балы 5, жылдық қорытындысы 4 (жақсы), Адам анатомиясы және физиология пәні бойынша орташа балы 3, жылдық қорытындысы 4 (жақсы), Педагогика пәнінен – 5, жылдық қорытындысы 4 (жақсы), Орыс тілі пәні бойынша орташа балы – 5, жылдық қорытындысы 4 (жақсы), Алгебра және геометрия пәні бойынша орташа балы – 5/5, жылдық қорытындысы 5/4, География пәні бойынша орташа балы – 4, жылдық қорытындысы 4 (жақсы), Тарих пәні бойынша орташа балы – 5, жылдық қорытындысы 4 (жақсы) деген қорытындылар көрсетуде.

1904 жылдың 12 мамырында өткен Педагогикалық кеңес отырысының №18 хаттамасында мынадай мәліметтер берілген: I мәселе бойынша осы жылы сыныптан-сыныпқа көшетіндер (ауысатындар) мен бітірушілер – А) IV сынып оқушылары Алмасов, Васильев, Гунин, Данилов, Исенгельдин, Казыев, Тюрганов, Утегулов, Чадьяров және Чугунов мектеп курсы бітірді деп саналсын және оларға бастауыш мектеп (училище) мұғалімі деген атақ берілсін; Б) III сынып оқушылары Вामутин, Гаврилов, Журавлев, Зубков, **Қадырбаев**, Назаров, Сиротенков және Тайпақовты IV сыныпқа; В) II сынып оқушылары Байменов, Бетембаев, Иванов, Исфандияров, Кирилов, Субханов, Туяков, Узбек-Галиев, Хворов және Асанкінді III сыныпқа; II сынып оқушысы Жұбановқа жазғы демалыстан кейін арифметикадан қосымша сынақ, осы сыныптың оқушылары Никитин, Данилов және Шабаринге жазғы демалыстан кейін орыс тілі пәнінен қосымша сынақ, оқушы Кужахмедовты II сыныпқа қайталау курсына қалдыруды қаулы етті; Г) I сынып оқушылары Балтабаев, Бекбаев, Беркимбаев, Қаратаев, Көбесов, Муминов, Степанищев, Төлешев, Шилохвостов, Ивлиев, Ильясов, Капкин, Пивоваров, Сбродов және Яковлевті II сыныпқа көшіруді қаулы етті, I сынып оқушылары Арызбаев, Асляминов және Таймасовты демалыстан кейін орыс тілінен қосымша сынаққа; Арызбаев, Луканин және Ярочкинге жаратылыстанудан, Томарскийге арифметикадан, тәрбиеленуші Абдибеков, Исеналин және Морозовты мектептен шығарылған екен. Абдибековты «денсаулығына және әлсіз дамуына байланысты курсты толық жалғастыра алмайтындықтан оқудан шығару туралы қаулы етті»-деп көрсетіледі. Исеналинді нашар дайындығы және орыс тілін білмегені үшін, ал Морозовтың үлгерімі және қабілеті болмағаны үшін қайталау курсына қалдырғандықтан оқудан шығаруға қаулы етілген [17].

Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінің 4 сынып оқушыларының 1904-1905 оқу жылында өткізген сынақ емтихандарының кестесі бойынша Сейдәзім Қадырбаев 26 наурызда 1-ші сабақ орыс тілінен, 30 наурызда 2-ші сабақ арифметикадан емтихан тапсырған [18].

Оқу инспекторы Н.Андрусевичтің Торғай облыстық басқармасына 1905 жылдың 8 тамызында жолдаған хатында мынадай жолдар көрсетілген: «Осы жылы оқу бітірген Торғай облыстық басқармасы шәкірт-ақысының иегері (степендиат) Сейдәзім Қадырбаевты Орынбор округтық сотына аудармашы ретінде тағайындауды сұраймын. Бірақ Қадырбаев алған білімі үшін 6 жыл мұғалім болып қызмет атқару қажет немесе оның оқуына жұмсалған соманы (90 р.×3+120 р.)=390 руб. қайтару қажет еді, бірақ ол тілмаш ретінде пайдалырақ болатындықтан Облыстық басқармадан Қадырбаевтың оқуына жұмсалған ақшаны қайтарудан босатуды сұраймын» делінген [19]. Бұл хаттағы мәліметтерге қарағанда С.Қадырбаев оқу ақысынан босатылған.

Сонымен қатар айта кететін тағы бір мәселе, аталған мектепте С.Қадырбаевтың інісі де оқыған көрінеді. Ол туралы Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінің жоғары мәртебелі инспекторына 1909 жылдың 7 тамызында жазған хатында: «Его Высочайшему, Господину Инспектору Оренбургской Киргизской Учительской школы. Присяжного Переводчика Оренбургского Округного Суда Коллежской Регистратора Сейдазыма Кулмухамедовича Кадырбаева. Прошение. Желая дать образование родному брату своему Аскарбеку Кулмухамедовичу Кадырбаеву, имею честь просить Ваше Высочайшее принять его приходящим в младшее отделение начального училища при выбранной Вами Учительской Школы. 1909 г. Август 7 дня. Сейдазым Кулмухамедович Кадырбаев» – деп көрсетіледі [20]. Кейін осы інісі де аталған мектепте оқыған екен.

Алаш қайраткері Сейдәзім Қадырбаевтың Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінде бар ынта-жігерімен оқып білім алғаны байқалады. Оның тұлғалық қалыптасуына осы мектеп қабырғасында білім алуы да тікелей әсер етті деп ойлаймыз. Оның осы мектепте алған білімі, қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына, кейін ұлт мүддесіне қызмет жасауына өзіндік септігін тигізген деп ойлаймыз.

1. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 176 іс, 175 н.
2. ҚР ОММ. 95-қ, 2-т., 176-іс.
3. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 350 іс., 14-18 парақтар.
4. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 1 н.
5. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 17 н.
6. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 18 н.
7. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 27 н.
8. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 56 н.
9. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 34 н.
10. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 43 н.
11. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 35 н.
12. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 41 н.
13. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 36 н.
14. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 37-38 парақтар.
15. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 39 н.
16. ҚР ОММ. II-95-қ, 2-т., 183 іс, 40 н.
17. ҚРОММ II-95-қ, 2-т., 175-іс., 56, 57, 57 н.
18. ҚРОММ., II-27-қ., 1-т., 26-іс., 38 н.
19. ҚРОММ., II-95-қ., 2-т., 195-іс., 30 н.
20. ҚРОММ., II-95-қ., 2-т., 231-іс., 91 н.

Резюме

В данной статье рассматриваются учеба в Оренбургской учительской семинарии с 1901-1905 годов, одного из деятелей движения Алаш – Сейдазима Кадирбаева. Дается сравнительный анализ в изучении успеваемости по предметам учеников данной школы. Расходы на образование и отзывы инспекторов семинарии о воспитаннике С.Кадирбаеве.

Summary

In this article are considered study in the Orenburg teacher's seminary since 1901-1905, one of figures movement Alash – Seydazim Kadirbayev. The comparative analysis in progress studying in subjects of pupils of this school is given. Expenses for education and comments of inspectors of seminary on pupil S.Kadirbayev.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ФАКТОРЛАР

Ж.А. Қуатбеков – *Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты*

Қазіргі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында өзекті болып тұрған мәселелердің бірі – ол мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасы мен еңбек тиімділігі болып табылады. Яғни мемлекеттік қызметшілердің жұмыс тиімділігі, олардың еңбегін бағалауда қандай кемшіліктер орын алатындығына, бағалаудың қаншалықты объективті болатындығына тікелей байланысты. Алайда бұл мәселеге көңіл бөлмес бұрын мемлекеттік қызметшілердің жұмыс тиімділігін арттыруда негізгі рөл атқаратын мәселеге тоқталып кеткен жөн.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін арттырушы негізгі фактор ол – ынталандыру жүйесі.

Ынталандыру – адамды белгілі бір іс әрекетке итермелеу мақсатында оған әсер ету процесі. Ынталандыру процесі қаншалықты жақсы жүзеге асырылса, соншалықты басқару процесінің тиімділігі де артады [1].

Мемлекеттік органда еңбек ресурсы ретінде қарастыратын мемлекеттік қызметші экономикалық тұрғыдан белсенді және еңбек іс-әрекетіне қатысуға ниетті адамгершілік қасиеттері бар тұлға ретінде атап көрсетуге болады.

Демек, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес республикалық немесе жергілікті бюджет, немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі қаражатынан төленетін мемлекеттік органда лауазымы бар және лауазымдық міндеттерін мемлекеттің функциялары мен мақсаттарын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады [2].

Мемлекеттік қызметшілер өздерінің билік өкілеттіліктерін дұрыс пайдаланып, мемлекеттік орган жүйесінде басқаруды өз деңгейінде, табысты және тиімді орындауына байланысты сол қызметші жұмыс істеп отырған жеке мемлекеттік органның ғана емес, сонымен қатар жалпы мемлекеттік басқарудың тиімділігіне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру шенеуніктің психологиялық бейнесінің маңызды бір бөлігі болып табылады. М.Вебердің (1864-1920) айтуы бойынша мемлекеттік қызметшіні ынталандыру спектірінің құрамына: субординация, регламент, қызметтік іс-әрекеттер сипаттамасы арқылы мансаптық өсу мүмкіндігі, ақшалай мазмұны бар деңгейлі өсім, қызметтік қамтылу кепілдігі және әлеуметтік сақтандыру кіреді [3].

Мемлекеттік қызмет үшін ынталандырудың орны ерекше, себебі мемлекеттік қызметшінің жаңа үлгісінің қалыптасуына ерекше әсер ете отырып, қызметтің барлық жүйесіне ықпал ететінгін байқатады.

Мемлекеттік қызметтегі қызметшілердің еңбегі басқа салада жұмыс жасайтын қызметкерлерден айырмашылығы неде?

Осыған байланысты мемлекеттік қызметті кәсіби іс-әрекеттің маңызды түрі ретінде бағалайтын бірқатар айырмашылықтар қалыптасқан, олардың ішінде келесілерді ерекше атап көрсетуге болады:

1. Іс жүзінде мемлекеттің функциялары мен мақсаттарын жүзеге асырылуын, еңбек функцияларының мазмұны мен ерекшелігін білдіретін сипаттамалар.

2. Шектеуі бар ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі (мысалы, ақпарат). Бұл ерекшелік мемлекеттік қызметшіге жеке мақсатында басқа азаматтарға жабық ақпараттарды қолдану (кейде құпия ақпараттар).

3. Билік өкілеттіліктерінің болуы, өкілеттіліктер арқылы шешім қабылдау арқылы қоғам мүшелеріне өзіндік әсерін тигізеді (бұл әсер заңдар мен қаулылар қабылдаған жағдайда тура болуы мүмкін, және мемлекеттік қызметші ұсыныстар мен нормаларды әзірлеуге қатысқан жағдайда жанама әсер етуі ықтимал).

4. Іс-әрекеттерді, мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен құқықтарын реттейтін қатаң құқықтық регламенттің болуы, себебі мемлекеттік қызмет басқа іс-әрекеттер түрлерінен ерекшелігі – ол тек Еңбек Кодексімен ғана емес, сондай-ақ бір қатар заңдармен, Президент Жарлықтарымен, Үкімет қаулыларымен реттеледі.

5. Мемлекеттік қызметтегі еңбек іс-әрекетінің маңызды ерекшеліктерінің бірі ол мемлекеттегі саяси кезеңмен байланысты және билік ауысқан кезде (билеуші партия), сондай-ақ саяси бағыттың өзгеруі көптеген қызметшілер үшін басқа лауазымдарға ауысуға мүмкіндік берсе, кейде тіпті жұмыстан босау жағдайлары да орын алып жатады.

Бірақ, дегенмен іс жүзінде ескеретін тағы бір жағдай, немесе келесі бір ерекшелік (жоғары лауазымдық позициялар үшін) ол егер адам мемлекеттік қызмет жүйесінде басшы лауазымдық орнында болуы оның жүйеден кетуіне емес, керісінше қаржылай қысым көрсетпей оны басқа лауазымға ауыстырылуы мүмкін.

6. Қабылдаған шешімдердің салдары мемлекеттің миллиондаған халқына өзіндік әсерін тигізіп, жоғары деңгейдегі жауапкершілікті және жан-жақты талдауды, сондай-ақ оны таразыға салып, болатын тәуекелдерді барынша назарға алу қажет [4].

Жоғарыда келтірілген мемлекеттік қызметтегі ерекшеліктерді ескере отырып олардың қатарына біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандар алу қажеттілігі туындайды. Білікті кадрлардың, оның ішінде шетелдік білімі бар мамандар мемлекеттік қызметте төленетін жалақының аздығына байланысты жеке секторға кетуде.

Бір сөзбен айтқанда бүгінгі таңда замануи менеджмент пен мемлекеттік басқару замануи мемлекеттік қызметшілерді талап етеді, ал бәсекеге қабілетті замануи мемлекеттік қызметшіні өз орнында қалдыру үшін, оны басқа салаға яғни жеке секторға кетпеуі үшін олардың еңбегін ынталандыру қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ынталандыруда келесі әдістерге жүгінуге болады. Материалдық ынталандыруға:

- Лауазымдық еңбекақыны жоғарылату, жұмыстың қиындығы мен оның көлеміне, кәсібилігіне байланысты дамыту, лауазымдарды және функцияларды алмастыру барысында қиындығын ескере отырып еңбекақыны жоғарылаты;

- Сыйақы тағайындау арқылы атқарып отырған сала бойынша нәтижелерді дамыту және оларды жақсартуға байланысты мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыру мен оларды қабылдау сапасын жоғарылату, жылдық қорытынды бойынша еңбек өнімділігін жоғарылату.

- Қосымша ынталандырулар арқылы нақты бір саланың дамуына қосқан үлестері бойынша бір реттік төлемдер және ерекше қиындық туғызатын тапсырмалар бойынша әртүрлі төлемдер жасау қажет.

Адамды нақты бір іс-әрекеті үшін ынталандыруда оның осы сала бойынша жетістіктерін бағалап, ұйымның мақсаттарына байланысты ынталандырылуы тиіс. Қазіргі таңда материалдық сыйақы базалық болып табылатындықтан қызметшінің мінез-құлпын айқындайтын мотив ретінде белгіленіп, мемлекетте орын алып жатқан көптеген әлеуметтік-экономикалық процестерге байланысты болып келеді. Бірақ алдағы уақытта моралдық ынталандырулар мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ынталандыруда ең маңызды рольді атқаруы тиіс [5].

Әлемдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, «орта статистикалық отбасы» ұғымына жолдасы, жұбайы және екі баласы кіреді. Сол отбасының басшысы жұмыс орынында алатын жалақысы барлық отбасы мүшелерінің қажеттілігін қамтамасыз ететіндей мөлшерде алуы қарастырылады, яғни олардың жан-жақты дамуы мен толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ете алуы деген сөз. Бірақ ірі қалалардағы тұрғын үй бағасын, сондай-ақ көлік, білім беру, медициналық қызмет көрсету, демалу және т.б. ескерсек, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің жалақысымен Қазақстанда мұндай жағдай жасау мүмкін емес.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметте жұмыс жасайтын кез келген азамат өзінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана алмайды және ол заңды тұрғыда көптеген қоғамдық және қаржылық іс-әрекеттерден шектелген (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №453 «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының **10-шы бабы. «Мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер»**) [2].

Сондықтан мұндай шектеулілік біршама қиындықтарды туындатып, қазіргі таңдағы еңбекті төлеу жүйесінде көптеген кемшіліктер бар екендігін байқатады, көп жағдайда ол жоғарғы басшының ерікті шешіміне байланысты және мемлекеттік қызметшілердің еңбек нәтижелерін мемлекеттің жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуына тәуелділігін байқатпайды және оларды саналы түрде өзінің лауазымдық міндеттерін мақсатты түрде орындауға ынталандырмайды.

Сол себепті мемлекеттік қызметте ынталандырудың тек монетарлық әдісін ғана қолданбай ротациялау, мансаптық жүйесін құру, кадр қызметінің рөлін күшейту, яғни моральдық, әлеуметтік, шынайы, психологиялық ынталандырулар белсенді қолдану қажет. Әлеуметтік мансаптық ынталандыруға өзінің білімін үздіксіз жетілдіру арқылы өзінің шығармашылық потенциалын толыққанды жүзеге асырулары қажет.

Замануи жағдайындағы қызметкер өнімді және сапалы жұмыс жасаса, егер ол ұйымның қызметіне қызығушылық танытып, басқарушылық шешімдерді қабылдауға белсене қатысса, оның өз еңбегіне деген көзқарасы және жұмыс істеуге деген ынтасы артады.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ынталандырудағы ерекшеліктер олардың жұмыс спецификаларымен және мемлекеттік қызмет институттарының ерекшелігімен байланысты болып келеді. Себебі мемлекеттік органдардағы ынталандыру тетіктері негізінен әкімшілік-командалық ынталылық негізінде қарастырылып келеді.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде ынталандырудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін еңбек-ақы төлеу жүйесі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын, дағдыларын, еңбек жүктемесін (жұмыс қарқындылығын), сондай-ақ орындалатын жұмыс пен қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік деңгейін ескеретін болады делінген. Бірақ, мемлекеттік қызметші қоғам мүддесін қанағаттандыруда өзінің үлесі үлкен екендігін сезінбей, оған ынталы болмай, мемлекеттік орган ішінде транспаренттілік пен ашықтықты қамтамасыз ететін тетіктері әзірленбесе, еңбекақы төлеу жүйесін қаншалықты жетілдіргенімен күтілетін нәтижелерге жету мүмкін емес.

1. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. *Основы менеджмента: Пер. с англ.* – М.: Дело, 1997, – 500 с.

2. *Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы 1999 жылғы 23 шілдедегі N453.*

3. Глазунова Н.И. *Государственное и муниципальное (административное) управление: учеб.* – М.: ТК Велби, изд-во Проспект, 2007 – 560 с.

4. Терентьева Е.В. *Система оценки и оплаты труда федеральных государственных служащих: основные направления развития: автореф. канд.экон. наук.* – М., 2008. – 24 с.

5. *«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №119 Жарлығымен бекітілген.*

Резюме

В статье описываются мотивирующие факторы в системе государственной службы Республики Казахстан, которая составляет научно-теоретическую базу для применения их в стимулировании персонала и рассматриваются отличительные признаки, которые позволяют оценить государственную службу как особый вид деятельности.

Summary

The article describes the motivating factors in the civil service of the Republic of Kazakhstan, which is the scientific theoretical basis for their use in promoting staff and considered distinctive features that track the public service as a kind of activity.

ЧИНГИСХАН: ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ ПОЛКОВОДЦА

Д.К. Майхиев – докторант Национального университета обороны

Личность и жизнь Чингисхана (1155/1162-1227), основателя самой большой империи мира, – всегда являлись и продолжают являться предметом внимания ученых.

В монгольской и мировой истории о создателе единой Монгольской империи, политике и государственном деятеле – полководце Чингисхане написано много.

Некоторые страницы жизни, государственной и полководческой деятельности Чингисхана отражены в монгольских [1, 2, 3], китайских [4, 5], персидских [6, 7], тюркских [8] и западных источниках [9, 10], которые переведены на русский язык.

Анализ источников и исторической литературы [11, 12, 13, 14, 15] о Чингисхане позволяет утверждать, что авторы в соответствии со своим временем и историческими условиями ставили перед собой цели и задачи, какие они считали необходимыми для освещения деятельности Чингисхана.

Очевидно, что на протяжении всего прошлого времени исследователям было сложно дать однозначную оценку деятельности Чингисхана, руководствуясь общепринятыми категориями своей эпохи.

Учитывая данные обстоятельства, опираясь на результаты современных исследователей [16, 17], нами сделана попытка поиска новых граней личности Чингисхана, как государственного и военного деятеля, выявление которых приблизит наследие великого полководца к нашим современникам.

В этой связи, на основании источников и исторической литературы, рассмотрим особенности условий формирования личности Чингисхана, которые, на наш взгляд, дополняют имеющиеся знания о Чингисхане.

Несомненно, что личность Чингисхана сформировалась под влиянием жизненных обстоятельств, традиций и норм жизни монгольского общества в конкретный исторический период.

В источниках и исторической литературе имеются сведения о прародителях Тэмужина-Чингисхана.

Известно, что Тэмужин был из знатного у монголов рода боржигин. Прадед Тэмужина – Хабул-хан был первым ханом улуса Хамаг Монгол – начального государственного объединения ряда племенных союзов в бассейне рек Онон и Керулен в XII веке [1, с. 238].

Хабул-хан родил семерых сыновей: Охин бархаг, Бартан-батор, Хутугту мунгур, Хугула-хан, Хулан, Хадан, Тудугэн отчигин.

Дед Тэмужина Бартан-батор родил четверых сыновей Мэнгэту хиана, Нэхун тайши, Есухэй-батора (отец Тэмужина), Даритай отчигина [1, с. 57].

Итак, Тэмужин был правнуком первого хана улуса Хамаг Монгол Хабул-хана. Младший брат Бартан-батора, Хугула-хан также был ханом улуса Хамаг Монгол.

Дед Тэмужина Бартан-батор и отец Есухэй-батор «были храбрыми войнами, грабили Китай и за свои военные подвиги получили название батырей (багату или багадур), т.е., выражая по-нашему, богатырей или степных героев – название лестное для них, которое дается не за одну храбрость, но и за ум» – отмечал в своем труде М.И. Иванин [11, с. 36].

Есухэй-батор «был выбран за свою доблесть главой племен кият и нирун, к которым принадлежала его семья. У него было много войн с другими монгольскими народами, с китайцами, с татарами...» [12, с. 44].

Вышесказанное определенно дает повод утверждать, что:

- во-первых, происхождение и кровное родство Тэмужина с другими потомками Хабул-хана, не могли не сказаться на процессе формирования его личности как государственного деятеля и на становление его как воина и полководца;

- во-вторых, личность и жизнь Тэмужина следует рассматривать в контексте с политической жизнью монгольского общества и во взаимосвязи с внешнеполитическими факторами.

Главными противниками улуса Хамаг Монгол были татары, служившие императору чжурчжэньской империи Цзинь Алтан-хану. Империя Цзинь существовала на северо-востоке Китая. Первоначально чжурчжэни находились под властью киданей (династия Ляо), но в начале XII века они восстали и нанесли киданям поражение, в 1115 году объявили о создании династии Цзинь, т.е. «Золотой династии» (по-монгольски Алтан-хан – Золотой хан) [1, с. 241].

Монгольские племена испытывали особую враждебность от императора чжурчжэньской империи Алтан-хана, желавшего установить контроль над кочевыми племенами, всеми средствами вносившего раскол в их ряды и управлявшего ими в своих интересах.

В 1161 году Цинский император отправил против монголов экспедицию. Объединенные войска Цинов и татар разгромили монголов в сражении вблизи Буир-нора, что привело к утрате единства народа и наступлению периода безвластия [13, с. 218].

В тот период безвластия, по свидетельству «Сборника летописей» Рашид-ад-Дина, Есухэй-батору подчинялись и были подвластны большинство монгольских племен [7, с. 50].

Среди подвластных Есухэй-батору племен особым, главенствующим положением среди прочих племен нирун монголов, входивших в состав улуса Хамаг Монгол, были тайчуды, «обладавшие в то время значительными людскими и военными ресурсами» [1, с. 240].

Следует отметить, для того, чтобы привести народ к повиновению, предводителю необходимо обладать как нравственными, волевыми, так и физическими данными, а также и материальными средствами. Следовательно, данными свойствами обладал отец Тэмужина – Есухэй-батор.

Рассмотрим известные в истории сведения о семье Есухэй-батора, которые позволят понять влияние членов семьи на формирование личности Тэмужина – Чингисхана в дальнейшем.

Сведения о близких родственных отношениях Тэмужина с родными дядями также важны, так как они оказали в достаточной степени влияние на формирование личности Чингисхана. В дальнейшем, уроки жизни, полученные в семье, как и его размышления, легли в некоторые положения «Великой Ясы» и «Билик» [6, с. 18-25].

В «Сокровенном сказании монголов» упоминается о двух женах Есухэй-батора. Огэлун ужин и Сочигэл, известно, что Огэлун выполняла функции старшей жены.

От Огэлун ужин родились четверо сыновей – Тэмужин, Хасар, Хачигун, Тэмугэ и дочь – Тэмулун [1, с. 61].

От жены Сочигэл родились сыновья – Бэгтэр и Бэлгудэй [1, с. 67].

У Тэмужина и его братьев детство прошло в полной семье с родителями. Вероятнее всего они воспитывались, как и другие монгольские дети, в военных традициях своего времени.

Монгольские дети с раннего детства учились ездить на лошадях, вначале не без помощи родителей или взрослых родственников, с 4-5 лет умели самостоятельно ездить без седла. С возрастом они обучались стрелять из лука на скаку по мишеням и ловить арканом животных [17, с. 81].

В источниках говорится, что в 11 лет Тэмужин с андой-побратимом Жамухой играли на льду реки Онон в альчики, по весне «забавлялись они стрельбой из лука-алангир (алангир – особый вид лука, боевое оружие древних монголов [1, 259])» [1, с. 89].

Следовательно, Тэмужин с раннего детства традиционно обучался различным военным знаниям, умениям и навыкам.

В «Сокровенном сказании монголов» часто упоминается об умениях Тэмужина: стрелять из лука; скакать на лошади; ориентироваться на местности; опознавать следы, выслеживать и преследовать врага и т.д.

Таким образом, жизнь в семье подготовила основу личности Чингисхана – воина, приобретенные способности в дальнейшем позволили ему успешно применять свои военные знания на практике.

Уважение к традициям и обычаям монгольского общества были преподнесены Тэмужину отцом по достижению возраста 9 лет [1, с. 61].

В этот период Есухэй-батор намерился найти будущую невесту для своего сына. У кочевников Центральной Азии существовал обычай: родители берут на себя заботу о будущей семейной жизни детей. Родители (при взаимном уговоре) проводят помолвку детей.

В дальнейшем родители обоих детей поддерживают теплые родственные отношения. Совместно воспитывают и растят детей до создания ими семьи, а после свадьбы материально поддерживают и опекают их.

Поиск Есухэй-батора будущей невесты для подрастающего сына был заботой любящего отца. Искать невесту для сына долго не пришлось. Они на своем пути встретили Дэй-сецена из племени хонгирад.

Дэй-сецен, проявив гостеприимство, как это принято в степи, попросил путников погостить и посмотреть на свою дочь Борте (Борте была на год старше Тэмужина [1, с. 63]).

Есухэй-батору дочь Дэй-сецена Борте очень понравилась и Дэй-сецену, пришелся по душе сын Есухэй-батора Тэмужин. На следующее утро Есухэй-батор засватал Борте Тэмужину. После взаимных уговоров, Есухэй-батор по традиции преподнес родителям Борте подарки, в знак принятого предложения и взаимного уважения Дэй-сецен попросил Есухэй-батора, «а сына оставляй у нас. Отныне он наш зять» [1, с. 63].

На обратном пути Есухэй-батор проехал через татарский стан, там проходил татарский пир и был он угощен едой на пиру. Вернулся Есухэй-батор в свои кочевья тяжело больным. Поняв, что татары отравили его, попросил Мунлига (одного из преданных своих подчиненных – Д.М.) сына старика Чараха из племени хонхотадай привести Тэмужина обратно, Мунлиг выполнил поручение Есухэй-батора.

Дальнейшие события происходят очень быстро. Тайчуды сговорившись, под незначительным предложением, решаются покинуть семью Есухэй-батара. Главными заговорщиками явились жены погибшего Амбагай-хана – Орбай и Сохатай.

«И стали они подбивать соплеменников: «Давайте откочем все отсюда, а Огэлун здесь бросим вместе с сыновьями».

Наутро следующего дня Таргудай хирилтуг и Тудугэн гиртэ, предводители тайчудов, во главе своего племени двинулись к реке Онон. Так соплеменники покинули Огэлун и ее сыновей» [1, с. 65].

Старик Чараха пытался уговорить тайчудов вернуться, «не вняли словам старца тайчуды и пошли дальше. А Тудугэн гиртэ ударил старика Чараху копьём в спину и погнал прочь» [1, с. 65].

Так был преподнесен Тэмужину жестокий урок, непосредственно коснувшийся семьи после смерти отца – Есухэй-батара.

Уход тайчудов, вид раненого и умирающего старика Чараха, успевшего сказать Тэмужину: «Откочевав, тайчуды увели с собою весь народ, что собран был отцом твоим достойным; его (говорит о Тудугэн гирте – Д.М.) нагнал я, воротить, желая, да сам, как видишь, едва живым вернулся». И заплакал Тэмужин, и ушел от старика весьма опечаленным» [1, с. 65].

Произошедшее было настолько тяжелым, что автор «Сокровенного сказания монголов» пишет о слезах Тэмужина, подчеркивая тем самым полученное им душевное потрясение.

Именно с данного эпизода повествования «Сокровенного сказания монголов» наблюдается упадок условий жизни семьи вдовы Есухэй-батара Огэлун, а также заметно, что и у Тэмужина происходят переоценка духовных ценностей, которые естественным образом изменили восприятие им окружающего его мира.

Владимирцев Б.Я. в своем труде «Чингис-хан» обратил внимание, что: «Детям Есугей-багатура приходилось уже не пасти табуны коней, не распоряжаться пастухами овец, а заниматься мелкой охотой и рыбной ловлей; не брезгали они также и диким луком, чесноком и другими растениями. С точки зрения степняка-скотовода такое существование было самым жалким» [14, с. 14-15].

Тяжелое (полуголодное) положение семьи Огэлун в «Сокровенном сказании монголов» описывается так:

«От рожденья премудрая, мать Огэлун
Дэл свой поясом повязала,
По течению Онона то вверх, то вниз
Все бродила она, кочевала.
Что в степи съедобного было,
Тем детей она и кормила...
Был характер тверд, был порядок строг –
Вот что в жизни детей укрепило...
Строгих правил держится мать –
Сыновьям державным стать.
Тот рыбак и этот рыбак –
Год за годом мужали так» [1, с. 66-67].

Из вышеприведенного текста видно, что положение семьи была таково, что всем членам семьи приходилось бродить и кочевать вдоль реки Онон, добывая пропитание в степи и выживать: копать коренья, собирать дикий лук, ловить рыбу, охотиться на сурков и сусликов.

Такие тяжелые условия жизни непременно должны были закалить характер Тэмужина и его братьев, следовательно, именно эта суровая жизнь, позволила им выработать в себе необходимые охотникам качества – воинственность, наблюдательность, выносливость, упорство и т.д. [16, с. 98].

«Тогда, в ранние годы его юности, проявилась у него уже та черта характера, которая потом развилась вполне: властность» [14, с. 15].

Мать Темужина, ставшая главою семьи, не отчаялась от выпавшего на долю семьи несчастья, не подорвались у нее душевные силы. Она упорно продолжала воспитывать своих сыновей в духе семьи степной аристократии, передавая сыновьям через устные сказания о праmaterях и праотцах; о подвигах отцов и дедов; о родственниках – ханах и багатурах улуса Хамаг Монгол [14, с. 14].

Естественным было превращение Темужина, по утверждению Хаара-Давана Э., «в молодеваго и даровитого юношу; его враги начали опасаться, что из него выйдет в будущем багатур, способный отплатить им за перенесенные в детстве унижения. И в самом деле, Темужин уже начинал сознавать растущую в нем силу» [15, с. 39].

Таким образом, во-первых, монгольские дети с раннего детства традиционно обучались военным знаниям, умениям и навыкам, принятым у монголов-кочевников, среди них был и Тэмужин.

Следовательно, такие условия жизни формировали Тэмужина, как охотника, умеющего выживать в суровых климатических условиях и вырабатывать личностные качества свойственные воину – сильную волю, наблюдательность, упорство, целеустремленность и т.д.

Во-вторых, большое значение для растущего Тэмужина оказывало знание того, что в народе отца Есухэй-батора и деда Бартан-батора называли прославленными богатырями своего времени, они участвовали в войнах против татар и Китая.

В-третьих, отец Тэмужина Есухэй-батор был главой племени кият-боржигин и тайчуудов из нирун монголов, улуса Хамаг Монгол.

Знание о своем происхождении из ханского рода, и гордость его, что он правнук Хабул-хана – первого хана улуса Хамаг Монгол, родоначальника государственного объединения ряда племенных союзов в бассейне рек Онон и Керулен в XII веке, имело для Тэмужина большое значение.

В-четвертых, после смерти Есухэй-батора, его жене Огэлун с малолетними детьми, оставленными одними на выживание соплеменниками тайчуудами в кочевье, было суровым уроком жизни.

Возможно, в тот период основой для определения Тэмужином таких человеческих качеств, как верность и предательство, были устные рассказы матери Огэлун в виде сказаний о героических поступках отцов и дедов.

В-пятых, происходящие события, жестокие уроки жизни от племенных вождей тайчуудов и рассказы матери Огэлун – научили его отличать верность от предательства, позволили выработать собственные меры оценки качеств человека.

В дальнейшей своей жизни им будет высоко ценима верность, а предательство, в каком бы виде не проявлялось, – будет караться.

1. «Сокровенное сказание монголов» // Чингисиана: свод свидетельств современников / Пер., сост. и коммент. Мелехина А. – М.: Эксмо, 2009. – С. 17-357. – (Тайны древних цивилизаций).

2. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 364 б.

3. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. III том. Деректемелер мен мұрағаттық құжаттар / Моңғол деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жазған Базылхан Н., Хинаят З., Мұхамедиұлы Қ., Тойшанұлы А., Қатран Д., Хинаят Б. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 180 б.

4. Пэн Да-я и Сюй-Тина. Хэй да ши люе («Краткие сведения о черных татарах»). Перевод Линь Кюн-и и Мункуева Н.Ц. // Чингисхан и его империя. Составитель: Франк В.Ю. – Алматы, 2006. – С. 4-22.

5. Хун-цзянь-ган-му («История первых четырех ханов из Дома Чингисова»). Перевод Бичурин Н.Я. (архимандрита Иакинфа), 1829 // Чингисхан и его империя. Составитель: Франк В.Ю. – Алматы, 2006. – С. 107-148.

6. Джувеини. Чингисхан. История завоевателя мира, записанная Ала-ад-Дином Ата-Меликом Джувеини / Пер. с перс. текста на англ. Бойла Дж.Э. Пер с англ. Харитоновой Е.Е. – М.: Издательский Дом МАГИСТР-ПРЕСС, 2004. – 689 с.

7. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. В 3 т. Том I. Кн. 2. – М.-Л., 1952. – 281 с.

8. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған Әбусейітова М.Қ. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.

9. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.

10. Поло Марко. Книга чудес света / Марко Поло; [пер. Минаева И.П.; предисл. Магидовича И.П.; примеч. Лео Яковлева]. – М.: Эксмо, 2009. – 512 с.: ил. – (Великие путешествия).

11. Иванин М. О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е изд. – Алматы, «Санат», 1998. – 240 с.

12. Д'Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина). – Алматы: «Санат», 2003. – 256 с.

13. Груссе Р. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан. Том I. Пер. с франц. Хамраева Х.К. / Сост. Сужиков Б.М. – Алматы: «Санат», 2005. – 286 с.

14. Владимирцев Б. Чингис-Хан. – Горно-Алтайск: Ак чечек, 1992. – 116 с.: ил.

15. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. – Алма-Ата: КРАМДС - Ахмед Яссауи, 1992. – 272 с., илл.

16. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан // Бірінші кітап. – Алматы: «Арда», 2008. – 432 б. Жапсырмалы.

17. Уэзерфорд Дж. Чингисхан и рождение современного мира / Джек Уэзерфорд; пер. с англ. Лихтенштейна Е. – М.: АСТ, 2005. – 493, [3] с. – (Историческая библиотека).

Түйін

Мақалада автор белгілі материалдар негізінде 1155-1227 жылдар аралығында өмір сүріп, артына өшпес із қалдырған әлем билеушісі Шыңғысханның балалық шағы мен оның жеке тұлға ретінде қалыптасу кезеңдеріне шолу жасап, оның қалыптасу мектептерін қарастырады. Сондай-ақ Шыңғысхан мен оның кезеңін тану, зерттеу, саралау аталмыш мақаламен ғана шектеліп қалмайды. Бұл бағыттағы еңбектің жалғасы зерделену үстінде.

Resume

In the article on the basis of known materials the author tells about the childhood, the school of life of the famous, world ruler Chingiskhan who lived in 1155-1227 and gives an overview about the period of becoming of the personality. In addition Chingiskhan and the knowledge of his era, researches, analyses are not only limited to the above-mentioned article. Continuation of the work in this direction is in the process of development.

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Н.Мешелқызы – *ҚазМемҚызПУ-нің Тарих кафедрасының II курс магистранты*

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы көп жылдар бойы атамекендегі қазақтармен қоғамдық құрылымы, саяси-экономикалық және мәдени өмірі ұқсас жүйеде өмір сүрді. Ал кеңестік дәуірде Моңғол елі де КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалар сияқты социалистік даму жолындағы мемлекеттің бірі ретінде өмір сүріп, ондағы қандас ағайындар Қазақстанмен арадағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және оқу-ағарту саласында тығыз байланыста болды [1, 75 б.].

Қазақстанға келіп жоғары және орта арнайы оқу орындарында білім алып, атамекендегі қазақтармен қоян-қолтық аралысып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын басқа алыс шет мемлекеттердегі қазақтарға қарағанда жақсы сақтап қалды. Қазақ халқының осы екі бөлігінің арасындағы мәдени байланыстың үзілмеуі, ондағы қазақ зиялыларының қалыптасуына өзіндік ықпал етті.

Моңғолияның қайсыбір ұлтшылдық әдебиетінде «Қазақтар алғаш Моңғолияға асып келгенде таяғын сүйреткен кедейлер, хат танымайтын, өзіндік дәстүрі, өнерінен бейхабар қараңғы халық болған» деп көрсету көрініс беріп қалады [2, 63 б.].

Бұнымен біз келісе алмаймыз, өйткені қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып жүргені белгілі, бірақ көшпелілердің де өзіндік мәдениеті мен этнографиялық тұрғыда ерекшелігі бар.

Моңғолиядағы қазақ зиялыларының қалыптасуын әлемге әйгілі тұлға Абай Құнанбаевпен қатар өмір сүрген Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақовтың Қобда өңірінде өмір сүрген кезеңінен басталады деуге болады. Ақыт қажының «Ахуал-қиямет» насихат толғауы 1908 жылы «Қисса-и-Ғабдулмәлік» және «Қисса-и-минахіб пиран Ғазиз ан» атты дастандары 1909 жылы Қазан қаласында жарыққа шыққан.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтың еңбектерімен қатар, 30-дан астам ақынның шығармалары сақталып зерттеулер жасалған. Бұндай ақындар шығармалары қатарына Тауданбек Қабанұлы (1830-1908), Б.Төлебай (1858-1924), Отарбай (1882-1953), Б.Ақылбай (1880-1963), Т.Нәжікеш (1885-1953), И.Оңашыбай тағы басқаларды атауға болады [3, 34 б.].

Моңғолияда 1929 жылы Моңғолия жазушылар одағының алғашқы бастауымен құрылған әдебиет үйірмесіне 17 адам мүше болды. Ал 1942 жылы Моңғолия қазақтары жазба әдебиетінің тұңғыш кітабы болып Б.Ақтанның «Өлеңдер жинағы» Баян-Өлгейде латын әрпімен басылып, онда М.Құрманханның, Н.Базыкейдің, Қ.Махфуздың өлеңдері жарыққа шықты [4, 56 б.].

Сонымен қатар, Моңғолия қазақтарының көптеген шығармалары жарияланды. 1965 жылы қазақ қаламгерлерінің “Жасыл дөң” жинағы, ал 1981 жылы «Қарлы Алтай әуендері» қазақ қаламгерлері біріккен жинағы моңғол тілінде Моңғолияның астанасы Уланбатырда жарыққа шықты [4, 28 б.].

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті 1960 жылдары ерекше қарқынмен дами бастады. Өйткені Қазақстанның жоғарғы оқу орындарынан және Моңғолияның оқу орындарын бітірушілер санымен толығы бастады. Олар: Имашхан, Шабдарбай, Дайын, Елеусіз, Ақын, Солтан, Байыт, Жәмлика, Кәкей, Тойлыбай сияқты бір топ жас талаптылармен толықты. Олар әдебиетімізге жаңа екпін, жаңа түр, мазмұн ала келді. Жоғары теориялық білім алған жас талапкерлер ауыз әдебиетіне поэзияның саяси лирика, эпостық поэма, сатира, баллада түрлерімен қатар прозада, новелла, фантастикалық әңгіме үлгілерін ала келді. Драмалық шығарманың кей түрінің туып, кеңейуі мен жақсы дамуына жол ашты. Олардың өзіндік ерекшелігі танылып, жазушылық стилі қалыптаса бастады. Мұның бәрі Моңғолиядағы қазақ әдебиеті буынының бекіп, бұғана-сы қатаюына жағдай жасады [5, 49 б.].

Сәбит Мұқанов Моңғолияның қазақтар шоғырланған аймағы Баян-Өлгейге 1967 жылы ресми сапармен барып ондағы қазақ зиялыларымен жүздесіп көптеген мәселелерді талқылап, оларға рухани демеу

көрсетті. С.Мұқановтың бұл сапары Моңғолия қазақтары үшін ұмытылмас тарихи оқиға болып есте қалды.

Моңғолиядағы қазақ қаламгерлері; Ақтан Бабиұлы, Ақын Алақанұлы, Арғынбай Жұмажанов, Баман Құрманұлы, Даниял Дікейұлы, Жамлиха Шалұлы, Жекей Солтанұлы, Зұқай Шәріпақынұлы, Имашхан Байбатырұлы, Кәкей Жаңжұнұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы, Қалқабай Орынұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы, Қаһар Ойнақбаев, Қуанған Жұмаханов, Құрманхан Мұхамедиұлы, Мағауия Сұлтанов, Махфуз Құлыбекұлы, Молдафия Солтанұлы, Рысбек Зурганбайұлы, Сұлтан Тәукейұлы, Ислам Қабышұлы, Шабдарбай Қатшанұлы, Шерияздан Нығышұлы, Шынай Рахметұлымен қатар тағы басқа көптеген қаламгерлердің қазақ әдебиетіне қосқан өзіндік үлестері зор болды [6, 96 б.].

1973-1980 жылдары Баян-Өлгий аймағының қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетінің сан, сапа жағынан да жаңа белеске көтерді. Қазақ жазушылар бөлімі құрамында жазушылардың бір бірлестігі, үш әдеби үйірмесі жұмыс істеп барлығы 54 ақын-жазушылар әдеби іспен шұғылданып, үміткер талапкерлер саны өсті. Ақын, жазушылардың ішінен 12 адам Моңғолия жазушылар Одағы мүшелігіне кіруі ондағы қазақ әдебиетінің өсу қарқынының белгісі еді [7, 33 б.].

Баян-Өлгей аймағының қазақ зиялылары 1985-1990 жылдары тынбай еңбектеніп, жаңа заман деңгейіне жеткен шығармалар жазумен айналысты. Қазақ әдеби кітаптарын шығару әсіресе, әдебиеттің негізі қазақ тілін жеттік меңгеру қажеттілігі тұрды. 1987 жылы Баян-Өлгей аймағы Қазақ қаламгерлері бөлімшесінде Моңғолия Жазушылар Одағының мүшесі 20, жас жазушылар бірлестігінде 50 адам қамтылды [7, 16 б.].

Моңғолияда қазақ ұлттық Баян-Өлгей аймағы орнағаннан бастап 1990 жылдарға дейінгі аралықта ресми сапарлармен С.Мұқанов, Д.Қонаев, Ә.Марғұлан, Ж.Молдағалиев, О.Сүлейменов, Ә.Әлімжанов, Қ.Мырзалиев және тағы басқа қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылары сол елге ресми сапарлармен барып, ондағы қазақ зиялыларымен пікірлесіп олардың әдебиеті мен тарихын зерттеуде бағыт-бағдар берді.

1997 жылы қазақ қауымдастығының кіші құрылтайы Баян-Өлгейде болып оған: Қ.Найманбаев, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, А.Сейдімбек, Б.Дәрімбек, Ж. Бейсенбайұлы, Б.Сарбалаұлы сынды көптеген зиялы қауым өкілдері қатыстып әлем қазақтарының кіші құрылтайы барысында М.Әуезовтың 100 жылдық мерейтойы салтанатты түрде белгіленді.

Қазақстан жазушыларының роман, өлең жинақтарын моңғол тіліне аударған қаламгерлер: 1956 жылы С.Бегалиннің “Жас бұтақ” деген еңбегін Әукетай, 1958 жылы А.Құнанбаевтың “Өлеңдер” жинағын Ж.Хайрулла, С.Мұқановтың «Ботагөз» Ш.Өтеповтың “Шығыс қызы» шығармасын және Т.Молдағалиев, Ж.Жұмахановтың өлеңдер жинақтарын Ш.Жамлиха, Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» мен Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты шығармаларын О.Қаһар аударған [4, 32 б.].

Ш.Жамлиха мен О.Қаһарлар Қазақстан жазушыларының роман, өлең жырларын моңғол тіліне аударып танытуда үлкен еңбек атқарды. Осы орайда Жамлиха Шалұлы жайлы аз да болса тоқтала кетуді жөн көрдік: белгілі ақын, жазушы Баян-Өлгейдің Тұлба сұмынында 1939 жылы дүниеге келген. Ол Моңғолия қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан қаламгер және Моңғолия Жазушылар одағының басқарма мүшесі болған алғашқы қазақ азаматы. Жамлиха Шалұлы 1992 жылы тарихи атамкеніне қоныс аударып Алматы облысы Жамбыл ауданына қоныстанды. Жамлиха Шалұлы дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұсынысымен өмірінің соңына дейін Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Халыққа Жолдауын моңғол тіліне аударып, сол елге Елбасымыздың саясаткер тұлға екендігін көрсете білді.

Моңғолия Жазушылар Одағына әр жылдарда мүше болған қазақ азаматтары: (1945 ж.) Б.Ақтан, (1950 ж.) М.Құрманхан, (1950 ж.) Ж.Арғынбай, (1959 ж.) Д.Даниял, (1965 ж.) Б.Имашхан, (1967 ж.) С.Мағауия, (1974 ж.) Қ.Қабидаш, (1975 ж.) І.Яки, (1979 ж.) А.Қауия, (1983 ж.) Ж.Какей, (1984 ж.) Р.Шынай, (1985 ж.) Ш.Зухай, З.Рысбек, (1990 ж.) Қ.Соаян, (1991 ж.) М.Батай, (1998 ж.) Р.Сұраған, (1999 ж.) С.Қаржаубай, (2000 ж.) Б.Қызай, (2002 ж.) К.Биқұмар, (2002 ж.) Қ.Байыт, (2005 ж.) Ы.Қуатай, (2005 ж.) М.Азатхан, (2005 ж.) т.б көптеген қазақ азаматтар болды [4, 45 б.].

Моңғолиядағы қазақ зиялылары сол елде қазақ әдебиетінің дамуына зор үлесі қосты. Осы уақыт ішінде әдебиет саласында еңбек еткен Моңғолиядағы қазақ ақын жазушыларынан жиырма шақтысы қаламгерлік деңгейіне көтерілді. 1960-1970 жылдар Баян-Өлгей қазақ қаламгерлері қазақ әдебиетіне жаңа туынды бере бастаған кез болса, 1970-1990 жылдары біршама көлемді шығармалар жазып, олардың қатары әдеби-теориялық білімділермен толыққан кезең болды. Моңғолиядағы қазақ жазушылары 1970 жылдардан соң, қазақ әдебиетінің роман жанрын меңгере бастады. Сөйтіп, 1970-1990 жылдар аралығында ондаған роман, жүзден астам повест, мыңдаған әңгіме, жыр, толғау, дастан-поэмалар жазды [3, 12 б.].

Моңғолиядағы қазақ зиялылары қазақ әдебиетінің озық үлгілерінен нәр алып, қазақ әдебиетін дамытуда, зерттеуде үлестерін қосумен қатар тарихы мен әдебиетін қалыптастыруда рөлі ерекше болды. Олар Моңғолиядағы қазақ халқының тарихы мен қоғамдық өміріндегі өзгерістерді барынша шынайы бейнелеуге бар ынта жігерін салып әр заманға сай қалам тартты. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің тұңғыш романы Елеусіз Мұхамедиұлының «Қобда қойнауында» атты еңбегінде Моңғолиядағы қазақтардың сол кездегі саяси-қоғамдық өмірін шынайы суреттеген. Сонымен қатар олар өзге ортада өмір сүріп жатқандарына қарамастан Қазақстан қаламгерлерімен әр кез байланыста болып, олардың көптеген еңбектерін моңғол тіліне аударып, сол елге қазақ халқының рухани мәдениетінің биікте екендігін таныта білді. Сондықтан Моңғолиядағы қазақ қаламгерлерінің әдеби туындыларын саралап, олардың арасынан шыққан кейбір ақын, жазушылардың шығармалары мен ондағы қазақтар тарихында өзіндік орны бар тұлғаларды, Отандық тарих бағдарламаларына кіргізіліп, оқытылса деп ойлаймыз.

Моңғолиядан тарихи Отанына көшіп келіп, жемісті еңбек етіп жүрген көптеген қазақ зиялылары, олар: Жұмажанұлы Арғынбай, Жұмапиұлы Қибаттолда, Құмақайұлы Кәлік, Әбікейұлы Қабылаш, Құсайыпұлы Мусайф, Өмірзақ Ырыстанұлы, Кәлімхан Рахметбайқызы, Абилтайн Мініс, Зардыхан Қинаятұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы, Нәпіл Базылхан, Досымбек Қатран, Бабақұмар Хинаятұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы, Мағыш Аятханұлы, Қаманұлы Ұлықпан, Бұрахан Сағиданұлы, Оқас Құрманұлы, Досан Баймолда, Ботагөз Уатханқызы, Бақытбек Бәмішұлы, Абай Мауқараұлы, Аманжол Ақын, Жүкел Қамайұлы, Дағжан Белдеубайұлы, Есенгүл Кәпқызы, Қайрат Бекенұлы, Ақеділ Тойшанұлы және тағы басқа көптеген азаматтар Қазақстанның ғарыштап өркендеуіне, әр сала бойынша өзіндік үлестерін қосуда.

Моңғолиядан атажұртқа оралған зиялы қауымның әр саладағы атқарған еңбектері мен жетістіктерін шағын мақалада қамту мүмкін емес. Сондықтан атамекенге оралған, ондағы қазақтардың мәдениеті мен тарихи дамуы туралы зерттеген зиялылардың бірнешеуіне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Абилтайн Мініс – тарих ғылымдарының докторы, профессор МХРП тарихын жазған жетекші ғалымдардың бірі. Ғалымның 15 монографиясы, 200-ге жуық ғылыми мақаласы жарық көрді. Абилтайн Мініс атажұртқа алғашқы көшпен 1992 жылы оралып, күні бүгінге дейін Түркістандағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінде дәріс беруде. Атажұртқа оралғаннан кейін 6 монография, сексеннен астам ғылыми мақала, көптеген баяндамалары жарық көрді. Сондай-ақ А.Мініс атажұртқа Моңғолия мұрағатындағы Тұрар Рысқұловқа қатысты деректерді әкелді. Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияға жетекшілік етті. «Тұрар Рысқұлов Моңғолияда» атты еңбекті тарих ғылымдарының кандидаты, Н.Әбілдаевпен бірлесіп жарыққа шығарды... Тұрар Рысқұловқа қатысты құжаттарды жариялау арқылы қайраткердің Коминтерннің Моңғолиядағы өкілі ретінде, онда өткізген біржарым жылдық саяси белсенді қызметінің қыр-сырын толық ашып берді [1, 78 б.].

Зардыхан Қинаятұлы – тарих ғылымдарының докторы Атамекенге Моңғолия мұрағаттары мен басқадай дерек көздеріндегі қазақ тарихына қатысты деректерді алып келіп, айналымға түсірді. Ғалымның «Жылаған жылдар шежіресі», (Алматы, 1995), «Моңғол үстіртін мекендеген соңғы түркі тайпалары». (Астана, 2001), «Моңғолиядағы қазақтар», I-кітап (Алматы, 2001), «Жошы хан және қазақ мемлекеті» (Астана, 2004) монографиясы, сонымен қатар басқа да еңбектерімен бірге алпыстан астам ғылыми мақалалар мен баяндамалары жарияланған [1, 78 б.].

Қаржаубай Сартқожа белгілі түрколог, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Еңбектері: «Древне-тюркские рунические надписи и тюрко-уйгурские этнокультурные связи в VII-IX веках» (Алматы, 1988, диссертация); «Объединенный каганат тюрков» (Астана, 2001), «Орхон мұралары», (Астана, 2003), «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» Астана, 2005, 2007 жж. (Жолдасбековпен бірге қазақ және орыс тілдерінде), «Байырғы түрік бітік жазуының генезисі» атты еңбектері бар. Сонымен қатар 120 ға жуық ғылыми мақалалары Ресей, ҚХР, Түркия, Франция, Германия, Жапония, Қазақстанда 7 тілде жарық көрді [8, 45 б.].

Нәпіл Базылхан филология ғылымының кандидаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерінде» атты сериясының «Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері» (Орхон, Енисей, Талас) 2-томының авторы. «Қазақстан тарихы моңғол тілді деректемелерінде» атты сериясының «Моңғолдың құпия шежіресі» 1-томының ғылыми аудармасын жасады. «Лусанданзан. Алтын тобчы» 2-томының ғылыми редакторы, «Мұрағат құжаттары мен деректемелері» 3-том, «Сарайшық тиындары» ғылыми еңбектің авторларының бірі. Сондай-ақ 2 монографиялық еңбегі, 60 ғылыми мақаласы жарық көрді [8, 56 б.].

Досымбек Қатран тарихи ғылымдарының кандидаты. 1998-2000 жылдары Халықаралық Құқықтық және Нарық Академиясының (МАПР) әлеуметтік қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі, 2000

жылдан қазірге дейін ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің этнология бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып келеді. «Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті», (Алматы, 2002 ж, 91 б.) деп аталатын оқу құралын шығарды және 30-дан астам ғылыми мақалалары жарық көрді.

2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Моңғолия, Ресей, Алматы және Жамбыл облыстарында Орталық мемлекеттік музей тарапынан ұйымдастырған этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етті. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы шығарылып келе жатқан «Қазақстан тарихы моңғол тілді деректемелерінде» атты еңбек авторларының бірі [9,78 б.].

Досан Баймолда физика ғылымдарының докторы, халықаралық журналист. Халықаралық «Азат Еуропа», «Азаттық» радиосының қазақ редакциясында көп жыл кеңесші, редактор қызметін атқарған. Сондай-ақ ағылшын, чех, поляк, орыс, моңғол тілдерінде еркін сөйлейді. Досан Баймолданың 60 тан астам ғылыми мақалалары еліміздегі белгілі журналдармен қатар Еуропаның көптеген елдеріндегі беделді ғылыми журналдарында жарыққа шыққан.

Ботагөз Уатқанқызы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып абыройлы еңбек етіп келеді. Ол алғаш 1990 жылдары Моңғолиядан атажұртқа көштің басталуына мұрындық болған батыр қыздардың бірі. Атажұртқа оралған қазақтар арасынан II дәрежелі «Достық» орденімен Ботагөз Уатқанқызы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығында марапатталған.

Бабақұмар Хинаятұлы белгілі түрколог Мандоки Қоңырдың шәкірті, тарих ғылымдарының кандидаты. 30-дан астам ғылыми және 120-дай энциклопедиялық мақалалардың авторы. Сонымен қатар венгер, моңғол, түрік, ағылшын тілдерін жетік меңгерген. «Ата салтынды аяла», «Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты шет тілдегі деректер», «Қазақ саятшылық өнері», «Қазақ костюмі» т.б жинақтардың авторы.

Сұраған Рахметұлы бүгінде Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында тұрады. 2009 жылы «Моңғолия мен Қытайды мекендеген қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінің тарихы» атты кандидаттық диссертация қорғаған. Сұраған Рахметұлының көптеген ғылыми мақалалары мен монографиялық еңбектері жарық көрген; «Кұжырты құрбандары» монграфиялық еңбегі «Оспан батыр» ғылыми баяндамасы тағы басқа көптеген еңбектерін атауға болады.

Құрметхан Мұхамедиұлы қазірігі таңда Моңғолияның астанасы Ұланбатырда өмір сүріп жатыр. Ол 1997 жылы Алматыда «Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта тарих ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғаған. Көптеген ғылыми мақалалары мен монографиялары жарық көрген.

Қабсатар Омарұлы Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мәдени орталығының төрағасы, профессор. 2005 жылы Әлем қазақтарының III-құрылтайы елордамыз Астанада болып өткені белгілі, осы бас қосуда төралқа мүшелерін сайлау жөнінде Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығының Төралқа төрағасының бірінші орынбасары Т.Мамашев ұсыныс жасаған еді. Құрылтай қаулысы бойынша Моңғолияда мәдени орталық ашу туралы шешім қабылдап төрағасына Қабсатар Омарұлы сайланып осы жылдан бастап ондағы қазақтардың мәдени-рухани өсіп жетілуінде аянбай еңбектеніп келеді.

Асай Рәмішұлы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Ұланбатырдағы қазақ-мәдени орталығы бөлімшесінің төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор. 2006 жылы құрылған бұл мәдени орталықтың төрағасы Асай Рәмішұлы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен осы кезден бастап тығыз қарым-қатынас орнатқан. Ондағы қазақтардың салт-дәстүрі, ұлттық өнерінің өркендеуіне өзіндік үлес қосып, рухани көмек көрсетіп жүрген азаматтардың бірі.

Осы орайда Моңғолиядағы қазақтарға мәдени-рухани тұрғыда көмек көрсетіп отырған орталық Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығын атап өткен жөн деп ойлаймыз. Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығының Төралқа төрағасының бірінші орынбасары Т.Мамашевтың басшылығымен Моңғолиядағы мәдени орталықтарға Қазақстанның барлық баспасынан шығарылған кітаптар жыл сайын жіберіледі. Сонымен қатар көптеген игі шаралар атқарылып келеді.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы ғалымдар Моңғолия қазақтарының тарихы мен мәдениеті, бүгінгі тыныс тіршілігі жайлы ғылыми зерттеулер мен мақалалар жазып, тарихи Отаны үшін табысты еңбек етіп жүрген тұлғалар.

1. Қозғамбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы. – Шымкент, 2006. – 97 б.

2. Еуразиялық интеграция және шетелдегі қазақ диаспорасы тарихы. – Алматы: Жеті жарғы баспасы, 2001. – 150 б.

3. Хурметхан Мұхамедиұлы. Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. тар. ғыл. док. дис. Авторефераты. – Алматы, 2000. – 60 б.

4. Моңғолияның қазақ қаламгерлері. – Улаанбаатар, 2005. – 200 б.

5. Қабидаш Қ. Өскен өлкенің өршіл әдебиеті. – Өлгий: Аймақ баспасы, 1976. – 200 б.

6. Моңғолия қазақ әдебиетінің тақырыптық көрсеткіші. – Өлгий: Аймақ баспасы, 1986. – 150 б.

7. Хурметхан Мухамадиұлы. Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы-Улаанбаатар: Чайжол баспасы, 1997. – 221 б.

8. Зардыхан Қинаятұлы. Моңғолиядағы қазақтар. II-кітап. – Алматы, 2007. – 254 б.

Резюме

В настоящей статье рассматриваются научные труды и достижения казахской интеллигенции Монголии, вернувшихся на историческую родину. Также в ней речь идет о личностях, внесших весомый вклад в развитие просвещения, национальной культуры, литературы и истории.

Summary

This article discusses the research work and accomplishments of the Kazakh intelligentsia Mongolia, having returned to their historical homeland. Also, it refers to the personalities who have made a significant contribution to the development of enlightenment, national culture, literature and history.

ҚАЗАҚСТАН МЕН САУД АРАБИЯСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Ж. Мұстафаев – *«Шығыстану» мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері көпвекторлы бағытты ұстана отырып, сыртқы саясат саласында дүние жүзі қауымдастығы елдерімен қоғам өмірдің барлық бағыттарында тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуға мүдделі. Еліміз шет елдермен, оның ішінде салт-дәстүрлеріміз және мәдени түбіріміз ұқсас араб елдерімен өзінің геосаясаттық орнына лайық ынтымақтастық орнатуды оңтайлы шешіп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиясында: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың – Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады», немесе «Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығая береді» деген еліміздің белсенді сыртқы саясаты жөнінде сөз қозғаған болатын [1]. Сол стратегияның жалғасы есебінде 2012 жылдың 14 желтоқсанында Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жаңа бағдарламасын халыққа жолдады. Нұрсұлтан Назарбаев осы жолдауында былай дейді: «Біздің басымдықтарымыз өзгермейді – көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту мәселесі болып табылады. Қазақстан ИБҰ-ның белсенді қатысушысы бола отырып, Таяу Шығысты реттеу процесінің бейбіт сипатына шын жүректен мүдделілік танытады. Араб-ислам әлеміндегі халықтық толқудан босаған күш-қуаттың жасампаздық арнаға бағытталып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге қызмет етуі маңызды» [2]. Демек, Қазақстан өзінің сыртқы саясатындағы басым бағыттарды әрі қарай дамыта беретін болады.

Халықаралық қоғамдастықпен жан-жақты ынтымақтастық орнатуға бет алған Қазақстан үкіметінің сыртқы саясатында мұсылман әлемі елдері лайықты орынға ие болуы табиғи шарт. Бұрынғы кеңес одағын құрап, оның көлеңкесінде тасалап келген Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздікке ие болуы нәтижесінде тарихи тұрғыдан ұқсас әрі жақын географиялық, діни-мәдени белдеуде орналасқан халықтар жібі үзілген дәстүрлі қатынастарын жаңғыртуға мүмкіндік алды. Үш құрлықты өзара түйістірген, зор саяси және экономикалық мүмкіншіліктерді иемденген, геостратегиялық жағына аса ыңғайлы мекенде орналасқан, бай отын-энергетика, қаржы-несие, әлемнің маңызды теңіз коммуникацияларына ие мұсылман белдеуінің елдері бүгінгі күні әлемдік саясат деңгейінде ерекше маңызға ие екені мәлім.

Орталық Азия мен Таяу шығыс аймақтарының геостратегиялық, саяси-экономикалық жағдайларының ұқсастығы, түрлі халықаралық мәселелер бойынша ұстанып отырған саяси тұғырларының жақындығы, халықтарының мәдени және рухани бауырластығы Қазақстан мен мұсылман әлемі арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға берік негіз бола алады. Аталған міндеттің табысты іске асырылуы сайып келгенде Қазақстанның халықаралық қоғамдастықта дәйекті әрі белсенді енуін қамтамасыз етіп, сол арқылы оның ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне сай келмек [3, 153 б.].

Еліміздің сыртқы саясаты жүйесінде Таяу Шығыс аймағы маңызды орын алады. Бұл аймақта қомақты адами және экономикалық ресурстар, әлемдік көмірсутегі шикізат қорының үштен екі бөлігі шоғырланған. Аталған факторлар қазіргі халықаралық қатынастардағы Таяу Шығыстың рөлін әрі қарай арттыра бермек [4, 185 б.].

Байқағанымыздай, еліміздің сыртқы саясатының аса маңызды бағыттарының бірі ислам әлемімен

достық қатынастарды ұстану болып табылады. Бұндай ұстаным елдің сыртқы позицияларының күшеюіне әкеліп, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа саяси және экономикалық интеграциялануына көмектесіп, қазақстандық дипломатияның азиялық, таяушығыстық, мұсылмандық сияқты маңызды бағыттағы мүмкіндіктерінің кеңеюіне жол ашады.

Қазақстанның мұсылман әлемімен өзара қатынастарының негізгі ажырамас бөлігіне араб елдерімен байланыстары жатады.

Араб әлемі еліміздің тәуелсіздігін үлкен қуанышпен қарсы алып, оның барлық ішкі және сыртқы акцияларын қолдады, біздің жас мемлекетімізбен жан-жақты байланыстарды орнатуға белсенді қатысты. Қазақ және араб халықтарының рухани жақындастығы да елеулі рөлін қосып, біздің мемлекеттеріміздің бір-біріне тартылуына әкелді. Араб елдерінің Қазақстанға басқа елдермен салыстырғанда жақын географиялық орналасуы да маңызды болып отыр. Және де олардың көліктік-коммуникациялық әлеуеті, сонымен қатар қазақстандық тауарлар үшін нарығының кендігі еліміздің қызығушылығын туғызуда [5, 19 б.].

Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы көптеген араб елдерімен қарым-қатынас орнатып, олармен саяси, экономикалық, мәдени т.б. байланыстарды дамытып келеді. Атап айтсақ төмендегідей араб елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылған: Бахрейн Корольдігі, Египет Араб Республикасы, Марокко Корольдігі, Ұлы Социалистік Халықтық Либия Араб Жамаһириясы Сирия Араб Республикасы, Катар Мемлекеті, Оман Сұлтандығы, Біріккен Араб Әмірліктері, Палестина Мемлекеті, Сауд Арабиясы Корольдігі, Алжир Халық Демократиялық Республикасы, Ливан Республикасы, Ирак Республикасы.

Осы елдердің арасынан Сауд Арабиясы Корольдігі мен Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынасқа тоқталып өтейік.

Сауд Арабиясы корольдігі (Әл-Мамляка әл-Арабия әс-Саудия) – Арабия түбегінде орналасқан мемлекет. Жер аумағы 2,240 млн км². Халқы 22,7 млн (2002). Астанасы – Эр-Рияд қаласы. Әкімшілік жағынан 13 округке бөлінеді. Сауд Арабиясы абсолюттік монархия. Мемлекет және үкімет басшысы, қарулы күштердің қолбасшысы – король. Король үкіметті құрады және жоғарғы лауазым иелерін тағайындап, орнынан босата алады. Сауд Арабиясы үкіметі заң жобасын дайындайды, мемлекетаралық келісімдерді бекітеді, ішкі, сыртқы саясат, экономика, қаржы мәселелері жөнінде тиісті шешім қабылдайды.

Сауд Арабиясы – дүние жүзіндегі ірі мұнай өндіруші және өңдеуші елдердің бірі. Дүние жүзіндегі мұнай қорының төрттен бірі Сауд Арабиясы жер қойнауында шоғырланған. Шикі мұнай қоры 261,7 млрд баррел немесе 35 млрд тонна, табиғи газы шамамен 6,339 трл м³. Мұнай елге экспорттан түсетін пайданың 90%-ын құрайды. Елде жеңіл өнеркәсіп және металлургия, мұнай мен газ өңдеу, химия, тыңайтқыштар, құрылыс материалдарын шығару дамыған. Мекке қаласында жылына қажылыққа 5 млн. адам келе алатындай жағдай жасалған.

Сауд Арабия Корольдігі Таяу Шығыс елдерінің арасында экономикалық жағынан алғанда аса дамыған ел. Елдің $\frac{3}{4}$ бөлігі шөл дала болғанына байланысты мемлекет ауыл шаруашылық техникасын, құрал-сайман сатып алуға, ирригациялық құрылыстарға және жол салуға өте көп қаражат бөлді. Соның арқасында бұл ел бидайды және басқа ауыл шаруашылық өнімдерді экспортқа шығаруға мүмкіндік алды.

Экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, Сауд Арабиясы дүние жүзіндегі ең бай, аса тұрақты, өмір сүру деңгейі жоғары елдер қатарына жатады [6].

Сауд Арабиясының беделінің артуы, ол жерде исламның түпқазығы болып табылатын тарихи орындар бар. Оларды корольдік көзінің қарашығындай сақтап, бүкіл жер жүзіне исламның не екенін паш етіп отыр. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы Батыс елдермен, АҚШ-пен тығыз сауда-экономикалық байланыс жүзінде исламды уағыздау, ұлттық мүдделерін қорғауда мұсылман мемлекеттеріне көмек көрсету, бұл елдердің ішкі ісіне араласпау болып табылады.

Сауд Арабиясы Корольдігі (САК) араб және мұсылман елдерінен бірінші болып 1991 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін таныды.

Қазақстан – Саудия ресми қатынастары 1992 жылдан басталды деуге болады. Сол кезде Сауд Арабиясы сыртқы істер министрі Принц Сауд аль-Фейсал Қазақстанға ресми сапармен келу ынтасын білдірген болатын. Оған дейінгі қатынастар сыртқы істер министрліктері тарапынан жүргізіліп тек екі жақпен танысу сипатында болды.

1992 жылдың маусымыда Сауд арабиясы корольдігінің Сыртқы істер министрлігі Еуропа Департаментінің бастығы Ханзада Турки Қазақстанға келді. Оны Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрін қабылдады. Ал 1993 жылы ақпан айында ҚР сыртқы істер министрлігінің аса маңызды шаруалар бойынша елшісі қысқа сапармен Эр-Риядта болған кезінде Сауд Арабиясы Корольдігінің сыртқы істер министрі Саль-Файсальдың қабылдауында болып, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Король Фахдқа жеке жолдамасын тапсырды.

Содан бастап біртіндеп Қазақстан Саудия арасындағы экономикалық байланыстар орнай бастады деуге болады. 1993 жылы желтоқсанда Қазақстан Саудияның Даму Фондының миссиясы келіп, Қазақстан министрліктерімен кездесіп, біраз жобаларды қаржыландыру мәселесін талқылады. 1993 жылдың 3-қазанынан 27-қаңтарға дейін Қазақстанда Ханзада Мухаммед Бек Бандар болды. Ол Қазақстан экология және биоресурстар министрлігімен Қызыл Кітапқа жазылған құстарды қорғау жайында келіссөз жүргізді. Келіссөз нәтижесінде Ханзада мен министрлік арасында Экологиялық қор құру туралы келісімге қол қойылды. Ол қордың жарғылық капиталы 2 млн долларды Ханзада жеке өзі салды.

Сауд Арабиясы мен Қазақстан арасындағы байланыстың нақты орнауы 1994 жылы 30-көкекте Қазақстан Сыртқы Істер Министрі Қ.Б. Саудабаевтың Эр-Риядқа сапарынан басталды. Мұнда Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында дипломатиялық қатынас орнату жөнінде Хаттамаға қол қойылды. Қазақстан Министрін Король Фахд қабылдады. Келіссөз барысында Қазақстанға Сауд Арабиясының сауда-өнеркәсіпкерлерін жіберіп, қарым-қатынасты нығайту мәселесі келісілді.

Сонымен қатар, 1994 жылдың тамызында Қазақстанға Сауд Арабиясының әскери мамандары келіп, ҚР қорғаныс министрлігімен келіссөздер жүргізді [5, 29 б.].

1993-1994 жылдарда Қазақстан мен Сауд Арабиясы жақсы дәрежеде дипломатиялық қатынастар жүргізіп отырды да, ҚР Президентінің Сауд Арабиясына Ресми сапары даярланды.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы байланыстарды және де бүкіл араб дүниесімен қатынастарды жаңа биік дәрежеге көтерген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Сауд Арабиясы Корольдігіне ресми сапары болды. Ол 1994 жылы 25-28 қыркүйекте өтті. Сапар кезінде ҚР Президенті Король Фахд Бен Абдель Азизбен кездесті. Ол екі ел арасындағы тарихи байланыстардың қайта жаңғырғанына ризашылығын білдіріп, Қазақстанның егемендік алуының мұсылмандар қоғамына да маңызы зор екенін атап өтті. Саудия мемлекеті басшысы ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Орталық Азия мен түгел ТМД елдері арасындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған салмақты саясатын аса жоғары бағалады. Сауд Арабиясы өздерінің компаниялары мен іскер адамдарының Қазақстанның экономикасы, мұнай өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, сауда, жеке бизнес салалары бойынша қатынастарын әрқашан қолдайтынын білдіреді. Король Фахд Қазақстанның егемендігіне, мемлекетінің күшейуіне өз көмегін аямайтынын және ішкі істеріне араласпайтынын, алдын-ала ешбір шарт қоймастан жан-жақты байланыстардың пәрменділігін арттыруға ат салысатынын айтты.

Сапар кезінде ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ханзада Абдалла Бен Абдель Азизбен, Премьер-министрдің Екінші орынбасары, қорғаныс және авиация министрі Ханзада Сұлтанмен, Парсы Шығанағы араб мемлекеттерінің өзара көмек Кеңесінің Бас хатшысының орынбасары Абдалла аль-Кувейзимен кездесіп, екі жаққа қатысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізді.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Сауд Арабиясына сапары тек корольдік пен араб елдерінде ғана емес бүкіл дүние жүзінде жақсы резонанс тудырды. Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында орнаған қарым-қатынасқа орай сапардың мақсаты мынау еді: екі ел басшылары арасында сенім орнату, Саудияны Орталық Азия мемлекеттері жағына тарту, жеке бизнесті Қазақстанға тарту және екі жақты байланыстар үшін шарттық құқықтық негіз қалау. Біздің ойымызша осы мақсаттардың бәрі өз нәтижесіне жетті. Олай дейтініміз сапар кезінде сауда-экономикалық, инвестиция мен мәдениет, спорт және жастар ісі жөнінде Бас келісімге қол қойылды. Сапар нәтижесі бойынша бірлескен коммуникация қабылданды [5, 31 б.].

Осыдан бастап Қазақстан – Саудия қатынастары орнап, жаңа деңгейге көтеріле бастады деуге болады.

Екі мешіттің сақтаушысы, Алла жанын жаннаттан берсін Король Фахд бен Абдел Әзиздің тікелей шақыруымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2004 жылы наурыз айында Сауд Арабиясына тағы бір маңызды сапармен барды. Бұл сапар екі ел басшысының арадағы қарым-қатынасына жаңа серпін беріп, оны одан әрі дамытып, нығайтуға көзделген ой-ниетінің шешімділігін тереңдетудің жарқын куәсі болып табылды.

Осынау сапар кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сауд басшыларымен маңызды кездесулер өткізді. Олардың ішінде ең маңызды кездесулер – Король Абдалла бен Абдел Әзизбен, сондай-ақ, Жоғары Мәртебелі Король бекзадасы Сұлтан бен Абдел Әзизбен (ол уақытта Премьер-министрдің екінші орынбасары) өтті.

Жүргізілген келіссөздер барысында өңірдегі оқиғалардың дамуы, сондай-ақ ислам мен халықаралық өмірдегі болып жатқан қатынасқа қатысты екі жақтың ұстанымы талқыланды. Екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытудың келешегі, осынау өзара пайдалы ынтымақтастықты барлық салаларда одан әрі нығайту жолдары көзделді. Екі елдің министрлері екі мемлекет арасында қол қойылған құжаттарда мазмұндалған уағдаластықтарды өмірге енгізу жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдау туралы тікелей

тапсырмалар алды. Солардың ең маңыздысы – екі мемлекет пен олардың экономикалық салмағына сәйкесе алатындай, жыл сайынғы тауар айырбасы деңгейін арттыруды қарастырған сауда саласындағы қол қойылған құжат. Осы сапардың ең маңызды нәтижесі – осы елдегі мүмкіндіктерді көзбен көріп, танысу мақсатында Қазақстанға сауд бизнесмендерінің келуі. Бұл сапар елге инвестиция салудың көздерін іздестіру мен елде қаржы салуға болатын мүмкіндіктерді көзбе-көз көрумен қатар, сондай-ақ, Қазақстан үкіметі сауд инвесторларына ұсынып отырған жеңілдіктерді талқылау мақсатын көздеді. Бірлескен компаниялар мен акционерлік қоғамдарды құру идеясы пайда болды, олардың жұмыстарына екі елдің бизнесмендерін қатыстыру көзделді. Бірінші кезекте бұл маңызды экономикалық жобаларға қатысты болатын.

Екі ел арасындағы сауда және экономикалық ынтымақтастыққа қатысуға ниет білдірген компаниялар мен ұйымдар туралы жеткілікті ақпарат ұсыну мақсатында компаниялар мен көмекші ұйымдар арасында тікелей байланыс орнату қажеттілігін де дәлелдеді. Мұнай өндіру, энергетика, мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы компаниялардың қызметін жандандыруға ерекше көңіл аударылды, өйткені екі елде де осы салаларда қызмет көрсетудің үлкен тәжірибесі жинақталған.

Екі ел арасындағы мәдени және рухани ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөле отырып, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Сауд Арабиясының діни қайраткерлерімен, Дүниежүзілік Ислам лигасының жауапты тұлғаларымен де кездесті. Осылайша Қазақстан ұзақ жылдар осы елдегі ислам мәдениетінің дамуына залалды ықпалын тигізіп келген кеңес үстемдігінен кейін қайтадан ислам мәдениеті мен өркениетінің бір бөлігі болу тілегін паш етті.

Осыдан бастап, Қазақстан Республикасы барлық халықаралық ислам форумдарына, соның ішінде Сауд Арабиясы аумағында өтетін форумдарға жүйелі түрде қатыса бастады [7, 93 б.].

Бүгінге дейінгі екі ел арасындағы қарым-қатынастардың нәтижелері қандай деген сұраққа жауап іздесек, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайтындағы деректер бойынша Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылған:

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі (САК) арасындағы дипломатиялық қатынастар 1994 жылғы 30 сәуірде орнатылды. Қазақстан Республикасының Эр-Риядтағы Елшілігі 1996 жылдың мамыр айында ашылды. ҚР САК-гі Елшісі Б.Тасымов. Сауд Арабиясының Қазақстандағы Елшілігі 1997 жылдың наурыз айында ашылды. САК Астанадағы Елшісі Әбділмәжид Хахим.

Екі ел арасындағы достық қатынастардың одан әрі нығаюына САК Премьер-министрінің екінші орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан бен Әбділ Әзіздің (2005 ж. 1 тамыздан бастап Тақ мұрагері) 2000 жылғы Қазақстанға сапары және ҚР Президентінің 2004 жылдың наурызда өткен екінші ресми сапары өз септігін тигізді. Өткен мерзімде екі ел арасында түрлі деңгейде бірқатар өзара сапарлар ұйымдастырылды.

Сауд Арабиясына ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Саудабаев (1994 ж.), білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі Қ.Көшербаев (1997 ж.), Парламенті Сенатының төрағасы Ө.Байгелді мен Н.Әбіқаев (1997 және 2006 жж.), Жоғары сот төрағалары М.Нәрікбаев, Қ.Мами және М.Әлімбаев (1998, 2001 және 2010 жж.), Экология және табиғи ресурстар министрі С.Дәукеев (1998 ж.), Қорғаныс министрі С.Токпақбаев (2002 ж.), Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.Құл-Мұхаммед (2002 ж.), Әділет министрі О.Жұмабеков (2004 ж.), Сыртқы істер министрінің орынбасарлары А.Шәкіров және Н.Ермекбаев (2005 және 2008 жж.), Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Т.Мұсабаев (2009 ж.), Индустрия және сауда министрі Ә.Исекешев (2010 ж.), Ішкі істер министрі С.Баймағанбетов (2010 ж.), Конституциялық кеңестің төрағасы И.Рогов, Жоғарғы сот кеңесінің төрағасы О.Жұмабековтің (2010 ж.) сапарлары болды.

Қазақстанға Сауд Арабиясы Консультативтік кеңесінің төрағалары Ибрагим бен Джубейр, Салех бен Хумейд және Абдалла Әл аш-Шейх (1998, 2006 және 2009 жж.) Әділет министрі Абдалла Әл аш-Шейх (2002 және 2008 жж.), Сауда және индустрия министрі Хашим әл-Ямани (2006 ж.), Дін, уақф және үндеу министрі шейх Салех Әл аш-Шейх (2007 ж.), Сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министрі Низар Мадани (2008 ж.), Экономика және жоспарлау министрі Халед әл-Кусейби (2009 ж.), Туризм жөніндегі жоғарғы комиссиясының төрағасы ханзада Сұлтан бен Салман (2009 ж.), Денсаулық сақтау министрі Абдалла ар-Рабия (2010 ж.) сапар жасады.

2011 сәуірінде ҚР Сыртқы істер министрі Е.Қазыханов ресми сапармен Риядта болып қайтты.

Сауд Арабиясы еліміздің инфрақұрылымын дамытуға белсенді қатысты. ҚР Парламенті Сенаты ғимараты (15 млн. долл. астам), Астана қаласындағы кардиоорталық (12 млн. долл.), Осакаровка-Вишневка көлік жолы (12 млн. долл.), Петропавл қаласындағы мешіт (2 млн. долл.) және т.б. жобаларды жүзеге асыруға гранттар бөлді.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-сауд үкіметаралық комиссиясының үш отырысы өтті – 1999 және 2009 жж. Астана қаласында, 2004 ж. Рияд қаласында.

Жыл сайын 4 мыңға жуық қазақстандықтар қажылық және умра жасау мақсатында Мекке және Мекке қалаларына сапар шегеді.

ҚР мен САК арасындағы тауар айналымының көлемі 2011 жылы 14 млн. долл. құрады.

Қазақстан-сауд қатынастарының шарт-құқықтық базасы 14 құжатқа негізделген [8].

Сауд Арабиясы Корольдігі аймақтың қуатты қаржылық және экономикалық әлеуеті бар аса дамыған елдерінің қатарына жатады. Корольдіктің әлемдегі ірі мұнай ресурстарын иеленуші және сыртқа шығарушы ретіндегі мәртебесі әлемге аян.

Сауд Арабиясының жағдайына оның аумағында мұсылмандардың ең басты қасиетті орындары Мекке мен Мединаның болуы айрықша сипат береді. Осы маңызды жағдай Сауд сыртқы саясатының негізгі қағидаттарын айқындауда, ол бүкіл әлемде исламды қолдауға және мұсылман мемлекеттеріне көмек көрсетіп, демеуге бағытталған.

Елдің сыртқы саясатында ислам құндылықтарын насихаттауға және қорғауға Араб және Ислам мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайтуға басымдық беріледі. Діни және этникалық қағидаттарға негізделген аймақтағы ықпалды саяси және қаржы мекемелері: Ислам конференциясы ұйымы, Ислам Даму Банкі, Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі және басқаларды құруда нақ Корольдік шешуші рөл атқарғанын атап өту керек.

Екі жақты қатынастарда жинақталған оң тәжірибелерге қарамастан Қазақстан-Сауд ынтымақтастығының әлеуеті толық іске асырыла қойған жоқ. Бұл үдерісті тежеп отырған себептердің арасында кейінгі уақытта екі елдің сыртқы экономикалық белсенділігінің жалпы төмендеуін бөліп айтуға болар еді, бұл екі мемлекетті жалғастырып жатқан тікелей көлік дәліздерінің болмауы сияқты ішкі сипаттағы себептерге байланысты.

Дегенмен, екі ел арасындағы саяси, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынастар болашақта жоғары деңгейге жетеді деп сенеміз.

1. http://www.akorda.kz/kz/category/gos_programmi_razvitiya

2. Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан 15 желтоқсан 2012 жыл.

3. Тайжан Болатхан. *Аталы сөздер: Елші күнделігінен. 1-кітап.* – Алматы, 2007. – 300 б.

4. Токаев К. *Дипломатия Республикасы Қазақстан.* – Астана: Елорда, 2001. – 552 с.

5. Амреев Б. *Қазақстан и Саудовская Аравия.* – Астана: Елорда, 2003. – 280 с.

6. http://www.krugosvet.ru/enc/strany_mira/SAUDOVSKAJA_ARAVIYA

7. Маджед бен Абдель Азиз Ат-турки. *Свет власти в Казахстане Президент Нурсултан Назарбаев.* – Эр-Рияд, 2007. – 108 с.

8 http://mfa.gov.kz/kz/#!/kazakstannyin_syirtkyi_sayasaty/kazakstannyin_yintymaktastygyi/aziya_jane_afrika_memlekettezmen_katynastar

Резюме

В данной статье рассматриваются развитие отношения Казахстана со странами Ближнего Востока, особенно с Королевством Саудовской Аравии 1992-2011 годы. А также обсуждается уровень развития сотрудничества двух стран в различных сферах.

Summary

In this article development of relation of Kazakhstan with countries of Middle East is considered, especially with The Kingdom Of Saudi Arabia 1992-2010. And also the level of development of collaboration of two countries comes into question in different spheres.

СОЕДИНЕННЫЕ ШТАТЫ АМЕРИКИ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ КАЗАХСТАНА – ПРИОРИТЕТЫ ВЗАИМНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

З.Пангирева – магистрант 2 курса КазНПУ имени Абая

В условиях нарастающей взаимозависимости между субъектами международных отношений в эпоху глобализации ни одна страна мира, независимо от ее ресурсного и силового потенциала или степени развития, не может не подвергаться влиянию внешних сил. Ни одна страна, какой бы мощной в военном и экономическом отношении она ни была, не может в отрыве от других стран справиться с острейшими проблемами современности. Противостоять им можно только в рамках тесного международного сотрудничества. В таких условиях задачей отдельных государств является быстрейшая адаптация к новой среде через пересмотр прежних подходов и выработку новых по ключевым проблемам внешней и внутренней политики. Для молодой, независимой Республики Казахстан, ставшей полноправным субъектом и

актором международных отношений, чрезвычайно важно ведение внешней политики, которая бы вовремя улавливала вызовы окружающей международной системы и достойно отвечала им, ставя во главу угла национальные интересы страны. Необходимо выработать новые подходы во внешней политике, найти эффективные принципы и модели внешнеполитического поведения в стремительно меняющихся международных, геополитических и геоэкономических условиях.

С момента обретения независимости Казахстаном пройден большой путь. Многовекторная внешняя политика Казахстана, появившаяся на заре независимости, смогла поспособствовать укреплению суверенитета и государственности, вхождению страны в систему международных отношений и мирохозяйственных связей. За прошедшие годы республика стала полноправным членом международного сообщества, чьи инициативы практически всегда получали международную поддержку и осуществлялись на практике, установила стабильные и предсказуемые отношения со всеми соседями. Сложился международный имидж республики как серьезного и надежного партнера.

В сфере внешней политики Казахстана развиваются тесные связи с Россией, Китаем, США, Европейским Союзом, странами Центральной Азии и мусульманским миром. В Послании Президента Республики Казахстан было отмечено дальнейшее развитие политики многовекторности, что «выражается в наших добрососедских взаимоотношениях с Россией и Китаем, которые являются приоритетными, а также в нашей заинтересованности и практических шагах по развитию стратегического партнерства с США и многостороннего сотрудничества со странами Европейского Союза» [1]. Из чего следует, что США выделяются в качестве третьего по значимости партнера в современной внешней политике Казахстана.

В настоящий момент США являются одним из решающих мировых факторов, оказывающих существенное влияние на ход глобальных процессов, происходящих в политике и экономике. Как отметил известный казахстанский эксперт М.Ашибаев: «Многогранное сотрудничество США со странами региона является важным фактором развития Центральной Азии и обеспечения региональной безопасности, в том числе в области противодействия современным угрозам и вызовам. Вашингтон совместно с различными международными финансовыми организациями не только поддерживает усилия центрально-азиатских государств в сфере региональной интеграции, но и выступает в качестве инициатора различных программ по углублению регионального взаимодействия в области торговли, транспорта, энергетики и т.д.» [2] о роли США в центральноазиатском регионе.

Америка занимает крупное место в экономическом и политическом развитии Казахстана. Соединенные Штаты являются крупнейшим иностранным инвестором РК. За годы независимости американские инвестиции в экономику Казахстана составили свыше \$15 млрд. Объем товарооборота между двумя странами в прошлом году составил почти \$2 млрд. В Казахстане осуществляют деятельность около 400 американских компаний [3]. Данные цифры, несомненно, свидетельствуют о значимости американского фактора в дальнейшем экономическом развитии Казахстана. Наряду с экономическим сотрудничеством Вашингтон оказывает поддержку проведению политических реформ в стране, в то же время учитывая особенности культурного и исторического развития страны. Так, в ходе своего визита в Астану в октябре 2005 г. Государственный секретарь США К.Райс дала позитивную оценку развитию демократических процессов в Казахстане и отметила, что каждая страна должна сама выбирать формы и методы проведения демократических реформ [4]. Данная позиция главы американского внешнеполитического ведомства свидетельствует о намерениях США развивать поступательные, дружественные и взаимовыгодные отношения с Казахстаном в перспективе.

В марте 2007 г. в Комитете по иностранным делам Конгресса США состоялось обсуждение перспектив развития казахстанско-американского сотрудничества, в котором принял участие Посол Казахстана в США К.Саудабаев. В ходе встречи стороны уделили особое внимание очередному Посланию Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана, отметив значение дальнейшего развития стратегического партнерства Казахстана с Соединенными Штатами. В частности, Председатель подкомитета по странам Азии, Тихоокеанского региона и глобальной окружающей среды конгрессмен Э.Фалеомавага отметил значение казахстанского направления во внешней политике США: «Казахстан стал надежным партнером США в борьбе с терроризмом и, конечно же, обладает огромными запасами энергоресурсов, которые способны играть важную роль в удовлетворении мировых потребностей. В недавнем Послании Президента Назарбаева мы увидели четкую стратегию дальнейшего успеха Казахстана и с оптимизмом смотрим на перспективы нашего сотрудничества, намереваясь всемерно содействовать этому со стороны законодательной ветви власти» [5].

В целом интерес Соединенных Штатов к расширению сотрудничества с Казахстаном обусловлен следующими объективными факторами:

Геополитический фактор. Вашингтон нуждается в укреплении отношений с центральноазиатскими странами с тем, чтобы оказывать влияние на развитие политических и экономических процессов в Центральноазиатском регионе. В этом отношении Казахстан для США является выгодным партнером, интерес к которому повышается с каждым годом, учитывая быстрые темпы экономического роста и внутривнутриполитическую стабильность. Более того, после ухудшения отношений Вашингтона с Ташкентом в 2005 г. Соединенные Штаты уделяют все больше внимания Казахстану, называя его региональным лидером. Не секрет, что Вашингтон рассматривает Казахстан как один из объектов продвижения собственных геополитических интересов в Центральной Азии.

Энергоресурсы. Одним из важнейших приоритетов внешней политики Белого дома является обеспечение энергетической безопасности. В этой связи казахстанские резервы нефти и газа представляют значительный интерес для США в качестве альтернативы Ближневосточному региону. Об этом свидетельствует регулярность контактов между Казахстаном и США, направленных на расширение сотрудничества в области энергетики. Так, в марте 2006 г. в ходе встречи с Президентом РК Н. Назарбаевым в Астане Министр энергетики США С.Бодман отметил, что Соединенные Штаты намерены удвоить объем инвестиций в экономику Казахстана в последующие 5 лет. Как известно, основным направлением американских инвестиций является нефтяной сектор казахстанской экономики. Одним из последних событий в казахстанско-американских отношениях в области энергетического сотрудничества явился визит в Астану в феврале 2007 г. делегации Государственного департамента США во главе с помощником госсекретаря США по вопросам экономики, энергетики и бизнеса Д.Салливаном. В ходе встречи с главой Министерства энергетики и минеральных ресурсов РК Б.Измухамбетовым были обсуждены вопросы диверсификации экспортных потоков из Казахстана. В частности, особое внимание было уделено потенциалу транскаспийского нефте- и газопровода, который может стать новым экспортным направлением из Казахстана. В сфере двустороннего энергетического сотрудничества Вашингтон поддерживает прокладку альтернативных трубопроводов из Казахстана в обход России, что ограничивает монопольные права России на европейском нефтяном и газовом рынке.

Безопасность и борьба с терроризмом. Одним из наиболее приоритетных аспектов сотрудничества Вашингтона с Казахстаном является сфера безопасности. После известных событий 11 сентября 2001 г. Казахстан осудил террористические акты, совершенные в Вашингтоне и Нью-Йорке и, предоставив воздушный коридор для самолетов США в рамках операции «Несокрушимая свобода», поддержал контртеррористическую операцию США в Афганистане. В данное время Казахстан оказывает активную гуманитарную помощь в восстановлении Афганистана. Более того, в 2003 г. Казахстан направил инженерно-саперный отряд в Ирак, которым было обезврежено свыше 4 млн взрывчатых веществ. Все это, безусловно, укрепило связи Казахстана и США в области обеспечения региональной безопасности, борьбы с терроризмом и военного сотрудничества.

В настоящее время между Казахстаном и Соединенными Штатами налажено достаточно крепкое сотрудничество в сфере обеспечения безопасности, основу которого составляет прочная договорно-правовая база. Так, в 2003 г. между Казахстаном и США был подписан план пятилетнего военного сотрудничества. Данный документ охватывает такие сферы двустороннего взаимодействия, как совместное противодействие международному терроризму, развитие миротворческих сил, укрепление боеспособности Сил воздушной обороны казахстанских Вооруженных Сил, развитие военной инфраструктуры Каспийского региона, развитие военно-морских сил, создание военного института иностранных языков и т.д. 31 января 2006 г. между Казахстаном и Североатлантическим альянсом был подписан «Индивидуальный план действий партнерства» (ИПДП), который в перспективе, вероятно, станет определяющим документом в развитии отношений Казахстана с НАТО. Главной функцией ИПДП является создание правовой основы для осуществления взаимодействия, получения консультаций, обмена опытом по улучшению бюджетного планирования на оборонные расходы.

Тем самым сотрудничество Казахстана и США в сфере обеспечения безопасности и борьбы с терроризмом динамично развивается как в двустороннем, так и в многостороннем форматах.

Продвижение демократии. Ключевым элементом политики США в отношении Казахстана является продвижение демократии и поддержка успешного и планомерного проведения политических реформ. С этой целью Соединенные Штаты оказывают финансовую поддержку различным негосударственным организациям, осуществляют взаимодействие с гражданским сектором страны. Так, 1 марта 2006 г. профильный подкомитет палаты представителей конгресса США поддержал законопроект о развитии демократии в пяти государствах Центральной Азии, который предусматривает выделение \$188 млн в 2006 г. и в последующие годы на реализацию ряда программ по поддержке демократии во всех пяти центральноазиатских государствах.

В ходе обсуждения перспектив развития Казахстана и казахстанско-американского сотрудничества в Комитете по иностранным делам Конгресса США, которое прошло в марте 2007 г., было отмечено, что в Послании Президента Н.Назарбаева народу Казахстана наиболее пристальное внимание США привлечено мощный социальный посыл как важнейший компонент укрепления демократического строительства в Казахстане. Также было отмечено, что Казахстан вступает в стадию практической реализации дальнейших демократических реформ на основе предложений Государственной комиссии по демократизации. Тем самым члены Конгресса США выразили поддержку Казахстану на пути последовательного проведения курса политических реформ.

Таким образом, на современном этапе политика США в отношении Казахстана определяется такими факторами, как обеспечение геополитических интересов и энергетической безопасности США, сотрудничество в сфере безопасности и борьбы с терроризмом, а также поддержка политических реформ и продвижение идеалов западной демократии.

Наряду с позитивной оценкой казахстанско-американского сотрудничества, экспертами отмечаются и некоторые негативные явления, которые в перспективе могут отрицательно отразиться на дальнейшем ходе двусторонних отношений. Так, по мнению известного казахстанского политолога М.Лаумулина, «политика Соединенных Штатов в отношении РК строится исходя из следующих параметров: обеспечить участие Казахстана в реализации геополитических энергетических проектов США (Баку-Тбилиси-Джейхан) на Каспии, привязать Казахстан к западной финансовой помощи, усилить влияние США и НАТО в военном строительстве, способствовать постепенному отдалению РК от России, поддерживать оппозицию и различные неправительственные организации (НПО) и в целом проамериканские, так называемые «либеральные настроения» в обществе, оказывать всемерное политическое давление в целях формирования в Казахстане так называемого плюрализма, т.е. системы эффективного функционирования альтернативных политических центров силы (в Парламенте, политических партиях, средствах массовой информации) под внешним контролем» [6].

В качестве косвенных потенциальных угроз положительному развитию казахстанско-американских отношений можно отметить ухудшение отношений между Москвой и Соединенными Штатами. Так, с начала 2007 г. развитие российско-американских отношений проходило в негативном ключе. Основными пунктами в разногласиях между Москвой и Вашингтоном являются следующие:

- политика крупных российских энергетических компаний на мировых нефтегазовых рынках;
- вопросы расширения НАТО на Восток;
- планы по размещению американских сил противоракетной обороны в странах Восточной Европы;
- противоположные позиции России и США по таким вопросам, как статус Косово, Приднестровья, Нагорного Карабаха и пр.;
- открытая критика американской внешней политики В.Путиным;
- критика внутренней политики России высшими официальными лицами США.

Таким образом, активно развивая отношения с Казахстаном, особенно в сфере безопасности, энергетики и космических технологий, США вызывают опасения у России, что, безусловно, способствует обострению геополитической игры в Центральноазиатском регионе, стимулируя рост соперничества между региональными державами, с одной стороны, и США – с другой. Китай, наряду с Россией, также негативно рассматривает политику США в регионе и не считает ее отвечающей собственным интересам. Пекин заинтересован в обеспечении стабильности собственного тыла.

Со своей стороны США видят потенциальную угрозу со стороны ШОС и рассматривают данную организацию как инструмент России и Китая по продвижению собственных интересов в Центральной Азии, используемый для противодействия политике Вашингтона. Данный тезис Вашингтон мотивирует тем, что члены ШОС препятствуют принятию участия в ее работе США даже на уровне наблюдателя, хотя подобные права получили Пакистан, Индия и Иран. Тем самым Вашингтон опасается, что взаимодействие Москвы, Пекина и, возможно, более активное вовлечение в структуру ШОС Тегерана в перспективе приведет к недопустимому сокращению влияния Вашингтона в Центральной Азии.

Геополитическое соперничество, развиваемое в Центральноазиатском регионе ведущими державами, повышает конфликтный потенциал в регионе и может способствовать его милитаризации, что противоречит внешнеполитическим интересам Казахстана. В этой связи Казахстан, несмотря на различия в интересах его партнеров, и впредь будет придерживаться взвешенного и разумного внешнеполитического курса, развивая в равной степени взаимовыгодное сотрудничество как с Россией, так с Китаем и США. В Послании Президента РК Н.Назарбаева подчеркивается дальнейшая приверженность политике многовекторности, способствованию политической стабильности и экономическому росту региона Центральной Азии.

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2030» на новом этапе развития Казахстана. – <http://www.akorda.kz>

2. Ашимбаев М. Сотрудничество с США и национальные интересы Казахстана // Казахстан и США: состояние и перспективы двустороннего сотрудничества: Материалы международной конференции (Алматы, 23 августа 2006 г.). – Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента РК, 2006. – С. 7.

3. Келешек Р. Им интересен Казахстанский путь // Казахстанская правда. - №32. – 27 февраля 2007 г.

4. Сатпаев Д. США делают ставку на Казахстан. Вашингтон уверен, что правильно выбрал регионального экономического лидера // Независимая газета. - №230. – 24 октября 2005 г. – С. 9.

5. Келешек Р. Конгресс за укрепление партнерства // Казахстанская правда. - №49. – 3 апреля 2007 г.

6. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Т. II: Внешняя политика и стратегия США на современном этапе и Центральная Азия. -Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2006. – С. 227-228. Статья опубликована в сборнике материалов «круглого стола» «Послание Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» – стратегия очередного этапа развития страны». – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007.

Түйін

Бұл мақалада Америка Құрама Штаттарының Қазақстанның сыртқы саясатындағы орны қарастырылған. Автор Қазақстан және АҚШ арасындағы біріккен ынтымақтастық бағыттарына сараптамалық талдау жасаған.

Summary

This article examines the role of the United States of American foreign policy of Kazakhstan. The author analyzed the priorities of mutual cooperation between Kazakhstan and the United States.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М. Садықова – дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасының PhD докторанты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бүгінде Қазақстандағы діни ахуал айтарлықтай өзгерістерді бастан өткеруде. Қоғам өмірінде діннің рөлі күннен күнге артуда. Бұған дінге сенушілер санының артуы, діни ұйымдардың көбеюі, діни орындардың көптеп салынуы дәлел.

Дәстүрлі діни ұстанымдардың күшеюімен бірге қоғамымызда беймәлім жаңа, «дәстүрлі емес» діни ұйымдар да пайда болды. Еліміздің негізгі діни қауымы сүнниттік ислам мен христиандықтың православиелік бағыттары екенін ескерер болсақ, тәуелсіздік жылдарында қанат жая бастаған католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар да өз қызметін белсенді түрде жүргізуге мүмкіндік алған. Егер тәуелсіздік қарсаңындағы жылдары елімізде 30 конфессияға тиесілі 700-дей бірлестіктер болса, одан кейінгі 10-15 жылдың көлемінде 3,5 мыңдай діни бірлестіктер тіркелген. Олардың 1652-сі исламдық, ал православиелік шіркеуге жататын 241 діни бірлестік тіркелген. Сонымен қатар дәстүрлі емес діни қауымдар ретінде 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахаи, 2 трансцендальдық медитация қауымы, 6 саентология шіркеуі тағы басқалар бар [1]. Енді бір дереккөздерге сүйенсек, елімізде ресми тіркелген 4001 діни ұйымдардың ішінде 2337-сі мұсылмандық болып табылады [2].

Дін ұлттың қайта түлеуі мен мемлекеттің жаңаруына ықпал етіп, қоғамдағы тұрақтылық пен ынтымақтың негізі ретінде қалыптасуда. Сонымен қатар дінді идеологиялық құрал ретінде пайдаланып отырған, дін жамылып, экстремизм түрінде байқалатын радикалды және фундаменталды ағымдардың таралуына оң жағдай туғызып отырғанының мысалдары баршылық. 2011 жылы бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі [3] бойынша елімізде орын алған бірқатар оқиғалар террористік және экстремистік қауіп бар деп бағаланды. Олардың ішінде 17 мамырдағы Ақтөбеде және 24 мамырдағы Астанадағы жарылыстар, Ақтөбе облысының Теміртау ауданында полиция қызметкерлерінің өлімі сынды оқиғалар аталады. Зерттеушілер А.С. Сүйінова, Т.Ж. Ғазизов талдау жасау нәтижесінде 2011 жыл терроризм тұрғысынан Қазақстан үшін түбегейлі өзгеріс жылы болды деп есептейді. Дәлел үшін террор хроникасын сипаттайтын мәліметтерді ұсынады [4].

Бүгінде террористік құрылымдар қатарына еніп, Қазақстан аумағында іс-әрекеттеріне заңды түрде тиым салынған халықаралық ұйымдардың ішінде «Аль-Каида», «Шығыс Түркістандағы ислам қозғалысы», «Өзбекстанның ислам қозғалысы», «Асбат аль-Ансар», «Талибан» қозғалысы, «Боз гурд», «Лашкар-е-Тайба», «Әлеуметтік реформалар қоғамы», «Түркістандық ислам партиясы», «АУМ Синрикё» бар [5]. Бұл тізімге, сарапшылардың болжамдары бойынша, сайентологтар, иеговистер, ахмадийлер, кришнаиттер, «Таблиги-Джамаат», «Белое братство», «Церковь сатаны» ізбасарлары толықтыруы ықтимал [6].

Өткізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесіне сүйенсек, респонденттердің негізгі бөлігі (21,3%) экстремис-

тік пиғылдағы діни ұйымдардың белсенділік танытуының себебін «кедейлер санының артуы мен жұмыссыздықпен» байланыстырса, «әлемдегі саяси жағдаймен» – 17,8%, «жеке тұлғалардың билікті басып алуымен» – 14,9%, «дін басылардың әлсіздігі» – 11,1%, «мемлекет тарапынан іс-әрекетсіздік таныту мен әлсіз бақылау» – 9,3%. ҚР-да аталмыш ұйымдардың пайда болуы: «сыртқы проблемалармен байланысты» (39,0%), «сыртқы факторлардың ықпалы» (17,5%), «ішкі себептердің салдары» (15,4%).

«Қазақстанда діни ұйымдар тарапынан ұйымдастырылған террористік актілер болуы мүмкін бе?» деген сұраққа сұралғандардың көп бөлігі (57,1%) «иә, әбден мүмкін» деп жауап берсе, басқалары – «жоқ, бұған еш себептер жоқ» деп есептейді (35,5%) [7].

Көріп отырғанымыздай, халықтың ой-пікірі бойынша еліміздегі экстремизм мен терроризмнің пайда болып, таралуына ықпал еткен факторлар мен себептер өзара байланысты. Ішінен нақты біреуін ғана бөліп қарастыру мүмкін емес. Бірақ, көпшілік ойлағандай, террористік акциялардың көбеюін тек халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуімен байланыстыру қаншалықты қисынды? Әрине, кедейліктің қоғамдық сананың радикалды бағыт алуына айтарлықтай ықпал ететінін теріске шығаруға болмас. Дегенмен де, Батыс Еуропаның мысалы бұны көрсетпейді. Жалпы ХХ ғасырдағы терроризм эволюциясын қарайтын болсақ, Батыста террорлық әрекеттердің көбеюі 60-70-жж. соңында байқалып, бұл дамыған елдердің терроризмге қарсы тұрақты иммунитеті туралы иллюзияны жоққа шығарды. Сондықтан террорлық актілерді, Батыстың экономикасына едәуір нұқсан келтірген, 70-жж. энергетикалық дағдарыспен байланыстырудың негізі жоқ сияқты.

Елімізде экстремизм түрінде байқалатын радикалды және фундаменталды ағымдардың кеңінен таралуына ықпал еткен факторлары мен себептерін анықтауға зерттеушілер де қызығушылық танытуда.

З.Г. Джалилов [8], К.М. Қазкенов, Д.А. Нұрғазиев [9], А.С. Сүйінова, Т.Ж. Ғазизовтардың [10] айтуынша Қазақстанда діни ахуалдың күрделі де сан-салалы болып қалыптасуына, оның ішінде экстремизм мен терроризмнің көрініс табуы мен әр түрлі экстремистік пиғылдағы ұйымдардың таралуына ықпал еткен бірқатар факторлар мен себептер бар. Соның бірі – дінсіз қоғамды насихаттаған кеңестік идеологияның ыдырауы нәтижесінде орын алған қоғамдағы мәдени-рухани үдерістер.

К.М. Қазкенов пен Д.А. Нұрғазиев бұл мәселе жөнінде: «...70 жыл бойы қоғамда марксизм-ленинизм қағидалары үстемдік етті. Жауыққан атеизм негізінде құрылған коммунистік идеология адамды, үстем партия толығымен бақылап отыратын, жұмыс машинасына айналдырды. Адамның рухани әлемі коммунизм идеологиясына тәуелді болды. Сонымен қатар адамдардың бір бөлігі Сенім мен діни сезімді сақтап қалды. Соған орай кеңестік құрылыстың ыдырауынан кейінгі «тірілу», идеялық, сенім, соның ішінде діни сенім тұрғысынан адамның өзін-өзі іздеуі үдерісі қарқынды бастау алып, бұл өз алдына ата-бабамыздан қалған мәдени мұра мен рухани-тарихи дәстүрлердің жандануымен сипатталды. Бірақ, бұл оң үдеріс сонымен бірге экстремизмде үстемдікке ие толымсыз, жасанды мәдениеттің дендеп енуімен қатар жүрді» [9, 85-86], – деп пайымдайды.

А.С. Сүйінова, Т.Ж. Ғазизов бүгінде Қазақстанда орын алған діни ахуалды ислам дінінің өркендеуімен байланыстырады. Олардың тұжырымдауынша Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, тәуелсіз елдер пайда болған Орталық Азия аймағындағы сияқты, Қазақстанда да «исламның қайта өркендеуі» үдерісі басталды. Соның негізінде дамудың оң бағыттарымен қатар әлеуметтік-саяси жағдайдың тұрақсыздануына ықпал ететін басқа – бүгінде діни экстремизм түрінде байқалатын, исламның радикалды және фундаменталды ағымдардың таралуы кең қанат жайды [10].

Жалпыға мәлім, коммунистік жүйенің ыдырауы нәтижесінде кеңестік идеология келмеске кетіп, соның салдарынан рухани вакуум пайда болды. Исламға деген қызығушылықтың жандануы, жергілікті халықтың ислам дінін Х ғасырдан бастап уағыздайтынын ескерсек, пайда болған рухани бос кеңістікті толтыру қажеттігімен де анықталды. Бұның бір дәлелі – Қазақстан мұсылмандарының Рухани басқармасы берген мәліметтер. Ол бойынша Қазақстанда 2008 жылда 9 миллион, яғни халықтың 67%-ы мұсылман. Қазақстандағы 2337 мұсылмандық бірлестіктердің ішінде 2334-і сүнниттік, 3-і – шииттік [11].

Қазақстан жағдайындағы экстремизмнің «діни» факторын қарастыра келіп, саяси мәніне басты көңіл аударып отырған Е.Бурова «діни экстремизм» дегеннің орнына «дін жамылған саяси экстремизм» деген тіркесті пайдаланады. Е.Бурованың тұжырымдауынша, «дін жамылған саяси экстремизмнің» негізін құрайтындар:

1) әлеуметтік әлем бейнесін ойлау мифологизациясы арқылы мистификациялау мен адамды (топтарды) шынайы өмірді рационалды қабылдаудан алшақтатып, оны насихат пен дүниеге деген теріс көзқарасты, соның негізінде мінез-құлық, өмірлік ұстаным, жеке не топтық іс-әрекет стратегиясын (көп жағдайда арнайы көпсатылы оқыту барысында) таңу арқылы шындықтан алшақ (сағым) әлемді қалыптастыруға жақындату;

2) адамның (топтың) азаматтық ұстанымына жеке ықпал етіп, саяси құрылысқа, саяси құрылым мен

мемлекеттік тәртіпке, экономикалық, әлеуметтік, мәдени (рухани-зайырлы және діни) қатынастар мен өзара ықпалдастыққа қатысты тікелей не жасырын жалған сенімді қалыптастыру арқылы наразылық көрсету мен күрестің әр түрлі шараларына (ұйымның, қозғалыстың саяси не идеологиялық мақсаттарына жету үшін адамның руханилық, дүниеге көзқарасынан бастап діни (дін жамылған) идеяға адалдығын дәлелдеу ретінде өз өмірін бәйгеге тігу нұсқамасын қалыптастыруға дейін) бірте-бірте дайындау;

3) ұйымға мақсатты түрде енгізіп, арнайы ықпал ету әдістерін қолдану арқылы өз қатарларында ұстап, мақсатты орындауға, мақсатты бағдарламалық ұстанымдарлы іске асыруға бағыттау;

4) мақұлдаған ықпалшаралармен ғана емес, қорқыту арқылы, арнайы құралдардың (агитация, насихат, ағарту, ұйым қатарына қабылдау, ұйымның құрылым баспалдақтарында белгілі-бір мәртебені иелену, белгілі-бір рөл мен қызмет атқару) көмегімен іске асатын дүниеге көзқарасты қайта бағыттаумен, ділді (өмірлік ұстаным, әлеуметтік мінез-құлықтың белгілі-бір типіне мақсат етіп қоюмен қоса) қалыптастырумен және адамның (адам топтарының) іс-әрекет мақсатын қайта анықтаумен байланысты таңылған сәйкестік [12].

Жоғарыда айтылғандарды талдап қарайтын болсақ, экстремистердің дінді идеологиялық қару ретінде тиімді пайдаланып отырғанын байқау қиын емес. Саналы адам діннің идеологиялық тұрғыдан белгілі бір мақсатта бір-бірін құртуға уағыздайтын зұлымдық сипатының жоқ екенін білгенімен, (жалпы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі пайда болған кеңістіктегі) халықтың бір бөлігі экстремистік, фундаментальды көзқарастардың жетегінде кетуде. Бұл орайда Таяу Шығыс Институтының президенті Е.Сатановский бүкіл Кеңес Одағының аумағы джихад аумағы болып табылады деп айтқан. Олай дейтіні, Қазақстан, Өзбекістан, Түркменістанмен шекаралас орналасқандықтан олардың аумағы арқылы Ауғанстаннан Қазақстанға адамдардың өтуі еш қиындық туғызбайды... Бұл тұста этникалық қазақтың «Талибан» неосалафиттік қозғалысының не радикалды басқа ағымының мүшесі болуына еш кедергі туындамайды [13]. Нәліктен қоғам, әсіресе жастар, бұл күнде түрлі идеологиялық ықпалға қарсы тұра алмауда? З.Г. Джалиловтың тұжырымы бойынша Кеңес Одағының ыдырауынан кейін тәуелсіздігін алған елдерге тән «өтпелі кезең» күрделі саяси оқиғаларда ғана көрініс таппай, ең алдымен, терең әлеуметтік және идеялық тұрғыдан өзгеріс тудырып, қоғамдық тәртіптің негіздерін шайқалтты. Орталықазиялық мемлекеттердің дамуындағы бұл екі кезеңнің тоғысындағы тарихи уақыттың ерекшелігі – ол әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмірдің барлық жақтарына ықпалын тигізді. Республикалар бастан өткерген әлеуметтік-экономикалық және рухани дағдарыс көптеген қоғамдық үдерістердің дамуына әсер еткен өзіндік катализатор рөлін атқарды. Бұл уақыт діни өмірдің жанданып, орталықазиялық мемлекеттер үшін жаңа саналатын, мұсылмандық қозғалыстар мен ағымдардың таралуымен сипатталады. Басқа елдердегі өтпелі кезеңдердегідей Қазақстан мен аймақтың басқа елдерінде діннің көптеген жақтарының қарқынды түрде дамуы үдерісі іске асып, кейбір діни құбылыстар мен үдерістер көзге ауқымды түрде көрінеді. Бұған сол уақытқа тән дін басылардың ішіндегі «тақ» үшін тартыс, әр түрлі «ортодоксальды емес» және фундаменталистік идеялардың «тірілуі», діни білім берудегі терең өзгерістер мысал бола алады.

Қоғамдық дағдарыстың ұшығуымен аймақ халқының материалдық жағдайы төмендеді. Пайда болған жағдай басқа елдердегі көріністі қайталап қана қоймай, жағрафиялық және саяси жағдаймен, ұлттық құрамның күрделілігіне байланысты өзіндік ерешеліктерге ие болды. Республикалардағы жалпы наразылық пен жұмыссыздар саны өсті. Сонымен қатар халықтың негізгі бөлігінде, рухани вакуум мен биліктің бассыздығы жағдайында тірек, рухани қолдау бола алар, феномен қажеттілігіне деген сұраныс артты [8]. Белгілі болғандай, сол (кеңестік – А.С.) кезеңдегі ресми саясат тәрбие мен білім берудің діннен тыс сипатта іске асыруға бағытталды. Сонымен бірге діннің КСРО құрамына кірген халықтардың өнегелі және рухани мәдениетін қалыптастыру саласындағы тарихи рөлі жоққа шығарылды. Діни сипаттағы адамгершілік және рухани құндылықтар жалпы адамзаттық қатарына жататын құндылықтармен алмастырылды. Нәтижесінде бұның барлығы діннен ажырау жағдайына үйренді. Адамдардың күнделікті өмірі діни ұстанымдармен байланыссыз дамыды. Әсіресе, жеке адамдардың кәсіби, саяси немесе мәдени саладағы өміріне қатысты мәселеге келгенде дінге жүгіну қажеттілігі негізсіз саналды [14]. Сөйтіп коммунистік жүйенің ыдырауының салдары ретіндегі кеңестік идеологияның құрдымға кетуі қоғамда рухани вакуумның пайда болуына алып келді.

Жоғарыда аталған фактілер мен зерттеушілердің ғылыми негізделген тұжырымдары, сарапшылардың бағалары және зерттеу нәтижелері бүгінде Қазақстанда орын алып отырған діни ахуалдың қоғам үшін өзекті мәселелердің қатарына жататындығын көрсетіп қана қоймай, сол ахуалдың қалыптасуына ықпал еткен факторлар мен себептерін анықтап берді. Қалыптасқан жағымды үдерістермен қатар елімізде әр түрлі формаларда көрініс тауып, қоғамның оң дамуына қауіп-қатерін төндіріп отырған экстремистік және фундаменталистік ағымдардың таралуына ықпал еткен бірқатар себептердің бірі ретінде дінсіз қоғамды насихаттаған коммунистік жүйенің ыдырауы туғызған түбегейлі өзгерістерді атауға болады.

